Қазіргі заман мектебі – күрделі және кіріктірілген жүйе, ол оқушылардың, оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің (директоры, оның оқу және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары), оқу-тәрбиелік және қызмет көрсететін адамдардың іс-әрекетінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады. Сонымен қатар, мектеп дегеніміз – мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы, олар білім беру жүйесін мемлекеттік тұрғыдан басқарудың объектілері болып табылады. Қазіргі мектепті өзара байланысы бар ішкі құрылымы және социуммен белгіленетін тұтас әлеуметтік -педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Ол өзара тығыз байланысты екі жүйеден тұрады: басқарушы және басқарылушы. Бұл қазіргі кез келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі мектеп директорының тікелей басқару іс-әрекетінде көріну керек. Білім мекемесін басқару жалпы және жеке мәселелерді қамтиды. Басқарудың жалпы мәселелеріне мекеменің құрылымдық бөлімшелерін басқару ерекшеліктері, басқару процесінің сипаты мен оқу орнының алуан түрлі (ішкі және сыртқы) жағдайларда қызмет ету және даму нәтижелерінің арасындағы заңды өзара қатынастар жатады [3].

Білім мекемесін басқарудың жеке мәселелеріне мыналар жатады:

- оқу-тәрбие процесі;
- мекемені басқарудың кадрлық саясаты (педагогикалық және басқарушы кадрларды, техникалық персоналды іріктеу және тағайындау, қызметкерлерді аттестациялау, өнімді еңбекке ынталандыру, жағымды психологиялық климат орнату);
- түрлі инновацияларды меңгеру және оның білім мекемесі дамуына әсерін анықтау (жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау);
- оқу орнының өзге әлеуметтік-экономикалық мекемелермен өзара байланысын ұйымдастыру, басқарудың озат тәжірибелерін зерттеу және педагогикалық жүйені басқарудың тиімді варианттарын іздестіру.

Педагогикалық жүйе ретінде мектепті басқару барысында, бір жағынан, оның тұтастығын сақтауға, екінші жағынан - ондағы жүйе бірліктерінің әрекеттеріне ықпал жасаумен оларды өзгертіп, реттеуге мүмкіндік беруі қажет. Педагогикалық жүйенің өзіндік қызметтері қоғам қажетінен туындаған мақсаттардың мезгілінде орындалуына бағытталуы қажет. Мақсаттар мектептің педагогикалық жүйесінің мазмұнын айқындайды, ал сол мазмұнның іске асырылуы, өз кезегінде көптеген, әрқилы әдістер мен формаларды ойластыруды керек етеді. Мектептегі педагогикалық жүйенің негізгі құрылымдық бірліктерін анықтайтын жағдаяттар – педагогикалық ұжым және оның басшыларының қызметтік іс-әрекеттері (В.А.Сластенин). Мектептердің көбі төрт деңгейлі басқару құрылымын қолдануда:

Бірінші деңгей - мемлекеттік орган бекіткен не ұжым сайлаған мектеп директоры; мектеп кеңесі, оқушылар комитеті, қоғамдық бірлестіктер басшылары. Бұл деңгейде мектептің стратегиялық даму бағыты анықталады.

Екінші деңгей - мектеп директорының орынбасарлары, мектеп психологы; әлеуметтік педагог, қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруға жауапкер, әкімшілік-шаруашылық бойынша директор көмекшісі; өзіндік басқаруға қатысты органдар мен бірлестіктер басшылары.

Үшінші деңгей - оқу барысында және оқудан тыс оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты оқушыларға басшылық қызметтерді атқарушы мұғалімдер, тәрбиешілер, сынып жетекшілері. Бұл деңгейге қоғамдық басқару органдары мен өзіндік басқару, қосымша білім беру мекемелерімен байланыс жүргізуші педагогтарды да енгізуге болады.

Төртінші деңгей - сыныптық және жалпы мектептік өзіндік басқару қызметтері тапсырылған оқушылар. Бұл деңгейдің назарға алынуы мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қатынастың «субъект-субъектілі» сипатын баса танытады. Мұндай қатынаста оқушы өзара ықпал нысаны болумен бірге өз дамуының қозғаушы күші – субъект ролін де атқарады. Сатысына қарай әрбір басқару субъекті бір уақытта жоғары деңгейлі басқарудың объекті – нысаны болып есептеледі. Басқарымды жүйеде оқушылар ұжымы маңызды орынға ие. Бұл ұжымда басқару екі деңгейде жүргізіледі: біріншісі - жалпы мектептік және сынып ұжымы; екіншісі - оқушылардың қоғамдық ұйымдары, спорттық бөлімдер, шығармашыл бірлестіктер, үйірмелер, оқу-үйрену топтары (бригадалары) және т.б. Педагогикалық және оқушылар ұжымдарының өзара бірлестік іс -әрекеттері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [4], мен жалпы білім беруші мекемелер Жарғысы негізінде реттеліп отырады. Мектеп директоры оқу-тәрбие жұмысы мен оның сапасы үшін арнайы жауапкершілік атқарады. Оның міндеттеріне кіретіндер:

- кадрларды дұрыс таңдау және орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық, және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу, оқу-тәрбие ісіне озат педагогикалық тәжірибелерді енгізу;
- оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен олардың жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастырылуын бақылау;
- оқушылардың өзін-өзі басқару органдарына практикалық көмек көрсету және олардың іс-әрекетін белсендіру;
- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен Жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау және нақтыла ндыру;
- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру және оларға басшылық жасау;
- жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;
- мектепте тиісті санитарлық-гигиеналық тәртіп орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен қызметкерлердің барлық іс -әрекет барысындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік шараларын сақтау;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту;
- мектеп қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және босату;
- мектептің педагогикалық Кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің өзге қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

Күрделі педагогикалық жүйе ретінде танылған осы заман мектебін басқару әрбір басшыдан біртұтас басқару жүйесін түзіп, оны даму жолына бағыттауда жоғары ғылыми дайындықты талап етеді. Бұл үшін түрлі деңгейдегі мектеп жетекшілері төмендегілерді білуі міндетті:

- мектеп түрі мен мақсаты;
- ақпараттық жабдықталуы (оқушылар қызығулары мен мүмкіндіктері, ата -аналар тапсырыстары);
- мамандар, материалдық-техникалық, психологиялық жағдайлар (анықталған қажеттіктерді қамтамасыз ету үшін);

- оқу жоспарының мектептік баламасы;
- оқу жүйесі жеке-дара, сынып-сабақтық, дәрісбаян-тәжірибелік, мектептің әрқилы сатылары мен оқушы топтарына арналған циклды-ағымдық және т.б.);
- оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың мерзімдік тәртібі (бес -алты күндік, апта, түске дейінгі не күннің екінші жартысында);
- мектептің белгілеген мақсаттарға жетудегі басты шарттары (мамандар, материалды-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-психологиялық) [5].

Директор және басқа да басшылардың оқу-тәрбие процесін нақты басқару қызметтері белгілі принциптерге негізделіп орындалады. Ол принциптер төмендегідей:

1. Басқаруды демократияландыру және гуманизациялау. Мектепшілік басқару, ең алдымен, басшылардың, мұғалімдер, оқушылар мен ата -аналардың бастамашылығы мен өздігінен жұмыс жасай алуын дамытуға бағытталады. Бұл басшылардың, мұғалімдердің, оқушылар мен олардың ата -аналарының өзіндік іс-әрекеттері мен ынтасының дамуына жол ашады. Ал бұлардың оры ндалупікір алмасу және басқару шешімдерінің қабылдануына байланысты жариялылықты қажет етеді; Бұл жағдай тек қана шешім қабылдау мен талқылаудың бүкпесіз, ашық жүргізгенде ғана мүмкін. Мектеп басшыларын сайлау, педагогикалық кадрларды байқау және контракт негізінде қабылдауды жүйесі – мектептегі демократияның бастауы. Сол сияқты мектепті басқарудағы жариялылық ақпараттың ашықтығы және түсініктілігіне негізделелді. Мектептің алдында тұрған міндетті, оның қиындығын жете сезінген әрбір мұғалім оған бей-жай қарамайды. Мектеп әкімшілігінің, мектеп кеңесінің тұрақты түрде есеп беріп отыруы оны талқылауға және шешім қабылдауға мұғалімдер мен оқушыларды қатыстыруы мектеп өмірінде демократияның орнығуына негіз қалайды.

2. Басқарудың жүйелілігі мен тұтастығы. Педагогикалық процесті басқару жүйесінің табиғатын түсіну, басқаруға қолайлы алғышарт жасайды. Мектептегі басқаруды жүйелілік ыңғайының бірінші белгісі – мектепті жүйе ретінде танып, оның негізгі белгілерінен құралатын осы жүйенің тұтастығын көре білу. Екінші белгі мектептің құрылымы болып табылады. Мектептің байланыстары мен қатынастарының дамуы жүйенің құрылымына тікелей байланысты. Жүйенің үшінші компоненті оның өзіндік ерекшеліктері мен сипаттарынан туындайды, олардың өзара әрекеттесуі арқылы жүйенің жаңа сапасы қалыптасады. Компоненттердің тұрақты түрде өзара жақындауға ұмтылуы жүйенің тұтастығын айқындайды. Мектепті басқаруда жүйенің төртінші ерекшелігі – оның қоршаған ортамен тығыз және өзгеше байланыстылығын естен шығармаған жөн. Мектеп пен қоршаған ортаның әрекеттесуі екі формада көрінеді. Бірінші жағдайда мектеп өз әрекетін сыртқы ортаға бейімдесе, екінші жағдайда мектеп өз мақсаттарына жету үшін ортаны өзіне бағындырады.Мектепті басқарудағы жүйелілік пен тұстастық мектептің басшысы мен ұжымының басқару қызметтерінің өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін де қарастырады.

3. Басқаруды орталықтандыру мен өзіндік басқарымдарды оңтайлы үйлестіру. Мектеп және педагогика тарихы шамадан тыс орталықтандырудың әкімшілік басқаруды күшейтуге әкеліп соғатындығына талай рет көз жеткізді. Басқаруды орталықтандыру төменгі буындағы жетекшілердің, мұғалімдер мен оқушылардың бастамалығын шектеп, оларды өздерінің қатысуынсыз қабылдаған шешімдерді жай ғана орындаушыларға айналдырады. Соған сәйкес орталықсыздандыруға шамадан тыс мән беру педагогикалық жүйе қызметінің тиімділігін төмендетеді. Екінші жағынан, орталықтандыруды орталықсыздандыруға пайдасына жығып беру тұтастай басқару мен әкімшіліктің рөлін төмендетіп, басқарудың талдамалық және қадағалаушылық қызметін жояды. Сондықтан мектепшілік басқаруды қамтамасыз етуде орталықтандыру мен орталықсыздандыруды үйлестіру әкімшілік және қоғамдық органдар басшыларына бүкіл мектеп ұйымының мүддесін ескеріп, кәсіптік деңгейде шешім қабылдауға мүмкіндік беріп, педагогикалық жүйенің барлық құрылымдық бөлімдердің қызметін жоғары деңгейге көтеруге жағдай туғызады.

4. Жеке басқару және ұжымдасқан жетекшілік бірлігі. Бұл принципті ұстанудағы мақсат - біртұтас педагогикалық процесті басқару барысында субъективизм мен әміршілдікке жол бермеу. Әрине, басқарудағы жеке билік тәртіпті қамтамасыз етіп, педагогикалық процеске қатысушылардың өз өкілеттіктерін нақты шектеп, ретімен орындап жүруін қадағалайды. Алайда басқару қызметінде әріптестердің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, оларды талдамалар жасау мен шешім қабылдауға қатыстыру, әр түрлі көзқарастарды салыстыра отырып оңтайлы шешім қабылдаудың маңызы зор. Ұжымдасқан жетекшілік сонымен бірге тапсырылған іске деген ұжым мүшелерінің әрбірінің жеке жауапкершілігін жоққа шығармайды. Сондықтан тактикалық әрекеттерді айқындағанда жеке билікке, ал стратегияны талдап жасағанда алқалы билікке арқа сүйенген дұрыс.

5. Педагогикалық жүйені басқарудағы ақпараттардың объективтілігі және толықтылығы. Педагогикалық жүйені басқару тиімділігі едәуір дәрежеде қажетті және толық ақпараттың болуына байланысты. Ақпараттың объективтілігі және толықтығы ақпараты талдау және өңдеудегіасығыстыққа, дерексіздікке қарсы қойылады. Әлеуметтік педагогикалық әдебиетте ақпарат педагог пен тәрбиеленушінің арасындағы байланыс құралы ретінде, кейде жүйе мен қоршаған орта туралы мағлұматтар жиынтығы ретінде қарастырылады.

Басқаруда ақпаратты пайдаланудың қиындығы оның тым көптігінен немесе тым аздығынан туындайды. Мектепішілік басқаруда ақпаратты біржақты қарастыруға болмайды. Ақпараттың аздығы да, көптігі де шешім қабылдауға, оны іске асыруды реттеуге кедергі жасайды. Сол себепті мектепішілік ақпаратпен айналысқан адам оны жинау, өңдеу сақтау және қолданудың әдістерін жете білуі тиіс. Мектеп басшысы өз қызметіне бақылау, сауалнама жүргізу, тестілеу, нұсқаулық және әдістемелік материалдармен жұмыс жасау жиі қолданылады. Техникалық құралдарды және компьютерлендірудің нәтижесінде материал жинау, оны өңдеудің мерзімі едәуір қысқарды. Қазіргі мектеп басшысының міндеті – мектепішілік ақпараттық басқару технологиясын жасап, енгізу. Ол технологииняны басшымен бірге мұғалімдер де пайдалана алуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері. Ақтау-2010ж.
2. Поташник М.М. Управление качеством образования М-2006ж.-448с.
3. Лебедева Н.А. Білім беру мекемелерін басқаруды жетілдіру. – Алматы, 1996
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы А-2007.
5. Құдайбергенова Қ.С. Құзырлық амалының негізгі ұғымдары.- Алматы, 2007.- 500

ӘОЖ 535

СУ ЖӘНЕ СУДЫҢ ЛАСТАНУЫ

Андасбаев Е.С., Сатаева А.Н.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Aineka_87@mail.ru

Бұл мақалада жалпы су ұғымы мен оның ластану түрлері, жолдары көрсетілген. Су ортасының ластануы, ластану көздері мен қоршаған ортаға әсері сипатталған. Қазіргі таңдағы Қазақстан өңіріндегі басты су қорларының негізгі ластаушы факторлары баяндалған. Су қорларындағы химиялық және улы заттардың стандартты мөлшері мен мөлшерінен асу себептері белгіленген. Жалпылама өмірдегі судың маңызы мен ластанудың алдын алу жолдары баяндалған.

Кілттік сөздер: *су, судың ластануы, сутегі, оттегі, біржасушалы, ластану, ағза, минерал*

В данной статье описаны понятие воды, виды и споасобы загрязнений. Показаны основные причины загрязнения водоемов и их влияние на окружающую среду. Описаны основные факторы влияющие на загрязнение водоемов и основные крупные источники воды на территории Казахстана. Отмечаются причины превышения стандартного количества химических и токсических веществ в водных ресурсах. Показаны влияние воды на жизнь человечества и способы предотвращения загрязнения.

Ключевые слова: *вода, загрязнение воды, водород, кислород, моноклональное, загрязнение, организм, минеральные*

This article describes the concept of water, types and ways of pollution. The main causes of water pollution and their impact on the environment are shown. The main factors affecting the pollution of water bodies and the main large water sources in Kazakhstan are described. The reasons for exceeding the standard amount of chemical and toxic substances in water resources are noted. The influence of water on the life of mankind and ways to prevent pollution are shown.

Key words: *water, water pollution, hydrogen, oxygen, monoclonal, contamination, organism, mineral*

Су – сутегі мен оттегінің қалыпты жағдайларда тұрақтылығын сақтайтын қарапайым химиялық қосылысы. Ауыз су, тіршілік көзі, ол Жер шарының 3 / 4 бөлігін алады, тірі ағзалардың 60-70%-ы, ал өсімдіктердің 90 % -ы судан тұрады. Жер бетінде тіршілік ең алғаш сулы ортада пайда болды. Су — бүкіл тіршілік иелерінің негізгі құрамдас бөлігі. Біржасушалы және көпжасушалы ағзалар жасушаларының биохимиялық үдерістерінің барлығы сулы ортада өтеді. Су әр түрлі климаттық жағдайлардағы физиологиялық үдерістердің калыпты өтуіне себепкер болады. Ол сондай-ақ көптеген минералдық және ағзалық заттардың жақсы еруіне себепкер бола алады. Табиғи су құрамында сан алуан тұздың болатыны да сондықтан. Ағзалар жұғымды заттарды тек еріген түрінде сіңіреді.

Су біздің ғаламшарымыздың үстінде 3-3,5 млрд жыл бұрын жер қыртысының газсыздануы саядарынан шыққан бу түрінде пайда болған деп есептеледі. Қазіргі кезде судың салмағы жер салмағының 0,025%-ын құрайды және оның жалпы мөлшері 1,6*10,9 текше шақырым болып саналады.

Су түссіз, иіссіз, дәмсіз сұйықтық, табиғи зат. Сондай-ақ ол толық құнарсыздығымен ерекшеленеді. Солай бола тұра жер әлеміндегі барлық тіршілік үшін қажет. Аусыз адам да, жан-жануарлар да, өсімдіктердің де тіршілік етуі мүмкін емес.

Су ең жақсы еріткіш болып табылатынымен өзінің жай заттарға ыдырауы қиын, химиялық енжар зат. Ол барлық табиғат ортасында: су буы және қар, жаңбыр, шық түрінде әуеде сығынды сулар түрінде жер қыртысының үстінгі қабатында, тіршілік шарасында, яғни тірі заттар құрамында болады. Сондай-ақ су шарасын, яғни жердің айрықша сулық белдеуін құрайды.

Жалпы планетарлық деңгейде су сарқылмайтын ресурстарға жатады. Өйткені оның жалпы планетадағы мөлшері мұхит, атмосфера және құрылықта үнемі жүріп отыратын су айналымы нәтижесінде толықтырылып отырады. Су планетамыздың 70,8% бөлігін алып жатыр. Бүкіл су қорының 97% Әлемдік мұхиттың үлесіне тиеді. Тұщы сулардың көпшілігі (70%) қар және мұздықтар түрінде. Жер асты сулардың еншісіне тұщы су қорларының 23% тиеді.

Қазіргі таңда тұщы сулардың әртүрлі ластаушылармен: пестицидтермен және химикаттармен, мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануы негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Өнеркәсіпті елдерде су айдындары мен су қоймаларының ластануы күннен-күнге артуда. Мұхиттардың мұнай және мұнай өнімдерімен ластануы бүкіл дүние жүзінде мұнай өнімдерін көптеп қолдануға байланысты болып отыр. Осының әсерінен теңіз шельфтерінде мұнай өндіру, танкерлік флот дамуда. Мұнай өндіру және оны тасымалдау кезінде, құбырларда жиі аварилар болып нәтижесінде мұхит бетінде мұнайлы дақтар жүздеген, мындаған километр жерді ластайды. Су ресурстарына және ондағы тіршілік иелеріне теріс әсер ететін заттардың бірі, өнеркәсіп орындарынан бөлінетін улы органикалық заттар. Мұндай улы заттар өнеркәсіп орындарында, транспортта, коммуналдық-тұрмыстық шаруашылықта кеңінен қолданылуда.

Ағын сулардағы бұл заттардың мөлшері әдетте 5-15 мг/л-ді құрайды. Ал осы заттардың шекті мөлшері бар болғаны 0,1 мг/л-ді құрайды.

Басқа ластаушылардан: металдарды (сынап, қорғасын, мыс, марганец, қалайы, мырыш, хром), радиоактивті элементтерді, ауыл шаруашылығы егіс алқаптарынан және мал шаруашылығы фермаларынан түсетін улы химикаттарды атауға болады. Металдардың ішінен су қоры үшін ең қауіптісі сынап, қорғасын және олардың қосылыстары.

Су қорларының ластануының бір түрі - *жылулы ластану*. Өнеркәсіп орындары, электр станциялары су айдынына жылы суларды жиі төгеді. Бұл өз кезегінде су температурасының көтерілуіне алып келеді. Судың температурасы көтерілгенде онда оттегі мөлшері азайып, судағы лас қосылыстардың улылығы арта түседі де биологиялық тепе-теңділік бұзылады. Лас суда температураның көтерілуімен ауру қоздырғыш микроорганизмдер мен вирустар жылдам көбейе бастайды. Сосын ішкен су арқылы организмнің ішіне түсіп әртүрлі аурулар тұдыруы мүмкін.

Жер асты сулары көп аудандарда тұщы сулардың көзі болып табылады. Алайда соңғы кезде адамның шаруашылық тіршілігі барысында көптеген жер асты сулары да ластануда. Адамзат өз қажеті үшін тұщы судың орасан көп мөлшерін пайдаланады. Негізгі тұтынушылар - өнеркәсіп орындары және ауыл шаруашылығы. Сондай-ақ тұщы суларды көп пайдаланатын салаларға - тау-кен орындары, химия, мұнай химиясы, қағаз- целлюлоза, тамақ өнеркәсіптері жатады. Бұлардың еншісіне бүкіл өнеркәсіпке жұмсалатын судың 70% келеді.

Қазіргі таңда адам коммуналдық-тұрмыстық қажеттілігі үшін ас суды көп пайдалануда. Қолданатын судың мөлшері аймаққа, өмір сүру деңгейіне байланысты адам басына шақ қанда 3 литрден 700 литрге дейін келеді. Өткен 50-60 жыл ішіндегі суды пайдалану мәліметтеріне сүйене отырып, жыл сайын суды пайдалану артып, табиғат үшін орны толмайтын судың мөлшері 4-5%-ды құрайтыны есептелген. Суды пайдалану және ысырап ету осы қарқынмен жалғаса берсе, халық санының өсуіне және өндіріс орындарының дамуына байланысты 2100 жылға адамзат тұщы судың бүкіл қорын тауысуы мүмкін. Қазіргі кездің өзшде тұщы судың жетіспеуі, су ресурстары жеткілікті жерлердің өзінде де байқала бастады. Тұщы сумен қала халқының 20%, ауыл халқының 50% қанағаттандырылмай отыр.

Сумен қамтамасыз ету Қазақстанда аумақтар бойынша біркелкі таралмаған. Сумен тек Шығыс Қазақстан облысы ғана жақсы қамтамасыз етілген (290 мың м3/1 км²). Ал Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстары сумен жеткіліксіз қамтамасыз етілген. Жалпы Қазақстан бойынша табиғи су ресурстары туралы мәліметті 9 естеден көруге болады.

Мыңжылдық даму мақсаттарының есебі бойынша, Қазақстан халқының басым көпшілігі ауыз судың сапалы көздерін пайдалану, сумен жабдықтау мен санитарлық қызмет көрсетуді қаржыландыру жағынан дәреже-деңгейі темен күйде қалып келеді. Республикада су құбырлары желісінің 70% жұмыс істемейді және 23% санитарлық-гигиеналық талаптарға сай емес. Жұртшылықтың лайланған ашық ауыз су көздерін, өзен-көл, арық, құдық суларын пайдалануынан жыл сайын жұқпалы аурулар, сүзек, сары ауру, тырысқақ пен ішек, асқазан аурулары өршіп бара жатыр. Мысалы, Атырау облысы тұрғындарының 20% кермек татыған су ішіп, арық суларын пайдаланады. Таза сумен қамтылған делінетін Алматыдағы су жүйелерінің 70% тұрмысқа жарамсыз.

Судағы химиялық және улы заттардың мөлшерін Мемлекеттік стандарт (ГОСТ) реттеп отырады. Олар - бериллий, молибден, селен иондары және кейбір синтетикалық және радиоактивті заттар. Бұл заттардың әрқайсысының шекті конңентраңиясы да әртүрлі. Әдетте, миллиграмның мыңнан, он мыңнан бір бөлігі. Мысалы, мышьяктың шекті мөлшері - 0,05 мг/л, селен - 0,001 мг/л. бериллий - 0,0002 мг/литр. Мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қызмет бүкіл орталық су жүйесіндегі: су сақтау қоймаларында, оның жүйеге түсер жерінде, бөліну жүйесінде судың сапасы үнемі бақылап отырады. Егер су құбыры жүйесі 10 мың адамға қызмет көрсетсе Мемлекеттік стандарт (ГОСТ) айына 2 рет, 100 мың адамға - айына 100 рет, 100 мыңнан аса адамға - айыңа 200 үлгі алып бақылап отырады.

Дүниежүзілік су қорларының ластануы бүкіл адамзат қауымын алаңдатып отыр. Бұл мәселе Қазақстанға да тән. Судың ластануы көп түрлі әрі ең соңында су экожүйесін бүлдірумен аяқталады.

Су айдындарының ластануын былайша топтайды: Судың сапасы, ластану деңгейі үнемі бақылауға алынып отырады. Судың құрамындағы химиялық қоспалар, тұздық құрамы, еріген бөлшектер, температура әр түрлі болуы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ауыз судың 100-ден астам сапалық көрсеткішін ұсынған. Ал Қазақстанда ауыз су сапасы МемСТ 287482 бойынша 30 міндетті көрсеткішпен анықталады.

Су бассейнінің ластануының негізгі себептері — тазартылмаған ағын суларды өзен-көлдерге жіберу. Бұған жол беретіндері:

Ағын суларға құйылатын лас сулар да бірнеше топқа бөлінеді. Оларды қоспалар (ерімейтін, коллоидты, еритіндер), лас сулар (минералдық, органикалық, бактериалдық, биологиялық) деп жіктейді.

Лас сулардың ішінде тұрмыстық сарқынды суларда органикалық заттар 58%, минералдық заттар 42 тей болады. Өнеркәсіпте пайдаланылатын сулар мен синтетикалық жуатын заттармен сулардың ластануы өте қауіпті. Бұлар –химиялық ластану көздері. Соның ішінде сулы экожүйелердің пестицид, гербицид және басқа да химиялық улы препараттармен ластануы Қазақстанда кең етек алған. Мәселен, мақта мен күріш, жеміс- жидек, бау-бақша, теплица (жылы жай) зиянкестеріне қарсы бұрынғы Кеңес үкіметі кезеңінде өте көп химиялық заттар пайдаланылған Нәтижесінде, су ластанып, оның сапасы мен микрфлорасы және микрофаунасы, ірі хайуанаттар, құстар зардап шеккен. өз кезегінде химиялық заттардың зиянды қосылыстары азық –түлікпен адам организмін кері әсерін тигізді.

Қазіргі кезде ашық өзен, көл суларымен қатар жер асты сулары да сарқынды, шайынды сулармен және еріген зиянды заттармен ластанып отыр.

Оның негізгі ластану көздері мыналар:

— өнеркәсіп өнімдерін сақтайтын қоймалар;
— химиялық заттар және тыңайтқыштар;
— тұрмыстық қалдықтар;
— жер асты суларымен жалғанатын құбырлар;
— ірі құрылыс учаскелері;
— күзгі алаңдар, бұрғы-скважиналары болып табылады.

Жер асты суларында әртүрлі жұқпалы аурулар тарататын микробтар, вирустар кездеседі.

Қазақстан жағдайында өзен-көлдердің ластануы көбіне өнеркәсіп шоғырланған аймақтарда, полигондар мен мұнай-газ өндіретін жерлерде жаппай сипат алуда.

Өзендердің ішінде Ертіс су алабы, Өскемен қорғасын –мырыш комбинаты, Ленинагор қорғасын зауыты, Березов кені, Зырьян зауыты секілді өндіріс орындарының сарқынды лас суларымен ластануда. Су құрамында қорғасын, мырыш, сынап, тағы басқа ауыр металдар шекті мөлшерден асып кетуі жиі байқалады.

Іле-Балқаш бассейні суының сапасы да мәз емес. Мұндағы ластағыш заттар – ауыр металлдар, мұнай өнімдері мен фенолдар. Әсіресе, «Балқашмыс» өндірістік бірлестігі, «Балқаш балық өнеркәсібі», «Сарышаған» ракета полигондары, т.б. кен рудаларын балқыту комбинаттары Балқаш көліне мыңдаған тонна зиянды заттарды төгуде. Іле өзенінің ортаңғы ағысы, жалпы өзен экожүйесі, күріш алқаптары және шеңгелді массивтерін игеруге байланысты минералды тыңайтқыштар мен химиялық препараттар өте көп қолданылып келеді. Нәтижесінде, өзен суының сапалық құрамы төмен. Оның үстіне Іле өзені арқылы мұнай тасымалдау, Қапшағай су қоймасы, Қытай жеріндегі судың ластануы ондағы экологиялық жағдайды қиындата түсуде.

Сырдария, Шу, Талас, Қаратал, Ақсу Лепсі, Тентек, Көксу өзендерінің сулары біршама таза деп есептелінеді. Соның ішінде Сырдария, Шу, Талас өзендері ауыл шаруашылығын химияландыру мен дренажды сулармен ластануда. Әсіресе, Арыс, Келес өзендері күріш пен мақта егіндісінде жиі қолданылатын пестицидтермен ластанып отыр.

Соңғы жылдары Каспий теңізінде мұнай өндіруге байланысты және теңіз деңгейінің табиғи көтерілуі аймақтың экологиялық тыныс –тіршілігін шиеленістіріп отыр. Теңіздің

көтерілуі жүздеген мұнай бұрғы- скважиналырын, мұнай қоймалары мен өңдеу объектілерін істен шығарды. Қазір бұл жерлерде 6 мұнай газ кені, жүздеген елді мекендер, коммуникациялар, өнеркәсіп орындары су астында қалды. Нәтижесінде, теңізге көптеген мөлшерде лас заттар, мұнай өнімдері, органикалық қосылыстар, ауыр металдар суға араласуда. Оның үстіне Еділ мен Жайық өзендерінің лас сулары теңіз суын уландыра түсуде. Мәселен, 1995-2000 жылдар аралығындағы кәсіптік балықтар мен бағалы қара уылдырық және ет беретін бекіре тұқымдас балықтардың азайып кетуі тіркелді. Ал, 1999 жылы қырылып қалған 20-30 мың итбалықтың және жүздеген мың құстардың өлуі теңіз суының бүгінгі сапасының көрсеткіші – биоиндикаторы болса керек. Қазіргі Каспий мұнайын игеру бүкіл әлемді дүрліктіріп, шетелдік инвесторларды теңіз «қара алтынын» игеруге ұмтылдыруда. Ал, олардың судың сапасы мен ластануына көңіл бөлуі, экологиялық нормаларды сақтауы күмән туғызады.

Атырау, Маңғыстау аймақтарында техниканың ескілігінен бұрғы-скважиналардың бүлінуі, мұнайдың жерге, суға төгілуі қоршаған ортаға зиянын тигізуде. Жерге сіңген мұнайдың қалыңдығы 10 метрге жетіп, жер асты суына қосылуда. Қазір мұнаймен ластану аймағы 200 мың га алып жатыр. Қоймаларда 200 мың т. Мұнай қалдығы, 40 мың т. Көмірсутегі жинақталған.

Ақтөбе облысындағ су айдындардың да экологияның жайы нашар. Мәселен, Елек өзені амин өнеркәсібі есебінен және бормен ластануда.

Қарағанды металлургия комбинатының және Теміртау қаласындағы «Карбид» өндірістік бірлестігінен шыққан сулар Нұра өзенін барынша ластауда. Жамбыл фосфор зауытының сарқыгнды лас сулары Талас, Асы өзендері мен оның алқаптарын фтор және сары фосформен ластап отыр.

Оңтүстік Қазақстан облысында ең көп ластану Бадам-Сайран кен орындарында байқалуда. Әсіресе, Бадам өзені бойындағы қорғасын, фосфор,химия өнеркәсіптерінен бөлінетін қорғасын, мырыш, сынап кей жерлерде шекті мөлшерден 50 есеге дейін асып кететіні тіркелген.

Су ресурстарының биологиялық ластануы Арал аймағы мен Батыс Қазақстанда жиірек ұшырасуда.

Қазақстанның су ресурстарының сапасын жақсарту және қорғау шараларын жүзеге асыру бағытында мемлекет тарапынан көптеген игі істер жүргізілуде.

Биосфера мен адамның тіршілік етуі суды пайдалану арқылы өмір сүрді. Адамзат әрқашан суды пайдалануын ұлғайтып, гидросфераға үлкен әсер етті. Қазіргі кезде техносфераның дамуында, әлемде адамның биосфераға әсері күшті қарқынмен өсіп келе жатыр, ал табиғаттық жүйе өзінің қорғаныштық қасиетін жоғалта бастады, яғни қажетті жаңа жолдар тенденцияны іске асыратын нақтылықты сезіну болды, ол табиғат пен бүкіл әлемнің және оны құрайтын құбылыстарында пайда болды. Ал ол жамандыққа негізделді, яғни біздің уақытымыздағы жер үсті мен жер асты суларының бүлінуі.

Су қабаттарының бүлінуі, ол биосфералық функциямен және экологияның мәніне ауыр әсерінің тигізуіне әкеліп соқтырады, нәтижесінде оған жаман заттардың түсуі болды.

Судың ластануы органолептикалық күшінің қасиетінің өзгерісінде көрінеді, олардың үлкеюі және құрамында сульфат, хлоридтер, нитрат, уытты ауыр темірлер, азайып, еріп, ауаға араласып, тарап кетті де, соның әсерінен радиоактивтік элементтері, ауру туғызатын бактериларжәне т.б. ауыр лас заттар бар.

Орта Азия мен Қазақстан жерлері суға кедей деп есептеледі. Ал көне замандарда бұл жерлердің көп бөлігін су басып жатқандығы белгілі. Оңтүстік теңіз ғайып болғаннан кейін оның орнында қазақ жерінде үш су айдыны қалды. Олар: Каспий, Арал, Балқаш.

Каспий мұхиттармен жалғасып жатпағанмен оның Волга, Терек, Жайық, Сулақ, Самура сияқты жан-жақтан толықтырып тұратын өзендері көп.

Каспийге құятын өзендер электр қуатын алуға бөгеліп, төңірегіндегі алқаптарды қолдан суғарып игеруге кіріскеннен кейін сырттай келетін су көлемі кеміп кетті. 1961 жылдың өзінде Каспий деңгейі230 смтөмен түскен.

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы құрғақ шөл даланың ортасында ірі көлдердің бірі - Балқаш көлі орналасқан. Су бетінің көлемі 19 мың шаршы километр. Бұл көлдің халық шаруашылық мәні ете күшті. Осы көл аркылы республикамызда таукен металлургия өндірістері дамыды. Көл жағалауларында балық және кәсіптік аң аулау шаруашылықтары жетілді. 1950 жылдан бастап үздіксіз жүргізілген бақылау көл суының минералдануының аса өзгермегенін көрсетті.

Арал теңізі — ірі ішкі су алқаптарының бірі. Бұрынғы заманнан бері Арал теңізі балық байлығымен атағы шыққан. Амудария мен Сырдария өзен алқаптарында аңшылар бір миллионға дейін ондатр терісін алып тұрған.

Кейінгі жылдары Арал теңізіне көптеген ғылыми мекемелер назар аударып отыр. Соңғы 10-15 жылдың ішінде судың гидрологиялық ырғағына айтарлықтай өзгеріс енді, су деңгейі төмендеп оңтүстік және шығыс жағалауындағы теңіздің таяз бөліктері кеуіп қалды. Теңіздің негізгі көзі Сырдария мен Амудариядан су көп мөлшерде кеміді. Бұрын, суармалы егістік дамымай тұрғанда Амудария мен Сырдария Аралға орташа есеппен жылына 62 текше километр су беріп тұратын болса, 1974 жылдан бері Сырдария суы Аралға құймайды, түгелдей жол-жөнекей шаруашылықтарға бұрылып алынады. Ал Амудария құятын судың 75 проценті кеміді, 1975-1978 жылдары Аралға бар болғаны 12 текше километр су берді.

Сырдария мен Амудария алқабында барлығы 5,5 миллион гектар суармалы егістік бар, бұл мөлшерді 8-9 миллионға жеткізу жоспарланып отыр. Кейбір зерттеулер бойынша суармалы егістікке жарайтын жер көлемі 16 миллион гектарға жетеді. Су тек суармалы жерге жұмсалып қана қоймай, басқа жолдармен де көп ысырап болады. Күріш және мақта плантацияларында пайдаланылған сулар ойпаттарға ағады да, көп бөлігі топыраққа сіңіп, қалғаны буланып жоқ болады. Мысалы, аса ірі Арнасай және Сарықамыс ойпаттарына жылына 7-8 текше километр су құйылып қайтпастан жоғалады. Осының бәрі Арал теңізінің таяздауына әкеп соқты. 1960 жылдан бері жылма-жыл таяздаудан теңіз деңгейі7 метртөмен түсті, теңіздің көлемі 14 мың шаршы километрге кеміді. Теңіздің кеуіп қалған бөлігі су басып жаткан белігінің көлемімен теңесті. Теңіз суының тұздылығы да көп артты Теңіз бен өзендерде болып жатқан мұндай құбылыстар балықтардың көбеюіне де кесірін тигізеді. Ауланатын балық көлемі де күрт төмендеді. Мысалы, 1963 жылы 480 мың центнер балық ауланған болса, 1978-1979 жылдары бар болғаны 40-50 мың центнер ауланды. Ондатр аулау мүлде тоқталды.

Республикамызда бүгінгі күні 2174 үлкенді-кішілі өзеннен жылына 120 миллиард текше метр су ағады. Бұлар суын 65 оңаша алқаптарға құйып жатады. Мұның ішінде Ертіс, Сыр, Жайық т.б. Республика халқының жан басына шақсақ, күніне әр адамға 20 литрден келеді. Бұл өте көп мөлшер. Алайда осының бәрі колда болғанда республикада су мәселесі бүгінгідей алаңдатпас еді. Өйткені дүние жүзінде суға ең бай деген Нью-Иорк қаласының әр тұрғынына бір тәулікте келетін судан үш еседен де асады екен. Ал, көріп жүргеніміз кері құбылыс, себебі, даламыз шөлейт аймаққа жатады. Халқымыздың жан басына тәулігіне 100-120 литрден артық су келмейді (бір техника мұқтажына, тұрмыс қажетін өтеуге, егістікті суландыруға, қалаларды көгалдандыруға және ішуге арналған судың бәрі осы санның ішінде). Енді, соншама судың басым белігі қайда кетті? деген сұрақ туады.

Мұның мынадай себептері бар. Картаға қарасақ ұлан-ғайыр қазақ даласының оңтүстік-шығысы, батысы таумен қоршалып жатыр. Ол жақтардан ылғалды ауа өтпейді. Республиканың солтүстігі ғана ашық. Көкшетау облысынан басталатын мидай жазықтың бір шеті Мұзды мұхитқа барып бірақ тіреледі. Ол мұхиттан шығып қазақ даласына үш-ақ күнде жететін ауаның ылғалы аз. Басқа жақтардан там-тұмдап келетін ауа да ылғалсыз. Ол жазда аңызақ түрінде келіп оған күн қызуы қосылып, жердегі артық суды буландырып жібереді. Бұл республикамызда су қорының азаюының бір себебі. Екінші себебі республика жерінен өтетін негізгі өзендердің ішінде Ертіс, Есіл, Тобыл Мұзды мұхитқа кететіндігінде; үшінші себебі — Сыр, Іле, Тентек, Ақсу, Қаратал, Нұра техникалық мұқтажды, не ауызсулық мұқтажды өтей алмайтын Каспий, Арал, Балқаш, Қорғалжын сияқты тұзды айдындарға құйылып жатуында; төртінші және ең негізгі себептердің бірі — әлгі айтқан өзен суларының шаруашылық мақсатта көп бөгеліп,

қайрылмастан жоқ болуында. Осыдан келіп республикамыздың жылдық су қорын адам баласына шаққанда жиырма бөлігінің бір бөлігі ғана тиеді.

Бүгінгі күні республикамызды сумен қамтамасыз етумен бірге Арал, Балқаш, Каспий сияқты ірі су айдындарын құрып кетуден сақтап қалу проблемасы тұр.

Республика далаларын су мұқтаждығынан құтқару мақсатында айтарлықтай жұмыстар істелді. Қазақстан картасына сыйымдылығы миллиардтаған текше метр су жиналатын және ГЭС-і бар Шардара, Қапшағай су тораптары, Сырдария бойында Қазалы торабы, Бөген, Бадам, Тасөткел қоймалары мен Ертіс — Қарағанды каналы пайдалануға беріліп, жүздеген мың гектардан астам қолдан суарылатын жер игерілді. Ол жерлерде пайда болған мыңдаған жаңа шаруашылықтар қыруар пайда беріп отыр.

Алайда мұның бәрі ірі су айдындарының күннен-күнге тартылуына себепші болып отыр. Сондықтан жерді суландыру мәселесін қоймалар жасау арқылы шеше отырып, су қорын қорғауды да естен шығаруға болмайды. Каспий, Арал, Балқаш сияқты табиғи айдындарды да жоғалтып алмау керек.

Алайда жер асты суын көп пайдаланатын жерлерде бос воронкалар пайда болып, оларға бактериялар, кейбір химиялық элементтер еніп кететіндігі анықталды. Бұл табиғат қорғаудың ережелерін бұлжытпай сақтауды талап етеді.

Су қорына аса қауіп-қатер туғызатындар: мұнай, пестицидтер, түсті металдардың, күрделі химиялық қосылыстары. Әсіресе, оның құрамында әртурлі зиянды заттар көп. Өнеркәсіптік өндіріс орындарымен қатар ауыл шаруашылығы өндіріс орындарының су қорына тигізетін әсері де молшылық. Ал лас суларды ауыл шаруашылығына пайдаланудыңда зияны өте көп. Мысалы, ауыл шаруашылығы дақылдарын ластаған сулармен суару, біріншіден олардың шығымдылығы өте төмен, ал екіншіден адам денсаулығына қауіпті болады. Сонымен қатар топырақтың тұздылығы көтеріледі, топыраққа биохимиялық процестердің жүруі төмендейді. Сулардың ластануы әсіресе балық қорына тікелей зиян келтіреді.

Соңғы кездерде республикада суды ластандырудан қорғауды күшейтуге байланысты біршама маңызды шаралар қабылданды. Еліміздің көптеген ірі қалаларында ірі-ірі су тазалайтын құрылыстар салынады. өнеркәсіп салаларында суларды екінші қайтара пайдалану жұмыстарына көңіл бөліне бастады және өнеркәсіп мұқтаждарын қанағаттандыру үшін таза суларды жұмсау азайды. Алайда бұл мәселелер жөнінде кемшілік баршылық. Сондықтанда тұщы ауыз суларды таза ұстау, оларды ластамау, орынды пайдалану, үнемдеп жұмсау жұмыстары бүкіл халықтық көкейтесті мәселеге, актуалды проблемаға айналып отыр.

Су ластануының алдын – алу: Шаруашылық және ауыз су ретіндн пайдаланатын су тоғандарына құятын ағындардағы суды былғаушы зиянды заттардың шептік мөлшері арнайы ережемен белгіленген және онда зиянды заттар тізімінде 400- ден аса атау тіркелген.

Өндірістік мақсатта пайдаланылатын судың өзі жұмыс істеушілерге зиянсыз, құрал-жабдықтардың жемірілуін, олардың түбіне тұз тұруын туғызбайтындар жәнеөнім сапасына кері әсер етпейтіндей болуы тиіс.ауыл шаруашылығы алқаптарын суғаруға жұмсалатын су өсімдікке зиянсыз және өнім,түсім мен топырақ сапасын нашарлатпайтын болуы тиіс.

Су қоймалары да әр түрлі мақсатта қолданылатындықтан, оларды былғанудан сақтау шараларын негіздеу үшін зияндылық дегеннің, өзі не екені, оның қандай дәрежелері, белгісі бар екенін анықтап алу керек болады. «Жерүсті суларын төгін сулармен былғанудан сақтауережелері» бойынша судың былғнубелгісіне оның дәм арқылыбілінетін қасиеттерінің өзгеруі құрамында адамға, жан-жануарларға, құсқа, балыққа, жемдік және кәсіптік ағзалар зиянды заттардың болуын жатқызады. Сондай-ақ су ағзаларының қалыпты өмір сүру жағдайын күрт өзгертуі мүмкіндіктен, судың қызуыда қалыпты өмір сүру жағдайын күрт өзгертуі мүмкіндіктен судың қызуыда бақылауда болуы тиіс.

Соңғы жайт бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының нұсқауында да арнайы көрсетіледі, онда «егер су, оның құрамын немесе түбінің бедерін өзгерту салдарынан су пайдаланудың кез келген түрінің бірі үшін жарамсыздық танытса, оны былғанған деп есептеу керек» деп жариялаған.

Су сапасына қатысты жасалған «Тазалық ережесі және жерүсті суларын былғанудан сақтау ережесінің су бөгендерін, олардың тазалық дәрежесіне қарай екі топқа бөледі. Бірінші топқа ауызсу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы су бөгендерін, (олардың) екінші топқа балық шаруашылығы мақсатындағы су тағамдары жатады. Ереже бойынша су бөгендеріндегі қалқып жүрген ермелер мен жүзгіндер мөлшері, судың иесі, дәмі, түсі, қызуы, РН мәні, құрамы және ондағы минералдық ермелердің,суда еріген оттектің қойырлығы, судың оттекке деген биологиялық сұранысы, улы және зиянды заттар мен ауру таратқаш бактериялардың құрамы мен шектік жіберімдік қойырлығы назарда ұсталып, тексерілуі тиіс.

Төгін су мөлшері, соның ішінде құрамында зиянды органикалық қосылыстар бар төгін су мөлшері жылдан-жылға артып келеді.

Сондықтан оларды тазартуға қоса басқа кешенді шаралар жүйесін қолдану қажеттігі туады. Мысалы: сұйық қалдықтарды сол өндірістің өзінде қандай да іске жарату, су пайдалануды азайт, өндіріс ішінде су айналымын қалыптастыру, яғни суды қата пайдалану, сусыз технологияларға көшу жолдарын ойластыру қажет. Тіршілік аясының су әлемін былғанудан сақтауды қамтамасыз етудің кешенді шараларына төмендегідей әрекеттер кіреді:

1) Суы аз немесе қалдықсыз, оқшауланған суайналымдық және аралық тазалау немесе суды салқындатып, қайтадан іске жарату жүйесі бар технологияларға көшу.

Бұрынғы кеңес одағындағы барлық өндірістік кәсіпорындарды сумен қамтамасыз ету үшін табиғи су көздеріненжылына 100 млд. текше метрге жуық су алынатын және оның әртүрлі дәрежеде былғанған 90 %-ы айналып келіп су қоймаларына қайтарылатын.

2) қалдық көлемін азайтып, сусызданған қалдықты немесе былғауыштардың қойырланған ерітіндісін жер қойнына көму технологиясын жетілдіру.

3) өндіріс және тұрмыс қалдықтармен былғанған сулардытазалау әдістерін жетілдіру.

4) өсімдіктерді аурудан және түрлі зиянкестерден, егістіктерді арам шөптерден қорғауды қамтамасыз етуші биологиялық және басқа да агротехникалық шаралардың пәрменділігі мен қолданыс аясын кеңейте отырып, ауыл шаруашылығы өндірісі мен орман шаруашылығын шектен тыс химияландыруға тоқтау салу.

Табиғат байлықтарының ішінде судың орны ерекше. Сусыз жер бетінде тіршіліктің болуы мүмкін емес.

Су байлықтарын сақтау- бүкілхалықтың іс екенін ұмытпауымыз керек. Себебі, су бірінші қажеттілік және біздің таптырмайтын байлығымыз. Осыған орай су ресурстарын қорғауға бағытталған бірқатар іс-шаралар, қаулы-қараларда қабылданды. Су ресурстарын пайдалану және оларды қорғаудағы заңды құжаттардың бірі- ол 1993 жылдың 31 наурызында қабылданған «Су кодексі». мұндағы көрсетілген Қазақстан Республикасындағы су заңдарының міндеттері-халықтың, экономика салаларының суды ұтымды пайдалануын қамтамасыз ету, су ресурстарын ластанудан, былғану мен сарқылудан қорғау, судың зиянды ықпалын болдырмау және оны жою мақсатында су қатынастарын реттеп отыру, су қатынастары саласындағы заңдылықты нығайту болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сагимбаев Г.К. Экология и экономика – Алматы мектеп 1997-144 б.
2. Ә.Бейсенова, А.Самақоға, Т.Есполов, Ж.Шілдебаев «Экология және табиғатты тиімді пайдалану», «Ғылым», 2004
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: экология және табиғатты қорғау – Алматы мектеп ААҚ 2002ж. 392 б.
4. Орлов Д.С. Химия почв. – М.: МГУ, 1992
5. Садовникова Л.К. и др. Экология и охрана биосферы при химическом загрязнении. – М.: Высшая школа, 2002
6. Орлов Д.С., Малинина М.С., Мотузова Г.В. Химические загрязнение почв и их охрана. М.:Агропромиздат. 1995
7. Кульсумакова А.И., Ауыр металдардың Арал өңірінің Қызылорда бөлігі аймағында таралуы // -Космос и человек, М-Н. н-п-к 50лет К.Эры. Киев-Кызылорда 2011

8. Ягминине И. Б., Климашауски В. П., Валушене В. Т. Накопление тяжелых металлов в экосистеме Северной части Курского залива// Сб.докладов. Клайпед. соверщ. -Вильнюс, 1998. -С. 37-41

9. Малина В.П., Юшина Е.А. Влияние железа на здоровье человека и качество консервированных продуктов. -Пищевая промышленность. -М., 1997, С 38-39

10. Волькенштейн В.С. Жалпы физика курсының есептер жинағы. – Алматы: Мектеп, 1974.

11. Жанабаев З.Ж., Тынтаева Ш.Б., Жолдасова Х.Б. Физиканы окыту әдітемесі, Алматы, 2008. - 119 б.

ӘОЖ 378.016

СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ахмедиева К.Н., Бурымтаев Ғ.Н., Ахметова Б.Б.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., Соцжол орта мектебі, Панфилов ауданы, Алматы облыстық спорт саласындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, Талдықорған қ., ahmedieva66@mail.ru

Бұл мақалада адамның стресстік тұрақтылығының психологиялық негізі қарастырылады.

Кілттік сөздер: *әлеуметтік-экономикалық, адамның психикасы, экономикалық жағдайлар, дәстүрлі экономика.*

В данной статье рассматриваются психологические основы стрессоустойчивости личности.

Ключевые слова: *социально-экономической, человеческой психики, экономических условий, традиционной экономики.*

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық жағдайлар – дәстүрлі экономикалық, қоғамдық құрылымдардың күйреп, экономиканың нарықтық қатынастарға бағытталуы қоғам, отбасы, жекелеген адамдарға кері әсерін тигізіп, рухани өмірдегі дағдарысқа әкеп тіреді.

Өткен XX ғасыр стресс ғасыры деп аталады. Алайда, стресс XXI ғасырға да оп оңай өтіп, позициясын нығайтқан үстінде нығайтуда. Осыған орай оған бітіспес күрес ашып, одан арылудың жаңаша жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылып, ұдайы іздестірілуде екені белгілі.

Болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қазіргі адамның психикасына және оның бейімдік қабілеттеріне жоғары талаптар қояды. Қазіргі кезде елімізде кеңес дәуірінен кейінгі барлық кеңістіктердегідей, жүйке-психикалық аурулардың (невроз, стресс, психосоматикалық бұзылулар), әр түрлі тәуелділіктердің, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени факторлардың салдарынан болатын ауыртпалықты күйіністердің (бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінен пайда болған беймазалық қорқыныштар, ноогендік, мазасыз қынжылулардың және т.б.) өсуі байқалады [1].

Адамдардың психологиялық сырқаттарының белгілері көбеюде: өзінің өмірлік сұраныстарын қанағаттандыра алмаушылық және құбылмалы әлемде өмір сүру барысында әлеуметтік-құзыретті тұлға болып қала алмау, дезадаптациялық мінез-құлық және қоршаған ортадағы адамдармен тиісті қарым-қатынас сақтауға мүмкіндіктің жоқтығы [2]. Сондай-ақ, әлеуметттік-экономикалық өзгерістер салдарынан халықтың басым көпшілігінде, психологиялық әдебиеттерде «теңелу дағдарысы» деп белгіленген психологиялық феномен қалыптасып қалған болып шықты. Ол өз-өзін сезіну сезімін жоғалтуынан, өзгерген қоғамдағы өзіндік рөліне бейімделе алмауынан (немесе қиналуынан) пайда болады. Бұл

жағдай өзгеріп жатқан қоғамдық және экономикалық қатынастар мен тұлғалық мақсаттардың, мінез-құлық стереотиптерінің қайта қалыптасуы қиыншылығы арасындағы талаптардың айырмашылығына байланысты туындайды. Адам денсаулығына оның жасайтын таңдауы тікелей әсер етеді.

Адамның психикалық денсаулығына әсер ететін факторлардың ішінде стресстік жағдаяттарға психикалық төзімділік ерекше мәнге ие. Стресске төзімділікті қалыптастыру жеке тұлғалардың психикалық саулығы мен қоғамда болып отырған өзгерістердегі әлеуметтік тұрақтылықтың басты шарттарының бірі болып табылады.

Психологиялық сөздікте стресске төзімділік «адамның іс-әрекетіне, айналасындағылар мен өз денсаулығына зиянды әсерін тигізбейтін күш-қуатының ерекшеліктерімен шартталған стрессті көтере алатын интеллектуальдық, еріктік және эмоционалдық қысым жағдайындағы мәнді тұлғалық қасиеттері»,- деп түсіндіреді.

Ғылыми психологиялық әдебиеттерге теориялық талдау стресске төзімділік ұғымына анықтама беруде бірыңғай көзқарас жоқ екендігін көрсетеді, әрбір автор түрліше түсіндіреді.

В.С.Субботин «стресске төзімділік өмірдің түрлі жағдайларында субъектінің қоршаған ортамен оңтайлы әрекеттестігіне әкелетін жеке тұлғалық сапалардың бірігуінен туындайтын кешенді дара психологиялық ерекшелік» - деп тұжырмдайды.

А.А.Баранов пен Н.В.Суворов өз еңбектерінде аталған феномен (сапа, сипат, қасиет) іс-әрекеттің жемістілігі (нәтижелілігіне) әсер етуші сипаттама ретінде түсіндіреді [3].

Л.Г.Дикая, О.А.Конопкин, В.И.Моросанова, Р.Р.Сагиев тәрізді психологтар стресске төзімділіктің негізі адамның өзін-өзі реттей алуында жатыр деп есептейді. Ал Л.Мерфи, Р.Лазарус, С.Фолкман аталған сипаттамаларға стрессті бағындыра алу механизмдерін (копинг-механизмдер) десе, Н.Хаан психологиялық қорғаныс механизмдеріне жатқызады.

Стресс және стресске төзімділік - қазіргі қоғамда әлеуметтік өмірдің тапсырысымен шартталған ауыспалы емес сипатқа ие мәселе болып табылады. Стресске төзімділік мәселесіне ерекше назар аударудың себептері ақпараттық қоғамға өту, ғылыми-техникалық прогрестің өсуі, бәсекеге қабілеттіліктің артуы және кез-келген әрекет түрлеріндегі талаптардың күрделенуімен тығыз байланысты. Көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде стрессті жүйелілік көзқарас және іс-әрекет категориялары тұрғысынан зерттей келе, стресске тұрақтылық бейімделудің тұтастық сипатындағы қажетті үдерісі деп есептей келе, оны эмоционалдық күйді реттеумен байланыстырып, психикалық орнықты немесе эмоционалдық тұрақты болу қабілетімен байланыстырады (Н.Д.Левитов, 1967; П.Б.Зильберман, 1974; Я.Рейковский, 1979; В.Л.Марищук, 1983; В.Г.Норакидзе, 1983; К.К.Платонов, 1986; А.Г.Маклаков, 2001). Стресске тұрақтылықты жағдай үсті белсенділікпен (В.А.Петровский, 1992), ізденушілік белсенділігімен (В.С.Ротенберг, В.В.Аршавский, 1984), қарсы тұрушылықпен (C.S.Carver, 1998; A.Antonovsky, 1987), биологиялық факторларға тәуелді емес шығармашылық тәртіппен (Ф.Е.Василюк, 1983; К.Роджерс, 1994; А.Маслоу, 1994; Г.Олпорт, 2002; В.И.Кабрин, 2005 және т.б.), төзімділікпен (өмірлік шыдамдылығымен) (S.Kobasa, M.C.Pucetti, 1983; С.Мадди, 2005) байланыстыра қарастырған [4].

Стресс ұғымын алғаш рет (ағыл. stress) қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған адамның ерекше күйі ретінде ғылымға ең алғаш осы ұғымды енгізген канадалық физиолог Ганс Селье, кейіннен бұл ұғымды тереңінен зерттеген А.Лазарус болды. Сондай-ақ, өздерінің ғылыми еңбектерінде сәтсіз эмоционалдық саланың көрінісі ретінде алаңдаушылық, эмоционалдық күйіп-пысу күйлерін (А.И.Захаров; А.С.Спиваковская; Б.Д.Карвасарский және т.б.); жемісті еңбек етуге кері әсерін тигізетін тәртіптің бұзылуы сипатында (Н.З.Имедадзе; Ч.Спилбергер; Л.Н.Собчик және т.б.) қарастырып өтті [5].

Ал стресстік күйдегі тәртіптің тұрақтылығы, яғни стресске төзімділік тұғаның әлеуметтенудегі сенімділігін, жемістілігін, сәттілігін қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. Алайда бүгінгі таңда аталған мәселе бойынша жеткілікті деңгейдегі жұмыстар бар болғанымен, стресске тұрақтылықтың мәнін түсіну, оны қамтамасыз етудегі

психиканың рөлі және түрлі жағдаяттардағы көріну ерекшеліктері әлі де кеңінен зерттеуді қажет етеді.

Алайда, стрессқе төзімділік эмоционалдық тұрақтылықпен қатар төмендегі интегративті қасиеттермен де түсіндіріледі:

Біріншіден, сыртқы орта мен іс-әрекеттің сыртқы (гигиеналық жағдай, әлеуметтік орта, т.б.) және ішкі (тұлғалық) факторлардың әсеріне бейімделу деңгейімен сипатталады.

Екіншіден, түрлі жағдайлар барысындағы ағымдық функционалдық күй мен тәртіпті реттеуші психикалық, физиологиялық және әлеуметтік механизмдер мен іс-әрекет субъектісінің функционалдық сенімділік деңгейімен анықталады.

Үшіншіден, бұл қасиеттер функционалдық бұзылудың алдын-алу, іс-әрекеттің тиімділігі мен сенімділігін төмендететін жағымсыз эмоционалдық толғаныстардың алдын-алуға бағытталған ағза мен психиканың оперативті ішкі қорларын белсендендіретін, адамның мінез-құлқы мен жұмысқа қабілеттілігімен ерекшеленеді.

Нәтижесінде адамның стрессқе төзімділігінің көріну ерекшеліктері мен реттеуші механизмдері келесі сипаттамалармен шарттас болып келеді:

а) мотивация және тәртіптің мақсатқа бағытталуымен;

б) функционалды ресурстар мен олардың белсенділік деңгейлері;

в) тұлғалық сапалар мен когнитивті мүмкіндіктер;

г) эмоционалды-еріктік реактивтілік;

д) жұмысқа қабілеттілік.

Стрессқе төзімділік қасиеттері оны реттеу мен көрінуінің барлық деңгейлерінде стресс-факторлардың әсері барысында ағза мен психиканың экстремальды жағдайларда тұрақты қызмет етуі, резистенттілігі (қарсы тұрушылық) және толеранттылығы (төзімділік), адамның өмір барысындағы нақты айрықша жағдайларына функционалдық икемделе алуы, сондай-ақ, стрессорлар әсерінен болған шектен тыс ауытқулардың орнын толтыра алу қабілетін білдіреді.

Г.Селье стресспен күрестің келесі құрамын ұсынды: салауатты өмір салты; позитивті ойлау; стрессті фармокологиялық түзету, яғни фитоадаптогендерді қолдану; белсенді өмірлік бекіту позициясы; ертеңгілік дене шынықтыру. Яғни, стрессқе төзімділік психологиялық саулықтың басты сипаты болып табылады [6].

И.В.Дубровина: «Психологиялық саулық тұлғаны толық қамтиды, адам жан дүниесінің жоғары сатыларымен тығыз байланысты, психикалық саулықтың психологиялық аспектісі» десе, О.В. Хухлаева: «Психологиялық саулық – психикалық саулықтың психологиялық аспектілері: адамның жас ерекшелік, әлеуметтік, мәдени рольдерін адекватты орындау шарты; адамның өмір бойы үздіксіз даму мүмкіндігіне байланысты» деп көрсетеді.

М.Р. Роговин бойынша адамның стрессқе төзімділігінің сипаты сыртқы және ішкі реттелу функцияларының сақталуына негізделеді. Б.С. Братусь тұлғалық – мәнділік немесе тұлғалық саулық, индивидуалды психологиялық денсаулықтың жоғары деңгейі ретінде – мәнді талпыныстардың адекватты тәсілін құру қабілеттілігі және психикалық іс-әрекеттің нейрофизиологиялық ұйымдастырылуының ерекшелігі ретінде психофизиологиялық саулық деңгейін көрсетеді. Психологиялық әдебиеттер негізінде адамдардағы психологиялық саулықтың үш деңгейі кездеседі, және бұлар адамның стрессқе төзімділік көрсеткішін білдіреді.

Психологиялық денсаулықтың жоғарғы деңгейі – креативтілікке – ортаға тұрақты бейімделушілігі, стрестік жағдайларды меңгеруге резервті күші бар және шындыққа белсенді шығармашылық қатынас құру позициясын ұстанатын адамдарды жатқызуға болады.

Орташа деңгей – бейімделушілікке – социумға толық бейімделген, бірақ біршама жоғары мазасыздығы бар адамдарды жатқызамыз.

Төменгі деңгей – бұл дезадаптивті. Мұнда ассимиляция және аккомодация процестерінің тепе-теңдігі бұзылған және ішкі қақтығысты шешуде ассимилятивті немесе

аккомодативті құралдарды қолданатын адамдарды жатқызамыз. Ассимилятивті мінез-құлық стилі ең алдымен адамның сыртқы жағдайға өз тілектеріне және мүмкіндіктеріне зиян келтірумен сипатталады. Қоршағандардың тілектеріне толығымен сәйкестенуге тырысады. Аккоативті – мінез-құлық стилі керісінше, қоршағандарды өз қажеттіліктеріне бағындырғысы келеді.

Зерттеушілер алғаш стрестің субъективті факторларын субъекттің индивидуалдық сипаттарынан іздей бастады. Көптеп тараған көзқарастардың пайымдауынша, ер адамдар экстремалды стрессорларға көбірек әсерленсе, ал әйел адамдар біртекті стрессорларға әсер етеді деп тұжырымдайды. Көптеген жұмыстар жүйке жүйесіндегі әлсіздік-күштілік, инерттілік-қозғалғыштық сияқты ерекшеліктерді талдауға арналды. Осы мәселені анықтаудағы зерттеулер стреске тұрақтылықты қалыптастыру үшін біріншіден байсалды күш пен жүйке жүйесінің инерттілігі маңызды деп көрсетті.

Кейінірек стресті зерттеушілердің зейіні индивидтік сипаттаулардан адамның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктеріне ауыса түсті. Бұл жеке тұлға ерекшеліктерінің стрессорларды бағалауы және қабылдауына, сонымен қатар адамдардың экстремалдық әсерлерге реакциясының тууына себепті болуымен байланысты. Стреске тұрақтылыққа әсер ететін индивидуалдық ерекшеліктердің ішінен эмоционалдық сфераға байланысты бірнеше сапаларды бөліп көрсетеді, соның ішінен ерекше көңілді ашуланшақтық және үрейлену сияқты қасиеттерге бөледі. Бұл екеуі де төмен стреске тұрақтылықты анықтайды. Мұндағы жеке тұлғалық үрейленушілік стрестік жағдайларды жоғары деңгейлі адекватсыз бағалаумен ұштасса (аса экстремалды, қауіпті болуы), ал жеке тұлғалық ашуланшақтық – қолайсыз құлықтық реакциялар және стратегиялық құралдармен байланысты.

Стреске тұрақтылыққа когнитивті сипаттағы индивидуалдық ерекшеліктен біріншіден интеллект деңгейі және танымдық стильдер, сонымен қатар кәсіби тәжірибесі әсер етеді. Олар стрессорды когнитивті бағалаумен және стрестік жағдайға бейімделу тәсілін таңдаумен байланысты.

Стреске бейімделуге бақылау локусы мен өзіндік бағалаудың да әсері маңызды. Ішкі бақылау локусына және жоғары өзіндік бағаға ие қызметкерлер өздерінің жағымсыз жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерін тиімді бағалайды. Жұмысшылардың стрестік жағдайға бейімделу қабілетінің маңыздылығын ескере отырып, зерттеушілер (А.А.Рукавишников) жеке тұлғаның ерекше интегративті сипаттамасы – стреске тұрақтылығын айырып көрсетті. Стреске тұрақтылық бұл – стресс-факторлардың әсеріне ағза мен психика функциясының тұрақтылығы, олардың экстремалдық әсерлерге резистенттілігі (қарсы тұра білушілік) және толеранттығы (төзімділігі), адамның нақты экстремалдық жағдайдағы өмір және еңбекке функционалдық бейімделуі, стрессорлардың әсер етуімен болған шамадан тыс функционалдық бұзылыстардың орнын баса білу қабілеттілігі [7].

Өмірді сақтап қалу - әркімнің өзіне, психологиялық күйіне, психологиялық саулығына байланысты. Өзін-өзі сыйлау және ұстай білу күнделікті іс әрекетіне қарсы тұра білу, қабілетін күшейтеді. Психологиялық саулығын қалыпты ұстайды. Күйзеліс болмау үшін адам нағыз қажетті іспен айналысуы керек. Салауатты өмір сүру салтын сақтау, мұңаймау, жағымсыз жерлерден бойды алыс ұстау арқылы жеңудің жолдарын іздеу керек.

Адам денсаулығының деңгейі оның мәдениетіне тікелей байланысты. Адам бойында денсаулықты сақтауға деген тұрақты мотивация, ұмтылыс, мақсат болуы керек. Адам өзінің генетикалық, физиологиялық, психологиялық мүмкіндіктерін білуі, өз ағзасының резервті мүмкіндіктерін дұрыс бағалап, оны рационалды білуі тиіс. Сонда ғана адамның стресске төзімділігі айқындала түседі. Белсенді өмір сүретін ағза стрестік тітіркендіргіштердің әсеріне ұшырамайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ананьев В.А. Практикум по психологии здоровья [Текст]: методическое пособие по первичной специфической и неспецифической профилактике / В.А. Ананьев. – СПб.: Речь, 2007. – 320 с.

2. Аболин Л.М. Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека / Л.М. Аболин. — Казань: Изд-во Казанского университета, 1987: — 262 с.

3. Баранов А.А. Психологическая стрессоустойчивость и мастерство педагога: Теоретические и прикладные аспекты: автореф. дис. . док. псих, наук: 19.00.07 / А.А. Баранов. СПб, 2002.-41с.

4. Щербатых Ю. В. Психология стресса и методы коррекции. — СПб.: Питер, 2007.

5. Тарабрина Н.В. Практикум по психологии посттравматического стресса. Спб., 2001.

6. Орел В.Е. Опросник психического выгорания для работников социальных профессий изд. [Текст] / Орел В.Е., Сенин И.Г. – Ярославль: Научно-производственный центр «Психодиагностика», 2005. – 12 с.

7. Селье Г. Очерки об адаптационном синдроме / Г. Селье. М.: Прогресс, 2010.-254 с.

8. Рукавишников А.А. Опросник психического выгорания для учителей [Текст]: руководство / А.А. Рукавишников. – Ярославль: Научно-производственный центр «Психодиагностика», 2001. – 14 с.

ӘОЖ 370

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ДӘРІС, СЕМИНАР САБАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Байжуманова А.М., Садықбекова А.Н.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Nurai310707@mail.ru

Бұл мақалада оқушылармен сабаққа қатысатын интерактивті оқыту нысандары мен әдістері қарастырылады. мұндай түбегейлі байланысты қазіргі заманғы технологиялар мен ақыл қазыналары ретінде, сонымен қатар студенттердің өзіндік шығармашылық жұмысының басшысы ретінде ғана емес, predstovlenie мұғалімдердің дамуына туындаған интерактивті әдістерін түрлі жүргізу барысында енгізу арқылы мұғалімдердің рөлін өзгерту пайда мүмкіндігі ретінде ашып аспектілері.

Кілттік сөздер: *инновациялық әдіс, интербелсенді әдіс, оқу үрдісі, оқыту әдісі, перцентивті оқыту, пікірталас, талдау, рефлексия.*

В данной статье расматриваються формы и методы интерактивного обучения, которые применяете на занятиях со студентами. Раскрываются такие аспекты как появление возможности основательно изменить роль преподавателей с помощью внедрения в систему ведения курса различных интерактивных методов, которые возникли в силу развития современных технологии, так и предстовление учителей не только в качестве кладезя ума, но и как руководителья самостоятельных творческих работ студентов.

Ключевые слова: *инновационный метод, интерактивный метод, образовательный процесс, метод обучения, перцептивное обучение, обсуждение, анализ, размышление.*

This article looks at the forms and methods of interactive learning that you apply to classes with students. Such aspects as the emergence of the opportunity to fundamentally change the role of teachers through the introduction of various interactive methods in the course management system, which arose due to the development of modern technology, and the presentation of teachers not only as a fount of mind, but also as the manager of independent creative works of students.

Key words: *innovative method, interactive method, educational process, teaching method, percivative teaching, discussion, analysis, reflection.*

Қазіргі таңдағы технологиялардың дамыған кезеңінде инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы студенттердің ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt» -«әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

«Интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші – өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

- барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді арласуға мүмкіндік жасау;
- әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғануына мүмкіндік жасау;
- үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру;
- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін

қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану;

- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу. Бұл тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек студенттердің аудиториясында ғана орын алып қана қоймай, сонымен бірге өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде көрінеді [1, 63]. Бұдан жасайтын қорытынды жоғары оқу орындарында интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін ұйымдастыруда студенттердің барлығын дәріс, семинар және өзіндік жұмыс сабақтарында бірлескен таным процесіне белсенді араласуға, жеке студенттің өзінің үйренгені мен білімін ортаға салып талқылау, өз ойларын талдауға, пікірталас, өз пікірін дәлелдеу және т.б. негізде ұйымдастыруға болады.

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы интербелсенді дәріс, семинар сабақтарында студенттердің белседілігін арттыру тиімді екендігі бәрімізге белгілі.

Қазіргі кезеңдегі технологиялардың дамуы барысында ұстаздардың рөлін түбегейлі өзгерту мүмкіндік туды, ұстаз тек қана білімді алып, жүруші ғана емес, сонымен қатар студенттердің өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі.

Интерактивті әдістерге: топпен жұмыс, пікір-таластар,проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, рөлдік ойындар, блиц-сұрақтар әдісі, кейс-стадийлер, миға шабуыл әдісі, викториналар, мини зерттеулер, іскерлік ойындар, инсерт әдісі, анкета алу әдісі және т.б. жатады.

Көрсетілген интербелсенді әдістерді қолдану арқылы - жоғарғы оқу орындарындағы дәріс, семинар (практикалық), студенттің өзіндік жұмыстар (СӨЖ) сабағын жаңаша ұйымдастыру, оқытушының рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, ғылымитеориялық, педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, студенттерді елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Енді, біз ЖОО интербелсенді сабақтарын өту жолдарына тоқталмас бұрын дәріс сабағына тоқталсақ, дәріс - (лекция) сабағы дегеніміз – жаңа материалдағы негізгі теориялық мәселелердің мазмұны терең, жүйелі, бірізділікпен ашып көрсетіледі. Сондай-ақ дәрісте тың, маңызды жаңалықтар, түрлі көзқарастар мен даулы мәселелер нанымды түрде баяндалады. Дәріс тақырыбы неғұрлым айқын, проблемалы, пікір-сайыс түрінде өтілсе, қойылған сұрақтарға дайын жауап болмай, оны студент өздігінен ізденіп, тапса сабақтың тиімділігі жоғары болады [2, 10]. Оқытушы құқықтық пәндерден дәріс беру барысындағы басты мақсат студенттерге аса маңызды фактілерді, құбылыстарды оқып үйрету, әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірбиені меңгерту, сол арқылы жас ұрпақтың тәуелсіз қоғамның жолында Қазақстанның құқық жүйесімен салалық байланысты меңгеру мен боашақ мамандығын игерудегі жоғары жауапкершілік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Кезінде көптеген әдіскерлер ЖОО-да оқытудың әдістері мен тәсілдерін зерттегенде

оны бірнеше топтарға бөлген. Мысалы: П.Г. Гора оларды: көрнекілік әдісі, ауызша баяндау әдісі, практикалық оқыту әдісі деп, ал әдістемелік тәсілдерді: тарихи факті туралы әсерлі түсінік қалыптастыру тәсілі, оқушылардың есінде фактілер, даталар, бекіту тәсілдері, материалды игеру мен қалыптастыру тәсілдері деп қарастырады [3, 103].

Ал кейін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері туралы, оларды сабақта пайдалану жолдары, дәріс және семинар сабақтарына қойылатын дидактикалық және әдістемелік талаптар туралы танымал әдіскерлер: Н.Г.Дайри, А.Г.Колосков, Ф.П.Коровкин, Л.Н. Алексашкина, Г.В.Клокова, М.Т.Студеникин және тағы басқалары еңбектер жазды.

Замнауи талаптарға сай соңғы жылдары ақпараттық технологиялардың білім беру үрдісінде кең құлаш жаюы мен жаһандану заманында оқыту әдісі мен тәсілдері едәуір өзгерістерге ұшырап, жаңашыл әдістер көптеп қолданылуда. Дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген білім жиынтығын игерумен шектейді. Ал инновациялық көзқарас оқу (үйренудің) негізін тек пәндер ғана емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді әдістер құрауы керек деп түсінеді. Интербелсенді әдістер педагогикалық тәсілдердің өзгеруіне алып келіп, білім алушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Дәріс сабағын оқытуда қолданылатын әдістерге әңгімелеу әдісі,түсіндіру әдісі, баяндау әдісі, әңгімелесу әдісі, проблемалық баяндау әдісі және тағы басқалар жатады. Тарих пәнінен дәріс сабағында оқиғалармен құбылыстарды оқытып үйретететін болғандықтан, оның әрбір кезекті сабағы өткен және алдағы сабақтың мазмұны мен уақыты жағынан тығыз байланысып жатады. Жалпы жоғары оқу орындарында «Универ жүйесіндегі» алдын-ала оқу жүктемесі негізінде бөлінген пән бойынша ОӘК-ні, яғни сол пәнінің дәріс, семинар, студенттің өзіндік жұмыс, тест тапсырмалары, емтихан, реферат тақырыптары, пәнге байланысты барлық материалдары сайдқа салынып, онымен топ студенттерінің әрбірі пайдалана алады. Мысалы, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы пәні бойынша барлық материалдармен таныс студент дәріс сабағында, оқытушының баяндау, әңгімелеу әдістері арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын тудырмауы мүмкін, сондықтан оны белсенді, қызықты өту үшін оқытушы дәстүрлі емес әдістерді: топқа бөлу, тақырыпқа байланысты өзекті сұрақтар қою, пікірталас әдістерін қоса қолданса аудиторияның барлығы толық қамтылып, оқытушы мен студент, студент пен студент арасында қатынас болып, әрбір студент өз ойын толық жеткізе алады, бір-бірімен пікір таластыра алады. Сонда ғана дәріс сабағы қарым-қатынас үрдісіне негізделген оқыту - интерактивті әдістер арқылы студенттің белсенділігін арттырып, сабаққа қызығушылығы мен өз бетінше ізденушілігі арқасында жаңа дереккөздерімен жұмыс жасауға және оның белгілі бір тақырыпқа байланысты шығармашылық жұмыс жасауына жол ашады. Ал проблемалық баяндауда аудиторияға проблемалық ситуация жасау арқылы, проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар қою, танымдық тапсырмалар беру және оған студенттің жауап беруге немесе шешуге (әрекет жасауы) тырысуы жатады. Бұл арқылы студенттердің танымдық-шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал жасап, проблемалық ситуацияда игерген білімі мен біліктің нәтижесінде ол жаңа әдістерді немесе жаңаны іздеуге, талпыныс жасайды.

Дәріс сабағында оқыту үрдісі тиімді болу үшін 3 жақты қарым-қатынас болуы керек, олар: ақпараттық (ақпараттың берілу және сақталуы), интерактивті (бірікккен іс-әрекетте өзара әсердің ұйымдастырылуы), перцентивті оқыту (адамның басқа адамды қабылдауы және түсінуі).

Интербелсенді дәріс сабағында оқытудың интерактивтік тәсілдеріне: ашық сұрақтарды қою іскерлігі (бірікккен дұрыс жауапқа алдын-ала бағытталған жауапта емес, мәселе бойынша әр-түрлі көзқарастарды айтуы); оқытушы дәріс беріп қана қоймай сонымен бірге студенттерге сабақ барысында «дұрыс» және «дұрыс емес» көзқарастарын батыл, қорқынышсыз айтуларына мүмкіндік беретін бейтарап ретінде анықтауы, сабақтың қалай және неге жүзеге асатының түсінуге көмек беретін сабақты өзіндік талдауға дайындық, қай

жерде өзара әрекеттесу «тоқырап» қалды, бұл қандай жағдаймен байланысты болады; сабақтың өту жағдайын, оның нәтижелігін қадағалауға мүмкіндік беретін ескертулерді тіркеу болып табылады. Дәріс сабағында теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана студенттердің алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор деген ойдамыз.

Жоғары оқу орындарында интербелсенді семинар (практикалық) сабағын өтуде оқыту әдістерінің интерактивті түрлерін пайдалануға болады. Интерактивті оқыту әдістерінің түрлері: топтармен жұмыс, пікірталас талас, тізбектеу әдісі, кубизм әдісі; «Сократтық ойындар», ойындық жобалау; ми шабуылы, дөңгелек үстел, конференция сабақ және тағы басқалар жатады [4, 17]. Көрсетілген интерактивті әдістердің кейбірінің семинар (практикалық) сабақта қолданылуына тоқталып өтсек. Интербелсенді семинар сабағында интерактивті оқыту әдістерін қолданудың негізгі мақсаты оқытылып отырған курстағы мәселелерді студенттердің меңгеру деңгейін, олардың ұстанымдары қаншалықты нық екендігін анықтау және бүгінгі күндегі күрделі, өзекті мәселелерді талдауға, өзіндік пікір айтуға, іздене білу қабілеттерін шындау болып табылады.

Сонымен интербелсенді семинар сабағында оқытушы интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттің еркін ойлануына, ақыл-ойын дамыуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға, ұжымдық іс-әрекетке, тіл байлығын жетілдіруге, жан-жақты ізденушілігін арттыруға жағдай жасайды. Ал оқытушы үшін тиімділігі, ол түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың мәнін терең ашуға, аудиторияны толық қамтуға, әр студенттің білім деңгейін анықтауға, оларды ізденіске, шығармашылыққа, өз бетінше жұмыс істеуге және барлығын бағалауға болады. Интербелсенді әдістер білім алушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Елбасы, Н.Ә.Назарбаев: «…Адамзат үшін XXI ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз… Ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында» [5] деп, атап көрсеткендей, бүгінгі ұстаздар қауымы алдында үлкен міндет жүктелгенін байқаймыз. Егер, өткен уақыттарда таным процесін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсінсек, бүгінгі уақытта бұл түсініктерді «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгерту керек. Мұндай ұстаным бүгінгі күні әлемде жүріп жатқан жоғары оқу жүйесінде Балон үдерісінің идеяларын толық қамтып, өзінің мазмұнын осы үдеріспен байланыстыруы ЖОО-ның жұмыстарына елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас (жаңа базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жетілдіру, оқу әдістемелік кешендерге көшу, т.б.), жаңаша ойлау қалыптасуда. Қазір дәстүрлі білім беруде студенттерге тек пәндік білім, білік, дағдылардың белгілі жиынтығын меңгеруге ғана бағытталып, олардың жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөліп отыр. Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа оқыту технологиясы, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерді: яғни, жадының алуан түрлерін – есту, көру, қимыл және т.б. ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілінде) дамытуға бағытталуы.

Интерактивті оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап таба білуге үйрету. Еліміз дамудың демократикалық жолын таңдап алған қазіргі

заманда жастарды өз бетінше шешім таба білуге үйрету заңды құбылыс. Бұл күнделікті аудиториядағы жұмыстарға да қатысты: бала сабақ кезінде мейлінше белсенділік танытуы тиіс. Бүгінгі таңда құқықтық пәндерді оқытуда теориялық білімге көбірек көңіл бөлінеді. Бұл жағдай біріншіден, білім беру мекемелеріндегі техникалық базаның әлі де болса жеткіліксіздігінде, яғни, тәжірибелік сабақтарды IP-технологияларды қолдана отырып өткізуге тиісті дәрежеде құрал-жабдықтар мен тиісті программалармен қамтамасыз етілмеуі; екіншіден, оқытушылардың интерактивті әдістерді қолдануына қызығушылартарының төмендігі болып отыр. Сабақты интерактивті әдістерді қолдана отырып өткізу үшін және оның дайындығына жүйелі сабақты өткізу әдісімен салыстырғанда кем дегенде 3-4 есе уақыт көп кетеді. Дегенменде студенттердің шеберлігін арттыруда аталаған әдістің берер көмегі мол. Интерактивті әдіс кезінде:

- сабақ үстінде білім алушылар мен оқытушылар арасында тығыз қарым-қатынас орнайды;

- ондай қарым-қатынас білім алушылар әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде қалыптасады;

- онда білім алушылардың жауабынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды болады. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол - білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Мұнда студенттердің бұған дейін алған өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады. Бұл әдісте білім алушы мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

1) оқытушымен (сұраққа жауап берген кезде);

2) өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеген кезде);

3) шағын топтармен (топпен жұмыс істеген кезде);

4) белгілі бір топпен, аудиториямен (сауалнама алғанда);

5) кейбір техника түрлерімен (компьютермен интернетке шыққанда т.б.) [6, 105].

Интерактивті әдістің ерекшелігі – студент өзгелермен араласу барысында ашыла түседі, көбірек оқып, тәжірибе жинай білуі керек. Тәжірибе интеллектуалдық тәуелсіздіктің негізі болып табылады және барлық өркениетті азаматтың қажетті құралы десек те болады. Интерактивті әдістеме білім алушылардың мынадай мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді:

1) олар мол мағлұмат алып, өздері айтқан пікірге логикалық түсініктеме беруге жол ашады;

2) өз пікірлерін терең ойланып айта алатын болады;

3) мәселені талқылаған кезде бұған дейін алған, тәжірибеде жинақтаған білім қорын пайдалана алады;

4) бір-бірінен жаңа мағұлматтар ала отырып, білімін толықтыра алады;

5) шындыққа көз жетуі үшін дәлел іздеп, ойын анықтап көрсете алады.

Бұл мақсатқа жетудің тиімді жолының бірі – сабақта оқытудың интерактивті әдісін қолдану болып табылады. Сонымен, интерактивті оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген процесс. Интерактивтік оқыту – бұл ең алдымен студент пен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Интерактивтік оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнайы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын ала болжауға болатын оқыту түрі. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушылардың әрқайсысына қажет міндетті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интерактивтік оқыту технологиясы деп, нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоцианалдық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, студентке педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен студенттің іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз. Қарастырылып отырған әдістер жан жақты болып табылады және ол тек құқықтық пәндер емес, сонымен қатар гуманитарлық пәндерге де

қолдануға болады. Мұнда мынадай оқыту әдістерінің екі блогы қарастырылған: - Бірінші блок. Мұнда мынадай әдістер қолданылады: миға шабуыл, топтық дискуссия (алдын ала белгіленген ереже бойынша мәселені ұжым болып шешу), нақты тәжірибелік жағдайларды талдау (тәжірибелік мәселені дұрыс шешімін табу мақсатында талдау), іскерлік ойын, рөлдік ойындар, және т.б. [6, 104]; - Екінші блок – бұл оқу процесінде жаңа ақпараттық технологиялар мен интернет – ресурстарды қолдану болып табылады. Осы аталғандарға тоқталып өтейік. Топтық жұмыс - бұл әлі де болса тиісті дәрежеде дамымаған. Бұл, мұндай жұмыстарды өткізуге алдын ала дайындық жұмыстарына, оның қорытындысы мен уақытының сәйкестендіруге уақыттының көп жұмсалатындығымен байланыстырылады. Бірақ, мұндай сабақ түрлері студенттердің қызығушылығын арттыра түсіп, сол қаралатын тақырып бойынша материалдарды есте сақтау қабілеті жақсы қалыптасады. Топтық жұмыстар тек қана сабақты өткізуге дайындалу мен баға беруге көп уақыт жұмсаумен шектелмейді, сонымен қатар, тапсырманы нақты қоюмен ұштасады. Сонымен қатар, шағын оқытулар ұйымдастыруға болады: студент берілген тапсырманы орындайды, ал басқалары оқытушымен бірге сол тапсырманың дұрыс шешу жолдарын қарастырады. Әдістің екінші блогы - бұл оқу процесінде жаңа ақпараттық технологиялар мен интернет – ресурстарды қолдану болып табылады. Оларға: интернет желісінде орналастырылған ғылыми, оқу - әдістемелік, анықтамалық, нормативтік құқықтық актілер, сонымен қатар, электронды мерзімдік басылымдар, электронды кітапхана, мәліметтер жиынтығы, ақпараттық ресурстар, ресми сайттар жатқызуға болады. Мысалы: www.egov.kz, www.stat.kz, www.zakon.kz, www.kazneb.kz; http://lib.kazsu.kz, www.wikipedia.kz және т.б. Интернет ресурстардың көмегімен оқытудың жаңа әдістері туындауда: яғни ол дистанционды оқыту жүйесі, интерактивті режимде оқу, микро оқулар. Оқытудың интерактивті әдістерінің артықшылығы - тұлғаның қызығушылығын туғызады; - әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді; - әрбір тұлғаның сезіміне назар аударады; - оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді; - тұлғаға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді; - тұлғаның пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады; - мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі [7, 56]. Интерактивті әдіс әр адамды білім алудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді. Қорыта айтқанда, әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. –Алматы, 2009. -263 б.
2. Әбдіғұлова Б.Қ. Қазақстан тарихы сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін пайдаланудың әдістемелік жолдары. -Алматы, 2012. -93 б.
3. Қозғамбаева Г.Б. Тарихты оқыту әдістемесі. –Шымкент: Нұрлы бейне баспаханасы, 2008, -204 б.
4. Молдағалиев Б., Махимова А. Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері. //Қазақстан мектебі -2006, №9.-15-17бб.
5. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы 10.01.2018 ж. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» // http://www.akorda.kz/kz
6. Асанбекова Г.С., Мухтарова А.К. Интерактивные методы обучения: методическое пособие. -Алматы: ТОО «Сиид Мастер Принт», 2005. -266 с.
7. Мирсеитова С. Успехи и вызовы активных методов обучения. –Алматы: Издательство «Маркет», 2005. -236 с.

ӘОЖ 37.03

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ – ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Биготанов Қ.С., Беркинбаева Е.Е.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., kaisar-bek@mail.ru

Мақалада интеллектуалды капиталды дамыту – тұлғалық және жеке дамудың зерттеулердің бағыттары мен нәтижелеріне талдау жасалынды. Жүргізілген эксперимент нәтижесі жүйеленді.

Кілттік сөздер: *интелектуал, табыс, капитал, заманауи, индекс, процесс, есеп*

В статье анализируются тенденции и результаты исследований по личностному и личностному развитию - развитию интеллектуального капитала. Систематизирован результат проведенных экспериментов.

Ключевые слова: *интеллект, доход, капитал, современный, индекс, процесс, отчет*

The article analyzes the trends and outcomes of research on personal and personal development - the development of intellectual capital. The result of the conducted experiments are systematized.

Key words: *intelligence, income, capital, modern, index, process, report*

2018 жылғы 10 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқына кезекті дәстүрлі Жолдауын баяндады. Жолдауда қазіргі мемлекет пен қоғам дамуы үшін аса қажет 10 міндет қойылды. Соның бірі, әрі ең маңыздысы жетінші бағыт – адами капиталды дамыту [1].

Заманауи әлемде елдің интеллектуалдық дамуы тек ұлттық табыспен ғана емес, сонымен қатар адам тұлғасының сапасына, оның интеллектуалды және рухани даму деңгейіне бағдарланған адам дамуының индексімен де өлшенетін болды. Адами капитал, оны сақтау мен дамыту – әрбір қоғамның басты мақсаты, міндеті болуымен қатар, оның жетістіктерінің басты көрсеткіші, индикаторына айналуы тиіс.

Адами капиталды дамыту индексі халық денсаулығы, білім деңгейі және азаматтардың нақты табысы тұрғысынан анықталады.

БҰҰ даму Бағдарламасы нақты жағдайларды есепке ала отырып адами дамудың индексіне: «адамдардың ұзақ, салауатты және шығармашылық өмір сүру, өздері құндылық деп санаған басқа мақсаттарын жүзеге асыру бостандағының кеңеюі процессі; жер шарындағы әділдік пен тұрақтылықтың дамуын қамтамасыз етуге белсенді қатысу» деп анықтама берді. Жыл сайын БҰҰ адами капиталды дамыту индексі бойынша мемлекеттер рейтингісін жариялайды.

Адами капиталды дамыту индексі рейтингісі бойынша Қазақстан 2016 жылы 56 орын алды, 2015 жылға қарағанда өзгерген жоқ және адами капиталды дамыту деңгейі жоғары елдер санатына кіреді. Ал, 2013 жылы осы индекс бойынша 186 елдің арасынан 69 орынды иеленген болатын [2].

Осыға орай қоғам және мемлекет интеллектуалды әлеуетті қалыптастыру және дамыту стратегиясына айырықша талаптар қояды. Бұл идея Қазақстан Республикасының адами капиталының бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған «Интеллектуалдық ұлт-2020» ұлттық жобасының негізіне алынды [3].

Қазіргі таңда экономиканың өндеуші, өндіруші, үнемдеуші, қызмет көрсетуші салаларымен қатар білім экономикасы да қатар аталады. Білім экономикасы – постиндустриалды экономика мен инновациялық экономиканың дамуының жоғарғы кезеңі. Білім экономикасы термині инновациялық экономика ұғымының синонимі ретінде жиі қолданылады. Алайда білім экономикасы – инновациялық экономиканың дамуының жоғарғы кезеңі және білім қоғамы мен ақпараттық қоғамның негізі болып табылады. Білім экономикасы – білімге негізделген

экономика. Заманауи нарықтық экономика білім нарығы мен материалдық – заттық тауарлар мен ресурстар нарығындағы ақпараттарды игерумен сипатталады.

Білім экономикасының дамуы мен қалыптасуының негізгі факторы адам капиталы болып табылады. Адам капиталы дамыған мемлекеттерде жаңа технологиялар жасауда, өндірістің дамуында, олардың тиімділігін арттыруда, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, әлеуметтік салалардың дамуында басты өндірістік факторға айналды.

Білім экономикасы – бұл әртүрлі салаларға жататын қызметтерге жататын салалардың жиынтығы. Оған тән сипаттық белгілер: − интеллектуалды адам капиталына материалдық элементпен салыстырғанда инвестициялық салым көп; − ерекшелігі жоғары және материалды емес активтердің бірегейлігі; − компанияның қызметіндегі үлкен инновациялық бөлік; − шынайы экономикадағыдан қарағанда, өндірістің жаңару қарқыны жоғары; − өндірістік технологиялардың немесе өнімдер мен қызметтердің жаңаруы перманентті сипатқа ие (бұл «білім экономикасы» мен жоғарғы технологиялар саласын жақындаттырады). «Білім экономикасы» термині бүгінде дамудың постиндустриалды кезеңінің синонимі ретінде қолданылады, онда дәстүрлі экономика секторлары жаңа элементтермен табиғи үйлесімділік тауып, барлық жүйені принципті түрде жаңа сапаға жеткізеді. Кейде «білім экономикасын» заманауи индустриалды экономикада экономикалық ортаға жоғарғы технологиялардың әсерінен туындайтын әр түрлі өзгерістердің жиынтығы ретінде түсінеді [4].

Адамның интеллектуалдық еңбегі заманауи ғылым, техника және қоғам үдерісінің негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Интеллектінің дамуымен адам іс-әрекеті де түрленеді, көбейеді. Психологиялық-педагогикалық ғылым тұрғысынан алғанда адам іс-әрекетінің құрылымын мотивтер, мақсат, міндеттер, әрекеттер, әдістер, құралдар, нәтиже және оның бағалануы құрайды.

Қоғамның интеллектуалдануы үдерісінде үлкен ролді білім жүйесі атқарады, бұл Ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасында да көрсетілген, «интеллектуалдық әлеует – интеллектуалдық қызметтің барлық түрін және оның субъектілерін, ғылым, білім, инновацияларды біріктіретін интегративті ұғым, және бұл феномен үздіксіз білім беру жүйесі арқылы қалыптасады ». Білім жүйесі елдің интеллектуалды әлеуетінің басты бағыттары анықталып, тұжырымдалатын іргелі база ретінде орын алуы қажет.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі негізгі буын жоғары кәсіби-педагогикалық білім болып табылады. Болашақ сапалы мамандарды даярлау – қоғам өндірісінің барлық саласын кадрлық қамтамасыздандырумен тікелей байланысты. Жоғары білімді мамандар интеллектулдық элита ретінде қарастырылып және қоғам жаңғыруының қуатты қозғаушы ресурсына айналуы тиіс. Жоғары білім жүйесінде болашақ мамандардың интелектуалдық қабілеттерін дамыту тұлғалық-бағытталған, әс-әрекеттік, құзыреттілік ережелері қағидаларына негізделген.

Болашақ маманның тұлғасының интеллектуалдық дамуын оның дербес белсенді әрекетінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Болашақ маманның іс-әрекеті – оның әлеуметпен белсенді өзара қарым-қатынасының үдерісі. Алайда мұны пассивті форма деп айтуға болмайды, ой-санамен басқарылатын іс-әрекет деп айтсақ орынды. Болашақ маман ретіндегі студенттердің іс-әрекеті қоғамдық сипатқа ие және жай ғана қажеттіліктерді қанағаттандырумен шекетелмейді, ол белгілі дәрежеде қоғамның мақсаты және талаптарымен анықталады. Сондықтан, кез-келген интеллектуалдық іс-әрекет әлеуметтік іс-әрекетпен байланысты.

Болашақ мамандардың даярлығын қалыптастыруды анықтағанда біз жоғары оқу орнындағы барлық іс-әрекетті қамтитын іс-әрекеттік теорияны негіз ретінде аламыз. Яғни, мамандарды кәсіби даярлауда ғылыми-зерттеу жұмыстары, өзіндік-ізденіс жұмыстары, студенттердің шығармашылығын дамытуда әлеуметтік мәні бар әртүрлі іс-шараларға тарту арқылы танымдық іс-әрекеттерінің белсенділігін арттырамыз. Сондай-ақ, болашақ маманның интеллектуалдық қалыптасуында, жоғары оқу орнының білім ортасының студентті қаншалықты интеллектуалдық еңбекке бағыттайтыны да тығыз байланысты. Кез-келген тұлғаның іс-әрекетте қалыптасатыны мәлім. Бұл аксиомаға сәйкес, іс-әрекет жеке сипатқа ие. Бір адамның табыстылығын басқалар ала алмайды, өйткені әр адам өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы табыс жолын өзі салады. Студенттердің табысты кәсіби қызметке даярлығын қалыптастыру мақсатты

түрде оқу үдерісінің белсенділігін арттырумен, ой-сана қабілеттерін дамытумен, оларда табысты болуға деген мотивацияға бағытталуымен байланысты. Сондықтан, болашақ мамандардың интеллектуалдық дамуының маңызды құраушылары мотивация мен білім алуға деген құлшыныстыдамыту болса, онда кәсіби даярлықты ұйымдастарудың технологиясын қайта ой елегінен өткізгеніміз жөн.

Студенттер белсенділігінің көзі олардың қажеттіліктері болып табылады, оларды түсіну мінез-құлықтың себебіне айналады. Алайда, психологиялық ғылымның тұжырымдауынша, мотив оған ішкі түрткі бола тұрып, нақты іс-әрекет мінездемелерін бермейді. Іс-әрекеттің қандай болатынын мақсат айқындайды. Іс-әрекеттің әлеуметтік мәні студент үшін жоғары болса, ол іс-әрекетке әрқашан шын ниетімен қосылады. Бұл факт жоғары оқу орнындағы мамандарды кәсіби даярлауда мотивация теорияларын қолдану тәсілдерін қайта қарауды, студенттерді шығармашылық қызметке ынталандырудың әдістерін іздестіруді талап етеді.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің түпкі нәтижесіне ерекше мән берген Н.Д.Хмельдің идеялары назар аударуға тұрарлық. Оның пікірінше, заманауи кәсіби қызмет табысты нәтижелермен бағаланады. Бұл білім саласы үшін аса маңызды, себебі мұнда табысты нәтиже, нарықтық экономика тілімен айтқанда түпкі сапалы өнім – қалыптасқан тұлға. Егер білім жүйесі табысты нәтижелер беретін болса, онда қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінің басқа салаларында жағымды, оң өзгерістер мүмкіндігі белең алады [5].

Жалпы қоғамда, әсіресе жоғары оқу орнында тұлғаның интеллектуалдық дамуы туралы кейбір мәселелерді қозғаған мақаламызда келесідей бірнеше қорытынды шығаруға болады:

1. ҚР Президенті Н.Назарбаев Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ-де оқыған дәрісінде заманауи білім жүйесінің бірінші кезектегі міндеті «сыни ойлауды меңгерген және ақпараттық ағымда бағыт-бағдар ұстауға қабілетті адамдарды даярлау» [6]. деген болатын. Бұл сөздің жаны бар, себебі студент ақпараттық ағымның тиімді жақтарын орынды пайдалана білгені жөн. Ақпарат көздері өте көп, яғни солардан адаспай өзіне қажетті білімдер мен дағдыларды жинау – интеллектуалдық қабілетті дамытуға әкеледі.

2. Адами капиталдың интеллектуалдық қоғамдағы даму шарттары: жаңа ақпараттық және ғылыми сыйымды технологияларды енгізу, білім индустриясының дамуы және өсуі. Адами капиталдың дамуы үшін сапалы білімі бар сауатты, дамыған, іскер тұлғалар қажет. Бұған әрқашан мән берілген, егер жеткілікті көңіл бөлінбесе, онда интеллектуалды қоғам да, сәйкесінше капиталдың дамуы да болмайды. Себебі, интеллектуалды қоғам адами капитал өндірісі және белгілі маман немесе профессордың ғана емес, барлық рухани-адамгершілік қасиеттер мен мінездерді толық иеленген адамның жоғарғы құндылығы болып табылады. Егер, адам әлеуетіне инвестиция құятын болсақ, онда біз қоғамдағы адами капиталдың жылдан-жылға дамуы мен интеллектуалды қоғамның қалыптасуына әкелетінін көреміз.

3. Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылында адамның туғаннан бастап өмір бойы үздіксіз оқуы үшін қажетті база қалыптасты. Педагогтар мен мамандардың күнделікті еңбегінің арқасында қазақстандық білім халықаралық білім кеңістігінде өз орнын алды. Қазіргі білім жүйесі саннан сапаға көшетін үлкен кезең алдында тұр.

Ойымызды жинақтай келе, қазіргі Қазақстан Республикасының 30 дамыған ел қатарына кіріп, халықаралық бәсекелестік кеңістікте өз орнымызды нығайта түскіміз келсе, тұтас білім және ғылым жүйесі, тіпті қоғамның әр мүшесі, әсіресе орта және жоғары оқу орындары барлық күштері мен мүмкіндіктерін болашақ мамандарды интеллектуалды дамыған, шығармашылық тұлғаларды даярлау бағытында жұмылдыруы қажет. Интеллектуалдық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік де осыған байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар //http://www.akorda.kz

2. В рейтинге по ИЧР 2016 года Казахстан занял 56-е место, как и в 2015 году, и находится в категории стран с высоким уровнем человеческого развития. UNDP in Казахстан. Пресс-релизы. 08.06.2017 //http://www.kz.undp.org/content/kazakhstan/ru/home/presscenter/pressreleases/2017/06/08/-2016-56-2015-.html

3. Шаяхметов Н.У. «Интеллектуалды ұлт» бағдарламасы және білім берудің кейбір мәселелері. // http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/2633/Intellektualdi%20ult.pdf

4. Маульшариф М., Төребекова А. Интеллектуалды капитал қоғамның постиндустриалды даму кезеңіндегі білімге негізделген экономиканың бастауы ретінде. //ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. №3 (46). 2013

5. Берикханова А., Ибрагимов Д., Роль системы высшего образования в формировании интеллектуального потенциала общества. Экономика. Республикалық апталық газет. 29.10.2015. //http://economics.kazgazeta.kz/?p=15557

6. В КазНУ состоялась прямая трансляция онлайн-лекции Н.Назарбаева. Пресс-служба КазНУ //http://www.kaznu.kz/ru/3/news/one/4450/

ӘОЖ 001

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Болат Г.Б., Чукмаитов Д.С.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., zhgu.edu.kz

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес анықталған, адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары, заңды мүдделері мен міндеттерін анықтайтын нормаларға сипаттама беріліп, құқықтық мәртебесі анықталған. Сондай-ақ, аталған құқықтарға құқықтық талдау жасалып, түсініктеме берілген.

Кілттік сөздер: *Конституция, конституциялық құқық, конституциялық бостандық, мәртебе, заңды мүдде, адам және азамат, конституциялық міндет.*

В данной статье рассмотрены конституционные права, свободы, законные интересы и обязанности, а также сделан подробный правовой анализ и определены нормы определяющий конституционный статус человека и гражданина.

Ключевые слова: *Конституция, конституционное право, конституционные свободы, статус, человек и гражданин, конституционные обязанности, законный интерес.*

This article deals with constitutional rights, freedoms, legitimate interests and duties, as well as a detailed legal analysis and rules defining the constitutional status of a person and citizen.

Key words: *Constitution, constitutional law, constitutional freedoms, status, person and citizen, constitutional duties, legal interest.*

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық ретінде мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының өктемдігінің жолында тосқауыл болуға, мемлекеттің қоғамды шексіз билеп-төстеуіне кедергі қоюға тиіс.

Құқықтар мен бостандықтар көп жағдайларда адамның қоғамдағы орнын, оның мемлекетпен өзара байланысын анықтайды.ҚР Конституциясының 1-бабында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп бекітілген [1]. Бұл конституциялық норма – мақсатта мемлекеттің құқықтық дамуының ұзақ мерзімдік міндеті – мемлекеттің құқықтық сипатын қалыптастыру жарияланған. ҚР Конституциясының негізгі идеясы мен адам мүдделерінің жалпыға бірдей презумпциясы болып табылады. «Адам мүдделерінің презумпциясы [2, 14], - дейді профессор Г.Мальцев, - заң аясында барлық

қарама – қайшылықтар, барлық дау-дамайлар адам үшін не тиімді деген көзқарас тұрғысынан шешіледі, барлық шешімдер осы тұрғыдан қабылданады, ал ол адам қайдағы бір қиялдағы, қандай да болмасын демократиялық сұлбаға сәйкес әсерленген адам емес, нақтылы мақсаттары мен қажеттіліктері өмірде бар, тірі адам.

Адамның құқықтары – бүкіл адамзаттың ажырамас, бөлінбес игілігі. Бұл дүниеде қандай да оқиғалар мен әрекеттер орын алмасын, қандай да ғылыми жаңалықтар ашылмасын, олар адамның жағдайына, оның құқықтары мен бостандықтарына жағымсыз әсер етпеуге тиіс. Қоғамдық процестердің дамуында құндылық бағдар адам құқықтарын ұлағаттаған дүниежүзілік және ұлттық дамудың барлық процестерін адаммен өлшеудің мәні осында.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап көптеген мемлекеттер жалпы адамзаттық құндылықтардың, либералдық-демократиялық идеялардың ықпалымен адам құқықтарын қорғауды көздейтін құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекет принциптерінен бағдар алды. Адам құқықтарын жан-жақтылау процесіндегі мына төмендегідей аса маңызды кезеңдерді атап өту қажет. 1948 жылдың 10 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымы негізгі құқық қорғаушы құжат – Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Адам құқықтарын қорғауда 1975 жылы Хельсинки және 1989 жылы Вена келісімдері де маңызды құжаттар болды.

ҚР Конституциясында тек әлеуметтік мелекеттің ғана емес, сонымен бірге құқықтық мемлекеттің де қағидалары дамытылды. Тұңғыш рет мемлекет пен тұлғаның өзара қарым-қатынасы сот негізіне қойылды, барлық құқықтар мен бостандықтарды сотта қорғау құқығы бекітілді, заңға мемлекеттік органдар, азаматтар және олардың бірлестіктері араларында туындайтын барлық дауларды сот жолымен шешу қағидасы енгізілді.

1997 жылы қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдардың қабылдануына орай 1995 жылғы Конституцияның талаптарына сай адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарына берілетін кепілдік кеңейтілді. Адамның құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін басымдылықпен қорғау қағидасын бекітудегі келесі маңызды қадам – Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылдануы болды.

Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарының үлкен тізімі бекітілген. Бұл арада ҚР Конституциясында адамның құқықтары мен бостандықтарының адам құқықтарының халықаралық стандарттарынан бастау алып, бекітілуінің аса маңызды факт екенін атап өткен жөн. ҚР Конституциясында бекітілген адамның құқықтары мен бостандықтары заңдардың, мемлекеттік билік органдарымен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінің мәнін, мазмұны мен қоданылуын белгілейді. Конституция құрамындағы бұл маңызды ережелер мемелекттік органдардың қызметін реттейтін бөлімдердің алдынд келтірілген, бұл мемлекеттің адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылықтар деп санап, қоғамның оның мүдделерін мемлекеттікінен жоғары қоятынын білдіреді.

ҚР Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуінің арқасында бұл құжат адамның дербестігін, жеке-дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепіліне айналды. Мемлекет барлығын бақылаушы және барлығына қол сұғушы ұйымның рөлін атқаруға ұмтылмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғы шарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, оның белсенді әрекеті және қоғам мен мемлекеттің проблемаларын шешуге қатысу үшін жағдайлар жасауы егеменді Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болмақшы.

Қазіргі жағдайда адамның бостандығы біршама басқаша түсініледі. Адамның бостандығы тек белгілі бір әрекеттер жасау және оларды іске асыруда кездесетін кез келген кедергілерді жоюдан ғана құралмайды. Адамның бостандығы көрініс табатын маңызды тұстардың бірі – жауапты шешімдерді қабылдау еркіндігі. Бұл адамның санасы мен мәдениетінің даму деңгейінің аса жоғары болуын қажет етеді.

Осылайша, қазіргі адам құқықтарының тұжырымдамасы мына қағидаларға негізделеді: адамның өзінің дербес дүниесі бар, оған ешқандай биліктің қол сұғуына болмайды; өзінің құқықтарын қорғай отырып, адам мемлекетке өзінің талаптарын қоя алады; адамға оның құқықтары мен бостандықтарын құдай да, мемлекет те сыйлаған емес, сондықтан да оларды адамның табиғи құқықтары деп атайды. Адам өзінің құқықтары үшін ешқандай құдай немесе зайырлы билікке қарыздар емес. Ол еш уақытта да мені жарылқап, маған құқықтар мен бостандықтар берді деп ешкімге бас июге, ешкімнің алдында өзін мәңгілік борышкермін деп сезінбеуге тиіс. Адамның қадір-қасиеті оған, адамға, өзінің құқықтары мен бостандықтарының түйірмелерімен пайдаланғандығы үшін кімге де, неге де болса да құлшылық етіп, бас ұрумен сыйымсыз. Олар оған оның тек адам болғаны үшін ғана тиесілі.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен-ақ құқықтық мемлекет құру идеясын қабылдады. Құқыққа мойын ұсынып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді алдына мақсат етіп қойған мемлекет осылай сипатталады. Ұлттық құқық жүйесін дамытып, оның толыққанды жұмыс істеуі үшін 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған жаңа Конституция содан бергі мерзімде елімізде экономикалық және әлеуметтік, саяси реформаларды жүзеге асырып, қоғамды демократияландыру ісінде өзінің жасампаздық әлеуетімен Қазақстан халқына қызмет етіп келеді. Егемен еліміздің жаңа негізгі заңының қабылдануы жаңа мыңжылдық табалдырығында Қазақстан тарихындағы атаулы оқиға болып, тәуелсіз мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа сатысына негіз салды. Тап осы Конституцияны ел тарихындағы идеялар көрініс тапқан, әрі халықаралық деңгейге сай биік межедегі заң деуге толық негіз бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу деңгейі жағынан халықаралық стандарттардың барлық талабына жауап береді. Онда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары заңдардың қолданылуының, мемлекеттік билік органдары мен олардың лауазымды адамдары қызметінің мағынасы мен мазмұнын анықтайды.

Конституцияға сай, адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Дегенмен, Республика Конституциясы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу мүмкіншілігін жоққа шығармайды. Бұл шектеулер ақталған және негізгі халықаралық пактілерге, соның ішінде Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясына сәйкес келеді. Қазақстан Конституциясы, Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясының 29-бабына сай белгілі бір негіздер болған кезде құқықтар мен бостандықтарды шектеу институтын енгізеді. Мысалы, Конституцияның 39-бабы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары:

-конституциялық құрылысты қорғау,

-қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында шектеулі мүмкін деп белгілейді [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік құқықтың қайнар көзі бола отырып, мемлекеттің міндеттерін, оның саяси және экономикалық жүйелерін, сыртқы саясатты, мемлекеттік қорғанысты, әлеуметтік және мәдени даму негіздерін айқындайды және республика азаматтарының құқықтары мен міндеттері жүйесін, ұлттық мемлекеттік билік пен әділ сот және прокурорлық қадағалау қызметтерінің ұйымдастыру қағидаларын бекітеді.

2. Необходима тесная увязка изучаемого предмета с будущей специальностью.

3. Преподаватели вуза ориентируются на большую самостоятельность и творческую активность студентов, на их умение дать самооценку своим действиям.

4. В вузе возрастают требования к формированию высокой культуры умственного труда.

Повышение эффективности и успешности обучения будущих специалистов возможно на основе стимулирования познавательной активности. Структура познавательной активности включает три компонента: мотивационный, содержательно-операционный и волевой. Мотивационный компонент – это потребности, мотивы, интересы, то есть все то, что обеспечивает включение обучающегося в процесс активного учения и поддерживает эту активность на протяжении всех этапов учебного познания. Содержательно-операционный компонент включает владение студентами системой ведущих знаний и способов учения. Волевой компонент связан с преодолением трудностей в процессе приобретения знаний, особенно на этапе их применения [4].

Важную роль приемы стимулирования познавательной активности играют и в проведении лекционных занятий. Лекция – это традиционная форма группового обучения.

Поэтому от того, как проведена лекция, зависит результативность следующих этапов обучения. Непосредственное вовлечение студентов в активную учебно-познавательную деятельность в ходе учебного процесса связано с применением приемов и методов, получивших обобщенное название *активные методы обучения* – это обучение деятельностью. В активных методах особое место занимают приемы стимулирования познавательной активности обучаемых [5].Одной из эффективных форм активизации деятельности студентов является проблемная лекция, схема реализации которой может быть раскрыта на примере изучения темы: «Совокупный спрос и совокупное предложение» курса «Макроэкономика». Вопросы темы формируют те блоки, по каждому из которых перед студентами ставится проблема и предлагается определить варианты ее решения. Главное условие успеха проблемной лекции заключается в том, что при обсуждении каждого блока вопроса следует проходить последовательно три стадии:

1. Побуждение или «мозговой штурм»
2. Обсуждение
3. Закрепление или «рефлексия».

Заключительный вопрос лекции имеет выход на реальную макроэкономическую практику. Перед студентами ставится вопрос о том, что произойдет в экономике Казахстана, если на мировых рынках резко упадут цены на нефть? (обсуждение в парах, записи). Подводя итоги лекции, преподаватель называет ключевые термины темы, и предлагает для обсуждения на практических занятиях следующие проблему: повлияют ли забастовки шахтеров Караганды и требования угольных профсоюзов о повышении заработной платы на ситуацию в экономике? Может ли возникнуть стагфляция? Таким образом, вся проблемная лекция была разбита на основные блоки, и при обсуждении каждого вопроса последовательно реализовывались стадии вызовы, обсуждения и рефлексии. При этом в ходе занятия применяются различные стратегии - «мозговой штурм», кластеры, сравнительный анализ, активное слушание с заполнением таблицы, работа в парах.

Отрицательными факторами, сдерживающими познавательную деятельность студентов, являются: 1) отсутствие интереса; 2) большой объём трудного для восприятия материала; 3) недостаточная базовая подготовка по предмету; 4) неумение планировать и организовать учебную деятельность; 5) негативное отношение к преподавателю.

С точки зрения конечного результата, познавательная активность проявляется в знаниях, приобретённых личностью, в изменениях системы взглядов, убеждений, поступков, которые происходят в человеке, благодаря развёртыванию его познавательной деятельности.

Познавательная активность может проявиться на основе любого начального уровня развития и, благодаря системе мотивов, способствует динамике развития личности. Познавательная инертность студентов проявляется в отсутствии интереса к предмету, мнимой степени самостоятельности, полной бездеятельности при затруднениях, отмечается инертность мысли, отсутствие эмоционального отклика на учебную информацию.

Необходимый, но не достаточный уровень познавательной активности проявляется низким познавательным интересом, основанным на мотиве приемлемости принуждения и социальной идентификации с преподавателем, ориентации на его мнение, поэтому требует постоянного применения всех возможных методов стимулирования познавательной активности.

Достаточный уровень познавательной активности проявляется высоким уровнем познавательного интереса, основанного на системы мотивов, эмоциональном восприятии процесса деятельности, самоутверждении и самооценке, прагматической выгоде делового плана, принципиальной добросовестности и исполнительности. Интерес проявляется в стремлении постичь сущность предмета, взаимосвязи и закономерности, разобраться в трудных вопросах, преодолеть трудности, учиться увлеченно.

Мотивация познавательной деятельности характеризует собой отношение человека к тому или иному проявлению действительности и связана с возникновением потребности к познанию. Интерес есть выражение направленности сознания человека в силу наличия у него взаимосвязанных систем отражения действительности. Если такая взаимосвязь существует,

процесс познания совершается активно, если она нарушается, то интерес к изучению ослабевает, а затем может исчезнуть совсем [6].

На уровень мотивации к самостоятельной активности студентов влияют:

1. Внешняя мотивация – зависимость профессиональной карьеры от результатов учебы.

2. Внутренняя мотивация – склонности студента, его способности к учебе.

3. Процессуальная (учебная) мотивация - проявляется в понимании студентов полезности выполняемой работы.

В процессе самостоятельной работы студент подвергает учебную информацию сомнению и испытанию, а затем фиксирует в качестве полученного знания. Самостоятельная работа формирует положительную мотивацию умения, профессиональную компетентность и важнейшие личностные качества – самостоятельность, познавательная активность и ответственность.

Однако с учетом современных требований к образовательному процессу принцип активности приобретает не только самостоятельность, но и совершенно особую роль в системе принципов обучения, которая состоит в том, что успешное обучение нельзя осуществить без реализации принципа активности, который выступает неотъемлемым условием и показателем реализации любого принципа обучения.

На основании теоретического анализа можно выделить два пути активизации самостоятельной работы студентов: экстенсивный (увеличение количества учебных дисциплин, т.е. увеличение сообщаемого студентам объема знаний) и интенсивный (изменение учебных программ, интенсификация средств и методов обучения, ориентированных на активную личностную позицию студента в процессе познавательной деятельности).

В современных условиях модернизации образования интенсивный путь активизации самостоятельной работы студентов более предпочтителен, т.к. он заключается не просто в передаче знаний студенту, а в научении самого студента сознательно и творчески управлять составляющими процесса познания: любознательностью, организацией учебной деятельности, умением добывать знания и т.п.

Активизация самостоятельной работы студентов предполагает использование такой системы методов, которая направлена главным образом не на механическое запоминание и воспроизведение готовых знаний, а на осознанное и самостоятельное овладение студентами знаниями и умениями в процессе активной познавательной деятельности. Различные способы активизации познавательной деятельности студентов получили собирательное название – методы активного обучения [7].

Эффективность обучения снижается из-за ряда причин, среди которых наиболее часто встречается стремление выдать максимально возможное количество “голых” знаний, без оглядки на их адекватность текущей ситуации, к тому же без обоснования их нужности. Преподаватель обязан уметь доказать студентам, что его предмет действительно будет полезен студентам в их будущей деятельности.

Если между обучающимся и преподавателем нет никакого контакта, кроме минимальных начитанных часов, ни о какой мотивации студентов говорить не приходится. Отсутствие уважения к студентам значительно снижает мотивационный эффект. Важным принципом мотивации выступает стимулирование результата, а не оценки.

Профессионально ориентированный подход к образованию осуществляется в контексте будущей профессиональной деятельности и предполагает овладение полем профессиональной активности. Знакомство с данным полем позволяет увидеть панораму профессиональной деятельности, ощутить личностные перспективы, осуществить прогноз; наглядно представить возможные варианты воплощения замыслов в результатах профессиональной деятельности, определить стратегию профессионально-личностного поведения после прохождения того или иного этапа обучения.

Активизация познавательной деятельности студента без развития его познавательного интереса не только трудна, но практически невозможна.

Таким образом, активизация самостоятельной работы студентов в процессе профессиональной подготовки, выступает как важное условие совершенствования знаний студентов, способствует формированию умений и навыков применять полученные знания на практике, ведет к глубокому и прочному усвоению знаний.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Послание Президента Н.А. Назарбаева народу Казахстана: «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» от 1 января 2018 года// http://www.akorda.kz/

2. Основы андрагогики / под ред. И. А. Колесниковой. М., 2003. С. 44.

3. Вербицкий А. А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход / А. А. Вербицкий. М., 1991. С. 35.

4. Сластенин В. А. Основные тенденции модернизации высшего образования / В. А. Сластенин // Пед. образование и наука. 2004, № 1. С. 43.

5. Исаева З., Мынбаева А., Садвакасова З. Активные методы и формы обучения в высшей школе -Алматы, 2005.

6. Габдреев Р.В., Смирнов А.В. Формирование мотивации учебно-познавательной деятельности студентов ВУЗа // Образование и саморазвитие. – 2008. – № 10. – С.227-233.

7. Смирнов А.В., Валиахметова И.В. Современные аспекты мотивации учебной деятельности студентов вузов // Актуальные вопросы психологии и педагогики. – Новосибирск: ЦРНС, 2013. – С.81-95.

ӘОЖ 900

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Егізбаев Б.С.
Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі, Ақсу ауд.

Бұл мақалада география сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану жолдары белсенді түрде қарастырылған.

Кілттік сөздер: *география, технология, инновация, методика, ұстаз, өркениет*

В этой статье рассмотрено активное использование инновационных технологий на уроках географии.

Ключевые слова: *география, технология, инновации, методология, учитель, цивилизация*

This article provides for the active use of innovative technologies in geography lessons.

Key words: *geography, technology, innovation, methodology, teacher, civilization*

Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе- білім беру, ғылымды дамыту, өркениет біткеннің, өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы мектеп, ал мектептің жаны мұғалім екендігі баршамызға мәлім.

А.Байтұрсыновтың «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген: «мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептің балалары көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі- білімді педагогика методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Ұстаз –киелі мамандық. Адам тәрбиелеу, оған ғылыми негіздерден мәлімет беру, баланы өмір сүруге үйрету ұстазға жүктелетін міндет. Білім беру ісінде ұстаз ең басты-шешуші тұлға. Ұстаздың білімдарлығы, абыройы мен беделі оның шәкіртінен көрінеді.

«Шәкірттің» жақсы болмағы ұстазынан деп тегін халық айтпаған. Ұстаз ұғымының мағынасы кең, мәні терең тарихи ұғым. Әлемдік ой алыптары, кейбір ғұламалар ұстаз алдынан өткен, олар өздерінің ұстаздарына мәңгі борыштар екенін болашақ ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Ұстаз мәртебесінің қаншалықты биік әрі қасиетті екендігін осыдан көруге болады. Қай заманда да жастардың алар орны ерекше. Қазіргі ақпаратты заманның жастары да техникалық құралдарды жоғарғы меңгерген болса керек. Сондықтан білім жүйесі қоғаммен бірге дамып отырғандықтан мұғалімге қояр талаптар да өзгеріп отырады. Ол үшін: ұстаздың кәсіби өсуі, өзінің негізгі мамандығы бойынша жаңа әдіс- тәсілдіерді меңгеруі ғана емес, оны өз әрекетіне дұрыс қолдана білуі әрдайым шығармашылық ізденіс үстінде болуын қалайды. Сол себептен өмірге еніп жатқан жаңа технологияларды игере отырып оқушыларға сапалы да саналы білім беру әр мұғалімнің көздеген мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Елбасымыздың жаңғыруы өскелең ұрпақтың болашақта дамуына аса зор мүмкіндік береді. Сондықтан заман талаптарына сай өмір сүріп жүрген жастардың түйсігіне сіңдіру мақсатында Елбасының аталған мақаласының іс жүзінде жүзеге асырылуына қолдау көрсетіп, күш-жігер салуға ықпал ету үшін насихаттау міндетті. Жаңғырудың маңыздылығы мемлекет пен ұлттың саналы түрде жаһандық үрдістерге бейімделуіне септігін тигізетіндігіне сенім білдіреміз. Елбасымыздың рухани жаңғыруының әрбір тармақтарының өзектілігіне мән бере отырып, алға басатын қадамымызды үш ойлап, бір басуымызды ұмытпайық.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр… Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады [1].

«Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен аударғанда («inter»-бұл өзара, «act»-әрекет)-біреумен сұхбаттасу, әңгімелесу немесе өзара бірлесіп әрекет ету деген мағнаны білдіреді. Оқытудың интерактивті әдісі ол оқушылардың белсенділігін арттыруда қолданылатын әдістердің жиынтығы болып келеді. Олар: топтық жұмыс, ой шабуылы, рөлдік ойын, сарапшы топтардың пікір таласы, жоба жасау, сұхбат, тақталар, кітаптар, видео, слайдтар, әртүрлі көмекші құралдар, пайдаланылған презентациялар, компютерлер. Сабақ кезіндегі оқушылар мен оқытушының арасында тығыз қарым-қатынас байқалса бұны біз интерактивті деп атаймыз. Мұндай қарым-қатынас оқушылар әлдебір мәселені талқылап, соның ішінде

шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Бұл кезде оқушылардың жауаптарынан да мәселенің шешімін табуға талпынғандығындағы негізгі маңызы болып тұр. Өйткені интерактивті оқытудың негізгі мақсатының өзі ол оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауаптарын анықтап дәлелді айта білуге үйрету.

Интерактивті әдіс барысында оқушылар жан-жақты қарым қатынасқа түседі;

-оқытушымен (Оқушылар оқытушының сұрағына жауап берген кезде);

- шақырылған адамдармен (немесе топ оқушыларының өздері әлдебір ұйымдармен кездесуі мүмкін);

-өзге оқушылармен бірігіп жұмыс істеу барысында;

- шағын топтармен(3-5 оқушымен);

- оқушылардың үлкен тобымен(көбіне пікірталас,топ болып әлдебір мәселені талқылау барысында);

- оқушылардың тобымен немесе халықпен(топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);

-кейбір техника түрлерімен оның бірі компютер.

География пәні сабағында интерактивті әдістерді қолдану тиімділігі қазіргі таңда елімізде болып жатқан жаңартулар оқу-тәрбие жұмыстарының бағыт-бағдарының заман талаптарына сай жасалуын міндеттейді. Дегенмен де жекелеген мұғалімдер әлі күнге дейін өз қызметтерінің байыбына жете алмай жүр, әйтеуір 45 минутын өткізгендеріне мәз. Соның салдарынан оқушылардың теориялық білімді игеруге деген қызығуы төмендеп кеткені мәлім. Осыдан келіп, елімізде оқу ағарту жүйесін қайта құру, мектеп реформасын жасау, оқуды өмірмен байланыстыру, оқушылардың білімді өз бетімен ізденуіне үйрету және білім негіздерін демократиялық интеграциялық ұстанымдарға орайлас әр баланың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытып тәрбиелеу талап етілуде [2].

Үстіміздегі ғасыр – жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Олай болса, мұғалімдердің алдында тұрған бірден-бір мақсат – оқушылар алған білімдерін пайдаға асырып, өздігінен әрекет ете алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтарды қатар меңгерген, өзіндік көзқарасы бар, Отанын шын сүйетін азамат болып жетілуіне көмектесу.

Қазір кез-келген пәнді оқытуда пәнаралық байланыс арқылы білімнің жинақтаушы, қорытындылаушы және үйлестіруші қызметін атқаруға болады. Осы тұрғыда оқытудың интерактивті әдісі өте тиімді. Себебі, бұл әдіс оқушының жеке өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оның бойында білім, дағды және құндылық жүйесін қалыптастырады.

Сабақ – мұғалім мен сынып тобы, шағын топтар мен жеке оқушы арасындағы қатынас арқылы жүзеге асырылады. Мұнда мұғалім хабарлама беруші модератордың қызметін атқарады. Мұғалім де, оқушы да, тұлғаны тану және таныту жолында қызмет жасайды.

Қазіргі кезде география сабақтарын өткізу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалдарды іздеумен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген курс бойынша мәселелік - бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім және оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологияларды география сабақтарында пайдалану оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндітерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. География сабақтарында жаңа технологияны пайдаланудың ең басты мақсаты белгілі бір жетістіктерге жету оқу сапасын арттыру [3].

Қазіргі оқыту үрдісінде жаңа технологияны кеңінен қолдану өз тиімділігін көрсетуде. Сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда осы заманғы ақпараттық технологиямен қатар электронды оқулықтарды қолдану арқылы оқушының сабаққа қызығушылығы арқасында оқу сапасы елеулі түрде арттыруға болады. Жаңа технология қазіргі заманның талаптарына сай жүйеленген, тиімді әдістердің бірі.Жаңа технологияның басты

ерекшеліктері ол барлық технологиялардың басын біріктіріп, бір жүйеге келтірілген, жинақталған үлгісі болып табылады. Жаңа технологияларды география сабақтарында пайдалану кезінде оқушы оқу материалын тыңдау, жазу, көру, айту, өз бетімен жұмыс жасау арқылы оқу материалы қарапайымнан күрделіге қарай шығармашылық, зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Білім беруде қазіргі жаңа технологияларды сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда қолданудыңартықшылықтарының маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Егемен Қазақстан газеті//12 сәуір 2017 ж.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. Желтоқсан 2010 ж.

3. Ошанова Н. Т. Білім беру жүйесіндегі технологиялардың көмегімен оқушылардың дүние танымдық көзқарастарын қалыптастыру. Алматы - 2012 ж.

ӘОЖ 341

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰШУЛАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖЕТІЛДІРУ

Еркінбаева Л.Қ., Балғабек С.С.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
balgabek.syrym@gmail.com

Қазіргі кезде пайдалы көлік-логистикалық ел қалыптастыруда белсенді жұмыс жасалуда. Ол үшін 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша 15 инфрақұрылымдық жобаны іске асыру көзделген, соның ішінде бір жоба азаматтық авиация бағыты бойынша жүргізілуде. Сәйкесінше, бұл мақала - Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын құқықтық реттеудегі кемшіліктерді жетілдіру жолдарын қарастырады. Азаматтық авиация саласын дамытудағы мемлекеттік бағдарламаның тиімді тұстары мен оларды қолдануда туындайтын мәселелерді саралайды. Сонымен қатар, мемлекеттік бақылау инспекциясын дамыту мен аэронавигациялық жүйені тиімді реттеу қажеттілігін көрсетеді.

Кілттік сөздер: *Халықаралық-құқықтық, авиация, әуе кемелері, қауіпсіздік аудиті, бақылау инспекциясы, ИКАО, аэронавигация;*

Currently, active works are underway to create an enabling transport and logistics country. For this purpose, it is envisaged to implement 15 infrastructure projects within the framework of the State Program "Nurly Jol" for 2015-2019 years, including the project in the direction of civil aviation. Accordingly, this article looks at ways to improve the shortcomings in the legal regulation of international civil aviation flights in the Republic of Kazakhstan. The effectiveness of the state civil aviation development program and the problems arising in their application are analyzed. Also, it is evidenced on the need for effective inspection of state control and favorable regulation of the air navigation system.

Ключевые слова: *Международное право, авиация, воздушное судно, аудит безопасности, инспекционный осмотр, ИКАО,аэронавигация;*

В настоящее время ведется активная работа по созданию благоприятной транспортно - логистической страны. С этой целью предусматривается реализовать 15 инфраструктурных проектов в рамках Государственной программы «Нурлы Жол» на 2015-2019 годы, в том числе проекта в направлении гражданской авиации. Соответственно, в этой статье рассматриваются пути улучшения недостатков в правовом регулировании

международных полетов гражданской авиации Республики Казахстан. Анализируется эффективность государственной программы развития гражданской авиации и проблемы, возникающие в их применении. Также свидетельствуется о необходимости эффективной инспекции государственного контроля и выгодного регулирования аэронавигационной системы.

Key words: *International law, aviace, aircraft, audit safety, inspection, ICAO, air navigation;*

Қазақстан Республикасындағы азаматтық әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын құқықтық реттеуін жетілдіру мақсаты – жалпы мемлекеттік мүдде екендігін ескергеніміз жөн. Еліміздің азаматтық авиациясындағы жағдай тікелей оның халықаралық ұшуларына әсерін тигізеді [1].

Қазақстан Республикасындағы жалпы азаматтық авиацияны дамыту шаралары еліміздің тәуелсіздік алған тұғырынан бері алға қойылып отырған. КСРО кезіндегі қазақстандық азаматтық авиацияның басқармасы – ұлттық тасымалдаушы 1996 жылы банкротқа ұшыраған соң, нақты даму тенденциялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылы 27 қарашада шыққан қаулысында баяндалған. Қаулы «Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» деп аталған. Оның мақсаты - Авиациялық қызмет көрсетулер рыногын одан әрі дамыту және Қазақстан Республикасы авиатасымалдаушыларының халықаралық авиажелілеріндегі бәсекелестік қабілетін арттыру, ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасындағы әуе тасымалын реттейтін нормативтік және құқықтық база мен шетелдік рейстерді жүзеге асырудың тәртібін жетілдіру болып табылады. Қаулыда Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласын дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілуі, "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының Стратегиялық бизнес жоспары (бұдан әрі - Стратегиялық бизнес жоспар) мақұлдау қажеттілігі, ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласын дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес 1998 жылдың 1 желтоқсанына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласын дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірленуі және бекітілуі, екі апталық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтер мен жолаушыларды, багажды, почтаны және жүктерді тасымалдау кезінде ұшуларды орындаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін авикомпаниялар мен әуежайларға қойылатын талаптарды халықаралық стандарттарға, бірақ өз әуе кемелерімен, жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерлерін арттырумен, оның шығу тегімен, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың акцияларын сатуға шектеу қоюмен, сондай-ақ чартерлік рейстерді ұйымдастыру мен орындаудың тәртібімен және әуе қатынастары туралы халықаралық келісімдерді орындаудың кепілдіктерімен шектелместен, кезең-кезеңмен сәйкес келтіруді көздейтін "Қазақстан Республикасында авиацияны құруды және оның қызметін реттейтін кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілуі шаралары туралы айтылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметімен 1998 жылдың 1 желтоқсанына дейін мерзімде Әуежайлық және ұшу қызмет көрсетулері қызметтерін алушылардың санаттары туралы нұсқаулықты бекітуі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне 1998 жылдың 15 желтоқсанына дейін мерзімге қызмет көрсетулердің түрі мен оларды алушыларға ұсынудың шарттарына қарай оларды саралауды көздеп, әуежайлық және ұшу қызмет көрсетулеріне арналған бағаларды қайта қарауын ұсынуы және т.б. іс-шараларды орындау нұсқаулықтары берілген болатын [2].

Азаматтық авиацияның құқықтық реттелуінің негізі ретінде, мемлекеттің азаматтық авиацияны реттейтін заңнамалардан басқа, ұлттық бағдарламаларды жасау қажет деген пікір сараланып отыр. Ұлттық бағдарлама – халықаралық азаматтық авиацияны реттейтін ұйымдар қадағалауынан тыс, жеке мемлекеттің мүддесіндегі қадағалау мен азаматтық

авиацияның дұрыс бағытта дамуын бақылап отыру үшін, мемлекеттің өзінің уәкілетті органдарының ұйымдастырылуымен жиналған білікті мамандардың тиісті басқа мемлекеттердің халықаралық тәжірибесін зерттеу барысында, мемлекет үшін барынша тиімді стратегияны ойластыру нәтижесі болып табылады [3].

Бұл арада осы уақыт аралығына дейін Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияға байланысты даму стратегиялары қаралмады ма деген сұрақ туындайды. Әрине де Даму стратегиялары жасалған болатын. Олар Қазақстан Республикасының бұйрығы бойынша 1996 жылы «Эйр Қазақстан» қазақстандық тасымалдаушының банкротқа ұшырағанынан кейін де бірқатар бағдарламалар қабылданған болатын. Осы даму бағдарламаларын талдап кеткен жөн.

Мысалы, «Нұрлы жол» Мемлекеттік бағдарлама аясында көлік инфрақұрылымын ауқымды модернизациялау жүргізілуде. Бұл 2020 жылға қарай жүк айналымын 1,6 есе және транзиттік жүк тасымалы көлемін екі есе арттыруға мүмкіндік береді. «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының тапсырмасы бойынша «Эйр Астана» әуе компаниясымен 2020 жылға дейін даму стратегиясы дайындалып бекітілген. Оған сәйкес әуе кемелері паркінің толықтырулары мен жаңартулары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Әрине, азаматтық авиациядағы ұшуларды жүзеге асырудың ең басты талабы – әуе кемелер паркінің техникалық жағдайының жарамдылығы мәселесі саналды. ИКАО-ның халықаралық ұшулардың қауіпсіздік бойынша реттейтін қатынастардың бірі – жұмыс істеп жатқан азаматтық авиацияның құралдарының сапасы екені барлығына мәлім.

2020 жылға дейін «Эйр Астана» әуе компаниясында өзінің 19 жекеменшік ұшақтарымен қоса, әуе кемелері паркінде 43 әуе кемелері болады. Қазіргі таңда компания 30 әуе кемелерінен, оның ішінде 11 жекеменшігіндегі әуе паркінен тұрады. Бұдан басқа әуе кемелеріне қызмет көрсету бойынша Қазақстанда инфраструктураны дамыту алға қойылдып отыр. Сонымен қатар, әуе компания жоспарында, авиациялық инженерияның аймақтық лидері болып, ұшақтардың түрлі техникалық қызмет көрсетулерін, жөндеуін дамыта отырып, оларды Астананың эксплуатациялық орталықтарында жүзеге асыру қарастырылған. Осы жағдай Алматы қаласының базасында жергілікті және шетелдік тасымалдаушыларға қызмет көрсететін, EASA (Авиациялық қауіпсіздіктің еуропалық агенттігі) стандарттары бойынша сертификатталған орталық жұмыс атқарады. Барлық шаралар азаматтық әуе кемелерінің халықаралық ұшуларындағы қауіпсіздік жағдайын құқықтық реттеу негіздеріне келіп тіреледі. «Эйр Астана» әуе компаниясының жоғары стандарттар мен көрсеткіштерді ұстанатындығына халықаралық эксплутациялық қауіпсіздік аудитінің (IOSA) нәтижелері құрайды. Бұл құқықтық реттеу жүйесінің тармағы әуе компанияларының басқару жүйелерінің және өндірістік қызметін бағалаудың мойындалған дүниежүзілік жүйесі ретінде танымал [4].

ИКАО-мен шығарылған кемшіліктердің бірі мамандар жағдайына да аса үлкен көңіл бөлу қажет. Қазақстандық авиациядағы қызметкерлер саны басқа салалармен салыстырғанда бірталай аз сандық көрсеткіштер көрсетеді. Мәселенің түпкі жағдайы ұлттық оқыту стандарттарының сай келмеуінде болып табылады. Тиісті оқу талаптары қамтамасыз етілмейді [5].

Азаматтық авиация саласында маңыздылығы бойынша соңғы орын алмайтын - авиациялық инспекторлар рөлі орасан зор. Қазақстан Республикасында азаматтық әуе кемелерінің халықаралық ұшуларының жағдайын тексерген кезде қадағалаушылардың басты және көп кездесетін сындары – авиациялық инспекторлардың тапшылығы болып табылады. 2009 және 2014 жылдары жүргізілген тексеріс нәтижесінде – ревизорлар елде ұшулардың қауіпсіздігі мен бақылау аясында құзіретті әрі білікті инспекторлардың жетіспеушілігі, үкіметтің қажетті көлемде әрекет етпейтіндігін белгілейді. Олардың көп бөлігі жұмысқа жақын арада жалданып, әуе компаниясының сертификация үрдісін тиісті дәрежеде басқаруға оқытылып үлгермеген. ИКАО ревизорлары мемлекеттік инспекциямен тексерулер жүргізілу дәйектерін таппады. Қазақстан Республикасындағы авиациялық инспекцияның құқықтық мәртебесі "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан

Республикасы авиациясының қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 U952697_Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат) және "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет туралы" 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 1563 P961563_қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1998 ж. 21 қаңтардағы № 31 «Қазақстан Республикасының Азаматтық және эксперименттік авиация әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы Мемавиақадағалау және Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациялық регистрі «Мемавиарегистр туралы» қаулысымен реттелген. Алайда, бұл қаулы 1999 жылы 12 наурызда «Қазақстан Республикасы көлік-коммуникациялары кешенінің Ақпараттық-презентация орталығы мемлекеттік мекемесін» қайта ұйымдастыру туралы қаулысымен күшін жойған болатын [6].

Мемлекеттік бақылау инспекциясы – азаматтық аваицияны тексеру шараларын алдын-алып, Халықаралық азаматтық ұйымдардың басшылығымен өтетін тексеру аудиттарының мүмкін болар жетіспеушіліктерін олардың осы ұйымдарымен анықталып үлгермей жөндеуі болып табылады. Алайда еліміздегі азаматтық авиация жағдайы осы арада қорғансыз болып келеді. Мысалы, 2009 жылғы ИКАО-мен жүзеге асырылған тексеру аудитінде азаматтық кемелерінің халықаралық ұшуларына ғана емес, жалпы ұшу бағдарламасында біраз кемшіліктер табылған еді. Тексеріс нәтижесінде ИКАО инспекторлары орын алған жағдайды дұрыстауға 5 жыл уақыт көлемін берді. 5 жыл өтті, қазақстандық инспекторлар мен Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация Комитетінің болжамы бойынша еліміздің азаматтық авиациясы толыққанды орнына түсті. Алайда 2014 жылғы тексеріс нәтижесі айтарлықтай үміттерді ақтамады. Бұл қорытындының басты салдары инспекторлардың тиісті дәрежедегі жұмысының болмауы. Осыған байланысты ИКАО инспекторлары Азаматтық авиация Комитетіне бұл жағдайды дұрыстау үшін келесідей ұсыныстар жасады:

- түрлі техникалық мамандықтар бойынша мамандандырылған әрі құзіретті инспекторлар санын жеткілікті түрде жинау;
- ұшу-ұшып келу жолағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін бекіту және аэродромдардың сертификатталған операторлары үшін заңи күші бар актілерді бекіту;
- авиациялық инспекторлар құзіретінің айқын шекарасын анықтау;
- экзаменаторлардың біліктілігі мен шеберлігін көтермелеудің жүйесін құру;
- авиациялық оқу ордаларындағы оқытушылардың мамандандығы мен біліктілігін қамтамасыз ету жүйесін енгізу;
- құжаттамалық қағаздарды бақылауға алу және т.б.

Ағымдағы жылдың жаз айларына таяған уақытта авиациялық биліктер жасалған жұмыстар жөнінде есеп беруі жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық авиация аясында бірыңғай оператор – басқарушы компания құрылатындығы жайлы алғаш рет ҚР-ның премьер-министрі 2013 жылдың көктемінде хабарлаған болатын. Айта кетерлігі, 2014 жылдың 26 шілдесіне дейін Азаматтық авиация саласындағы құзіретті орган ретінде ҚР-ның көлік және ақпарат минстрлігі танылған, кейіннен Инвестиция және Даму министрлігіне ауысып кетті. Осылайша, бұрынғы атымен көлік және ақпарат министрі Аскар Жумагалиевтің пресс-қызметінің мәлімдеу бойынша: «Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, қазіргі таңда барлық мемлекеттік әуежайларды нығайтатын және халықаралық стандарттарды енгізумен қатар, қызмет көрсетудің сапасын көтеретін бірыңғай оператор – басқарушы компания құрылып жатыр». Ақпарат қызметінің мәлімдеуі бойынша ҚР премьер-министрі ұшулардың қауіпсіздігі мен әуежайлардың дамуы мәселелері қарастырылған жиналыс өткізілді. 2014 жылы Қазақстан Республикасындағы барлық аэропорттарын басқару бойынша бірыңғай оператор құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік

меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» **қаулысының негізінде, ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 4 наурыздағы №207 «Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» қаулысы жарыққа шыққан. Аэропорттарды басқару бойынша бірыңғай операторды құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіппен, Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Қостанай облыстарының және Астана қаласының коммуналдық меншіктерінен, осы қаулы қосымшасында көрсетілген акционерлік қоғамдарды республикалық меншікке алуға қаулы етеді** [7].

Қазіргі уақытта халықаралық стандарт талаптары негізінде әуе кеңістігінің құрылымы мен бағыттар желісін қалыптастыру бойынша іс-шаралар кешені белсенді іске асырылуда. Қазақстанның аэронавигациялық жүйесін дамытуға бағытталған негізгі бағыттар белгіленген: байланыс және қадағалау жүйелерін жаңарту; автоматтандырылған әуе қозғалысын басқару орталықтарын құру; диспетчерлік құрам мен ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету қызметінің мамандарын жоғары деңгейде даярлауды қамтамасыз ету. Мысалы, 2014 жылы Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы әуе кемелерінің транзиттік қозғалысы 164,5 млн. ұшақ-километрді құрады. Аэронавигациялық жүйені одан әрі дамыту: 1) ИКАО-ның перспективалы моделі негізінде болашақтағы аэронавигация жүйесінің прототипі болып табылатын Қазақстанның аэронавигациялық жүйесінің ішкі жүйелерін бірыңғай кешенге біріктіру; 2) Еуропа мен Америкада жедел қарқынмен дамып отырған және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын ғарышта орналасатын навигациялық жүйелер элементтерін енгізуді бастау және спутниктік навигацияға көшуді қоса алғанда, неғұрлым алдыңғы қатарлы және перспективалық технологияларды енгізу есебінен іске асырылады [8].

Жоғарыдағыларды ескере келе, халықаралық әуе қатынастарының ілгері дамуы үшін азаматтық әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын құқықтық реттеу шараларын халықаралық ұйымдар құзіретіне ғана емес, сонымен қатар отандық құқықтық реттеу объектісіне айналдыру қажет, яғни «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» ұлттық заңнамасында Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасын, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы басқа да халықаралық ұйымдардың авиациялық қағидаларын барынша кең көлемде енгізу керек. Мәселен, заңның 10-2-бабы бойынша Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бақылау мен қадағалауға жататын қызметте әуе кемелерінің техникалық байқауын қадағалайтын қызмет түрін қосса болады.

Жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауына тексерулер жүргізу тәртібі туралы 11 бапта, авиация инспекторыларымен қоса мемлекеттік құқық қорғау және апаттық қызметтер органдарымен бірлесе қызмет ету, қадағалау жиілігі мен түрін көбейтуді қарастыру жөн болар еді. 76-бапта Коммерциялық әуемен тасымалдау саласындағы негізгі ережелерді толықтыру, рәсімдеу кезінде уақытты үнемдеу, тиімді қызмет көрсету мәселесіне мән беру ұсынылады. Азаматтық авиация қызметімен байланысты міндетті сақтандыру туралы 87-бапты, сақтандыру туралы заңдарының талаптары мен ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес ұлттық заңнамада нақты көрсету керек себебі, реттеуші шараларды жүзеге асыру барысында мемлекет оларды алдын-ала болжауды үйренеді. Сонымен қатар, аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етуде, аэронавигациялық ақпаратты регламенттеу және бақылау(AIRAC) жүйесінің мерзімінде аэронавигациялық ақпаратты жариялауды және таратуды тиімді орындау, бастапқы аэронавигациялық ақпаратты жеткізушілер ұсынған аэронавигациялық деректерді сақтау, аэронавигациялық деректердің сапасына рұқсат беру дәрежесімен аэронавигациялық деректерді өңдеу үшін мамандар мен арнайы техникалық құралдарды толықтырып, сапалы қамтамасыз ету, апаттық жағдайларда адам шығының азайту үшін мемлекеттік арнайы органдармен аэронавигациялық ақпаратпен жедел бөлісу қызметтерін жетілдіру керек. Азаматтық авиация жұмысының тиісті дәрежеде орындалуын шетел инспекциясының тексеру мәселесі, бұл арада мемлекет ішіндегі инспекторлар

біліктілігінің жетіксіздігі де байқалады. Осыған орай азаматтық әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын саралай алатын білікті мамандарды дайындауда шетелдік тәжірибені қолдану, яғни шетелдік авиация ұйымдары мен білікті оқу орындарымен серіктестік жүргізе отырып инспекторлардың тәжірибе алмасуына шынайы көңіл қою керек. Жалпы республикалық дәрежеде әуе қатынастары инспекторларының одағын құру мәселесін қарастыру қажет [9].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гражданская авиация в РК: острые вопросы и сложные ответы/Аналитический обзор Kursiv Research, –- 2013 //https://www.kursiv.kz/news/issledovaniya/Grazhdanskaya-aviatciya-RK-ostrye-voprosy-i-slozhnye.

2. Лобков А. Правовое регулирование международных перевозок. – 2006 // https://www.zakon.kz/77875-pravovoe-regulirovanie-mezhdunarodnykh.html.

3. Афанасьев В.Г. Организация международных воздушных перевозок. – М.: Воздушный транспорт, 2009. – С.35.

4. Веселова О. Гражданской авиации нужны реформы /Центр деловой информации КАПИТАЛ, – 2013 //https://kapital.kz/business/12710/grazhdanskoj-aviacii-nuzhny-reformy.html.

5. Федоров А. Гражданская авиация страдает от военных рисков / Финанс, № 48. – 2015 // https://fd.ru/articles/71273-grajdanskaya-aviatsiya-stradaet-ot-voennyh-riskov.

6. «Нұрлы Жол» Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде көлік инфрақұрылымның дамуы, – 2015 //http://mid.gov.kz/kk/pages/nurly-zhol-memlekettik-bagdarlamasy-shenberinde-kolik-infrakurylymnyn-damuy.

7. «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысы, 1-т.// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000616.

8. CONVENTION ON INTERNATIONAL CIVIL AVIATION, – 1944, December 7, Chicago //https://www.icao.int/publications/Documents/7300_cons.pdf

9. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000339

ӘОЖ 001.340

КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ МӘМІЛЕ ИНСТИТУТЫ

Ертаев А.Е., Чукмаитов Д.С.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
zhgu.edu.kz.

Бұл мақалада қазақтың әдеттегі құқығы ұзақ жылдар бойы көшпелі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірімен біте қайнасқан және мынадай белгілерімен сыйпатталатындығы қарастырылған.

Кілттік сөздер: *құқық, қоғамдық қатынастар, қазақ қоғамы, жазба заңдар, жазалау жүйес, саяси өмірі.*

В данной статье рассматривается обычное право казахов, которое уже давно связано с социально-экономической и политической жизнью кочевого общества в течение длительного времени и характеризуется следующими особенностями:

Ключевые слова: *право, общественные отношения, казахское общество, письменное право, пенитенциарная система, политическая жизнь.*

Қазақтың әдеттегі құқығы ұзақ жылдар бойы көшпелі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірімен біте қайнасқан және мынадай белгілерімен сыйпатталады: қылмысты істер мен азаматтық талаптарға шектеу (шек) қойылмайтын; жазалау жүйесі біршама гуманды болатын; мүліктік жауапкершілік пен отбасылық-некелік қатынастардың болуы және реттелуі; жазба заңдардың әсерінің соншалықты болмауы; ішкі қауымдық және қауымаралық міндеттер жүйесінің болуы, оның құқық нормасының сыйпатына айналуымен ерекшеленді.

Адамдардың өзара байланыстарын, қоғамдық қатынастар мен тәртіптің реттеушісі ретінде әдет-ғұрыппен ұштасып жатқан құқық ережелері ең ежелгі, әрі тармақ-тамырлы, мейлінше қуатты және беделді құқықтық тетіктер болып саналады. Әдет-ғұрып заңдарының мұндай күшке ие болуы олардың өзін қалыптастырған қоғамның табиғи туындысы әрі оның өмір сүруінің айнымас шарты болуында еді. Қазақ халқындағы дала заңдарының ерекшелігі – оның шығарушысы, қорғаушысы, сақтаушысы саналатын билердің қоғамдағы беделі мен орнына тығыз байланысты болды [1]. Журабаев Б. Қазақтың дәстүрлі құқығы мен билер соты // Заңгер.- №5 (166).- 2015.- 12-13 бб.

Мазмұнын өзара құқықтар мен міндеттер құраған міндеттемелік қатынастар шарттардың пайда болуының негізін құрады. Шарттардың көпшілігі ауызша нысанда жасалатын. Тек Ресейге қосылғанан кейін ғана экономикалық қатынастардың дамып, халық арасында тауар айырбастаудың кеңеюімен шарттар бірте-бірте жазбаша нысанға көше бастады. Шарттарды жасап орындау рухани қағидаларға тараптардың әдептілігіне негізделіп тіптен күмән тудырмайтын. Шарттар ауызша түрде жасалатын болғандықтан, олардың жүзеге асатындығының кепілі ретінде куә қатысатын. Шарттың ауызша нысаны әдет-ғұрып құқығында береке деп аталатын.

Қазақ қоғамында шарттардың орындалуын қамтамасыз еткен арнайы нормалар да болды. Олар шарттың талаптарын орындамағандығы немесе бұзғандығы үшін қандай жаза түрі мен айыппұл мөлшері қолданылатыны жайлы қамтыды.

Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта бірнеше мемлекеттер өмір сүрген болатын. Сол мемлекеттердің саяси-құқықтық қатынастарында келісім–шарттар элементтерінің, оның дамуының үрдістерін кездестіреміз. Мәселен, қазақ жеріндегі ең ежелгі мемлекеттердің бірі - ғұн мемлекетінде келісім-шарт қатынастары, сауда-саттық мәселесі кеңінен дамыған болатын. Сонымен қатар, бұл мемлекетте халықаралық деңгейдегі келісім-шарт қатынастары да өрбіп жатты. Оған бұл ғұн мемлекеттегі бейбітшілік пен біліктілік келісімін жатқызуға болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамының туындысы болып табылатын келісім-шарттардың қатарына мыналар жатады: аманат шарты; сауын шарты; мұрагерлік шарты; тамырлық шарты; ат-майы шарты; енші; олжа; сүйінші.

Ресей қол астына өткеннен кейінгі кезеңде қазақ қоғамында:

Сатып алу-сату; кепіл; айырбас; қарыз беру шарты; сақтау т.б. шарттар қолданылды [2]. Болганбаева Г.А. Қазақ қоғамындағы құқықтық келісім-шарттар.- http://melimde.com/

XV-XVIII ғғ. қазақтардың әдеттегі құқығының көздері: құқықтық әдет, немесе заң; соттық прецедент (үлгі), яғни бидің билігі; билер съезінің ережесі.

Қазақ қоғамындағы қалыптасқан әдет-ғұрыптарды реттеп, олардың жүзеге асуына мүмкіндік беретін VIII-XIII ғғ. тайпаларға ортақ, әдет-ғұрып заңдары жетіле түсті. Бұл нормаларды «жөн», «жөн-жосық» қағидалары деп атаған. Өзіндік сипаты бар бұл кодекстер: жаугершілік жөні, құдалық жөні, елшілік жөні, өлім-жітімді жөнелту жөні, отбасылық қағидалар жөні, т.б. бөлініп өз кезегінде «жөн-жосықтарға», ал олардың қолданылуы мен жүзеге асуы «реттерге» бөлінген. Рет бұзылса, жосық жойылып, жөн жүйесіне нұқсан келеді. Ел аузындағы «бұл жөн», «бұл жөнсіз», «мынау ретті», «мынау ретсіз», «жөн білетін», «мәселенің жөні», «жөн-жосықсыз тиісу», т.б. тіркес сөздер содан қалған.

Сайып келгенде «билер кеңесі», «ақсақалдар мәжілісі», т.б. заң шығарушы органның қызметін атқарды. Билер дауды ақылға салып, бұрыннан келе жатқан, бүкіл халыққолдап-қуаттаған жол-жораларға сүйене отырып шешкен. Осы қалыптасу кезеңінде қазақ тайпалары

мұсылман дінінде болғандықтан, бұл шешімдер Құран талаптарына қарама-қайшы болмай, қайта ондағы талап-тілектермен астарласып жатты. Афоризмдік сөздер, мақал-мәтелдердің көбейе түсуін осы билердің билік шешімі әсерінен десек ағат айтпаған болар едік. Мысалы, «алдына келсе, әкеңнің құны болса да кеш», «бір қойдан екі тері ірелмейді», «иілген басты қылыш кеспейді», «әділ билік алтын таразы», «тура биде туған жоқ», «арадан шыққан жау жаман», «қара қылды қақ жарған» т.б.

Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп ұққан, білген халық. Кез келген қазақ сөзге тоқтаған. Өз тарихын да, тағдырын да, тәлім тәрбиесін де, заңын да, даналығын да, қуанышы мен қайғысын да аз сөзге сыйғызған халық. Осындай тәрбие көзін беруші де билер. Биді байлық та, барлық та қызықтыра алмаған. Би – таразы басын теңұстап, қара қылды қақ жарушы. Олар халықтын әдет-ғұрып, дәстүрін көп білуімен, сөз таласында шешендігімен, даулы істі қарағанда тапқырлығымен көзге түскен. өйткені билік шешімге екі жақ та разы болуы керек. Жеңілген де, жеңген де әділеттікті мойындауы тиіс. Әйтпесе, ол әділ билікке жатпайды. Билік, шешім, тек бір жақты болса, онда іс әділетсіз шешілді деп саналып, бидің беделі көпшілік алдында күрт кемиді. Ал әділеттікпен шешілген әрі нақыл сөздермен түрленген қағидаларға толы болса, онда ол ел арасына сот прецеденті ретінде тарап, басқаларға үлгі-өнегеге айналады. Билер сотының шешімі тек әділдікке негізделген және құқық жасау сипатьша ие болған.Би істі қарағанға дейін, дауласушы екі жақ, өзара сыйлы ақсақалдар алдында бітімге, келісімге келулері мүмкін. Бұл әдеттік құқықта «салауат» деп аталады. Мұнан соң істі билер қарамаған. Бітімге келгеннен сон, қайта қарауға ешкімнің де құқы болмаған [3]. Тунгатова У.А., Алтынбекова З.Т., Аккулиева А.Е. Көшпелі қазақ қоғамы: әдеп-ғұрып заңдары және шариғаттың әсері.- pps.kaznu.kz/ru/

Сондықтан қазақ қоғамында мәмілеге келу, екі елдің ажыраған ортасын жақындату, кешірімділікке шақыру ежелден келе жатқан дәстүрлердің бірі болып саналады. Мәміле, бітімге келуді жүзеге асыруды жүзеге асырушылар ортада беделі бар, сөзі жүретін, халықты ымыраға келтіретін билердің орыны ерекше болды.

Белгілі академик Салық Зимановтың сөзімен айтқанда, «...көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақтар екі мәңгі құндылықты сақтап қалды – ол Сөз құдіреті мен Заң құдіреті». Билік пен шешендіктің арасындағы мұндай тұтастықты бірнеше факторлармен түсіндіруге болады.

Бірінші, биліктің қоғамдық жүйенің негізгі қажетті атрибуттарының бірі ретінде мойындалуы, екінші, дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси өмір әлеуметті дамудың біртекті айналымы және оның қауымдасқан формасына тәуелді болуы. Үшінші, биліктің беделі мен саяси биліктегі діни түсініктерге байланысты болуы. Төртінші, қоғамдық қатынастағы әлеуметтік тұтасуға нұқсан келтіретін ауытқуларды реттей отырып, әлеуметтік ыдырауға тосқауыл қойып, халықты белгілі бір этникалық-саяси шеңберде ұстап тұру қажеттілігі. Бесіншіден, қазақтың дәстүрлі қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымының өз ерекшелігі. Алтыншы, қазақ қоғамындағы «Дала заңының» үстем билігі, оның рухани қорының сақтаушысы. Реформаторы да, жүзеге асырушысы да – билер болды. Жетіншіден, дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер билігін, олардың қоғамдағы беделінің жоғары болуымен негіздеуге болады [4].

ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. №3 (71). 2014.- 19- 23 бб. Ә. Бердібаева қазақ қоғамында шарттардың болғандығы туралы анағұрлым ауқымды мәліметтер Ш.Уәлиханов, Н. Гордекова, А.И. Левшин сияқ-ты қазақ және орыс ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапқандығын атап көрсетеді. Олар қазақ қауымында жасалып отырған шарттар жүйесінің нақты әрі реттелген күйде, оның мән-мағынасы, түрлері мен нысандары туралы, сондай-ақ бұл қатынастардың объектісі мүлік болғандықтан,

бұл қатынастар тек мүліктік сипатта көріне-тіндігін куәландырады. 1886 ж. Семей статис-тикалық комитетімен жинақталған қазақтың әдет-ғұрып құқығының материалдары Рим және Ресей империясындағы мүлік жылжи-тын және жылжымайтын болып бөлінген жоқ.

Осылардың ішінде анағұрлым жиі кездесетіндері:

1) мұраға алу жолымен, яғни ата мұрасы;

2) өз-табысы, яғни игілікке ие болу;

3) бұрышты мал, яғни азаматтық мәмілелер (сауда-саттық, құда түсу, жалдау).

Бұдан қазақтың әдет-ғұрып құқығында мүліктік құқықтықтарға ие болу негізі ретінде келісім-шарт қаралғандығы анық екендігін көреміз. Олар еркіндік қағидасы негізінде жасалып, шынайы және тиісті негізде бұлжытпай орындалатын.

Бұдан басқа шарттар қалыңмал мен құда түсуге байланысты отбасылық қатынастарда қолданылды. Жетісу облыстық баспаханасында жарық көрген қырғыздың әдет-ғұрып құқығы жинағында: «Неке – әйелді некелік бірге тұру үшін алу мақсатында жасалатын шарт», – деп тікелей айтылған [5].

Қазақтың әдеттегі құқығы бойынша шарттар ауызша жасалатын, оның негізгі объектісі мал болатын. Шарттың негізгі түрлері айырбас, қарыз және несие. Айырбас шарты қолөнер товарлары үшін пайдаланатын. Айырбас өлшелі болып мал есептелетін.

Қарыз шарты – бір жылға және одан төмен уақытқа жасалады. Кредитор кепіл болуын қажет ететін. Несие шарты сауын түрінде жасалатын. Яғни сауын мал уақытша пайдалануға берілетін. Алушы малдың сүтін пайдаланып, малды күтуге және төлімен қайырып беруге міндеттенеді. Аманат – малды бай мал иелері кедейленген қауым мүшелеріне уақытша бағып – күтуге береді. Жылу – күйзеліске ұшыраған ру мүшелеріне жалпылама көмек жасау, мысалы стихиялық апатқа байланысты. Жұртшылық немесе ағайыншылық – штрафты, құнды, айыпты, қалымды өтейтін, жасауды дайындау үшін қауым мүшелері қосылып төлейтін. Асар – үй салуға, шөп шабуға, құдық қазуға, қойды қырқуға т.б. байланысты көмек жасау міндеті [6]. Қазақтардың XV-XVIII ғғ. әдеттегі құқығы.- http://kazorta.org.

Қазақ қоғамы өмірінің реттеушісі болған қазақтардың әдет-ғұрып құқығының ғасырлар бойы өмірдің талай ағымына төзіп келуін:

– руханият пен әдептілік қағидаларын

дәріптейтін тайпалық және қауымдық өрке-ниеттің құқықтық әдет-ғұрпын ұзақ уақыт бойы қолданылуымен;

– адамның рухани болмысы мен әділдік және бостандыққа талпынуымен;

– халықтың өзіне анағұрлым жақын шаруашылық-тұрмыстық көзқарасын қалыптастыруға әсер ететін көшпенді өмір сүру ерек-шеліктерімен сипаттауға болады.

Бітімгершілік институты бүгінгі қылмыстық кодекстің 68-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатуға жататыны қарастырылған. ҚР-ның АІЖК-нің 49-бабының 1-бөлігіне сәйкес талапкер талап қоюдың негізін немесе нысанын өзгертуге, талап қою талаптарының мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға немесе талап қоюдан бас тартуға құқылы. Талап қоюдың негізін немесе нысанын өзгерту, талап қою талаптарының мөлшерін ұлғайту немесе азайту істі мәні бойынша қарау аяқталғанға дейін жазбаша арыз беру арқылы жүргізіледі. Талап қоюдан бас тартуға бірінші сатыдағы сот шешім қабылдағанға дейін жазбаша арыз беру арқылы жол беріледі. Жауапкер талап қоюды мойындауға құқылы бұл жөнінде одан қолхат алынады. Тараптар істі татуласу немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтай алады, оларға тараптар қол қояды және оларды сот бекітеді [7]. Қаржауов А. Билер мұраты – бітім // Заң, 2015.-№4.-11-13 бб.

Қорыта келгенде, қазақ қоғамындағы мәмілеллер, әдет-ғұрыптық шарттық құқық белгілі бір қисынға, ішкі байланыс пен басқа нормалармен өзара байланысқа бағынатын нормалар жиынтығын құрады;

шарттық қатынастарды реттеген әдет-ғұрып құқығы нормалары өздерінің мазмұны бойынша әртүрлі қатынастарда қолданылуы олардың әмбебаптығын көрсетеді;

қазақ қоғамында қолданылған шарттар түрлері көп болмасада олар қазақ қауымы тұрмысын толықтай дерлік реттеп отыра алды;

қазақ қауымында қолданылған шарттар ауызша келісім түрде қолданылды. Бұл тараптардың бір-біріне берген сөзінің өзі заң болғандығын көрсетті. Өйткені, әдет-ғұрып бойынша адамның ар намысы мен беделі жоғары құндылық ретінде қаралды. Ауызша куәліктің өзі шарттың сақталатындығына кепіл бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Журабаев Б. Қазақтың дәстүрлі құқығы мен билер соты // Заңгер.- №5 (166).- 2015.- 12-13 бб.
2. Болганбаева Г.А. Қазақ қоғамындағы құқықтық келісім-шарттар.- http://melimde.com/
3. Тунгатова У.А., Алтынбекова З.Т., Аккулиева А.Е. Көшпелі қазақ қоғамы: әдеп-ғұрып заңдары және шариғаттың әсері.- pps.kaznu.kz/ru/
4. Зиманов С. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары / Қазақстан ата заңдары.- Алматы: Жеті жарғы, 2001.- 15 – 16 б.б.
5. Ә. Бердібаева Қазақ әдет-ғұрып құқығында шарттық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. №3 (71). 2014.- 19-23 бб.
6. Қазақтардың XV-XVIII ғғ. әдеттегі құқығы.- http://kazorta.org.
7. Қаржауов А. Билер мұраты – бітім // Заң, 2015.-№4.-11-13 бб.

УДК 541.124

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАРЬЕРНЫХ ПРОЦЕССОВВСИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

Әзімбай Е.Н.
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган, er_asyl08@mail.ru

Ключевые слова: *государственная служба, кадры, объект, субъект, экономика, социум, политика.*
Кілттік сөздер: *мемлекеттік қызмет, кадр, объект, субъект, экономика, қоғам, саясат.*
Key words: *public service, personnel, object, subject, economy, society, politics.*

На сегодняшний день большое количество нерешенных проблем, связанных с организацией государственной службы, напрямую влияют на эффективность государственного управления. Государственная служба, если она умело организована, существует как гарантия того, что любой вопрос от стратегического до самого бытового в государственном аппарате будет рассмотрен в надлежащем порядке, в установленные сроки, в соответствии с действующими нормативными правовыми актами, рационально и исчерпывающе. А для этого нужны соответствующие процедуры, институциональный порядок рассмотрения дел, контрольные механизмы, четкий регламент делопроизводства и многое другое, позволяющее утверждать, что государственная служба реализуется на базе современных информационно-правовых технологий [1]

Одна из важных проблем организации государственной службы - формирование и развитие кадрового корпуса государственной службы. Это многомерный и сложный процесс, в котором проявляется диалектическая взаимосвязь статичного и динамичного. Помимо правовых, нормативно процедурных аспектов это развитие предполагает обогащение многих социально-управленческих параметров, прежде всего таких, как рост профессионализма работников, изменение их социальных ценностей, нравственных установок, изменение

возрастной, профессионально-квалификационно-тендерной структуры кадров и других количественных и качественных признаков. Заслуживает внимания и такой концептуальный аспект проблемы, как рассмотрение государственной службы одновременно с точки зрения объекта и субъекта управления. Причем объект права у субъекта и управленческие полномочия у чиновников разных уровней не одинаковы. Для государственного управления нехарактерно наличие только одной парной категории "субъект - объект", субъектно-объектных отношений. В системе государственной службы человек, аппарат отдельного подразделения (департамента, управления) являются одновременно объектом для вышестоящего субъекта и субъектом для нижестоящих работников или сотрудников подведомственной сферы. В различных управленческих циклах и уровнях субъекты и объекты меняются местами. К тому же на один объект чаще воздействуют несколько взаимосвязанных субъектов управления. Поэтому государственной службе, как иерархически регламентированной системе деятельности и управленческих отношений, необходимо четко определять объем, содержание функций и полномочий каждого субъекта, границы управляемых объектов, степень взаимозависимости и подконтрольности. Это и стало одним из главных направлений в реформировании системы и структуры органов власти в ходе современной административной реформы. К тому же, деятельность каждого лица, замещающего государственную должность, может быть направлена как на внутренний объект (подчиненные работники, подведомственные структуры, действия), так и на внешний объект (население, нижестоящие структуры власти, подведомственны [2]

В ходе научного исследования нами проведено анкетирование государственных служащих исполнительных органов власти Алматинской области. Было предложено ответить на множество вопросов, связанных с трудовой мотивацией, социальной защищенностью, удовлетворенностью трудом и другие. Результаты анкетирования по проблемам государственной службы, представлены ниже.

Удовлетворенность работой.

По результатам опроса руководителей госорганов, лишь 68% из них «довольны» и «в целом довольны» качеством работы своих подчиненных. При этом лишь 51,3% самих государственных служащих удовлетворены собственной работой, что приводит к высокому уровню годовой сменяемости (текучести) 15,7%.

- Социальная защита государственных служащих.

Лишь 9,6% государственных служащих удовлетворены полностью и 34,8% удовлетворены частично размерами должностных окладов. 24% государственных служащих удовлетворены возможностями карьерного роста.

- Внедрение новых форм обучения государственных служащих.

Наблюдается низкая заинтересованность государственных органов в обучении, интеллектуальном росте государственных служащих. Удовлетворенность возможностью повышать квалификацию составляет лишь 39,2%.

- Низкое качество предоставляемых государственных услуг.

Эта проблема является одной из важных, исходя из того, что качество государственных услуг, получаемых физическими и юридическими лицами, определяет в целом качество работы госорганов и степень удовлетворенности населения их работой.

- Соблюдение законодательства о государственной службе и Кодекса чести.

Борьба с проявлениями коррупции, контроль за соблюдением законодательства в сфере государственной службы возложен на Дисциплинарные советы. В связи с этим встает вопрос о наделении большими полномочиями Дисциплинарных советов, как органа способного проводить наступательную политику в этой области.

Несмотря на меры, предпринимаемые Дисциплинарным советом по снижению нарушений Кодекса чести и антикоррупционного законодательства, количество правонарушений не снижается, что свидетельствует о недостаточном уровне правовой и разъяснительной работы по профилактике коррупционных правонарушений и соблюдению Кодекса чести со стороны руководителей всех уровней. Работа на местах по профилактике нарушений порой носит формальный характер, отсутствуют конкретные результаты работы.

В результате большинство правонарушений совершаются по причине незнания законов, а в конечном итоге, это негативно отражается на общественном мнении и отрицательно влияет на имидж государственной службы [3].

В ходе исследования карьерных процессов было выявлено следующее :несколько упрощенный, узко прагматический подход к организации государственной системы подготовки, переподготовки и повышения квалификации государственных служащих, с позиций только учебно-образовательного процесса, в рамках высшего образования, что не позволяет решать эту задачу с учетом трудностей и потребностей становления профессиональной государственной службы, создания новой модели государственного управления.

По существу, отсутствует единая нормативно-правовая база создания этой системы, профессионального обучения государственных служащих. Нормативные документы нередко принимаются по отдельным практическим вопросам без учета перспектив развития государственной службы.

Отсутствие достаточно аргументированных обоснований целесообразности возможности создания единой в организационном плане (с точки зрения структур, сети учреждений и субъектов управления), государственной системы переподготовки и повышения квалификации государственных служащих.

Требует к себе внимания и такая проблема: профессионалы должны быть не только в аппарате, но и среди тех, кто реализует власть, возглавляет органы представительной, исполнительной и судебной власти (категория «А»). Надо убедить их в необходимости профессионального обучения. Это касается и большой группы депутатов законодательных (представительных) органов. Власть везде должна быть профессиональной. Именно современная профессиональная теоретическая и практическая подготовка может стать прочным фундаментом для карьерного роста многих государственных служащих [4].

Процесс развития системы государственной службы характеризовался не только положительной динамикой, но и наличием определенных проблем объективного характера.

Первое. Проблемы демократизации системы государственной службы и улучшение взаимодействия с институтами гражданского общества. Необходимо отметить, что государством принимались определенные шаги по демократизации функционирования государственной службы. По инициативе государственных служащих было образовано республиканское общественное объединение «Ассоциация содействия государственной службе Казахстана». Данный институт гражданского общества был нацелен на установление конструктивного диалога между населением и государственными органами, осуществление общественного мониторинга и оценки исполнения законодательства, касающегося государственной службы, а также на реализацию мер по предупреждению коррупции. В то же время нельзя сказать, что деятельность данной Ассоциации носила системный характер, что выразилось в отсутствии существенных практических результатов. Несмотря на положительные сдвиги на данном направлении, следует признать, что система государственной службы еще не полностью соответствует мировым стандартам [5].

Второе. Проблемы стабилизации и дальнейшей оптимизации государственного аппарата. Динамичные социально-экономические и общественно-политические процессы требовали новых государственных механизмов и институтов управления, соответствующих новым реалиям и стратегическим целям и задачам развития страны. Вследствие чего процессы реорганизации, ликвидации и учреждения новых государственных структур стали неотъемлемой частью эволюции системы государственного управления.

В то же время реорганизация, расформирование и образование новых государственных органов отрицательно сказывались на межведомственной координации, что в какой-то степени дезорганизовывало систему государственного управления в целом.

Оптимизация государственного аппарата проводилась по принципу нахождения оптимального соотношения объема возложенных задач и возможности оперативного и эффективного их решения. Перекосы в вопросах оптимального соответствия ответственности и полномочий государственных служащих привели к неэффективному функционированию

системы государственного управления.

Третье. Недостаточная технологизация процесса оказания государственных услуг. Медленными темпами идет процесс внедрения автоматизированной системы «электронное правительство». На местах затягивается процесс автоматизации оказания государственных услуг населению, поскольку сказываются нехватка квалифицированных специалистов на местных уровнях, недоступность информационных технологий для большинства населения и технологическая неразвитость компьютерных сетей в местных органах власти [6].

Вместе с тем принимаются меры по устранению информационного неравенства и обеспечению широкого доступа казахстанцев в интернет - пространство. Так, значительно снизились тарифы и ожидается продолжение их снижения основными провайдерами за предоставление интернет-услуг. Плата за регистрацию доменных имен и их последующее сопровождение в течение года максимально удешевлена. К тому же достаточно бурно развивается казахстанский сегмент интернет-пространства — зарегистрировано более 10 000 доменных имен. Тем самым можно предполагать, что сформирован достаточный потенциал для успешной реализации проекта «электронное правительство».

Таким образом, состояние государственной службы характеризовалось внедрением в казахстанскую систему передового опыта развитых стран, которое сопровождалось определенными барьерами объективного характера.

Осуществленный анализ карьерных процессов в органах власти и управления Республики Казахстан позволил вскрыть необходимость регулирования карьерных процессов в системе государственной службы Республики Казахстан. С помощью регулирования карьерных процессов должна быть обеспечена оптимизация самой системы государственной службы, ее внутренняя непротиворечивость и стабильность. Одновременно регуляция направлена на повышение функциональных возможностей кадров управления в решении социальных задач. В свою очередь, сбалансированность интересов общества и государства создаст основу для эффективной работы государственной службы. Следовательно, главная задача регуляции этой сферы деятельности состоит в том, «чтобы обеспечить выполнение социально-экономических задач общества именно тем профессиональным составом персонала и таким качеством его профессионального опыта, который это может сделать и в настоящем, и в будущем» [7]

Регулирование карьерных процессов в органах государственной власти как правило, изучается в контексте теории социального управления и управления персоналом, которые, в свою очередь, базируются, с одной стороны, на принципах и методах административного регулирования, а с другой стороны, на концепции всестороннего развития личности и теории человеческих отношений [8]

Анализ практики работы кадровых служб в органах исполнительной власти Алматинской области и данных социологического исследования показал, что эти задачи в основном успешно решаются в структурах государственного управления.

В частности, в ходе проведенного нами исследования, большая часть респондентов в различной степени позитивно оценила направления деятельности кадровых служб.

В таблице 1 показаны результаты ответов на вопрос «Насколько успешно в органах местной государственной власти, по Вашему мнению, решаются следующие проблемы»?

Таблица 1

	Вполне успешно	В основном успешно	Не решаются	Затрудняюсь ответить
Планирование кадров	15,1	49,8	13,2	13,2
Маркетинг кадров	5,3	27,2	18,9	32,8
Подбор, оценка и принятие на работу сотрудников	15,1	52,8	10,6	12,8

Адаптация, обучение и повышение квалификации кадров	11,3	47,2	20,8	9,8
Планирование карьеры	7,5	25,3	34,0	21,5
Организация рабочих мест	14,0	47,5	18,9	8,3
Обеспечение оптимального распорядка работы	19,2	49,4	10,9	8,3
Повседневная оценка кадров	13,6	40,4	14,7	19,6
Контроль за кадрами	30.9	44,9	5,3	7,9
Обеспечение безопасности, охраны труда и здоровья кадров	14,3	39,2	27,2	8,7
Обеспечение позитивного имиджа кадров	5,7	30,2	16,2	34,7
Социальная защита служащих	9,8	30,9	36,2	11,7
Использование интеллектуального потенциала государственных и муниципальных служащих	7,5	44,9	14,3	21,9
Проведение конкурсных отборов на должность	7,9	18,5	42,6	20,4
Аттестация кадров	41,5	40,8	2,6	6,4

Источник: составлено автором

Как видно из таблицы наивысшую положительную оценку (решаются вполне и в основном успешно) получили такие виды работы, как планирование кадров; подбор, оценка и принятие на работу сотрудников; организация рабочих мест; обеспечение оптимального распорядка работы; повседневная оценка кадров и контроль за ними; обеспечение безопасности, охрана труда и здоровья кадров; использование интеллектуального потенциала и аттестация кадров. Наименьший процент положительных оценок собрали порции: планирование карьеры; обеспечение позитивного имиджа служащих; социальная защита и проведение конкурсных отборов на должность.

«Внешние» субъекты регулирования карьерных процессов службы РК решают задачи, обусловленные положением государственных и муниципальных структур в региональном политико-управленческом развитии. Оно определяется в настоящее время сложным и противоречивым процессом перевода в основном к политической модели управления регионом. Этот процесс означает существенный пересмотр традиционной модели стиля управленческого поведения политических руководителей. Отныне положение «первого лица» в субъекте предстоит отстаивать в совершенно новых условиях. Условия игры, предложенные центром, требовали отмены принципа выборности «первых лиц» государственной власти и местного самоуправления. И они были приняты этими лицами, которые усмотрели в предлагаемой модели возможность легитимации собственного положения и большей независимости.

Анализ состояния государственной службы в органах исполнительной власти выявил ряд проблем, требующих решения. Закрепление в законодательстве значительного перечня вопросов организации государственной службы существенно снижает возможность обеспечения единства в организации государственной службы, социальном и правовом статусе государственного служащего. Отдельные решения, обязывающие органы

исполнительной власти применять нормативы по оплате труда и ряду других вопросов, были недостаточно эффективны из-за различной трактовки положений действующего законодательства о государственной службе.

Социологические данные, связанные с анализом карьерных процессов в государственной службе на примере деятельности акимата Алматинской области, позволяют выявить слабые участки работы кадровых служб. Наряду с улучшением организации различных участков, связанных с карьерным развитием, важная задача стоит в укреплении информационно-правового поля. Совершенствование правовых норм социальной защищенности госслужащих позволит стабилизировать профессиональный состав кадров, снизит их текучесть. Внедрение информационно-коммуникационных технологий позволит повысить качество государственных услуг и мотивацию повышения квалификации в связи со снижением «бумажного вала».

ЛИТЕРАТУРА:

1. Абуева Н.А. Способы и приемы повышения эффективности государственного управления // https://articlekz.com/article/10529
2. Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V ЗРК «О государственной службе Республики Казахстан» http://kyzmet.gov.kz/ru/kategorii/zakony-respubliki-kazahstan
3. Агентство РК по делам государственной службы и противодействию коррупции. http://kyzmet.gov.kz/ru/pages/spravochnaya-informaciya-po-realizacii-antikorrupcionnoy-strategii
4. Указ Президента Республики Казахстан от 21 июля 2011 года № 119 «Концепция новой модели государственной службы Республики Казахстан» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31034467#pos=0;0
5. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Н.А. Назарбаев // Послание народу Казахстана. - Октябрь 1997 года. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-na-nazarbaeva-narodu-kazahstana-oktyabr-1997-g
6. Марченко И.П. Оптимизация кадрового состава госслужбы: в чем проблема? // Управление персоналом. - 2004. - №18. - С.61-64.
7. Турчинов А.И. Профессиональная и кадровая политика. Проблемы развития теории и практики - 1998 - с.20.
8. Никонов В. Резерв кадров: становление новой системы // Служба кадров. -1997. - №10. - С.2-4.

ӘОЖ 342

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРТҰТАС МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ОРНЫҒУЫНЫҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

Зейнелғабитов Ә.Б., Сериев Б.А.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., seriev_bolat@mail.ru

Бұл мақалада қазақстанның біртұтас мемлекет ретінде орнығуының тарихи-құқықтық жағдайлары мен принциптері қарастырылады.

Кілттік сөздер: *біртұтас мемлекет, тарихи-құқықтық жағдайлары, біртұтас ұлттық құқықтық жүйе, біртұтас азаматтық, біртұтас этникалық кеңестік.*

В данной статье рассматриваются историко-правовые условия и принципы создания Казахстана как единого государства.

Ключевые слова: *единое государство, исторические и правовые условия, единая национальная правовая система, единый гражданский, единый этнический совет.*

From this point of view, the historical truth and the principle of creation of the state of Kazakhstan as one state are regarded.

Key words: *the single state, the historical and the right terms, the unique national right system, the single citizen, the single ethnic council.*

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, 1993 жылы қабылданған Конституция Қазақ Ұлттық мемлекеттілігін анықтады.1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстандық біртұтастықтың негізін анықтады. Аталмыш Конституцияда мемлекеттің унитарлық құрылымының негізгі принциптері айқындалады:

аумақтық тұтастық және оның бірлігі;

мемлекеттік билік органдар жүйесінің бірлігі;

ішкі және сыртқы Егемендіктің бірлігі;

жоғарғы мемлекеттік билік органдары мен жергілікті мемлекеттік билік органдарының арақатынасы мен құзіреті;

тұтас Конституциялық заңдылық;

біртұтас ұлттық құқықтық жүйе;

біртұтас азаматтық

Қазақстанның аумақтық тұтастығы тарихи түрде қалыптасты.Ол белгілі бір тарихи фактілерге негізделген, сондықтанда Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің құрылуының «кездейсоқ» болғандағы туралы пікірлер көрінеу екендігі анық. Аумақтық тұтастықты төмендегідей 4 аспектіде қарастырған жөн:

Біртұтас саяси және құқықтық кеңестік ретінде;

Біртұтас этникалық кеңестік ретінде (Ұлттық);

Біртұтас экономикалық кеңестік ретінде;

Біртұтас мәдени кеңестік ретінде.

Біртұтас саяси және құқықтық кеңестік ретінде қарастыру біріншіден Қазақстан республикасының аумағына Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының билігі жүретінінен көрінеді. Мемлекеттің атынан тек Қазақстан Республикасының Президенті, Парламенті билік жүргізуге құқылы. Президенттің, Парламенттің нормативті құқықтық актілерінің күші Қазақстанның бүкіл аумағына таралады, олар барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, азаматтар, шетелдіктер үшін міндетті болып табылады. Осыны бүкіл мемлекет масштабында ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асыратын және актілері оның бүкіл аумағында міндетті болып табылатын үкімет туралы да айтуға болады.

Екіншіден,тұтас саяси және құқықтық кеңестік Қазақстан Республикасы конституциясының үстемділігінен көрінеді. Ол алдымен Республикада конституциялық құрылысты бекітуден көрінеді. Конституцияның үстемділігі дегеніміз барлық жоғарғыларынан бастап жергілікті органдарға дейін бүкіл аумақта мемлекеттік органдардың қызметі оның принциптерімен, нормаларымен үйлестірілуге тиіс болуы. Конституцияның үстемділігі аумақтық тұтастықты, біртұтас құрылыс нысанын, президенттік билік жүйесін қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, тұтас саяси және құқықтық кеңестік Қазақстан азаматтары құратын барлық саяси партиялар, қоғамдық, діни бірлестіктер тең құқықтар мен заңдық мүмкіншіліктерді пайдалана отырып өз қызметін Қазақстанның бүкіл аумағында жүзеге асыра алатынын білдіреді. Олардың үйымдастырылуы мен қызметіне мемлекеттің біртұтас құрылыс нысаны сипат береді, себебі, олар аймақтық принципте құрылып, аймақтық мүдделер білдірмейді олар ұлттық принципте құрылады. Төртіншіден, Қазақстан Республикасының саяси және құқықтық кеңістігі басқа мемлекеттердің саяси және құқықтық құбылыстарын қабыл алмайды [1, 78].

Қазақстан Республикасының аумағында баска мемлекеттердің органдары қызметін жүзеге асыра алмайды, сондай-ақ шетелдік мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің күші жоқ. Осы жалпы ережеден шегіністер болуы мүмкін.

Біртұтас саяси кеңістік камтамасыз ету қажеттілігіне орай Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік занды тұлғалар мен азаматтардың шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді. Алайда Конституция бұл мәселеде саяси және құқықтық кеңістік идеясын табанды түрде жүргізеді деп санауға болмайды. Ол Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан аумағын қазақ ұлтымен қатар көптеген ұлттық топтар мекендейді.

Олардың Қазақстан аумағына қоныстану тарихы жақсы танымал. Қазақстанның полиэтникалық сипаты туралы айта отырып, осы аумакты ежелден мекендейтін және барлық халықаралық құқық канондары бойынша оның тұрғылықты, негізгі халқы деп саналатын қазак ұлтын ерекше айтқан жөн.

Қазақстаннын аумағы қазақтарға арналған этникалық кеңістік болып табылады, ейткені осы кеңістікте өзінің барлық ұлттық саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға заңдық негізі бар. Басқаша айтқанда, қазақтардың дәл осы аумақта ұлттық өзін-өзі тану туралы мәселені қоюға және өзін-өзі сақтау, даму мен өркендеуі үшін қажетті толық көлемде іс жүзіне асыруға ұмтылуға тарихи негізі бар. Бұл әбден дұрыс, себебі, қазақтар Қазақстанның аумағында қалыптасты және этнос, ерекше қазақ ұлты ретінде өмір сүреді.

Міне осы себепті де Қазақстан Республикасының Конституциясы егеменді Қазақстан мемлекеті ежелгі қазақ жерінде пайда болғанын мойындайды. Сонымен бірге, аталғанның барлығы Қазақстанның аумағы тек біртұтас этникалық кеңістік, яғни, онда тұруға тек казақтардың құқығы бар кеністік болып табылады деп есептеуге негіз бермейді. Қазақстан мемлекеті тек қазақтардың ғана мемлекеті дегенді білдірмейді. Барлык дерлік мемлекеттер оның аумағында баяғыдан мекендейтін бір этностың атын иеленеді. Көптеген мемлекеттерде жеке ұлттық топтар тұрады.

Егер бұл топтар өздері өмір сүретін мемлекеттің азаматтары болса, онда олардың да тұрғылықты ұлттардыкіндей құқықтары бар. Сонымен бірге, аумаққа катысты бір мәселе бар. Бұл кандайда бір ұлттықтоп шоғырланып тұрып жатқан аумақтың ерекше мәртебесі туралы мәселе қоюдың құқыққа сәйкестілігі. Қазақстанның жағдайларында мәселені осылай қою құқыққа тарихи тұрғыдан сәйкессіз.

Қазіргі Қазақстан аумағын ежелден бері қазақтың ата-бабала-ры қоныстанды, қазақ ұлты осында калыптасты. Бұл аумақ қазақтардың саяси, экономикалық, мәдени, тіршілік кеңістігі болып табылып келді, мұны баска мемлекеттер занды түрде және іс жүзінде мойындады. Мәселені аталған мағынада қою саяси тұрғыдан құқыққа сәйкессіз. XVIII-XIX ғасырларда күштеп жойылған қазақ мемлекеттілігі XX ғасырдың басында жаңа идеологиялық негізде дәл осы аумақта қайтадан пайда болды, қазак атауымен автономия, содан кейін одақтық республика құрылды. Бұл тарихи әділ процес ешкімге де күмән туғызған жоқ.

Егер осы мәселеге мәдени тұрғыдан қарасақ, осы қазақ халқының өте бай материалдық және рухани мәдениеті оның иесі - қазақ ұлтымен бірге дәл осы орасан зор аумақтық кеңістікте калыптасты және дамыды. Қазақ тілінің бірегейлігі мысал үшін, қандайда бір жергілікті өзгешеліктерінің жоқты-ғынан керінеді. Бір-бірінен үш мың шақырым қашықтықта өмір сүретін қазақтар біртілде сөйлейді, ортақ дәстүрлері мен ғұрып-тары және т.б. бар. Аталған объективті факторлар болғандықтан қазақтардың этникалық аумағының біртұтастығына қарсы бағытталған кез келген тұжырымдар, пікірлер құқыққа сәйкес болып таныла алмайды.

Осындай сипаттағы «ғылыми» ізденістер тарихи шындыққа сәйкес келмейді, саясаткерлердің осындай пікірлермен бой көрсетуі популистік сипатқа ие, ал тіпті болмаса мемлекеттер арасында өшпенділікті қоздыруға бағытталған. Сондай-ақ мемлекеттердің, халықтардың арасында өшпенділік ұялататын публицистік шығармалар да бар.

Қазақтардың этникалық аумағының біртұтастығын мойындау өзінің соңынан оларға мемлекеттік өмірдің қандайда бір салаларында ерекше артықшылықтар мен басымдықтар беруді ілестірмейді. Қазақ тілін мойындау қазақ ұлтының ғана артықшылығы болып табылмайды.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің ажырамас бір белгісі және де қазақтарға ерекше жауапкершілік жүктейді және мемлекеттің қызмет істеуі үшін қажет. Қазақстан Республикасының зандары ұлттық және нәсілдік тегінен тәуелді азаматтардың құқықтарын шектеуге тыйым салатын конституцияға сәйкес дамиды. Осының дәлеліне мемлекеттік өмірдің негізгі үш саласын реттейтін зандарға жүгінейік.

Азаматтық кодекс азаматтық заңдар олар реттейтін қатынастардың қатысушыларының теңдігін мойындауға, кімнің де болмасын жеке істерге өз бетімен килігуіне жол берілмейтіндікке, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, оларды соттық қорғау қажеттілігіне негізделеді деп белгілейді. Заңдар белгілеген азаматтық құқықтар мемлекеттік басқару органдарының, жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың актілерімен, соның ішінде ұлттық тегінен тәуелді шектеле алмайды. Ондай актілер жарамсыз болып табылады және қолданылуға тиіс емес.

Экономикалық кеңістіктің біртұтастығы. Қазақстан мемлекетінің біртұтас экономикалық кеңістігін қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселе қоғам экономикасының ішкі, сондай-ақ сыртқы аспектілері болуында. Кез келген мемлекет елдің ішіндегі экономиканы дамыту үшін жағдайлар жасауға ұмтылады. Осындай мақсатқа қол жеткізудің шешуші жағдайларының бірі басқа елдермен экономикалық қарым-қатынастарды кеңінен дамыту болып табылады.

Осылай болғандықтан экономикалық кеңістіктің біртұтастығы келесі жағдайларда мүмкін болады:

а) мемлекеттің отанды көндірушілерді қолдауы, яғни, мемлекеттік экономика саласын дамыту мен Казақстан Республикасы азаматтарының кәсіпкерлік қызметін қолдау;

ә) шетелдік инвестиция үшін қолайлы жағдайлар жасау;

б) мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ жеке ұлттық өндірушілердің де сыртқы экономикалық қызметін қамтамасыздандыру [2, 88]. Экономикалық кеңістіктің біртұтастығын сақтаудың негізгі тірегі құқықтық құралдар болып табылады. Аталған жағдайларды азаматтық зандар жасайды. Бұл тұрғыдан алғанда Казакстан Республикасының азаматтық кодексінің келесі қағидасы негіз қалаушы болып табылады: шетелдік жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар егер заңдық актілер өзгеше көздемеген болса азаматтық зандар Казақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары үшін көздеген құқықтар алуға құқылы және міндеттер орындауға міндетті.

Мәдени кеңістіктің біртұтастығы. Ол казақ халқының мәдениетінің басты негізі Қазақстанның аумағында дамығандығын білдіреді. Мұндай процестің дәл осы аумақта жүруі біріншіден, қазақ ұлттық мәдениеті ғасырлар бойы осында қалыптасқандығынан. Екіншіден, этникалық өзегі қазақ ұлты болып табылатын Қазақстан мемлекеті қазақтың ұлттық мәдениетінің дамуына кепіл болады.

Мемлекет казақ мәдениетініңдамуына қолайлы белгілі бір ұйымдастырушылық-құқықтық жағдайлар жасайды. Сонымен бірге Қазақстанның аумағы онда тұрып жатқан барлық ұлттық топтардың мәдениетін дамыту кеңістігі болып табылады. Бұл жерде аталмыш процестіңөзіндік ерекшелігі бар, ол төменде берілді. Әр ұлттық топтың мәдениетінің үш ықтимал даму көзі бар:

а) Қазақстанда өмір сүрген кездегі жинақталған ұлттық мәдени даму тәжірибесі;

ә) шыққан елінің халқы мәдениетінің әсері. Қазақстан аумағында тұрып жатқан кез келген ұлттық топ үшін табиғи және тартымды болып табылатыны соңғы дерек. Мемлекеттің әз қызметінде осы объективті факторды есепке алуы және байырғы ұлттық мәдениет жетіс-тіктерін қабылдау үшін қолайлы жағдайлар жасауы ұлттық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін өте маңызды негіздердің бірі болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізудің жолдарының бірі - мемлекетаралық келісімдер жасасу. Сонымен катар әр мәдениетте қуатты идеологиялық өзектілік бар екенін естен шығаруға

болмайды. Әр ұлттық топ сырттан ұлттық мәдениет ықпалына түскендіктен ол Қазақстанның біртұтас мәдени кеңістігінің шектерінен тыс шығады.

Осының нәтижесінде ұлттық топтардың мәдениетіне қажетсіз идеоло-гиялық элементтердің енуіне мүмкіншілік туады. Ал бұл ұлтаралық келісімге қатер төндіреді. Қатер тек аталған көздерден ғана туындамауы мүмкін. Қазіргі акпараттық революция жағ-дайларында олар үшін аумақтық мемлекеттік кеңістіктер кедергі болып табылмайтын бұқаралық ақпарат құралдарын теріс ни-етте пайдалану Қазақстан халқының мәдениеті үшін катер кезі болып табылады.

Мемлекеттік билік органдары жүйесінің біртұтастығы. Кез келген мемлекетте мемлекеттік билік органдары біртұтас жүйе болып табылады. Мемлекеттік билік органдары жүйесінің осындай біртұтастығы біртұтас мемлекетке де, федеративтік мемлекетке де тән. Бірақ біртұтас мемлекеттің мемлекеттік билік органдары жүйесінің біртұтастығының біртұтас қатынастардан туындайтын өзіндік ерекшеліктері бар.

Біртұтас қатынастар - бұл жоғары және жергілікті мемлекеттік билік органдарының арасында қалыптасатын ерекше мемлекеттік-құқықтық қатынастар. Демек, біртұтас қатынастар туралы иерархия принципі бойынша құрылатын мемлекеттік органдар жүйесіне қатысты айтуға болады. Біртұтас мемлекеттер өзінің құрамына ерекше мәртебеге ие субъектілерді (автономиялық құрылымдар) қоса алады. Осындай мемлекеттердің аумақтағы өзіндік ерекшеліктері бола тұрып, солай болса да біртұтас мемлекеттің негізгі нышандары болады.

Біздің міндетімізге олардың ерекшеліктерін карастыру кірмейді. Біз Қазақстан мемлекетіндегі біртұтас қатынастарды қарастырамыз Қазақстан мемлекетіндегі біртұтас қатынастардың өзіндік көріністері бар және олар жоғары мемлекеттік билік органдарының да, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік билік органдарының арасында да қалыптасады. Демек, горизонталдық, сондай-ақ вертикальдық біртұтас мемлекеттік-құқықтық қатынастар туралы айтуға болады. Заң әдебиеттерінде федеративтік қатынастар проблемасы жеткілікті қарастырылған.

Бұл негізінен федеративтік мемлекеттерде көпті-азды дербестігі, белгілі бір дәрежеде егеменді құқықтары бар субъектілердің болуымен, және сол себепті федералдық органдар мен федерация субъектілерінің арасында түрлі тектегі федеративтік қатынастар туындайтынымен түсіндіріледі. Алайда біртұтас мемлекет проблемасы қарастырылмаған.

С.Н. Бабуриннің «Мемлекет аумағы құқықтық және геосаяси проблемалар» кітабында біртұтас мемлекетте мәселелерді реттеу жалпы қарастырылады [37,128]. Біртұтас мемлекеттердің конституциялары мемлекеттердің біртұтастығы мен бұзылмастығын, сондай-ақ аумақтық тұтастықты арнайы ескеретініне назар аударылады. Автордың пікірі бойынша мемлекет ішіндегі реттеудің аумақтық қыры біртұтас мемлекетте бәрінен бұрын заңдардың кеңістіктік әрекеті нысанында, сондай-ақ мемлекет органдарының осы мемлекет кеңістігінде қызмет етуінен көрінеді. Келтірілген түйіндер анықтығымен ерекшеленбейді және біртұтас мемлекеттің ерекшеліктерін көрсетпейді. Федеративтік мемлекетте де, біртұтас мемлекетте де заң кеңістікте әрекет етеді, бұл даусыз да.

Мәселе біртұтас мемлекетте біртұтас, «орталықтандырылған» зандардың, ал федеративтік мемлекетте федералдық зандар мен федерация-ның егеменді және автономдық бөліктерініц заңдары болады. Осы себепті федералдық заңдар бүкіл мемлекеттің кецістігінде, ал егеменді немесе автономдық құрылымдардың заңдары тек солардың аумағында әрекет етеді. Біртұтас мемлекет органдарының осы мемлекет кеңістігінде қызмет етуі туралы С.Н. Бабуринның сөзі анық емес [2, 89].

Федеративтік мемлекеттің органдары да осы мемлекет аумағында қызмет етеді ғой. Біртұтас мемлекетті кейде «қарапайым» мемлекет деп атайды, демек мемлекеттік органдар арасындағы қатынастар да қарапайым деп саналатын тәрізді. Сондықтан біртұтас қатынастар ерекше зерттеулердіц мәні бола қоймады. Ал негізінде біртұтас қатынастар қарапайымға жатпайды, ал олар күрделі сипатқа ие.

Біздің пікірімізше, біртұтас қатынастардың күрделілігі олардыц тек бір жүйе болып табылатын жоғары тұрған және төменгі тұрған мемлекеттік билік органдарының арасында ғана

қалыптаспауында. Біртұтас қатынастар сондай-ақ ұйымдастырушылық тұрғыдан бір-біріне бағынышты болып табылмайтын мемлекеттік органдар арасында да пайда болады. Сондықтан да біртұтастық қатынастарды кең мағынада да және тар мағынада да түсіну керек деп ойлаймын. Екі жағдайда да бұл біртұтас мемлекеттің саяси мазмұнынан туындаған біртұтас мемлекеттік-құқықтық қатынастар болып табылады.

Кең мағынада біртұтас мемлекеттік-құқықтық қатынастар өзіне төмендегі қатынастарды қосады:

а) жоғары мемлекеттік билік органдар арасындағы;

ә) ұйымдастырушылық тұрғыдан біртұтас жүйені құрамайтын жоғары мемлекеттік билік органдары мен жергілікті мемлекеттік билік органдарының арасындағы;

б) ұйымдастырушылық тұрғыдан біртұтас жүйені құрай-тын жоғары мемлекеттік билік органдары мен жергілікті мемлекеттік билік органдарының арасындағы қатынастар.

Тар мағынада біртұтас мемлекеттік-құқықтық қатынастар - бұл ұйымдастырушылық тұрғыдан біртұтас жүйе болып табы-латын жогарғы мемлекеттік билік органдары мен жергілікті мемлекеттік билік органдарының арасындағы қатынастар. Жоғары мемлекеттік билік органдарының арасындағы біртұтас қатынастардыц субъектілері болып:

а) Қазақстан Рес-публикасының Президенті,

ә) Қазақстан Республикасының Парламенті,

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі,

в) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі бой көрсетеді.

Аталған органдардың арасындағы қатынастар не мемлекеттік билікті тармақтарға бөлу принципінде, не билік пен бағыныш принципінде құрылады. Мемлекеттік билікті бөлу принципінде құрылатын қатынастарда тежегіштер мен қарсы салмақ тетігі әрекет етеді. Осындай қатынастар Президент пен Парламенттің арасында бар.

Олардың озіндік ерекшелігі бұл билік тармақта-рынын арасындағы қатынастар еместігінде, ейткені Президент биліктің ешбір тармағынажатпайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік билікті зан шығарушылық, атқарушы және сот тармағына белу туралы және олардың тежегіштер мен қарсы салмак жүйесін пайдаланумен өзара әрекет етуі туралы айтатындықтан Президент пен Парламенттің арасында олардың өзара әрекет ету процесінде тежегіштер мен карсы салмақ жүйесі пайдаланыла алады деп санау дұрыс па деген сұрақ туындауы мүмкін.

Бұл мәселені тежегіштер мен карсы салмак жүйесі тек қана мемлекеттік биліктің үш тарма-ғының арасында қатаң түрде қолданылмайды деген түрде түсіндірген дұрыс болады. Конституцияда республикадағы мемлекеттік билік біртұтас делінеді.

Қазақстанның әкімшілік-аумактық құрылысының ерекшеліктерінің бірі – тең құқықты бір деңгейлік әкімшілік бірліктерге дәстүрлі бөлу болып табылады.

Зандарға сәйкес барлық аудандық, қалалық және облыстық әкімшіліктерге экономикалық әлеуетінен, халқының саны мен аумағынан тәуелсіз бірдей өкілеттіктер берілген. Біртұтас құрылыс жағдайларында осындай ахуалдың мүмкін және дұрыс болуы ықтимал.

Сонымен қатар, бұл жерде әкімшілік-аумақтық құрылымдардың экономикалық, этникалық, мәдени, әлеуметтік, географиялық ерекшеліктеріне байланысты проблемалар бар.

Біртұтас мемлекетте де белгілі бір егемендігі бар республикалар болуы мүмкін, бұған мысал Өзбекстан Республикасы бола алады [3,63]. Казақстан Республикасы құрылыс нысаны бойынша егемендік құқықтарға ие бөліктері жоқ классикалық біртұтастық мемлекет болып табылады. Сондықтан Казақстан мемлекеті біртұтас ішкі және сыртқы егемендікке ие. Казақстандық біртұтастықтың басқа бір принципі біртұтас конституциялылық және жалпыға ортақ зандылық болып табылады.

Қазақстан Республикасында бір Конституцияның болуы конституциялық және жалпы заңдылықтың біртұтастығына себеп болады. Бұл Казақстан Республикасының бүкіл аумактық кеңістігінде нормалары, қағидалары Казақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары, мекемелері, ұйымдары үшін, лауазымды тұлғалары, қоғамдық бірлестіктері, азаматтары үшін міндетті болып табылатын бір Конституция әрекет ететінін білдіреді.

Казақстан Республикасының Конституциясының нормаларын, қағидаларын, принциптерін шетелдік мемлекеттер, ұйымдар мен азаматтар бұзбауға тиіс. Казақстан Республикасы оның Конституциясына кайшы келмейтін халықаралық актілерге ерікті түрде қосылады.

Казақстан Республикасының катысуымен жасалатын халыкаралық шарттар оның Конституциясына қайшы келмеуге тиіс. Аталған мән-жайлардың себебінен Казақстан Республикасында оның Конституциясын Казақстанның ішіндегі, сондай-ақ оның шектерінен тыс барлық субъектілердің қатаң сақтау қажеттілігін талап ететін біртұтас конституциялық зандылық мойындалады. Конституциялық зандылық әрекетінің сыртқы қырына әдебиетте жеткілікті назар аударылмайтынын айта кету керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 25 б.2. Сапаргалиев Г., Мухамеджанов Б., Жанузакова Л., Сакиева Р. Правовые проблемы унитаризма в РК. – Алматы: Жеті Жарғы, 2000. – 250 б.

2. Нурпейсов Е., Котов А.К. Государство Казахстан: от ханской власти к президентской Республике. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – 69 с.

3. Амандыкова С.К. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2001. – 220 б.

ӘОЖ 342

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ

Иманбаев Г.Б., Сериев Б.А.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
seriev_bolat@mail.ru

Бұл мақалада қазіргі кездегі жаһандану дәуірінде мемлекеттің жетілуінде құқықтық дамуының ен негізгі алғышарттарының бірі ресми биліктің мемлекеттің мәселелерін шешуде қандай әдістер мен тәсілдер қолдануымен тығыз байланысы қарастырылады.

Кілттік сөздер: *жаһандану дәуірі, демократия, демократияның мақсаты, құқықтық демократия, саяси өмір, саяси орган.*

В данной статье одной из основных предпосылок развития государства в эпоху глобализации является тесная связь с тем, какие методы и подходы имеют официальные власти в решении проблем государства.

Ключевые слова: *эпоха глобализации, демократия, цель демократии, правовая демократия, политическая жизнь, политическая власть.*

In this article, one of the main prerequisites for the development of the state in the era of globalization is the close connection with what methods and approaches have official authorities in solving the problems of the state.

Key words: *the era of globalization, democracy, the goal of democracy, legal democracy, political life, political power.*

Бүгінгі таңдағы жаһандану дәуірінде мемлекеттің жетілуінде құқықтық дамуының ен негізгі алғышарттарының бірі ресми биліктің мемлекеттің мәселелерін шешуде қандай әдістер мен тәсілдер қолдануымен тығыз байланысты.

Халықты алатын болсақ, онда ол саясаттың басты субъектісі ретінде әрекет етеді, билік үшін күресуші әртүрлі бәсекелес топтардан тұратын күрделі, іштей қарама-қайшы түзілімді білдіреді. Демократияның мақсаты – қоғамдағы әралуандылықты, плюриализмді ынталандыру, барлық азаматқа бірігу, өз мүдделерін ашық білдіру мүмкіндігін беру.

Демократия – құбылмалы болғандықтан және бірауызды еместігінен, ол көпшіліктің тұрақты өкіметі емес, әдетте әр түрлі жеке адамдардан, топтардан және біріккен пәтуә негізінде құрылады. Бір де бір топ қазіргі батыс қоғамындағы басқа қоғамдық қауымдастың қолдауына сүйенбей өкіметті жеке-дара иемдене алмайды және шешім қабылдауға қабілеттері жоқ. Құрамдас, наразылық топтар өкіметі жеке-дара иемдену тенденциясын тоқтатып, қажетті әлеуметтік қарама-қарсы тойтарыс беріп, жағымсыз шешімді қоршап алулары мүмкін.

Демократияның дәлелдеуіндегі кең таралған басқа да құндылықтары өздерінің нанымдылығымен ерекшеленбейді, мәселен оның теңдікпен теңдестіруі және әлеуметтік әділеттілік. Бұл түсініктердің өзі жеткілікті бір мағынада емес әр түрлі адамдармен, сондай-ақ ғалымдармен түсіндіріліп жүр.

Демократияның негізгі қағидасы - әділдік. Әділдікті – адамдардың көріп, есту түсінігімен, айналада болып жатқан құбылысты сезінуімен байқайды.

Әділдік негізі – теңдікте жатыр. Теңдік бұзылған жағдайда, қоғамды әділетсіздік жайлайды. Ал, демократияның мақсаты – адамдар арасындағы теңдікті қалыптастыру. Егер адам құқығы сақталмаған жерде немесе сөз жүзінде сақтап, іс жүзінде жүзеге аспаған жағдайда «халық билігі» құқықтық демократия дегеніміз бос сөз болып қалады. Адамның табиғи құқығы сақталмаған жерде демократияның болуы мүмкін емес. Ал адам құқығының өмір сүріп, бұзылмауына елдің Конституциясы мен ел президентінің қызметі кепілдік болуы тиіс.

Қазірге өмірде көпшілік азаматтардың құрметі бойынша теңдіктің құндылықтары әр адамға бірдей өмірлік мүмкіндік беруінде, жеке адамның өзіндік даму мүмкіндіктері немесе әр адамның еңбегіне, істеген қылығына қарай алулары. Осындай теңдік әлеуметтік тепе-теңдікке және әділетсіз теңсіздікке қарама-қарсы әділеттік болып саналады.

Демократия теңдік мүмкіншіліктерін қамтамасыз ету және істеген еңбегіне қарай құрметтеу істерімен әлсіз байланыста. Ол тек барлық азаматтардың формальдық теңдігін білдіреді, яғни, олардың тепе-теңдігі заңды түрде ғана. Оның қамтамасыз етілген саяси теңдігі адам өміріндегі мүмкіндіктер теңдігінің шындығынан өте алыста және әлеуметтік теңсіздікті жтығып тұратын перде ретінде қолданылады.

Демократияның бостандықпен, теңдікпен және тұтастай гуманизммен әлсіз байланысын есепке ала отырып, оны адамзат құндылығының ең бір негізін қалаушы болып табылатын әлеуметтік әділдікпен теңестіретін ешқандай негіз жоқ [1, 118].

Демократияны іс жүзінде асырудың алғашқы қадамы – демократиялық мәдениетті меңгеру. Бұл бізде қарапайым қазақтың ұлттық мәдениетімен үйлеседі, бір-біріңді тыңдай білу, барлық адамды қызметі мен лауазымына қарамай, теңдей көру, т.с.

Түрлі көзқарастағы қарсы пікірлер ашық айтылмайтын жерде ешқандай демократия болмайды. Көзқарас, пікір ашық айтылса қандай істің де келешегі түзеліп, жөнделе бастайды. Егер ел демократиялық деп сыртқа айтылып, ал іс жүзінде оның негізгі принциптері орындалмайтын болса, онда оны демократиялық қоғам, құрылым деп айта алмаймыз. Яғни, демократиялық қоғамның негізгі принциптері жүзеге аса бастаса, оның өзгеріп, алға жылжуына септігін тигізеді. Осы кезге дейін демократиялық жүйенің өз артықшылықтары мен кемшіліктері болып келді. Бұл құрылым - әр елде өзінің жағдайына қарай бұдан кейін де дамып, өз табиғатына байланысты өзгеретін, алға жылжып, өзін - өзі толықтырып отыратын демократиялық қоғам.

Мемлекеттің барлық түрі заң арқылы өмір сүреді. Шексіз билік иелері-патшалар мен диктаторлар да императорлар мен корольдар да заң арқылы билік құрады, өздерінің әділетсіз істерін де жарлықың қалқасында жүргізеді. Сондықтанда заңның бәріне бас иіп, соның айтқанымен жүру барлық уақытта жақсылық бере бермейді. Мемлекет жариялаған заңның бәрі халық шығарған заң болып табылмайды. Тек қана халықтың қатысуымен өмірге келген заңдар ғана демократиялық жүйенің кепілдігі болып саналады. Кейбір жағдайларда билік иелері халықтың талқасына түспеген, қолдау алмаған заңдарды да

өмірге ендіріп, азаматтардан сол заңды толық ұстануды талап етеді. Ондай заңдарды орындамауға, оны өзгертуге күш салуға азаматтардың толық құқығы бар.

Халық өзінің билігін өздері сайлаған өкілдері арқылы жүргізеді. Халықтың өкіметті басқаруы-аса күрделі мәселе. Мемлекеттің барлық азаматтарының топырлап үкімет орындарына немесе заң шығару орындарында отыруын көз алдымызға елестете де алмаймыз. Және мойындауымыз керек, мемлекетті басқару оңай жұмыс емес, кез келген адамның қолынан келе бермейді. Олардың міндеті-халықтың ұсынған мәселесін, көрсеткен жобасын жүзеге асыру. Халықтық мемлекет билігіне араласуын қолдамайтындар «Машинаны бірнеше адамның бір мезгілде басқарғанын көз алдарыңызға елестеп көріңдерші,-деп дау айтады,- біреуі рільді бұрып, енді біреуі жылдамдықты басып, үшіншісі- тежегішті жібермей келе жатса, не болады?. Одан да басқаруды бір адамға тапсырайық, қайда баратынымызды, қалай жүретінімізді соның өзі білсе жетіп жатыр. Ал басқаларымыз сол машинаның ішіндегі жолаушылар боламыз….»

Бір қарағанда, бұл сөздің де жаны бар. Бірақ, сол жүргізушілерге басқару өкілдігін халық қана бере алатынын есімізден шығармайық. Үкіметті басқаратын жандар мен қоғамның өмір сүру заңдарын дайындайтын, оны бақылайтын адамдардың тобы сайлау арқылы бекітіледі, оларға нақты жауапкершілікті жүктеу арқылы ғана жүзеге асады. Сонда ғана олар халық өкілдері болып саналады. Талай билік иелері мен көсемдер халықты бақытты өмірге жеткіземіз деп «рульді» қолдан жібермей, мықтап ұстағанын тарихтан жақсы білеміз. Сол бағыттың дұрыстығына күмән келтірген немесе қателік көрсеткен жандарды басқаларға сабақ болсын деп, машинадан лақтырып кеткендері де белгілі.

Халық өздеріне берілген құқықтарды пайдалана отырып, өздері сайлаған жандардың билігін бақылай алады. Халық бақылауының жолдары көп. Бірақ ең негізгі жол-қоғамдағы жариялылықтың сақталуы. Мемлекетте қандай жаңалықтардың болып жатқанын білу-әр адамның табиғи құқығы, ал сол ақпараттарды үзбей жариялап отыру-үкіметтің халық алдындағы міндеті болып табылады.

Демократия барлық адамдарды теңдестіреді. Стихиялық шешім қабылдатады, қызмет адамдарын қабілетіне біліміне қарай емес жеребемен қойдырады деп, Платон да жақтырмады, сондықтан ол демократияға жақсыдан нашарлау, жаманнан тәуірлеу биліктің түрі деп қарады. Дегенмен антикалық демократияны саясатшылар, тарихшылар. Фалсафатшылар ғасырлар бойы зейін қойып зерттеп, сүйеніп, жүгініп келеді. Ежелгі Грек, рим демократиясының нышандары жаңа тарихқа енді. Мысалы, қазір ең демократияшыл елдер қатарындағы АҚШ-та римдік саяси жүйенің принциптері жаңа деңгейде қайталанғандай: президенттік билік-патшалық билігі, сенат-аристократы, өкілдер палатасы-халық трибунатын бейнелеп тұрғандай Заңның үстемдігі, Заң алдындағы барлық азаматтардың теңдігі, саяси құқықтардың теңдігі және т.б. сияқты антикалық дәуірде бастау алып қалыптасқан ұғымдар қазір демократиялық үрдістің ажырамас бөліктеріне айналады.

Жаңа дәуірдегі демократияның дәстүрлі сорабы да сонау көнезамандық ой сүрлеуінен бастау алады. Бірақ оның өзіндік ерекшеліктері бар. Оның өзгешелігі, ең алдымен, барлық адамдар тең, бәрі де саяси шешімдерді қабылдауға қатысу керек деген тазиске байланысты. Оны «қоғамдық келісім» деген еңбегінде Ж.Ж. Руссо жан-жақты қарастырды. Оның ойынша, саяси прцеске өз бетінше саналы іс-әрекет жасайтын ақылды адамдар қосылғанда жаңа сапа пайда болады. Олар жиналып ортақ игілік идеясын ойлап табады [2, 25].

Бұл идея саясаттың басшы принципіне айналады және ортақ ерік, жігер қайрат негізінде қалыптасады адамдар не жақсы не жаман екенін бірігіп анықтайды. Бәрі бір бас қосқан пікір сайыстан кейін нашар жақтары алынып тасталып, жақсылыққа жету жолдары іздестіріледі. Сөйтіп, жалпы жұрттың ықтиярын көзқарастарын жинап топтастырып, ортақ игілікке жетудің шешімін қабылдайды.

Саяси өмір шеңберінде жеке бәсекелестік партиялар немесе әлеуметтік топтар, келе әр түрлі топтардың жалпы мақсатқа жету үшін жасаған бірлестіктері түрінде жүргізілетін болады.

Басқа сөзбен айтқанда, идеялар мен саяси серкелер сатып алушылар (сайлаушылар) үшін күресуге айналады. Мұндай жағдайда халыққа екі-ақ қызмет атқаруға тура келді:

1) Саяси серкелерді, басшыларды сайлау;

2) Оларды орнынан алу.

Бұл теория бойынша орнынан сайлау арқылы алынады. Сайлаушылар мен олардың сайлаған өкілдердің арақатынасы жөнінде екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі депутаттарға қатал талап тілектер қоюды көздейді. Екіншілер мұны дұрыс санамайды, себебі олардың ойынша өмірдің барлық жағдайларына аманат беру мүмкін емес. Оның үстіне сайлаушы өз ауданы облысына қатысты мәселелерді аманат етеді, ал парламенттегі саясатшы тұтас халық, ел мүддесін ойлау керек. Нақтылы тарихи жағдайда аумақпен ел мүддесінің тоғысу дәрежесін ол өзі табуы керек. Шумпетерді ойынша, демократияның ойдағыдай жұмыс істеуі үшін төрт жағдай керек. Олар:

- Маңызды мемлекеттік қызметтерге сайлауға болатын айтарлықтай білікті маман өкілдері тобы болуға тиіс;

- Саяси органдар халық негізінен жақсы қуаттап, оларға өз көзқарастарын айта алатын шешімдер қабылдауы керек. Олай болмаса, шешімдердің тиімділігі жөнді болмайды, сондықтан елдегі саяси тәртіптің тұрақтылығына нұқсан келеді;

- Жауапкершілікті толық сезінетін, қызмет орнының абыройын жоғары бағалайтын дайындығы бар, жақсы ұйымдасқан бюрократия болуы керек. Себебі, маман емес ынталы адамдарға қарағанда, ол мемлекетті көп ілгері басқарады. Ол өз құрамын ортақ топтың өкілдерімен толықтырғаны жөн;

- Саяси теорияның ғана емес, саяси мәдениетінде элементі болып табылатын демократиялық өзін-өзі бақылау болғаны өте маңызды саясат барысында әрбір қатысушы өз еркімен өзін-өзі тежемесе, қандай демократияда алысқа кете алмайды [3, 173].

Қазіргі замандағы халықтың барлығы демократияның басқару формаларына талпыныс жасаулары кездейсоқ емес. Демократияның әлеуметтік алғышарттарының бар болуы басқа басқару формаларының алдында бірталай артықшылығы бар.

Демократиялық емес саяси жүйенің жалпы кемшілігі халықтың бақылауында жоқтығынан тұрады, онда, олардың адамдармен қарым-қатынас көрінісі ең бірінші өкіметтің ерігіне байланысты. Өткен ғасырда авторитарлық өкімет жағынан болған озбырлықтың түрлері басқарудың дәстүрімен біршама жоғары біліммен және монархтар мен аристократтардың тәрбиелігімен, олардың өздерін діни-адамгершілік кодекстер негізінде бақылауларымен тоқтатылған, сондай-ақ шіркеулердің пікірлері мен халық көтерілісі қауіп-қатері себепкер болған. Қазіргі заманда бұл факторлар не мүлде жоғалып кетті, немесе олардың іс-әрекеттері қатты әлсізденіп кетті.

Сондықтан өкіметті сенімді түрде жүгендеу, халықты мемлекеттік озбырлықтан қорғауды тек басқарудың демократиялық формасы ғана кепілдік бере алады.

Ол тек жеке адамдарға қажет емес, сондай-ақ саяси жүйенің өзіне де керек. Әлсіреген жағдайда харизматикалық, дәстүрлік және идеологиялық легитимации мүмкіндерімен, жан-жақты болу үшін өкімет ерекше демократиялық процедураның жәрдемімен халықтың қабылдауын қажет етеді.

Қазіргі қоғамдық-экономикалық прогресс көбінесе демократияның дамуын ынталандырады, демократиялық менталитетті қуантандырады және азаматтарды құндылық жағынан бағдарландырады. Ол жеке адамның әлеуметтік теңдігін, оның қадір-қасиетін құрметтеуді және ой-пікірінің тәуелсіздігін, берік құқықтығын және бостандығын талап етеді. Ол ақпараттың еркіндігін және қоғамдық өмірдің жалпы әралуандығын қажет етеді. Осы мағынада жеке бостандыққа және жауапкершілікке, жеке эгоизмнен шектелуіне дайын, адам заңын және құқығын, құрметтеуге дайын халықтарға, демократия шындығында жеке және қоғамдық дамуға, адамгершілік құндылықтардың іске асыруларына керемет мүмкіндіктер береді: бостандық, тең құқытық, әділдік, әлеуметтік шығармашылық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 25 б.2. Сапаргалиев Г., Мухамеджанов Б., Жанузакова Л., Сакиева Р. Правовые проблемы унитаризма в РК. – Алматы: Жеті Жарғы, 2000. – 250 б.

2. Дүлдүл Р. Демократиялық мемлекеттің негізгі белгілері туралы. // Ақиқат. - 2010. - №3. -25-32 бб.

3. Амандыкова С.К. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2001. – 220 б.

ӘОЖ 001

ҚОҒАМНЫҢ АДАМИ КАПИТАЛЫН ДАМЫТУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ҮДЕРІСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Осы мақалада білім беру жүйесі арқылы адами капиталдың дамуының өзектілігі қарастырылады. Білім берудің маңызы, жаһандану үдерістерінің талаптарына сәйкес білім мазмұнын жаңарту қажеттілігі негізделген. Білім беру субъектілері арасында әлеуметтік жауапты қатынас пен патриоттық қасиеттерді қалыптастыру, сондай-ақ ұлттық және жалпыға ортақ құндылықтарды сақтау мәселелері талқыланды.

Кілттік сөздер: *халықаралық ынтымақтастық, білім беру, инновациялық идеялар.*

В данной статье рассматривается актуальность развития человеческого капитала общества через систему образования. Обосновывается ценностный смысл образования, необходимость обновления содержания образования в соответствии с требованиями глобализационных процессов. Отмечаются проблемы формирования социально ответственного отношения и патриотических качеств у субъектов образования, а также сохранения национальных и общечеловеческих ценностей.

Ключевые слова: *международное сотрудничество, образование, инновационные идеи.*

This article discusses the relevance of human capital development of society through the education system. Substantiates value and meaning of education, the necessity for updating the content of education in accordance with the requirements of globalization processes. There have been problems in the formation of socially responsible attitudes and Patriotic qualities of the subjects of education, and the saving of national and universal values.

Key words: *international cooperation, education, innovative ideas.*

Әлемдік жаһандану жағдайында халықаралық ынтымақтастықтың күшейуімен қатар әр мемлекет өзінің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуді көздеуі заман талабына айналуда. Мемлекеттің қарқынды дамуы оның жер асты байлығымен, қарулық күшімен, экономикасының дамуымен ғана өлшенбеуі керек, мемлекеттің дамуында негізгі факторлардың бірі – *адами капиталдың* даму деңгейі, адами құндылықтар сапасы. Ата-бабаларымыздан асыл мұра болып қалыптасқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, көп ғасырлық мәдениетті сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып меңгертуде білім беру үрдісінің маңызы өте зор.

Сондықтан бүгінгі таңда өндірістік, әлеуметтік қатынастардың күрделенуіне байланысты адами ресурс сапасын жақсарту мәселесі өзектеніп, ***білім беру*** ұғымына деген көзқарас әлемдік деңгейде өзгере бастады, себебі білім беру - мемлекеттің өркендеуінің негізгі қозғаушы күші, оның бәсекелестігін сақтаудағы негізгі басымдықтарының бірі және қоғамның адами капиталын дамытудың іргетасы.

Осыған орай атақты Абылай ханымыздың: *«Білекке сенген заманда - ешкімге есе бермедік. Білімге сенер заманда - қапы қалып жүрмейік»* - деп ескерткен сөздері бүгінгі күні де білім беру жүйесінің алдында тұрған өте жауапты әлеуметтік міндетке айналуда. Сондықтан күні бүгінге дейін педагогика ғылымының негізгі категорияларының бірі ретінде саналып келе жатқан «*білім беру»* ұғымын қазіргі таңда кең мағынада маңызды *әлеуметтік құбылыс* ретінде қарастырған дұрыс.

XXI ғасырдағы өркениеттің өрістеуінде экономикалық дағдарыстармен қатар мәдени-әлеуметтік дағдарыстар да жиіленіп, көптеген зерттеуші-ғалымдардың пікірінше ең басты мәселелер ретінде қоғамның адами капиталының сапалық деңгейін жақсарту, оның интеллектуалды әлеуетін дамыта отырып, болашағын рухани құлдырау қауіпінен сақтау болып тұр. Рухани-адамгершілік саласындағы дағдарыстың көріністері ретінде жылдан жылға жастар арасында байқалып жатқан рухани құндылықтардың орнына материалдық құндылықтардың басымдық танытуы, ұлттық сана-сезімнің, ұлттық мәдениеттің жеткілікті деңгейде бағаланбауы; кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлық, ұрлық, суицидтің жиіленуі, т.с.с. ұлғайып бара жатқан жағымсыз құбылыстардың алдын алу үшін қазіргі білім беру саласында инновациялық идеялар іздестіріліп, оларды іске асыру шаралары қабылдануда.

Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты – білім алушыға тек білім, білік дағдыларды қалыптастыру емес, сонымен қатар жеке тұлғаның бойында әлеуметтік құнды іс-әрекетке қатысуы үшін өзіне және қоғамға қажетті қабілеттерін дамыту. Осы тұрғыдан білім берудің үшінші жүзжылдықтағы рөлін анықтайтын болсақ, оның тек білім мен тәрбие берушілік емес, қазіргі таңда оның тұлғаны әлеуметтендіру, оның бойында жалпы адамгершілік, азаматтық-патриоттық, әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған құндылықтық рөлін күшейту қажет.

Осы тұрғыдан ойды өрбітетін болсақ, білім беруде тек білімді меңгерту, білік пен дағдыларды қалыптастыру жеткіліксіз. Керісінше білім, білік, дағдылар арқылы жеке тұлғаның үйлесімді түрде эмоционалды, ақыл-ой, адамгершілік, рухани-құндылық, еріктік, дене жағынан толыққанды тұлға ретінде дамуы маңызды. Білім беру үрдісі негізінде адам ғылыми-техникалық, жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық білімдер жүйесін меңгереді және мәдениет кеңістігінде өмір сүруге қажетті ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырады. Білім алу нәтижесінде меңгерген білімдері мен дағдылары арқылы адам экономиканың, саясаттың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің, өнердің дамуына атсалысып, өз үлесін қоса алады.

Білім беру саласының әрбір даму кезеңдеріне тән заманауи үлгі, модель ретінде қабылданатын өзіндік теориялық, әдіснамалық ерекшеліктері болады. Бұл жалпы педагогикалық қауымдастықтың қабылдаған даму бағыттарының жиынтығы ғылыми тілде парадигма деп аталады. Парадигма ұғымын ең бірінші болып ғылыми пәндердің дамуының түрлі кезеңдерін зерттеген американдық тарихшы Т.Кун болған. Оның пайымдауынша әр ғылымның дамуында мынандай кезеңдер байқалады: парадигманың орнығуына дейінгі кезең, парадигманың қалыптасуы, орнығуы, ғылым саласындағы дағдарыс, парадигмалардың ауысуы.

Парадигмалардың ауысып отыруы заңды құбылыс. Оны философиялық заңдар да дәлелдейді. Ал педагогикалық парадигма дегеніміз нақты педагогикалық міндеттерді шешудегі үлгі, стандарт, өлшемдер, модель ретінде ұстанатын қалыптасқан негізгі ғылыми жетістіктер, әдістер, теориялар, көзқарастар жүйесі [1.12.] Жаңа парадигмалар келешектегі ғылыми зерттеулердің бағыттарын анықтайды, оларға негіз болады. Мысалы: қазіргі отандық педагогикада мынандай парадигмалардың ауысуы байқалады: *«білімді адам»* парадигмасының орнына *«өмірге бейімделген, белсенді, шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын, және өзін-өзі адамгершілік, ақыл-ой жағынан дамытуға қабілетті адам»* парадигмасының ауысуы айқын көрінеді. Яғни, бұрынғы көзқарастар бойынша адамға білім, білік, дағдылар жүйесін меңгерту жеткілікті деп есептелінген болса, қазір ол жеткіліксіз. Себебі адам тек дайын білімдерді меңгерген болса, бірақ оны шығармашылықпен практикада қолдана алмаса, өзін-өзі жетілдіріп отыруға бейімделмеген болса, онда бұндай адам қоғам талабына жауап бере алмайды.

Сондықтан қазіргі білім беру саласында білім беру мазмұнын жаңарту үрдісі қарқынды жетілдірілу үстінде. Қазір білім беру жүйесі педагогикалық жаңашыл идеяларды енгізуге дайын, ашық салаға айналып келеді. Осыған байланысты білім беру **парадигмасы** да өзгереді: *адамның еркіндігін шектейтін білім берудің қатаң жүйесінің* орнына *өзінің қызығушылықтарына, қабілеттіліктеріне сәйкес жеке білім алу жолын (траекториясын) саналы түрде таңдай алатын адам* парадигмасының ауысуы байқалады.

Қазіргі педагогикалық парадигмада ерекше талқыланып отырған маңызды бағыттар қатарында білім берудің нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануы болып отыр. Бұл бағыттардағы зерттеулердің барлығы жеке-жеке педагогикалық теорияларға айналуда.

Білім берудегі **тұлғалық-бағдарлық** тұрғысынан қарау бағыты жеке тұлғаны ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауды көздейді. Педагогикалық сөздіктерде тәрбие барысындағы *тұлғалық-бағдарлық тұрғыдан қарауды* педагогтардың баланы жеке тұлға ретінде және тәрбиелік ықпалдың саналы, жауапты субъектісі ретінде қабылдайтын бірізді қатынасын атайды. Педагогикада бұл теория тәрбиенің субъект-субъектілі үдеріс ретінде анықталуына байланысты XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап қалыптаса бастады. Оның әр түрлі философиялық, психологиялық-педагогикалық мәселелерін Б.Г.Ананьев, А.Г.Асмолов, М.С.Каган, В.В.Сериков, И.С.Якиманская т.б. көптеген ғалымдар зерттеген.

Бұл теория бойынша педагог әрбір балаға объект ретінде емес, керісінше, оны белсенді позицияға қойып оқушы тұлғасын *субъект* ретінде қабылдауы қажет. Яғни әрбір баланың жеке дара тұлға екені ескеріліп, оның құндылығын басты мәселе ретінде қарастырған абзал. Бұл идеяның басты мақсаты - балаға құрмет көрсете отырып оның өзін-өзі жеке тұлға ретінде сезінуіне жағдай жасау, өзіндік санасын, өзін-өзі іске асыра алу, өз күшіне деген сенімділікті арттыру сияқты мүмкіншіліктерін дамыту.

Әрине, тәрбие үнемі ұжымдық сипатта болатыны белгілі. Сол ұжым ішінде гуманистік қарым-қатынастар арқылы шәкірттер өздерінің тұлға екенін сезініп, басқа тұлғаларды құрметтеуге үйренеді. Дәл осы ұжым ішінде жеке тұлға өзінің мүмкіншіліктерін бағалап сынай алады, қандай қабілеттіліктерін жетілдіру, қай бағытта өздерін дамыту керек екендігін анықтайды.

Тұлғаны тұлға ғана қалыптастыра алатыны анық. Сондықтан болашақ мұғалімдер де бала тұлғасына дұрыс тәрбиелік ықпал беру үшін өз тұлғаларын жан-жақты дамытуға тырысулары керек, өзінің ішкі «Мен» - тұжырымдамасымен жұмыс істеулері қажет. Егер болашақ ұстаз өзінің жеке «мендігін» жағымды етіп қалыптастырса, ол балалар тұлғасына да жағымды ықпал бере алады. Ал өзін-өзі төмен бағалайтын мұғалім басқаларға да жағымсыз көзқарас танытады. Мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын негізгі бағдар – бала тұлғасының ерекшеліктері, әрбір баланың шығармашылық әлеуетін дамыту. Әр баланың ішкі қабілеттіліктері, мүмкіншіліктері, жас және дербес ерекшеліктері, жеке бір қайталанбас әлем ретінде қабылданады. Тәрбиелеу және оқыту барысында әр баланың тұлғасын дамытуға арналған қолайлы жағдайлар, оқушының өзін-өзі іске асыра алуына көмектесетін әдіс-тәсілдер қолданылуы қажет. Ал әрбір тұлға тек өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы ғана дами алады. *Мысалы, адамды жүзуге үйрету үшін оған сөз жүзінде айтылған кеңестер, нұсқаулар жеткіліксіз, себебі адам өзі суға түсіп, жүзуге қажетті іс-қимылдарды орындап көрмейінше ол ешқандай табысты нәтижеге жете алмайды.*

Білім берудің тұлғаны дамытуға бағдарлануы оның білім алу арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізе алатындығын анықтауды басты назарға алуда. Барлық дамыған мемлекеттер білім беруге инвестиция жасаудың ұтымдылығын бағалай отырып, оны мемлекеттік стратегиялық басымдықтар ретінде қарастыруда. Сондықтан Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты - Экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту болып анықталған [2]. Осындай стратегиялық мақсаттың өзі білім беру нәтижелілігін, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттырып, экономикалық даму сапасын жоғарлату қажеттілігін айқындайды.

Мемлекеттің бәсекелестікке қабілеттілігін дамытуда мектеп жасынан бастап қалыптасатын әр тұлға үшін маңызды белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алу, кәсіби жолын таңдай алу қабілеттілігі, өмір бойы білім алуға дайын болу сапаларын жетілдіру мәселесі өзектене түсті. Себебі мектеп бітірушілердің алған білімдерін өмірлік тәжірибеде толыққанды пайдалана алмау жағдайлары көп кездеседі. Аталып отырған

сапаларды ғылыми әдебиеттерде оқушының функционалдық сауаттылығы деген ұғыммен түсіндіреді.

Функционалдық сауаттылық білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Мектеп – әлеуметтік маңызы зор, қоғамның ең басты құндылығы болып саналатын *өскелең ұрпаққа* сапалы білім мен тағылымды тәрбие беретін, оқушылардың шығармашылығын шыңдап, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын мекеме. Бірақ осындай жауапты міндеттерді қазіргі мектептер қаншалықты толық атқарып жатқаны туралы қанағаттанарлық жауап беру қиындық туғызады. Себебі білім мен тәрбие үрдістерінде кеткен олқылықтар нәтижесінде қоғам дамуында көптеген қарама-қайшылықтар орын алуда: рухани құндылықтардың құлдырауы, функционалдық сауаттылық сапасының төмендігі, мектеп түлектерінің кәсіби бағдарларының толық қалыптаспағандығы, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың күрделеніп, көптеген түсініспеушілік пен шиеленістерге әкелуі, т.с.с. жағымсыз құбылыстар қоғам болашағына қатысты алаңдатушылық туғызуда.

Бұл мәселе тек біздің мемлекетімізде ғана емес, жалпы әлемдік тәжірибеде өзекті мәселелер қатарында. Дамыған елдердің басым көпшілігінде білім беру мемлекеттің негізгі басымдықтарына айналып, ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытатын және бәсекеге қабілеттіліктің кепілі ретінде бағаланады. Дүниежүзілік педагогикалық тәжірибені зерделейтін болсақ, білім беру саласында озық орындарды Сингапур, Финляндия, Жапония, Ұлыбритания мемлекеттері иеленіп келеді. Сондықтан бұл елдерде білім беру жүйесі несімен ерекшеленеді, бұл мемлекеттер осындай жетістіктерге қалай қол жеткізді деген заңды сұрақтар туындайды.

ЭЫДҰ-ның (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) 2015 жылдың білім беру саясатының перспективалары жайлы соңғы жариялаған (19.03.2015) есебінде 34 мемлекетте жүргізілген білім беру саласындағы реформаларға талдау жасалып, солардың қайсысы және қалайша табысты нәтижеге қол жеткізгені туралы баяндалған. Осы ЭЫДҰ өкілдерінің зерттеулері нәтижесінде мектеп реформаларының тиімділігі ең алдымен білім беру жүйесінің өзегі ретінде ***оқушы тұлғасы*** мен ***оқыту үрдісін*** фокусқа алу қажет екендігін негіздейді.

Білім беру саласында үздіксіз өзгерістер енгізу қажеттігін біз соңғы жылдары Қазақстан мектептерінің білім сапасын анықтайтын және білім нәтижелерінің тиімділігін көрсететін түрлі халықаралық деңгейдегі **PISA** (Programmer for International Student Assessment)**, TIMSS** (Trends in Mathematics and Science Study)**, PIRLS** (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеулерінің нәтижелерінен байқап отырмыз. Оқушылардың функционалды сауаттылықтарын зерттеу, олардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы **PISA** болып табылады. Ол 3 жыл сайын жүргізіліп отырады. Қазақстан PISA зерттеуіне бірінші рет 2009 жылы қатысқан. PISA бағдарламасы қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалау құралы және мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негізі.

Халықаралық тәуелсіз бағалау шкалаларының *нәтижелері* оқушыларымыздың білімі мен функционалды сауаттылықтарын ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейлерін, білім беру мазмұнын, білім нәтижелерінің практикалық құндылығын дамыту қажеттігін өзектендіре түсті.

Әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес Қазақстан 2017 жылдан бастап 12-жылдық білім беру моделін енгізді. Дүниежүзілік тәжірибеде 12-жылдық орта білім беру Европа кеңесінің (1992 ж) Декларациясына сәйкес 136 елде жүзеге асырылған. Олардың қатарында Жапония, АҚШ, Франция, және ТМД елдерінен Украина, Беларусь, Өзбекстан, Балтық елдері осы білім беру жүйесін тиімді деп таңдаған.

Қазақстан Республикасының 12-жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында орта білім беру жүйесінің мақсаты, міндеттері, негізгі сатылары қарастырылған. Аталған тұжырымдамада 12-жылдық орта білім беруге көшудің себептері ретінде:

Орта білім берудің жеке тұлғаның дамуына емес, формальды нәтижелерге бағдарлануы;

Орта білім беру жүйесінде диагностикалық мақсаттылықтың болмауы;

Оқу жетістіктерін бағалауда оқушыны қызықтырмайтын, шынайылықты қамтамасыз етпейтін және қиындық тудыратын жағдайға душар ететін ескірген жүйенің сақталуы;

Жасөспірімдердің тұлғалық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерінің жеткілікті дамымауы, өзін-өзі анықтау мотивтерінің болмауы, өзіндік қызығушылығы мен болашақ жоспарын сезіну деңгейінің төмендігі аталып көрсетілген.

Қоғамның дамуында мектептің маңыздылығын жоғары бағалай отырып қазақ даласында ең алғашқы мектептер ашқызған педагог Ы.Алтынсарин айтып кеткендей *«Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде... Ғылыммен қаруланған, әсіресе дұрыс көзқарасы бар... оқушылар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады»* [3.5]. Сондықтан қазіргі таңда орта білім беру ұзақтығын өзгерту мәселесі оның алдына қойылған мақсаттар мен одан күтілетін нәтижелер арасындағы сәйкессіздіктен туындап отыр деуге болады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа кезеңінде 12-жылдық жалпы орта білім беру арқылы жас буын тәрбиесі қоғамның одан әрі алға дамуына мүмкіндік жасайтын жағдай болып табылады. Сондықтан, бұл күндері тәрбие барған сайын қоғамдық өмірдің барлық саласына еніп, жалпылық сипатқа иеленіп, тұтастай қалыптасып жатқан үздіксіз білім беру жүйесінің бір маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл салада мектеп пен жоғарғы оқу орындарындағы сабақтастық, мектеп бітірушілердің болашақ мамандықтарын ***бейіндік оқыту*** арқылы дұрыс таңдай алулары, сол таңдаған кәсіптері арқылы әр тұлғаның толық өздерін іске асыра алулары көзделген.

Бейіндік оқытудың бір артықшылығы оқушылар тек білім алумен ғана шектелмей, өздерінің қызығушылықтарына, бейімдеріне, қабілеттеріне, икемділіктеріне, таңдайтын мамандықтарына қарай алғашқы *кәсіби бағдар* алып шығуы қамтамасыз етілмек. Бұл әрине ұтымды қадам, себебі неғұрлым адам өзіне қажетті кәсіпті саналы түрде дұрыс таңдай білсе сол кәсіптің қыр-сырын дұрыс түсініп, тез меңгеріп, қажетті дағдыларды қалыптастырады.

Сонымен, бүгінгі таңда толғағы жеткен көптеген педагогикалық әлеуметтік мәселелер казіргі мұғалімдердің ой-санасының жаңаруымен, жаңа міндеттерді айқын түсінуімен, педаготардың белсенділігімен, шығармашылық қатынастарымен шешілмек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Педагогика. /Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Оқулық. – Алматы: ОНОН. 2017, - 340 бет. С.12.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын. Астана, 2016 жыл. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205

3. Ыбырай Алтынсарин: ғұмырнама.Ғылыми-зерттеу мақалалар / Бас ред. А. Нухұлы. – Павлодар: ПМПИ, 2017. – 1 том. – 387 б. 5 б.

ӘОЖ 372.8.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ОРТА БУЫН МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ

Имангалиева М.Е., Жарылхасынова А.Қ., Нуржигитова А.Қ.
ШЖҚ «Талдықорған медицина колледжі» МКК, Талдықорған қ., arai_madina@mail.ru

Бұл мақалада барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру қарастырылуда. Осы

жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу.

Кілттік сөздер: *инклюзивті білім беру, жаһандық мәселе, білім үрдісі.*

В данной статье основное внимание уделяется инклюзивному образованию, в котором основное внимание уделяется всему мировому сообществу, в котором учитываются индивидуальные потребности и особенности детей, включая полное вовлечение окружающей среды с вовлечением семьи в процесс образования. Мировые ученые делают этот глобальный вопрос ясным: инклюзивное образование означает полное включение всех детей, включая детей-инвалидов, в общий образовательный процесс.

Ключевые слова: *инклюзивное образование, глобальная проблема, образовательный процесс.*

This article focuses on inclusive education, which focuses on the entire global community, which takes into account the individual needs and characteristics of children, including full involvement of the environment with the involvement of the family in the education process. World scholars make this global issue clear: inclusive education means the full inclusion of all children, including children with disabilities, in the overall educational process.

Key words: *inclusive education, global problem, educational process.*

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Білім беру ұйымында «ерекше» балаларды біріктіру – арнайы білім беру жүйесін дамытудың заңды кезеңі. Ол қоғам мен мемлекеттің экономикалық, мәдени, құқықтық дамудың белгілі деңгейіне қол жеткізген әлеуметтік тапсырыс ретінде белгілеуге болатын әртүрлі сипаттағы себептерге байланысты туындады. Бұл кезең мүгедектерге деген көзқарасты қайта қарастырудан, олардың тек тең құқықтығын ғана емес, сонымен қатар осындай адамдарды өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде білім беру саласында тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету міндеттерін түсінуіне байланысты. Мүмкіндігі шектеулі (бұдан әрі – МШ) балалардың мәселелерін шешу – инклюзивті оқытуға арналған бағдарлама.

Инклюзивті білім беру – әртүрлі мұқтаждықтарға бейімделу тұрғысынан барлығы үшін қолжетімділікті болжайтын жалпы білім беру саласын дамыту үдерісі, бұл сұраныстары ерекше балалардың оқуға қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Ол барлық оқушылардың балабақшаның, мектептің, институттың, мектепке дейінгі және мектеп өміріне толық араласуына мүмкіндік береді. Қолжетімді мектеп құру мен бірлесе оқу («енгізілген» немесе «инклюзивті» білім беру) МШ балалардың әлеуметтік бейімделуіне, олардың дербестігі мен тәуелсіздігіне ықпал етеді және қоғамдық пікірді өзгертеді, қоғамның толыққанды азаматы ретінде оларға деген қарым-қатынасты қалыптастырады. Білім берудің осындай тәсілінде баланы білім беру ортасына емес, керісінше білім беру ортасын балаға бейімдеуге (лайықтауға) баса назар аударылады. Оқу үдерісі барынша ыңғайлы болуы үшін барлық жағдай жасалады. Енгізілетін білім беру келесі ұстанымдарға сүйенеді: Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес. Әркім сезінуге және ойлауға қабілетті. Кез келген адам араласуға және

өзін тыңдатуға құқылы. Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж. Тек шынайы қарым-қатынастар мәнмәтінінде нағыз білім беруге болады. Балалар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық оқушылар үшін ілгерілеушілік олардың нені істей алмайтындығына емес, керісінше нені істей алатындығына байланысты. Жан-жақтылық адам өмірінің барлық жақтарын күшейтеді.

Инклюзивті білім беру тәжірибесі қиындықтар мен бірқатар мәселелерді айқындады, олар баланың, оның жанұясы мен оның айналасындағылардың мәселелеріне қатысты. оларды шешу үшін әртүрлі аспектілерді ескеру керек. Бала дамуының жеке траекториясы (мектепке дейінгі балалық шақ кезеңі) Баланың даму тарихының ерекшеліктері: тұқым қуалайтын аурулар; алғашқы кемістіктің ауырлық деңгейі; қосымша ауытқушылықтардың болуы; қосалқы диагноздар; ауырлатушы факторлар (күйзелісті жағдайлар).

Мүгедек баланы тәрбиелеуші отбасының ерекшеліктері: әлеуметтік мәртебесі; қарым-қатынас стилі; туғандарының баланың қиындықтарына көзқарасы және дамуындағы ауытқушылықтар фактісін қабылдауы; дамуындағы ауытқушылықтарды ерте анықтау және отбасыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Мұндай балалар тұлғаға, оның тұлғалық ерекшеліктеріне бағытталған ерекше тіл табысуды талап етеді. Олардың денсаулығына қатысты қиындықтарға қарамастан оларға жақсы білім беріп, заманауи қоғамда дені сау адамдармен тең дәрежеде өмір сүру мен жұмыс істеуге баулу қажет. Оқу бағдарламасын құру ұстанымдары: барлығына жарамды; оқушы мүмкіндіктерінің ауқымды ортасына бейімделген; оқытудың жеке ерекшеліктерін қабылдағаны мен құрметтейтіндігін жеткізу тәсілі; бағдарламаның барлық құрамдас бөліктері мен сыныптағы қалыпты жағдайға жарамдылығы; оқу үдерісіне тартылған қызметкерлердің ерекше назары мен қамқорлығы; оқушының жетістігін арттыру.

Мүмкіндігі шектеулі адамға да дені сау адамға қарағандай қарап, өмірге бейімдеу керек. Көзі көрмейтін адамның өмірден түніліп,өзін-өзі төмендетуіне әлеуметтік жағдайлар әсер етеді. Оларды кәдімгі оқу орны бөлек арнаулы мектептерде оқыту жалпы қоғамнан алыстатады. Сол себепті оларға үйде болсын, белгілі бір ортада болсын сау адамға қарағандай қарау керек. Осы тұрғыда 2015 -2016 оқу жылынан бастап ШЖҚ «Талдықорған медицина колледжінде» Алматы облысы әкімінің қолдауымен көру қабілеті бұзылған білімгерлерге 0302022 «Массаж» біліктігі бойынша мамандық ашылды. Көзі көрмейтін және көзі нашар көретін адамдар да біз секілді білім алады. Оқу үлгерімдері жоғары, жан-жақты, білім алуға деген ынталары зор, колледждің қоғамдық өміріне белсене ат салысады. Біздің оқу орнының психологтары олармен жұмыс жасайды, яғни оларға қолдау көрсетіп, өмірге деген құлшыныстарын арттырады. Атап айтқанда біз: «Өмір құндылықтары» жайлы әңгіме өткізіп, «Өзіңді өзің тани біл және досыңды тап», «Мен ғажаппын», «Жылы жүрек-жақсы қасиет», «Дос болайық бәріміз!» тақырыптарында психологиялық тренинг жүргіздік.

Сондай-ақ «Ерлік» мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдық бірлестігінің қызметтік хаты негізінде 2018-2019 оқу жылында Талдықорған медицина колледжі есту қабілеті бұзылған адамдарға 0307013 «Тіс технигі» квалификациясы бойынша 0307000 «Ортопедиялық стоматология» мамандығы ашуды жоспарлап отыр. Алматы облысының денсаулық ұйымдарының жұмыс берушілердің талабына сәйкес «Ортопедиялық стоматология» мамандығының жалпы кәсіби білім беру бағдарламасына жаңадан пәндер «Бейімделу» циклы қосылды.

«Бейімделу» циклның басты компетенцияларын құрайды, жалпы мәдениеттің құрылуына үлес қосады, жұмыс орнының этика және эстетикасын, тарихи

Орыс тілін ым-ишара арқылы оқыту - 196 сағат. Пәнді оқыту мүмкіндігі шектеулі адамдарға игеруге қиындық туғызатын «Кәсіби шет тілі» ретінде енгізілді. Оқу тілі есту қабілеті бұзылған барлық білімгерлерге ым тілінде жалпы және кәсіби терминологияны зерттеу үшін қажет.

Әлеуметтік бейімдеу және әлеуметтік-құқықтық білім негіздері - 44сағат. Пән есту мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік бейімдеу үшін құрастырылған және бітірушінің құқықтық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді, «Құқық негіздері» пәнінің орнына зерттеу бағдарламасының жақын болып табылатын, бірақ мүгедектігі бар адамдардың кәсіптік қызмет саласында негіздерін және олардың жұмыспен қамту мәселелерін қамтымайды.

Еңбек нарығындағы тиімді әрекет - 44сағат. «Саясаттану және әлеуметтану негіздері» пәнінің орнына студенттерді аймақтық еңбек нарығын білу, туристік заңнама негіздері, өз бизнесін ұйымдастырудың ерекшеліктері,мансап негіздері туралы білімдерін қалыптастыратын болады.

Қоғамдағы тиімді қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудің психологиясы-56сағат. Қазіргі замнғы денсаулық сақтау жүйесі кәсіптік қызметтің қазіргі заманғы технологиясына сәйкес келетін мамандардың білімі, дағдылары мен дағдыларын пайдаланады. Адамның психологиялық ерекшеліктерін білу маманға емделушілермен және әріптестерімен қарым-қатынас жасауға, негізгі және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Валеология» пәні орнына енгізілді.

Жалпы білім беру үдерісінің барлық шараларына мәнді, белсене және тұрақты қатысу мүмкіндігі. Бейімделу мәжбүрлі емес және таптаурындардың қалыптасуына ықпал етпейді. Іс-шаралар оқушыны енгізуге бағытталған, бірақ ол үшін барынша күрделі. Жеке көмек оқушыны алыстатпайды және оқшауламайды. Орта және арнайы оқыту педагогтері сабақты жоспарлау мен өткізуде міндеттері бөледі. Тиімділікті бағалау рәсімдері бар. Инклюзивті білім беру кемсітушілікті жоюға септігін тигізеді және сұраныстары ерекше балаларға жалпы қоғамдастықтар мен қоғамның тең құқылы мүшесі болу құқығын қолдайды.

Білім беру мекемелерінде МШ балаларға жайлы жағдай жасау үшін ұжымдағы психологиялық жағдай мен құрдастар мен ересектердің игілікті қарым-қатынасы маңызды болып табылады. Тең құқықтық ұстанымы мен білім алу мүмкіндіктері енгізудің әдіснамалық базасы болып табылады. Бұл ретте біріктіру екі формада жүзеге асырылады: әлеуметтік МШ баланың әлеуметтік қарым-қатынастар мен әрекеттестіктің ортақ жүйесіне бейімделуін болжайды, ең алдымен ол ықпалдастырылатын білім беру ортасының аясында. педагогикалық (оқыту) – балалардың жалпы білім беретін бағдарламамен анықталатын оқу материалын меңгеру қабілеттіліктерін қалыптастыру.

Колледждің қызметтік қағидалары: колледж қоғамында білімгерлер тең. Барлығы күні бойы білім алуға тең мүмкіндіктер жасалған. Барлық білімгерлер үшін маңызды әлеуметтік байланыс орнату және оларды дамыту үшін тең мүмкіндіктер берілуі тиіс. Тиімді оқытуды жоспарлау және өткізу. Оқытушылар мен мамандар енгізу үдерісін, яғни құрдастар арасындағы әлеуметтік ықпалдастықты жеңілдететін стратегиялар мен рәсімдерге машықтанды. Бағдарлама әр білімгердің сұранысын ескереді. Отбасы колледж өміріне белсене араласады. Инклюзивке кедергі келтіруші факторлар: заңнамалық базадағы, сонымен қатар МШ балаларды әлеуметтік қолдау жүйесіндегі кемшіліктер; мемлекеттік білім беру бағдарламаларының жоқтығы; әлсіз қаржыландыру; білім беру ұйымын қажетті материалдық-техникалық қамтудың жеткіліксіздігі (балалардың церебральді сал ауруына шалдыққан балаларға бейімделген оқу үстелдері, нашар көретін балаларға арналған ірі қаріппен жазылған оқулықтар және т.с.с.); білікті мамандардың жетіспеушілігі: түзету педагогтерінің (педагог-дефектологтардың), арнайы психологтардың, тәрбиешілер мен әлеуметтік педагогтердің.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж.

2. А.А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж.

3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж. №343 заңы
4. Дефектологиялық сөздік.

ӘОЖ 37.018

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Исаева Н.Д., Сыдыкбекова М.А., Нуржанова Т.Т.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., nazira.@mail.ru

Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері, жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейінде тәрбиеші педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда олардың кәсіби даярлығын, шеберлігін, педагогтардың кәсіби құзіреттілігін, мәдениетін қалыптастыруға ықпал етуі жазылған.

Кілттік сөздер: *мектепке дейінгі, үздіксіз білім беру жүйесі, мектепке дейінгі оқыту, жеке тұлға, тәрбиеші педагог.*

В данной статье изложены и рассматриваются инновационные подходы в учебной и воспитательной деятельности в дошкольных организации. И формирования у педагогов профессиональных навыков и быть востребованным в современном обществе.

Ключевые слова: *дошкольное, непрерывное образование, дошкольное образование, индивидуальный, педагог-педагог.*

In this article, innovative approaches to educational and upbringing activities in pre-school organizations are presented and discussed. And the formation of teachers' professional skills and be in demand in modern society.

Key words: *preschool, continuing education, preschool education, individual, teacher-teacher.*

Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдармен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған бұтақ кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Адамды мектепке дейінгі жастан дамыту оның алдағы барлық өмірінің анықтауышы болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Замана алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды.

Үздіксіз білім беру жүйесінің бір буыны болып табылатын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беретін балабақша да, қоғамның басты міндеті – жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға қатысады. Бұл әлеуметтік педагогикалық міндетті орындау үшін тәрбие жұмысымен тікелей айналысушылардың жүргізетін тәрбие мазмұны қоғамның бүгінгі талабына сай болуы керек.

Елбасының қолдауының нәтижесінде қазақстандық білім беру жүйесі жаңа даму деңгейіне өтуде. Бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанның мектепке дейінгі білім берудің әдістеріне көшуі, «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін жалғастырылуы, балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиемен 100% қамту үкімет пен әкімдерге міндеттелді.

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының тәрбиешісі

балалардың денсаулығын сақтау мен қорғау қызметін қамтамасыз етеді: тәрбиеші қызметінің денсаулық сақтау қызметін атқарады делінген [1].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-дамытушылық ортаны қалыптастырады, балалардың шығармашылығына (ойындық, танымдық, қозғалыс, көркемөнер, еңбекке баулу және т.б.) жетекшілік етеді. Балалармен жұмыс істеу кезінде жекелей және бағыттық жағынан қарайды. Дамуында ауытқу байқалатын балалармен түзеу қызметі саласында еңбек ететін мамандармен бірлесе жұмыс жасайды; жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде және топтағы балалардың жеке талаптарын ескере отырып тәрбие-білім беру жұмыстарын жоспарлайды. Тәрбиелеу мен оқыту қызметін қол жеткен жетістіктерді қорытындылай отырып жоспарлайды. Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен қалыпты жағдайда дамып келе жатқан балалардың мектеп жасына жеткенде мүмкіндіктерінің тең дәрежеде болуын қамтамасыз ету үшін бірге тәрбиелеу және оқыту арқылы оларды әлеуметтендіруді жүзеге асырады. Мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі әрбір баламен жеке жұмыс жүргізеді. Тәрбиелеудің инновациялық технологиясын және оқытудың отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жаңа бағыттарын зерделеумен және оны жұмыс барысында қолданумен шұғылданады. Ата-аналардың мектепке дейінгі бала тәрбиесі мен оқыту барысында туындаған сұрақтарына жауап беріп, көмек көрсетеді. Балалардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғайды. Компьютерлік сауаттылықты және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті жақсы меңгереді.

Тәрбиеші болу – айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәрбиеші балабақшадағы баланы жақсылыққа тәрбиелеуге, тамаша ортада тәлімді тәрбие беруге жауапты.

Тәрбиеші педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыттары: мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту – қазақстандық білім беру жүйесін өзгертудің негізгі бөлігі болып табылады.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мектепке дейінгі тәрбие мамандарына, олардың іс-тәжірибесінің қалыптасып, кәсіби шеберлігінің шыңдалуына байланысты болмақ.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басының дамуын қамтамасыз етуші, маңызды тәлім - тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын істердің үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұмсындырушы басты тұлаға тәрбиеші. Бала тәрбиесінде тәрбиеші жан–жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық иесі, халықтық дәстүр, әдет ғұрыппен, салт - сана ерекшеліктерін, әлеуметтік қарым- қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс, осы кәсіби біліктілік дағдыларын шыңдау олардың тәжірибе жинақтауының ең басты негізі болып табылады. Педагогтің кәсіби біліктілігі өз кезегінде оның жеке педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Оған әрбір маманның жеке мәдени деңгейі, адамгершілігі, таным түсінігі, тәрбиесі, ізденімпаздығы, зерттеушілігі т.б жатады. Олар жаңалықтың жаршысы ретінде оқытудың тәсілдерін, озық тәжірибелерін сараптап, үнемі шығармашылық ізденіс үстінде болуы талап етіледі. Тәрбиешілердің рухани адамгершілік қасиеттері, психологиясы, кәсіби даярлығы, қарым-қатынас мәдениеті қай кезеңде болсын білім саласының алғы шарты ретінде бағаланады. Осыған сәйкес мамандарды қайта даярлау, біліктілігін арттыру кезек күттірмейтін көкейкесті мәселе. Ол үшін тәрбиеші педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда олардың кәсіби даярлығын, шеберлігін, педагогтардың кәсіби құзіреттілігін, мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету көзделеді. Мамандардың кәсіби

қалыптасуы, бағыт-бағдар алуы, балабақша өміріне бейімделуі мен машықтануы және педагогикалық интелект, қызметтің жеке өзіндік стилі, кәсіби шеберлігінің шыңдалуы мен еңбекке шығармашылық қабілеттері, ынта-ықыластарының арта түсуіне байланысты болмақ.

Ынтымақтастық педагогикасы негізінде тәрбие екі жақтан: отбасы және балабақшаның бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі болуы тиіс. Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагог болып табылады. Мемлекеттің педагог мамандарға бағдарланған әлеуметтік тапсырысы ең алдымен, балабақша, мектеп таңдау жағдайында өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа икемді, ел тағдырына жанашырлықпен қарайтын жоғары құзыретті адамдарды қалыптастыруды көздейді.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жоғары білімді, сауатты, мәдениетті, оқытудың жаңа түрлерімен қаруланған, кәсіби қалыптасқан, педагогикалық шеберлігі ұшталған, рухани дүниесі бай, жаңалыққа, шығармашылыққа құмар болуы қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі жастағы балалардың дамып-жетілуіне жағдай жасау, білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады. Қазақстан Республикасының жалпыға білім беру стандартында бес білім беру салалары (денсаулық, қатынас, шығармашылық, таным, әлеуметтік орта) болса, оларда да бес білім беру бағыттары (тіл, қоршаған орта, әлеуметтік қатынас, денсаулық, сезім білдіру) көрсетілген.

Балабақша – балалық шақтың бақытты мекені іспетті. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы - білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

М.Жұмабаев: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек»-деген. Бұл даналық ой бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Бала заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. «Балаға шын дұрыс тәрбие беру үшін тәрбиешінің өз тәжірибесі һәм ұлт тәрбиесімен таныс болуы ғана жетпейді екен. Бұлар бірбеткей, шикі тәжірибелер, бұлар сыннан өткізіліп, пісірілмеген күйде берік негіз бола алмайды. Бұлардың арасынан жақсы, жаманын, алтын мен мысын теріп ала білу үшін тәрбие майданында шабылып ысылған тарландардың тәжірибеларімен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы, тәрбие турасы дұрыс жолға түсу үшін тәрбие фәнімен, «педагогикамен жақсы таныс болу керек», - дейді ғалым [2].

Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Мектепке дейінгі тәрбие мәселесіне пікір білдіріп, қоғамдық ойдың тамызығы болған алғашқы басылымдарға имене тұрып тұңғыш өлең-жырларын, көкейде жүрген арманды ойлары мен тілектерін ұсынған, оқыған алғашқы қарлығаштар – сауатты қазақ қыздары еді. Бұл қатарда: Н.Құлжанова, М.Бегалиева, т.б.

5. Методика разработки нормативов предельного размещения отходов производства и потребления, Приложение 16 к приказу Министра ООС РК от 18.04.2008 г № 100-п.
6. СНиП РК 4.01.02-2001 «Водоснабжение. Наружные сети и сооружения».
7. Методика расчета концентраций вредных веществ в атмосферном воздухе от выбросов предприятий. РНД 211.2.01.01-97.

ӘОЖ 347

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЗАҢДАРЫ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ ШАРТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Копбасарова Г.К., Алчамбаев К.М.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Қазіргі кездері Қазақстанның саяси - экономикалық және қоғамдық өмірінде болып жатқан сан — алуан өзгерістер іскерліктің көптеген түрін тудырып, оларды жүзеге асырумен қоғамды жанталастыруда.

Шетелдіктердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, олардың капиталдарының нығаюының бір көрінісі — ол сақтандыру нарығының дамуы болып табылады. Сақтандыру нарығы тек жеке капиталды ғана емес елдің макроэкономикалық көрсеткіштеріне де әсерін тигізуде. Мысалға, сақтану дәрежесі оның сақтанушысының мәртебесін көрсетеді. Ұсынылып отырған мақалада сақтандыру саласының дамуына түрткі болатын сақтандыру шартының құқықтық теориялық мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: *Азаматтық құқық, азаматық құқықтық келісім шарттар, сақтандыру, сақтандыру шарты, сақтандыру объектісі.*

В настоящеее время изменения в политико – экономическом и общественном жизни Казахстана пораждают множество деловых отношений и стремительно развивается.

Как показывает опыт зарубежных стран, одним из видов укрепление капитала выступает развитие страхового рынка. Страхавой рынок оказывает влияние не только на показатели индивидуальных капиталов но и на макроэкономические показатели. Например, страховой степень показывает его страховой статус.

В предлагаемой статье рассматривается теоретико правовые аспекты доовора страхования который непосредственно оказывает воздействие на развитие страхового рынка.

Ключевые слова: *Гражданское право, гражданско правовые договора, страхование, договор страхования, объект страхования.*

At present, changes in the political, economic and social life of Kazakhstan amaze many business relations and are developing rapidly.

As the experience of foreign countries shows, one of the types of capital strengthening is the development of the insurance market. The fearful market influences not only individual capital

indicators but also macroeconomic indicators. For example, an insurance degree shows its insurance status.

The proposed article deals with the theoretical and legal aspects of the insurance contract, which directly affects the development of the insurance market.

Key words: *civil law, civil legal contracts, insurance, insurance contract, object of insurance.*

Сақтандыру сферасы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік- экономикалық қызметтің барлық жағын қамтиды. Сақтандыруға түрткі болатын басты себеп - бұл өндіріс пен адам өмірінің, қауіп-қатерлі сипаты. Сондықтан өндіріс процестерін жалғастыру, азаматтардың жекелеген санаттарының өмір тіршілігі мен әл-ауқатын қолдап отыру мақсатында оларды сатып алу үшін қоғамның, жеке өндірушілердің, олардың топтарының (салалық және аумақтық аспектілерде) натуралдық-заттай босалқы корларын да немесе резервтерінде де, сондай- ақ ақша ресурстарын да кіріктіретін қажетті қаражаттары болуы тиіс. Мұндай ақша қаражаттары әдетте резерв жене сақтық корлары түрінде қалыптасады.Сақтандырудың мақсаты қоғамдық ұдайы өндірістің, үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін азаматтарды, мүліктерді, өндіріс процестерін қоғамдық және ұжымдық қорғау болып табылады

Қазақстан өз мемлекеттік тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін егемен мемлекет пен оның азаматтарының өміріне тірек болатын барша құқықтық негізін қайта құру қажеттігі туды. Мемлекетті басқару, экономика, әлеуметтік саяси өмір, мәдениет, құқықтық тәртіпті сақтау, елді қорғау, сыртқы саясат салаларын реттейтін көптеген заңдар мен жарлықтар қабылданып, жүзеге асырылуда. Осындай өміршең заңдардың бірі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 806-бабына сәйкес (ерекше бөлім) заң актілері талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру болып табылады. Қазақстан Республикасының заң актілері міндетті және ерікті сақтандыру шарт түрінде жүзеге асырылуын белгілейді. Сақтандыру жүйесі өте ерте кезеңде пайда болған. Сақтандырудың заңды негіздерін бір жүйеге келтіріп, осыдан 3,5 мың жыл бұрын тасқа қашап жазған Вавилон патшасы Хаммурапи еді. Хаммурапи заңы 282-баптан тұрды. Соның 55-бабы сақтандыру жүйесіне арналған. Яғни, сақтандырудың негізгі мақсаты – адам баласының басына түскен бақытсыз жағдайлардан туындаған кезде азаматтарға материалдық жағынан көмек көрсету болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде азаматтардың сақтандыру шартына жүйелі түрде қызмет ету механизмі құқықтық қатынастар арқылы реттеліп отырады [1].

Сақтандыру шарты сақтандыру құқық қатынасының пайда болу негізі болып табылатын заңды факт. Шарт болып екі немесе одан көп адамдардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту және тоқтатылуы танылады. Сақтандыру шарты негізінен ақша құрайтын шарттың түріне жатады. Сақтандыру сыйақысы, сақтандыру төлемдері ақшалай нысанда төленеді [2.36].

Сақтандыру шарты мынадай пунктерден тұрады:

Сақтандырушының атауы, орналасқан жері мен реквизиттері.

Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты және тұрған жері немесе оның атауы, орналасқан жері болуға тиіс.

Сақтандыру объектісін көрсету.

Саөтандыру сомасы мен сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі [3.136].

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздікке ие болу заңдылығы егемен мемлекет пен оның азаматтарының өміріне тірек болатын құқықтық негізін қайта құрып ғана емес, тіптен мемлекетті басқару, экономика, мәдениет, тәртіпті сақтау, елді қорғау т.б. заңдар жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, демократия және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына негізделген құқықтық мемлекеттің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына

негізделген құқықтық мемлекеттің азаматтардың құқықтық сауаттылығының кепілдемесі немесе кепілдігі қандай да болмасын қоғамдық өмірдің маңызды жақтарының бірі заң актілерімен жүзеге асырылатын сақтандыру болып табылады [4.203]. Сақтандырудың түрлеріне, тәртібіне, талаптарына сәйкес заң актілерін Қазақстан Республикасының Парламенті белгілейді.

Сақтандыру шартын жалпы құқықтық реттеудің жалпы сипаттамасы

Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында сақтандыру шарт жасасу арқылы жүзеге асады. Сақтандыру шарты сақтандыру құқықтық қатынасының пайда болу негізі болып табылатын заңды факт. Шарт болып екі немесе одан көп адамдардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту және тоқтату туралы келісімі танылады [5.68].

Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру төлемдерін төлеуге міндеттенеді.

Сақтандыру шарты қайтарымды шарт болып есептеледі. Мысалға сақтандыру шартының қайтарымсыз түріне сыйға тарту шарты жатады. Сақтандыру шарты негізін ақша құрайтын шарттың түріне жатады. Сақтандыру сыйақысы, сақтандыру төлемдері ақшалай нысанда ақшалай нысанда төленеді.

Сақтандыру шартында мыналар болуы тиіс:

сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;

сақтанушының (егер ол жеке адам болса) тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса) және тұрған жері немесе (егер ол заңды тұлға болса) оның атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;

сақтандыру объектісін көрсету;

сақтандыру жағдайын көрсету;

сақтандыру сомасының мөлшері (аннуитеттік сақтандыру шарттарын қоспағанда) және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;

сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері;

шарттың жасалу күні және қолданылу мерзімі;

егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болса, сақтандырылған адам мен пайда алушы туралы көрсету [1].

Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін. Кез келген шарттың жағдайын елеулі және елеусіз деп бөлуге жатады. Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарды елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі сақтандыру шартының елеулі түрін бөліп көрсетпейді. Мүлікті сақтандыру шарты кезінде тараптар: 1) сақтандыру объектісі; 2) сақтандыружағдайы; 3) сақтандыру сомасы; 4) сақтандыру төлемі; 5) сақтандыру сыйақысы; 6) шарттың орындалу мерзімі жөнінде келісімге келуі тиіс [1].

Жеке сақтандыру шартын жүргізген кезде сақтанушы мен сақтандырушының арасында: сақтандырылған адам жөнінде; 2) сақтандыру жағдайы жөнінде; 3) сақтандыру сомасы мен сақтандыру сақтандырушы сақтанушыны сақтандыру ұйымы ұсынған барлық сақтандыру жағдайымен таныстыруы керек [1].

Барлық келіссөздер жүргізіліп, сақтанушының ұсынысын қабылдағаннан кейін тараптар сақтандыру шартын жазбаша түрде жасайды және жасалғанын растайтын сақтанушыға ерекше сақтандыру құжаты сақтандыру куәлігін береді. Куәлік бұл құқық қатынасының маңызды деректері немесе негіздерін куәландыратын заңды құжат. Сақтандыру куәлігі белгілі бір заңды құжаттардың түрі сияқты тек сақтандыруда қолданылатын, сақтандырушы мен сақтанушы мен сақтандыру шартының жасалғанын дәлелдейтін дерек [563].

Сақтандыру куәлігінің мазмұнында:

тараптардың – сақтанушы мен сақтандырушының атауы:

қандай жағдай туындағанда сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуге міндетті;

шарттың жасалған күні мен тоқтатылу уақыты; сақтандыру төлемдерінің мөлшері және т.б. көрсетілуі мүмкін.

Сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөлеп төлеген кезде, егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, бірінші сақтандыру жарнасы төленген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады [1].

Сақтандыру шартының объектілері мен субъектілері.

Сондықтан сақтандырылған адамға сақтанушының міндеті ауысуы, оған материалдық жағынан пайдалы болмауы мүмкін. Егер сақтандыру шартының ауысуы кезінде сақтанушы соттың шешімімен әрекет қаілеттілігі жоқ деп танылса, оның құқықтары мен міндеттерін қорғаншысы атқарады. Бұл жағдайда сақтандыру тарабы ретінде сақтанушыны ауыстыруы емес, оның құқықтары мен міндеттерін басқа бір тұлғаның орындауы болып табылады [2.92].

Тағы бір сақтандыру қатынасының қатысушысы болып танылады. Пайда алушы бұл сақтандыру шартында немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

Пайда алушы ретінде заңды тұлғалар мен азаматтар бола алады. Пайда алушы жеке де, мүліктік те сақтандыру бойынша тағайындала алады. Сақтандырудың міндетті түрі бойынша пайда алушы сақтандыруды реттейтін заң актілерімен айқындалады, ерікті түрі бойынша оны сақтанушы тағайындайды. Егер міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде немесе өз еркімен сақтандыру туралы шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушы пайда алушы болып табылады. Егер сақтанушы сақтандырылған адам болып табылмаса, пайда алушы сақтандырылған адам болуы тиіс не ол сақтандырылған адамның жазбаша келісімі бойынша тағайындалады. Егер пайда алушы сақтандыру шартында көрсетілмесе, ол сақтандырылған адам деп ұйғарылады, сақтандырылған адам болып саналмайтын пайда алушы қайтыс болған жағдайда не ол пайда алушының құқықтарынан бас тартса, соңғысынан құқығы сақтанушыға ауысады. Сақтандырылған болып табылатын пайда алушы ретінде өзінің жұбайын, баласын, басқа да жақын туысқандарын тағайындайды.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушы тікелей сақтандырушыға сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемдерін төлеу туралы талап қоюға құқылы.

Сақтандыру агентінің сақтандыру рыногында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілетті сақтандыру ұйымының тиісті құжаттарымен белгіленеді. Сақтандыру агентінің өкілеттілігі болмаған жағдайда, оның сақтандыру агенті ретінде қызметіне жол берілмейді. Сақтандыру ұйымы өзінің атынан сақтандыру ұйымынан алған өкілеттілік шегінде жасаған сақтандыру шарты бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындайды.

Сақтандыру агенті сақтауға міндетті талаптар, сақтандыру құжаттамасы бланкілерінің есебін жүргізу жөніндегі талаптар Қазақстан республикасы Заңдарының талаптары ескеріле отырып, сақтандыру ұйымының ішкі құжаттарында белгіленеді [6.96].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. /жалпы бөлім/ 27 желтоқсан 1994 ж.
2. Худяков А.И. Финансовое право РК. Общая часть Алматы: қаржы-қаражат 1995 ж.
3. Балабанов И.Т., Степанов В.Н. Занимательное страхование . Москва, Финансы и статистика, 1998 г.
4. Белых В.С., Криовшеев И.В. Страховое право Москва, Норма 2002 год
5. Брагинский М.И. Договор страхования Москва, Стаут 2000 г.
6. Гвозденко А.А. Основы страхования Москва, Финансы и статистика 1999

ӘОЖ 349

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ

Копбасарова Г.К., Қазбек Е.Ж.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университет, Талдықорған қ.

Бүгінде елімізде ауылшаруашылығы саласы мемлекет экономикасын қамтамасыз етуде аса маңызды саласының бірі болып табылады. Ауылшаруашылық тауар өндірушілері ұғымы отандық заңнамада бекітілмеген. Бірақ, теориялық логикаға сәйкес ауылшаруашылық тауар өндірушілері ауылшаруашылық кәсіпкерлік ұғымымен теңдестіруге болады. Ұсынылып отырған мақалада ауылшаруашылқ кәсіпкерлік субьектісі ретінде ауылшаруашылық тауар өндірушілердің құқықтық мәртебесін анықталады.

Кілттік сөздер: *Аграрлық құқық, кәсіпкерлік, ауылшаруашылқ кәсіпкерлігі, құқықтық жүйе, заңнама,азаматтық кодекс.*

На сегодняшний день в нашей стране аграрная сфера является одной из важной отрасли государства обеспечивающий экономику. Понятие сельхозпроизводитель не рассматривается в отечественном законодательстве. Однако, согласно теоретичексой логике понятие сельхозпроизвоители и сельскохозяйственная предпринимательство приравниваются. В предлагаемой статье рассматривается правовой статус сельхозпроизделей как субьекта селькохозяйственного предпринимательства.

Ключевые слова: *Аграрное право, предпринимательство, сельскохозяйственная предпринимательства, правовая система, законодательсвто, гражданский кодекс.*

For today in our country the agrarian sphere is one of the important branch of the state providing the economy. The concept of an agricultural producer is not considered in domestic legislation. However, according to the theoretical logic, the concept of agricultural producers and agricultural entrepreneurship is equated. The proposed article examines the legal status of agricultural products as a subject of agricultural business.

Key words: *agrarian law, entrepreneurship, agricultural entrepreneurship, legal system, legislature, civil code.*

Қазіргі кезде қалыптасқан тәжірибе ауыл шаруашылығы саласы және азық-түлік нарығын реттеуде мемлекеттің рөлін арттыруды талап етеді. Бұл салаларда мемлекеттік реттеу мен қолдаудың қажеттілігі мынадай жағдайлармен байланысты: табиғат-климаттық әсер ету; экономиканың өзге салаларына қарағанда ауылшаруашылық тауар өндірушілердің монополизациясының төменгі деңгейі; ауылшаруашылық өніміне бағаның тұрақсыздығы және т.б.

Экономикасы*- дамыған елдер тәжірибесі аграрлық өндірісте жандандырмай елдің азық түлік қауіпсіздігі мәселесін шешу және дамыған нарықтың қатнастарды қалыптастыру мүмкін еместігін дәлелдеп отыр.

Аграрлық саясат ол ауыл шаруашылық өндірісі мен агробизнестің басқада салаларын тиімді дамытуға бағытталған және осы негізде халықтың тұрмыс дәрежесімен елдегі қоғамдық процесстің дамуын қамтамасыз ету саясаты .

Қазақстан Республикасы аграрлық саясатының стратегиялық нысанасы отандық өндірісті ұлғайту, өнім сапасын жақсарту және оның өзімдік құнын әлемдік бәсекелестік деңгейінен асырмау, халықты экологиялық азық –түлік өнімдерімен, ал өнеркәсіпті шикізатпен толық қанағаттандыру болып табылады.

Ауылшаруашылығы кәсіпкерлері өнім өндіруді ұйымдастырып дамытады. Ауылшаруашылық кәсіпкерлігі – Қазақстан экономикасындағы маңызды саласы. Оны дамыту деңгейі Қазақстан қоғамының экономикалық, әлеуметтік, саяси, құқықтық тұрақтылығын

анықтайтын фактор болып саналады. Ол жалпыға бірдей міндетті қызмет. Ауылшаруашылық кәсіпкері өнімді ұқсатушы да, ал ондағы шаруа өнімді өсіруші деп түсінгеніміз жөн.

ҚР Конституциясының 26-бабына сәйкес «Кез келген адам кәсіпкерлік ісімен айналысу еркіндігіне құқылы. Өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызметте пайдалану еркіндігіне ие. Монополиялық қызмет заңмен реттеліп, шектеліп отырады. Әділетсіз бәсекелестікке тыйым салынады» [1].

ҚР Азаматтық кодексінің 10-бабына сәйкес, кәсіпкерлік – меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған, жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [2].

Кәсіпкер азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда табуға немесе өзіндік табыс алуға бағытталған бастамшылық дербес қызметі. Ауылшаруашылық кәсіпкерлігін азаматтар өз атынан, өздерінің мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен немесе заңи тұлғаның (кәсіпорынның) атынан және соның жауапкершілігі кепілдігімен жүзеге асырады.

Еліміздің аграрлық кәсіпкерліктің қалыптасу үдерісі жалпы халықтық құқықтың дамуымен байланысты, кейінірек оның мемлекеттік реттеуді күшейтетін, сонымен қатар нормативтік актілерде алғашқы шаруа (фермер) қожалықтары пайда бола бастаған, азаматтық құқықтардың да кезеңдерін қамтиды.

Кәсіпкерліктің әрі қарай дамуы, өзара түсінісуге әкеліп соқтыратын, жеке мүддеге мемлекеттік бастаманың әсерінің жалпы үдеме кезеңін қамтиды. Мемлекеттің басқаруындағы экономика аралас сипатта болды, себебі жеке және қоғамдық ой ұштасып, синтезделе бастайды.

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 380 қаулысына сәйкес, осы Тұжырымдама кәсіпкерлік қызметті мемлекетттік реттеу пайымын, оның негізгі тәсілдерін айқындайды және осы бағытта 2020 жылға дейін одан әрі дамуды қамтамасыз етуге қарастырылған [3].

Осы Тұжырымдамада халықаралық тәжірибе негізінде заңдардың қолданыстағы және жаңадан енгізілетін нормаларының, экономиканы реттеу құралдарының реттеушілік ықпалын жария талдаудың, осыған сәйкес, аталған құқықтық нормаларды қабылдау саласында әрекет ететін жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің нормативтік құқықтық актілерді келісуін енгізудің орталықтандырылған жүйесін тұрақты түрде құру болжанады. Бұл ретте тұтынушыларға шығын келтірген бұзушылықтар үшін кәсіпкерлердің жауапкершілігін бір мезгілде арттыра отырып, кәсіпкерлік қызметті реттеудің жекелеген мемлекеттік функцияларын бизнес ортаға беру мүмкіндігі көзделеді. Сондай-ақ Тұжырымдаманы іске асыру тәуекелдерді басқару жүйелерін одан әрі жетілдіруді, мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынасының жеке кәсіпорындардың өндіріс процесі мен ішкі қызметіне араласпауды және мемлекеттік бақылаудың түпкі өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне ғана бағыттылығын белгілейтін жаңа қағидаттарын енгізуді; тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдық ұйымдарын институционалдық күшейтуді, оларға қойылатын талаптарды арттыруды, қызметтің ашық тетіктерін әзірлеуді, тұтынушылардың тұтынатын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі туралы хабардар етілуін жоғарылату мәселелерін пысықтауды болжайды.

Қазіргі кезеңдегі кәсіпкерлік қызметтің құқықтық анықтамасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 10-бабында берілген. Яғни Азаматтық кодексінің 10-бабының 1-тармағына сәйкес «кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады» делінген [2].

Осыған орай, біріншіден, бастамалы, дербес, барша қоғамға тиімді қызмет, екіншіден, өз қаупімен және тәуекелділігімен жүзеге асырылатын қызмет және оның ең маңыздысы – бұл мүлікті пайдаланудан, тауарды сатудан, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден жүйелі табыс табуға бағытталған қызмет.

Ауылшаруашылық кәсіпкерлік – ауылшаруашылық сала бойынша өнім өндіру мен ұқатуда бастамашыл, әрекет етуші заңнамалар шегінде жүзеге асыратын, өзінің оқшауланған мүлкіне негізделген және барлық қатысушыларына өзара тиімді нәтижелер мен табыс алуға бағытталған шаруашылық немесе өзге де қызмет түрі. Сондықтан ауылшаруашылық кәсіпкерлігін ҚР АК-нің 10-бабында көрсетілген кәсіпкерлік ұғымының бір тармағы ретінде көрсеткеніміз дұрыс болар. Себебі аталған бапта көрсетілген анықтамадағы белгілердің бәрі де ауылшаруашылық кәсіпкерлігіне тән деп есептеуіміз қажет, тек өзгешелік – ауылшаруашылығы кәсіпкерлігінің жер ресурстарымен тығыз байланыста және оның өнімдерінің табиғат құбылыстарына тәуелді болуы.

Ал ауылшаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу дегеніміз ауылшаруашылық қарым-қатынастарды реттейтін және ауылшаруашылық өндірісінің тұтымдылығын тұрақты дамуды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдармен ауылшаруашылық кәсіпкерлігінің субъектілерінің қызметін құқық нормаларымен реттеу және оларды жүзеге асыру қызметі.

Көп салалы ауылшаруашылық кәсіпкерлігі табиғи-климаттық өндірістік, экономикалық, тарихи және басқа да жағдайлардың көптігін ескере отырып, объективті қажеттілікпен анықталады. Ең алдымен, сапалығы мен өнімділігі арасында елеулі ерекшеліктері бар. Ауылшаруашылық өндірістің ерекшеліктеріне олардың үлкен алаңды алып, маусымдық сипатта болып, ауа райына бағыныштылығы жатады. О с ы ғ а н байланысты материалды-техникалық және еңбек ресурстарын бір қалыпта пайдалана алмауы және табыс алуда ауылшаруашылық тауарларды тұрақты өндіру мүмкіндігінің жоқтығы. Жоғарыда көрсетілген және басқа ерекшеліктер ауылшаруашылығында нақты табиғи-өндірістік және экономикалық жағдайларға белгілі бір территорияда қалыптасқан тарихи дәстүрлерге байланысты меншік түрлерін және шаруашылық ету нысандарының көптігін қажет етеді [4, 56].

Ауылшаруашылық кәсіпкерлік бұл шаруашылық сала бойынша өнім өндіру мен ұқсатуға бастамашыл, әрекет етуші заңнамалар шегінде жүзеге асыратын, өзінің оқшауланған мүлкіне негізделген және барлық қатысушыларына өзара тиімді нәтижелер мен табыс алуға бағытталған шаруашылық немесе өзге де қызмет түрі болып табылады. Ауылшаруашылық қызметін – кәсіпкерлік қызметтің бір түрі негізгі ерекшелігі ауылшаруашылық өндірісінің негізгі құралы ретінде жер пайдалану процесіне өтпейтіндігінде болып отыр. Ауылшаруашылық объектісі – егеменді еліміздің нарықтық экономикадан тұрақты дамуға көшуіне атсалысатын, сондай-ақ тұрақтандыру мен жетілдіру жағдайындағы ауылшаруашылық кәсіпкерлік қызметі мен ауылшаруашылық тауар өндірісі саласындағы пайда болған қоғамдық қатынастардан құралады.

М.В. Романкованың пікірінше, бүгінгі таңда өзіндік жеке кәсіпкерліктің қарапайым нысаны жеке кәсіпорын болып табылады (заңды тұлға емес). Бұл нысан заңда бекітілмегенімен оны азаматтық заңдардың жалпы ережелері мен азаматтар кәсіпкерлігінің тәжірибесімен көруге де болады. Жеке кәсіпорынды заңды тұлға ретінде тануға заңиталпыныстар тәжірибеде сәтсіз аяқталды. Себебі, кәсіпкерліктің бұл нысанының құқықтық табиғаты мен мәнін анықтауда көптеген қарама-қайшылықтар әлі күнге дейін байқалды [5, 93].

Ауылшаруашылық кәсіпкерлік аясында пайда болған құқықтық қатынастардың дәрежесі мен түріне байланысты объектілер мынандай болады:материалдық игіліктер (жер, табиғи ресурстар, мүлік, бағалы қағаздар);субъектінің әрекеті, тәртібі, әртүрлі қызметтер оның нәтижелері;рухани шығармашылық өнімдері; бағалы қағаздар, ресми құжаттар [6, 78].

Е.Ш. Дүсіпов пайымдауынша, ауылшаруашылық кәсіпкерлердің объектісі заң актілері негізінде пайдалану және қорғауға ауылшаруашылық кәсіпкерлігі аясында құқықтық қатынастардың қатысушыларының субъективтік құқықтары мен заңды міндеттерді бағытталған нақты игіліктерді жатқызамыз. Ауылшаруашылық объектісі ауылшаруашылығы салалары өндірісінің негізгі мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, азық-түлік, астық шаруашылығы, селекция жетістіктерін жатқызуға болады [7, 62-63].

Л.Қ. Еркінбаеваның пікірінше, «ауылшаруашылық қызмет» мен «ауылшаруашылық өндіруші» түсініктерінің мәнін бөліп қарастырған. Ауылшаруашылық қызмет ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуде жерді пайдаланумен байланысты қызметті түсінуге болады. Аграрлық өндіріс

ауылшаруашылық өнім өндірушілердің қызметінің түрі, ауылшаруашылығы мақсатына арналған жерлермен тығыз байланысты ауылшаруашылығындағы мал, құс, ара, өсімдік шаруашылық өнімдерін өдіруде азық-түлік қауіпсіздік қамтамасыз ету мақсатында, осыдан келген шығыс жылдық кірістің жалпы соммасы елу пайызын құрайды [8, 21-22].

Ауылшаруашылық кәсіпкерлерінің субъектісі ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, тарату, барысындағы өндірістік материалдық техникалық және әлеуметтік, экономикалық қамтамасыз ету саласындағы құқықтар мен міндеттерге ие жеке және заңды тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 08.1995 ж. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 2015 ж.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (1994 ж. 27 желтоқсан) (Жалпы бөлім) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 2015 ж.
3. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі №380 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 2015 ж.
4. Кемел М. Нарыққа өту кезеңіндегі Қазақстан ауылшаруашылық кәсіпорындарының қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 1998. – 140 б.
5. Романкова И.В. Проблемы правового регулирования предпринимательства граждан в РК: учебное пособие. – Алматы: Университет «Туран», 1997. – 208 с.
6. Абдильдина Л., Белгибаев К. Экономика сельского хозяйства. – Алматы, 1996. – 608 с.
7. Дүсіпов Е.Ш. Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық кәсіпкерлігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері: з.ғ.д., дәрежесі диссерт. – Алматы, 2009 – 243 б.
8. Еркинбаева Л.К. Аграрное правоотношения в Республике Казахстан: монография. – Талдыкорган, 2011. – 450 с.

ӘОЖ 001.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Кощегулова Г.К.
№ 23 орта мектеп КММ, Мойнақ ауылы

Бұл мақалада жаңартылған білім беру үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары қарастырылған.

Кілттік сөздер: *мәңгілік ел, тәуелсіз мемлекет, жаңа технология, жаңаша ойлау, педагогикалық үрдіс, педагогикалық тезнология.*

В данной статье обсуждается, как создать функциональную грамотность учащихся в обновленном учебном процессе.

Ключевые слова: *вечная страна, независимое государство, новые технологии, новое мышление, педагогический процесс, педагогическая кафедра.*

This article discusses how to create a functional literacy of students in the updated education process.

Key words: *eternal country, independent state, new technologies, new thinking, pedagogical process, pedagogical department.*

«Мәңгілік Елдің» келешегі тәуелсіз мемлекетіміздің жас қыранды ұл-қыздарының қолында. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған

елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибелері зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты, білімі қажет.

Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын ;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болуы керек;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері- өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды өнерпаз;
- Ізденімпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя алатын;

Осындай тұлғаны дамыту үшін оқытудың жаңа технологиясы қажет. Оқыту үрдісінде осындай әдістерді пайдалану мұғалімнің шеберлігіне қарай жүзеге асады.

Ғасыр қойнауында қызмет атқарған қоғам қайраткерлері, ғұлама ғалымдар өскелең ұрпақты сапалы білім, саналы тәрбиемен тербетіп өсіретін ұстазды қанаттандыратын ойлы сөздер сырының салмағы мұғалімнен қаншалықты жауапкершілікті талап ететінін аңғарту қиын емес. Мысалы, осыдан 12 ғасыр бұрын айтылған шығыс ойшылы Әбу Насыр әл Фарабидің «Ұстаз - тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешқайсын ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген сипаттама сөзінің маңыздылығы бүгінгі күні де өзекті. Ілім-білімге үйрететін ортаның жүрегі болып табылатын мұғалім білім сапасын көтерудің негізгі тетігі болумен қатар, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі заманауи талапқа сай болуы шарт.

Өзгермелі қоғам жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар қатарына бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы мен кәсіби шеберлігін жатқызуға болады. Осыларды түйіндей келе, жаңа формация мұғалімі рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, сауатты, белсенді, шығармашыл тұлға деп негіздеуге болады. Ендеше, жаңа форматты мұғалімдер оқушылардың бойына өздігімен білім алуға, жетілдіруге, түрлі жағдаятта өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, белсенді азамат, танымал тұлға мен болашақ маман болып қалыптасуына көмектесетін оқу мен тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және тәжірибелік дайындықпен қамтамасыз етуі тиіс.

Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтатын ел тізгінін ұстар ертеңгі тұлғалар бүгінгі оқушылар екенін ескерсек, рухы биік, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болуға бет бұрған елдің болашағы мектебіне де байланысты екенін ұмытпаған абзал.

Жаңаны тез, өз бетімен игеріп, дұрыс түсінетін, даулы мәселелерді оң шеше білетін, істің мағынасын терең және нақты түсінуге тырысатын байқағыштық қасиеті өте жақсы дамыған, сауатты сөйлейтін, білімді нақты игеріп, оны практикада асыратын, теориялық білімді тез меңгеріп, болжам жасай алатын жеке тұлға қалыптасады.

1. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары - оқушылардың оқу-танымдық құзіреттіліктерін дамытудың негізі.

2. Оқушылардың білім алуының нәтижелерін бақылау және мәселені шешу;

3. Оқушылармен топтық жұмысты ұйымдастыруда теориялық және практикалық даярлығы;

4. Бірлескен әдістерді қолдану арқылы мәселелерді шешу.

5. Сабақта оқушыға бағытталған пәнге байланысты біліктілікті қалыптастыруды жобалау қабілеттерін жеткіліксіз меңгеруі сияқты проблемадан туындап, сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болатын, оқу, жазу біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында жүзеге асады. Оқушылар қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін қажетті белгілі бір білім мен машықтар жиынтығын қаншалықты жақсы меңгергенін бағалауды көздейді. Басқаша айтқанда, оқушылардың ересек өмірге араласуға дайындық дәрежесі бағаланады.

Нәтижелі білім алу үдерісі оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген білім-дағдылары мен амал, көзқарастарын зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асады. Оқыту үдерісі басында оқушылар не біледі, оларда қандай қате ой-түйгендері бар және бұны қалай түзеткен дұрыс екенін білу үшін арнайы тапсырмалар дайындалады. Сол себепті мен өз сабақтарымда күнделікті сабақ жоспарын жасауда оқушының өзіндік іс -әрекетіне қолдау болатын жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көңіл бөлемін. Қ.О.Бітібаеваның технологиясы бойынша курстан алған білімімді сабақ барысында қолданып отырамын. «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен іздену жұмысына негізделеді. 11-сынып оқушыларын эссе жазуға дайындауда, оқу сауаттылығы бойынша мәтінмен жұмыс жасауға көп көмегі тиді десем болады. Өтілетін жаңа тақырыпқа алдын ала тапсырма беріп, ой тастаймын, сабақ бойы ол шешуші рөл атқарып отырады. Үй тапсырмасы, жаңа сабақ, оларды бекіту, қорытындылау кезеңдерін қарастырып отырамын. Сабақтың әр кезеңдерінде оқушылар «ой тастауда» белгіленген мақсатқа жету жолдары жүйелі түрде ойландыру; ойлау іс-әрекеттері арқылы жүзеге асып отырады. Қанипа апайымыз ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады деп тұжырымдаған екен.

Жас ұрпақтың сауаттылығын қалыптастыратын және дамытатын мектептегі оқу мен тәрбие болашақ тұлғаның қалыптасуына өзіндік әсер ететіні шындық. Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгеретінін, өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін эссе жазу барысында түсіндік. Қ.О.Бітібаеваның «Егіз өрім» атты педагогикалық эсселер кітабын оқып, оқушыларға оқып беріп, қайран қалдым. Бұл кітапта ғасырға жуық ұстаздық ұзақ еңбек жолын ой елегінен өткізіп, тәлімі мол терең пікірлерін шәкірттерімен егіз өре отырып ортаға салған. Осы аталған кітап эссе жазуға көп көмегін тигізді. Дәлел ретінде, 11 «А» сынып оқушысы Молдағалиева Айымның жазған эссесін ұсынбақшымын.

Достықты қадірлей білейік!

Эссе

«Исатайдан айырылып,
Жалғыздықпен болдым дос»
М.Өтемісұлы

Достық дегеніміз не? Бұл сұраққа жауапты мен түрлі жолдармен іздедім. Өзімнің дос деп есептейтін адамдармен арадағы қарым-қатынасты байқап, ой түйінінен өткізіп көрдім. Тарихи оқиғаларда, әртүрлі кітаптарда, сан-алуан кино туындыларда кездесетін достардың іс-әрекеттерін сараладым. Шын мәнінде, достық адамға ең қажет дүние екен. «Жалғыздық Аллаға ғана жарасқан » - дейді халық. Бұған қарсы шығатындар – жоқтың қасы. Тіпті ең тұйық, ешкімді керек етпейтіндей көрінер адамның өзі жүрегінің түпкірінде жақын досы болғанын қалайды, жалғыздықтан жан-дүниесі күйзеледі. Себебі достық – бұл адамдардың бірін-бірі қолдауы, біріне-бірі мұқтаж болуы, еш уайымсыз күндерде де, қиын-қыстау уақыттарда да есесіне ештеңені талап етпей жанынан табылуы. Осындай керемет кім керек етпейді?

Тарих желісін бақылап, кітаптарды парақтай отырып, менің бір оқиғаға көңілім ауды. Бұл, менің ойымша, нағыз достықтың оқиғасы. Бұл – Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы оқиғасы. Сонау 19 ғасырда, дәлірек айтсақ 1836-1838 жылдары, Қазақстан жеріндегі Бөкей ордасында екі азамат, халқы сол заманда бастан кешірген озбырлыққа көз жұма қарай алмай, көтеріліске шықты. Бұл екі азаматты біріктірген, сондай батыл іс-әрекетке итермелеген, олардың араларындағы сенімі мен шынайы достығы. Ал осы ұлы достықтың тууына себеп болған қос жігіттің де бойынан табылған ортақ қасиет – патриоттық рух, туған жеріне деген сүйіспеншілік. Ия, екі адамның басын қосатын бір ортақ дүние болуы тиіс. Бір өлеңді ұнату, бір затқа қызығу, бір үйірмеге қатысу, бір мектепте, сыныпта оқу, тіпті бір қалада, ауылда тұру – осы секілді ұсақ-түйек құбылыстар достықтың пайда болуына септігін тигізеді.

Мен өз досым жайлы айтатын болсам, досыммен көрші болдым. Ата-анамның дәл сол көшеде қоныс тапқанына әлі күнге дейін алғыс айтамын. Осының арқасында мен өзіме ұзақ уақыт демеу болған жанды кездестірдім. Біз біраз нәрселерді бастан өткіздік, көптеген естеліктерді санамызда, жүрегімізде мәр басқандай етіп сақтап қалдық. Мен сақтап қалдым. Ол естеліктерді көзімнің қарашығындай қастерлеймін. Олардан қол үзіп қалсам, өткен өмірім тас қараңғыда өткізген соқыр іспетті болар еді. Достық деген адамға берілер ең ғажайып сый екен. Досым жанымда жүрген сәттерде қаншалықты бақытты болғанымды байқамаппын. Ал өмір тосындарға толы болып шықты. Махамбеттің Истайдан айырылғанындай, мен де 2016 жылдың қыс мезгілінде жан досымнан, ойымды үн қатпастан ұға қояр тамаша адамнан айырылып қалдым. Ол жол апатына ұшырап, қыршынынан қиылды. Әлі талай асулардан аса алатын, талай жетістіктерге жеткізетін, оттай лапылдаған күш, көздеріндегі ұшқын тым ерте сөнді. Бұл жағдайдан кейінгі сезімімді толығымен сипаттап жазу өте қиын. Бір білерім, сол кезде қыс мезгілі әдеттегіден суық болды. Өмірімде мүлдем сезбеген ерекше ызғарды денем ғана емес, жүрегім де сезгендей болды. Көзімнен пар-парлап аққан ыстық жас та бетімді мұздай қарып жібергендей еді. Досымның мейірімді жүзі әрдайым күннен шашыраған сәуледей жылу беріп тұратын. Сол жылуға, досыма бір рет болсын қарауға, күн нұрына шомылып, беттерін тосатын, күн барда тек биікке қарай өсетін күнбағыстай, мұқтаж болдым. Мен Махамбеттің қайғысын толығымен сол жағдайдан кейін ғана түсіне бастадым, сірә. Оның асқан шеберлікпен жазған өлеңдерінде, Исатайға арнаған жоқтауларында менің де қайғым, сезімдерім көрініс тапқандай. Енді ешқашан досымның дауысын, сыңғырлаған әдемі күлкісін құлағым шала алмайтыны, ешқашан оны бауырыма басып құшақтай алмайтыным мені ызаландырады. Шарасыздығым жаныма қатты батады. Досыма деген сағыныш жүрегімді жарып жібередей көрінеді.

Адамзат тіршілігінің мәні - өзгелермен қарым-қатынаста болу. Ал адами жақсы қасиеттерге негізделген қарым-қатынас – достыққа апарар үлкен қадам. Яғни, мән-мағыналы өмірдің негізі – достық. Өміріндегі елеулі өзгерістермен, ішіндегі тебіреністермен, толқулармен бөлісе алатын, шүбәсіз сеніммен иығына басынды төсей алатын досың болмаса, тірлігіңнің сәні кетеді. Өзіңді өңі бозарып, түр-түсін жоғалтқан, ешбір жанға қажетсіз ескі киім секілді күй кешесін.

Ойымды түйіндей отырып, айтарым – достықты қадірлей білу керек. Досыңмен өткізген әр минутты тәңірдің шапағатындай қабылдау қажет. Себебі, шынайы достық – әлемдегі ешбір байлыққа тең келмес, бағасыз қазына.

Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. 6-сынып оқушыларымен сабақ барысында оқу сауаттылығы бойынша тест жұмыстарын жүргіземін, мәтінді жас ерекшеліктеріне байланысты етіп аламын. Мысалы, мына тест тапсырмасын алсақ,

Айдостың туфлиі жыртылып қалды.Ертесіне сабаққа киіп баратын туфли табыла қоймады. Ауылдағылар ауданға себепсіз бара бермейді.Әкесі жыртылған туфлиінің табанын алып,басқа табаны тозған аяқ киімге тігіп берді. Көзге қораш көрінеді.Оған қарап тұрған әкесі жоқ.«Тамаша емес пе?»деп қояды.

Ертесіне еріксіз әлгі аяқ киіммен мектепке барады.Галош секілді бірдеме өзі.Әшейінде партаның үстімен жүгіріп жүретін Айдос осы жолы тыныш отырды.Сұрағандарға «ауырып отырмын»дей салды.Аяғына бәрі қарап отырғандай.Партаның астына тығып әлектенді.Мұғалімдер сабақ сұрайды,бұл дайын емеспін дей салады.Оларда журналға тиісті бағаларын қонжитып жатыр.Тақтаға да шықпады.Өзін қор санады.Тамағына өксік тығылды.4 сабақ біткенше орнынан тапжылмай отырды.

Сабақ аяқталысымен мектептен жүгіре шықты.Еңіреп жылап үйге келді.Үйге кірсе,жаңа туфли әкеліп қойыпты.

1.2-бөлімде қандай жағдай туралы айтылды?

1.Айдос келеңсіз жағдайға тап болды.

2.Сыныптастарының барлығы Айдостың аяқ киіміне күлді.

3.Айдос бүгін сабағын әдеттегідей оқыды.

A) Үшінші

B) Бірінші

C) Екінші

D) Барлығы теріс

E) Барлығы дұрыс

2.1-бөлім бойынша Айдос қандай әрекетке ыза болды?

A) Әкесі Айдостың пікірін сұрамағанына

B) Ертең сабаққат баратынына

C) Ауданға баратын адамның болмағанына

D) Әкесінің басқа табан тігіп бергеніне

E) Туфлиінің жыртылғанына

3.Қандай мақал-мәтел Айдостың қылығына сәйкес келеді?

A) Базарда бәрі бар,ақшасыз ешкім бермейді.

B) Қалауын тапса, қар жанар.

C) Қырсыққан жігіт мал таппас.

D) Өтірік айтқаннан өлген артық.

E) Жылай-жылай жар қазсаң,күле-күле су ішерсің.

4.Айдос неліктен жылап жіберді?

A) Туфлисіз қалғанына ренжіп.

B) Бүгін басынан өткен жағдайға төзгеніне.

C) Жаңа туфли әпергеніне қуанып.

D) Ата-анасына сенбегеніне ренжіп.

E) Сабақ айтпай,тиісті баға алғанына.

Оқу сауаттылығы - оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой-толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі болып табылады.

Қорытындылай келе, педагогтік шеберлік үйрену, ізденудің жемісі, нәтижесі деп түйіндеуге болады. Сондықтан оқушымен бірлесіп әрекет етудің жаңаша үлгілерін жасай алатын мамандардың болуы – заманауи білім беру сұраныстарының бірі. Ендеше елбасымыз өз Жолдауында «Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі» деп атап өткеніндей, Мәңгілік Елдің жаңа форматты мұғалімі оқу үдерісіндегі барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағын әрдайым биікте желбірете беруіне өз үлесін қосады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму». Астана 30 қараша 2015 жыл
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші/ілгері/ деңгей бағдарламасы, 2016ж.
3. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана, 2010

УДК 658.62.018

СОВРЕМЕННЫЕ КОНЦЕПЦИИ УПРАВЛЕНИЯ КАЧЕСТВОМ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Куделько А.С.
КГЮИУ г. Семей, Восточно-Казахстанская область,
a.satyvaldieva@mail.ru

В статье рассматриваются вопросы качества образования. Понятие «качество образования» в педагогической науке определяется различным образом, так как авторы определений исходят из производственного понимания его сущности. В общих чертах качество образования представляет собой тот нормативный уровень, которому должна соответствовать «продукция» отрасли образования. Анализ различных точек зрения приводит к выводу, что однозначного определения понятия «качество образования» в настоящее время не существует, а семантика понятия представлена достоточно широко.

Ключевые слова: *качество образования, образовательное пространство, управление качеством образования, система образования, эффективность, качество, образование.*

Мақалада білім сапасы қарастырылады. Педагогикалық ғылымдағы «білім беру сапасы» ұғымы түрлі жолдармен анықталады, себебі анықтамалардың авторлары оның мәні туралы индустриалды түсінуден шығады. Жалпы білім беру сапасы нормативтік деңгей болып табылады, ол білім беру секторының «өнімдері» сәйкес келуі керек. Әртүрлі көзқарастарды талдау бүгінгі күні «білім беру сапасы» ұғымының айқын тұжырымдамасы жоқ деген тұжырымға алып келеді және тұжырымдаманың семантикасы жеткілікті деңгейде ұсынылған.

Кілттік сөздер: *білім беру сапасы, білім кеңістігі, білім сапасын басқару, білім беру жүйесі, тиімділік, сапа, білім.*

The article deals with the quality of education. The concept of "quality of education" in pedagogical science is determined in various ways, since the authors of definitions proceed from the industrial understanding of its essence. In general, the quality of education is the normative level that the "products" of the education sector must meet. Analysis of various points of view leads to the conclusion that there is no unambiguous definition of the concept of "quality of education" at the present time, and the semantics of the concept is presented widely enough.

Key words*: quality of education, educational space, quality management of education, education system, efficiency, quality, education.*

Управление качеством высшего образования это – сложный многоаспектный процесс, научное обоснование которого предполагает разработку управленческих моделей и методов, обеспечивающих развитие личности и задействование ее потенциала в созидательных инновационных процессах. При этом сам процесс управления, базирующийся на актуализации инновационного потенциала субъектов высшего образования, выстраивается на личностно-ориентированном подходе, что, в свою очередь, определяет требования к построению современных систем управления на основе гуманитарных технологий.

Понятие «качество образования» в педагогической науке определяется различным образом, так как авторы определений исходят из производственного понимания его сущности. В общих чертах качество образования представляет собой тот нормативный уровень, которому должна соответствовать «продукция» отрасли образования. Анализ различных точек зрения приводит к выводу, что однозначного определения понятия «качество образования» в настоящее время не существует, а семантика понятия представлена достоточно широко.

Так, например, В.П.Панасюк рассматривает качество образования как такую совокупность его свойств, которая обуславливает его способность выполнить выдвинутые обществом задачи по формированию и развитию личности в аспектах ее обученности, воспитанности, выраженности социальных, психических и физических свойств [1]. Т.И. Шамова, П.И.Третьяков [2] считают, что качество образования – это есть равнодействующая следующих составляющих: потребностей личности и общества, целевых приоритетов, спрогнозированного процесса и результата (стандарта). В этой группе определений речь идет *о качестве как характеристике результата* образовательного процесса, но не упоминается о качестве как характеристике самого образовательного процесса. В то же время существуют точка зрения, согласно которой, говоря о качестве образования необходимо иметь в виду и качество образовательного процесса, образовательных услуг.

Одними из первых попытались раскрыть на системном уровне сущность понятия «качество образования» в современных условиях развития образовательных систем С.Б. Шишов и В.А. Кальней. В исследовании «Мониторинг качества образования в школе» они предложили теоретическое обоснование этого важного понятия, рассматривая качество образования, с одной стороны как соответствие полученных результатов стандартам (объективная составляющая), с другой стороны, как соответствие запросам потребителя (субъективная составляющая). Там же авторы, раскрывая содержание понятия, дают еще одну трактовку качеству образования: под качеством образования понимается «степень удовлетворенности ожиданий различных участников процесса образования от предоставляемых учреждением образовательных услуг» или «степень достижения поставленных в образовании целей и задач» [3, с. 28]. Таким образом, качество образования авторами понимается как социальная категория, определяющая состояние и результативность процесса образования в обществе, его соответствие потребностям и ожиданиям общества (различных социальных групп) в развитии, формировании и развитии гражданских, бытовых, профессиональных компетенций личности. Качество образования определяется совокупностью показателей, характеризующих различные аспекты учебной деятельности образовательного учреждения: содержание образования, формы и методы обучения, материально-техническую базу, кадровый состав и т.п., которые обеспечивают развитие компетенций обучающейся молодежи.

Анализ разработки концептуальных основ в русле нашего исследования свидетельствует о необходимости построения специальной системы для эффективного управления качеством высшего образования на основе гуманитарных технологий. В исследованиях современных авторов можно отметить следующие ведущие тенденции в разработке системы обеспечения, управления качеством образования. Одни из них (Н.А. Селезнёва [4], Ж.А. Кулекеев и др. [5]) исходят из междисциплинарного подхода к анализу и оценке системы качества многоуровневого непрерывного образования, нормативной основой при этом выступают международные стандарты качества ISO серии 9000:2000. Авторы считают и мы, в свою очередь, придерживаемся мнения о том, что отдельные положения таких стандартов качества не учитывают специфику образовательных систем и без творческого осмысления не могут быть использованы на практике, так как не раскрывают целостной системы управления качеством в образовании.

Другой подход развивается одновременно с развитием образовательного менеджмента и исходит из специфики образования как системной управленческо-педагогической деятельности, из особенностей социально-деятельностного подхода к качеству образования, которое характеризуется структурностью, иерархичностью, динамичностью, связями взаимодействия обучаемых и обучающихся как субъектов образования. Качество образования рассматривается в контексте изменяющихся общественных потребностей и потребностей личности в результате образования.

Качество современного образования стало предметом исследования многих учёных (В.П. Беспалько [6], Т.М. Давыденко [7], В.Н. Максимова [8], Д.Ш. Матрос, Д.М. Полев, Н.Н. Мельникова [9], В.П. Панасюк [10], М.М. Поташник [11], А.И. Субетто [12], и др.), которые

Кәсіби өзін-өзі анықтауды түсінудің бірнеше жолы бар. Г. С. Пригиннің пікірінше, кәсіби өзіндік анықталу – бұл адам өзінің белгілі кәсіби топқа қатыстылығын саналы түрде ұғынуы. В.А. Алексеевтың кәсіби өзін-өзі анықтауда ерекше назар аударатыны – кәсіби сапаны танып, оларды өзіндік бағалауы мен оларға деген қатынасы. Л.А. Головей бұл түсінікті келесідей түсіндіреді, кәсіби өзін-өзі анықтау міндетіне тәуелді тұлғаның өзіндік санасының таңдамалы әрекеті: өзін-өзі өз кәсіби әрекетінің субъектісі ретінде саналы қабылдау.

«Кәсіби өзін-өзі анықтау» терминінің осындай интерпритациялары бір-біріне қарама-қарсы емес, олар бір-бірін толықтырып, осындай ауқымды түсініктің әр түрлі аспектілерін ашады.

А.К. Маркованың пікірінше, кәсіби өзін-өзі анықтауға жататындар;

- өзінің қасиеттерін саналы түрде игеру эталоны ретінде, адам өз мамандығының нормалары, ережелерін саналы қабылдау:

- осы қасиеттерді басқа адамдардан саналы игеру, белгілі бір абстрактпен немесе нақты әріптесімен өзін-өзі салыстыру;

- әріптестер жағынан өзін маман ретінде бағалауын есептеу;

- өзінің әр түрлі жақтарын өзіндік бағалау - өзін-өзі, өзінің кәсіби мінез-құлқын түсіну, сондай-ақ, өзін бағалау мен эмоционалды қатынас. Бұл жерде кәсіби өзіндік сана кәсіби өзіндік бағалауға сүйенеді – ретроспективті, актуалды (өзекті), потенциалды (ықтимал, мүмкіндікті), идеалды;

- өзін толығымен жағымды бағалау, өзінің жағымды қасиеттері мен болашағын (перспективасын) анықтау, бұл жағымды «Мен - концепциясына» алып келеді [4].

Адамның кәсіби анықталуы ертерек, оның балалық шағында басталады, бала ойын барысында өзіне әр түрлі мамандықтар ролін таңдап, оған байланысты әрекетті ойнап шығады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау ерте жасөспірімдік шақта аяқталады, бұл кезде адамның өміріне әсер ететін шешімді қабылдау қажеттілігі туындайды.

Е.Ю. Пряжникова кәсіби өзін-өзі анықтаудың негізгі міндеттерін айқындады:

- өзіндік анықтауға жалпы дайындығының құрылуы;

- ал жасөспірімдер мен мектеп түлектері үшін – бұл нақты мамандықты таңдаудағы көмек.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – тұлға даму үрдісінің маңызды қоғамдық жағы. Мамандық таңдау себептеріне мектептің, отбасының, қоғамдық ұйымдардың, әдебиеттің, өнердің мақсаттылы ықпалы жатады.

Кәсіби бағдарлану әдістерінің осындай жиынтығы оқушылардың кәсіби ағартуы мен кеңес беру, кәсіби қызығушылық пен бейімділігін ояту, жұмысқа орналастыру мен кәсіби бейімделу кезеңіндегі қиыншылықтардан өтудегі тікелей көмек көрсету міндеттерін шешуді камтиды. Кәсіби бағдарлану әдістерінің жүйесі тұлғаның кәсіби дамуына кең мүмкіндік береді, осы жүйеден тұлға өз әрекетінің мотивтері мен мақсаттарын алады.

Жасөспірімдердің мамандыққа деген қызығушылығы жиі өзгеріп тұрады. Бұл сыртқы факторлардың әсері нәтижесінде болуы мүмкін, мысалы, оқушылар еңбек мазмұны мен мамандықтың келешектегі көрінісі туралы жалған ой алып, немесе өз мүмкіндіктерін объективті емес бағалап, өзінің психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке алмай, өз күштерін асырып көреді. Осыған байланысты кәсіби өзіндік анықтаудың басты мақсаты - оқушының өзіндік дамуының (кәсіби, өмірлік және тұлғалық) саналы әрі дербес құрылуына, түзілуіне және іске асыруына іштей дайындығын, нақты кәсіби әрекетте тұлғалы – маңызды мәнін өз бетімен таба білуін кезең-кезеңімен қалыптастыру [5].

Оқумен қатар, еңбек әрекетінің әр түріне араласып, ол міндетті түрде өзіндік анықтау қажеттілігіне, яғни өзінің қоғамға деген пайдасын анықтайды. Сондықтан мектептегі оқу, оқушылардың өз болашақ мамандығын кемелді әрі дұрыс таңдауға алғышарт болуы міндетті.

Оқу кезіндегі өзін-өзі іздеу әрекеттері сәтсіз аяқталуы көп кездесі, бұл жерде мектептің өмірден, оқудан және тәжиребеден алшақтығы үлкен рольге ие. Еңбек әрекеті үстінде өмір тәжірибесімен бетпе-бет келген адам мектепте оқығанның көбі қажеті жоқ екенін түсінеді, ал оған қажеттісін ол өз бетімен меңгеруі тиіс болады, өйткені бұл білімді ол мүлдем алған жоқ немесе олар мектеп бағдарламасымен шектелген болатын. Бұл оқыту үрдісінде бірыңғай бағдарламаны қолдану заман талабына сай емес әрі тиімді емес, белгілі бір бағдарлама бойынша оқытуда оқушының қызығушылықтары, мақсаттары, келешегі, интеллектуалдық және тұлғалық сипаттары басты назарда болу қажеттілігінің тағы бір дәлелі болады.

Жалпы білімнің басты үш міндеті бар, олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндетінің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселе екенін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР «Білім туралы» заңы, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319
2. Саудабаева Г.С. Научно-педагогические основы профессионального самоопределения школьников в современных условиях – автореферат, Алматы, 2010
3. Бендюков М.А. Что ты должен знать о выборе профессии и поиске работы – СПб, 2012
4. Климова Е. А. Как выбирать профессию. Пособие для педагогов и психологов – Москва, 2000
5. Мухина В.С. Возрастная псхология. Учебник для студ. – Москва, 2009

ӘОЖ 310

ОТБАСЫНДАҒЫ АТА-АНАЛАРҒА ОЙ-ҚОЗҒАУ

Мамекова Ә.Т., Сүлеймен А.Б.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, №13 орта мектебі, Талдықорған қ.

Бұл мақалада отбасы туралы теориялық сипаттамалар берілген және ата-анамен жүргізілген жұмыстың түрлері көрсетілген. Осы мәселе бойынша отбасындағы ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігі мен тәрбиесінің мәндігі туралы.

Кілттік сөздер: *репродуктивтік, әлеуметтік, сезімталдық, адамгершілік.*

В данной статье приводится теоретическая характеристика семьи, а так же виды психологической работы с родителями. По этому вопросу о важности родительской воспитании и любови к детям.

Ключевые слова: *репродуктивный, социальный, чувствительность, нравственность.*

In this article produced a theoretical characteristic of the family, as well as kinds of psychological work with parents. On this issue about the importance of parental nurture and love for children.

Key words*: reproductive, social, sensitivity, moral.*

Отбасында адам өмірге келеді, тәй-тәйлап басады, бірінші қуанышы мен қиындығын кездестіреді, өседі, өнеді, одан үлкен өмірге аттанады. Осы жерде көптеген сұрақтар туындайды. Олар:

Отбасы деген не?, Оның мәні неде?, Қоғамда қандай рөл атқарады?, Әр адамға не береді? Осы сұрақтарды жан-жақты қарастырып, шешу кезінде көптеген ойшылдар, ғалымдар атсалысқан. Мысалы: ежелгі грек ойшылы Платон «Адамдар отбасын құру үшін болашақ өмірдегі серігінің қандай отбасынан шыққанын, оның әке-шешесі мен ата-бабаларын жақсы білуі қажет» деген екен. Ал, Аристотель болса, «отбасы - адамдардың қарым-қатынастарының ең бірінші түрі және ол мемлекеттің бірінші кішігірім бөлігі» деп санаған [1].

Әлеуметтану ғылымы оны былай анықтайды: отбасы дегеніміз – тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ, оның жалпы белгілері – бөтен адаммен жыныстық байланыс орнату, туысқандық қатынастар жүйесі, адамның жеке-дара адамгершілік сапаларын қалыптастырып дамыту, белгілі бір экономикалық қызметті іске асыру .

Отбасының жоғарыда келтірілген анықтамасы бойынша, ол - отбасындағы қатынастар, отбасының құрылымы мен формасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ. Отбасы ұсақ (кіші) топ ретінде мынадай негізгі функцияларды іске асырады:

-репродуктивтік (бала табу арқылы қоғамды қалпына келтіру);

-экономикалық (өндіру және тұтыну);

-қорғаныс функциясы (отбасы мүшелерінің денсаулығына, материалдық игіліктермен қамтамасыз етуге, қауіп-қатерден қорғауға қамқорлық жасау);

-балаларды оқыту-тәрбиелеу;

-эмоциялық (ерлі – зайыптылардың бірін-бірі сүюі);

-әлеуметтендіру функциясы (балаларды қоғамдық тәртіпке, мінез-құлыққа т.б. баулу).

Отбасының өзінің тарихи өзгерісіне байланысты бұл функциялардың арақатынасы да өзгеріп отырады [2].

Отбасының формасы мен атқаратын міндеттерінің (функциясының) өзгеруі, сайып келгенде, өндіргіш күштердің дамуына, яғни адамның шығу тегін айқындайтын элементтердің дамуына байланысты болады.

Алайда, өндіріс те екі түрлі болады. Бірінші жағынан – тіршілік қажеттерін: азық-түлік, киім-кешек, баспана және бұларды өндіру үшін қажетті құралдар өндіру; Екінші жағынан – адамның өзін өндіру, ұрпақты өсіру.

Қазір қоғамдағы отбасы кіші әлеуметтік топ қана емес, ол сондай-ақ құқықтық институт та болып табылады. Кіші әлеуметтік топ ретінде отбасы бірқатар міндеттерді іске асыратынын жоғарыда айттық. Құқықтық институт ретінде отбасы – туысқандық және некелік қатынастар арқылы өзара байланысты адамдар тобы. Оларға тиісті құқықтық нормаларға сәйкес белгілі бір құқықтар мен міндеттер берілген.

Философиялық тұрғыда «отбасы» - қоғамның ажырамас құрамды, өмірде зор мәні бар кішігірім ұйымы деп санаса, әлеуметтану ғыымында отбасы - некеде және қандас туыстар негізінде құрылған кішігірім топ деп берілген. Оның мүшелері бір-бірімен тұрмыстық, моральдық жауапкершілік, өзара жәрдем көрсету қарым-қатынаста болып, әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамның экономикалық базисінің дамуына байланысты өзгертіп, жекелей дербестікте болады деп көрсетеді [3].

Ал, педагогикалық – психологиялық тұрғыда отбасы – ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Отбасы» - өзіне, «неке мен қандас туысқа негізделген шағын топ» деп анықтама берілген. Оның ерекшелігі- тұрмыстың ортақтығы, өзара көмек және рухани жауапкершілік арқылы байланысқан. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланыста бола тұрса да, отбасы - қоғамдық өмірге қарағанда адамдардың белгілі дәрежедегі дербес сырлас тобы.

Отбасы өмірі материалдық және рухани үрдістермен сипатталады. Табиғи-биологиялық және шаруашылық тұтыну қатынастары оның материалдық жағын құраса, рухани жағын құқықтық, адамгершілік және психологиялық қатынастар құрайды.

Ғалым-педагогтар мен психологтардың ойынша балаға әке-шешесінің қарым-қатынасы мен олардың берген тәрбиесіне жететін өмір жоқ. Балалардың дұрыс қалыптасуы олардың отбасындағы сүйіспеншілік, кішіпейілділік, сыйластық, жауапкершілік, қайырымдылық, сезімталдық, т.б. адамгершілік қасиеттерінің даму негізіне байланысты болады.

Сонымен отбасының өзіндік даму тарихы бар. Отбасы - кішігірім мемлекет, әлеуметтік топ. Ол алғашқы адам баласы пайда болған кезеңнен бері қарай дамуда. Ертеде отбасын құру - күнкөріс қамынан, ерлі-зайып қатынасынан, ұрпақ әкелуден туындаған.

Бүгінде отбасыға мынадай анықтама беруге болады: қазіргі заманғы отбасы – ерлі-зайыпты екі адамның арасындағы некеге құрылған негізгі әлеуметтік топ, отбасыға сонымен бірге ұрпақтары (ұл-қыздары) да кіреді. Отбасының функциясы бала тауып, тәрбиелеп өсіру, ерлі-зайыптылардың жыныстық, эмоциялық сезімдерін және басқа (әлеуметтік, экономикалық) қажеттерін өтеу.

Отбасы туралы философ, педагог, психолог, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы, т.б. ғалымдар анықтама беріп, еңбектер жазып, осы проблеманың негізін қалаған.

Отбасындағы тәрбие мәселесін көптеген әлеуметтану, философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих, т.б. ғылымдардың қарастыруына байланысты көптеген анықтамаларды кезіктіруге болады. Бұл да дұрыс шығар, өйткені, барлық ғылымдарды бірдей қанағаттандыратын бір анықтама табу өте қиын. Олай болса, отбасының бірнеше анықтамаларына тоқталайық. Жоғарыда айтқандай, отбасы-жанұя-семья-үйелмен-бәрі бір ұғымды білдіреді. Сондықтан кейбір жерде отбасы, кейбір жерде жанұя деп ала береміз.

Француз ағартушысы Ж.Ж.Руссо, швейцарлық И.Г.Песталоцци, орыс педагогтары К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко,т.б.өз еңбектерінде отбасы тәрбиесін қарастырған (9, 53). Отбасы мәселелері ТМД елдерінің ғалымдары В. И. Зацепин, В. Д. Цимбалюк, Г. К. Матвеев , Ю. И. Семенов, Н. Е. Соловьев, А. Г. Хрипкова, З. Я. Янкова, ал

Қазақстанда С.Қалиев, М.Жарықбаев, Ж.Б. Қоянбаев, К. Бейсенбиева, М. Тажин, Б. Аяғанова секілді ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [3].

Жоғарыда айтып өткендей қазіргі таңда отбасында бала тәрбиесіне қоғам боп атсалысуда. Өйткені жас ұрпақты өсіретін –Отбасы. Сондықтан, балабақшада, мектепте, оқу орындарында да ата-анамен байланыста болады. Ата-анаға қажетті кеңестер, психологиялық жаттығулар және әр түрлі мәліметтер қажет.Тәжірибеде жүргізілген жаттығулардың бірі төмендегідей -**Ата –аналарға ой қозғау.**

Тақырыбы: Балаға деген махаббат.

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.

Танысу

Ортаға 3 ата-ана шақырылады. Әр ата–ана өзін таныстыру керек, өзінің атын, баласының аты-жөнін, қай сыныпта оқитынын айтып таныстырады. Мысалы: Айдай , балам Султан 2 сыныбында оқыды. Ата-аналарды 3 орындыққа отырғызу.

Ой қозғау

Ата–аналарға сұрақтар қою.

1. Есінізге түсірніші аяғыныз ауыр болғанда кезді, бірінші не туралы ойладыныз, қандай сезіміниз болды?

2. Енді баланыз өмірге келгенде алғашқы әсеріниз? Не туралы ойладаныз?

1.Енді баланыз жүре бастағанда, біз бала үшін қорқамыз да , оған барма, шықпа, секірме дейміз. Сонымен аяғын байлаймыз.

2. Енді баланыз жан-жағындағы дүниені тани бастайды, бәрін ұстап білгісі келеді. Біз оған ұстама дейміз. Сонымен қолын байлаймыз.

3. Баланың тілі шығады да, бәрін сұрай бастайды. Бұл не, мнау не негеш кезені. Баланың сұрағынан шаршаймыз да сұрама, сөйлеме айкайлама дейміз. Баланың аузын байлаймыз.

4. Көшеден әр-түрлі сөздер естіп, үйреніп келеді. Біз оған тындама, естіме дейміз. Біз сөйтіп қулағын байлаймыз.

5. Теледидардан неше-түрлі бағдарламаларды көреді де, біз оған қарама дейміз. Сонымен баланың көзін байлаймыз.

6. Баламыз даладан ұядан құлап түскен балапанды, тастанды мысықтың баласын үйге әкелген кезде біз оған қайдан әкелдің? Неге әкелдің? Алма, ұстама, деп баланың жүрегін байлаймыз.

Енді қараңызшы, осындай бала сізге ұнайма?

Ата–аналарға сұрақтар қою.

- Сіз өзінізді қалай сезініп тұрсыз? /ынғайсыз/
- Біріншіден нені босатқыларын келеді? [4]

Сөйлемді аяқтау. «Ой — өрісіңді тексер»

I топ

1) Егер баланы үнемі сынап отырса (оқуға құлқы болмайды)

1) Балаға үнемі күлсе (бұйығы болып өседі)

2) Баланы қолдап отырса (білімге деген ынтасы артады)

II топ

1) Баланы қолдап отырса (өз ісіне сенімді болады)

2) Бала төзімділікте өссе (адал болып жетіледі)

1) Бала қауіпсіз жағдайда өссе (ол адамға сеніммен қарайды)

(Әр топтың бір мүшесі оқып береді)

Осындай баладан ұяң, жасқаншақ, жауапкершілігі аз, төмен қызығушылығы жоқтық пайда болады. Сондықтан ата-аналар үйде баланың ой-пікірімен сөйлесу, әңгімелесу, жақын тарту, мұғаліммен тығыз қарым қатынаста болу ата-ананың махабатын тудырту.Ең бақытты бала болады.

VI. «Біздің жанұя»

Қоғамда жанұяның 4 типі болады екен. Жиналысқа қатысып отырған әр отбасының мүшелері өз отбастарыңызды қай типке жатқызасыздар?

1. Әмірлі (авторитарлық)
2. Демократиялық (егемендік)
3. Бетімен жіберушілік
4. Рақымшыл жанұя

Сіздің жанұя, жанұя типтерінің қайсысына жатады? (іштей ойланып, сіздің жанұяңыз сіз таңдаған типте болғаны сізді қанағаттандыра ма?... Өзгерткіңіз келмей ме? Қалай өзгертер едіңіз? Кімнің көмегі керек?) Ұсынысыңыз, қосар пікіріңіз болса, рефлексия парағына жазып қалдыруға болады.

Рефлексия парағы

Қай типті таңдадыңыз?	**Өзгерткіңіз келе ме?**	**Кімнің көмегі қажет?**
1	Иә	1)Отбасы мүшелерінің 2)Психологттың 3) Мұғалімнің 4)Тағы кім?

Отбасы мүшелелері бір-бірімен тығыз байланыста, ерекше жанашырлық, сүйіспеншілік сезімде болады. Олар бір-бірінің өміріне, тағдырына елеулі ат салыса алады. Бұл жерде бір немесе бірнеше ұрпақ отбасы болып іріктелінеді. Екі ұрпақты отбасыда: әйелі мен ерінің, әке мен шешенің, балалардың, ағалардың және қарындас, сіңлілердің рөлі негізделеді. Ал, үш ұрпақтық отбасыда ата мен әженің, ене мен атаның, күйеу бала мен келіннің, қайындар мен балдыздардың рөлі қосылады[5].

Отбасындағы ата мен баланың қарым-қатынасына ешкімнің күмәні жоқ. Ана баланы өмірге әкеледі, ақ сүтімен тамақтандырып, әлдилейді, өсіреді. Ал, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасқа әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдар бар. Біреулер-балаға әкесі әйелі арқылы байланысады десе, екіншілері әке мен баланың байланысы тек экономикалық және эмоционалдық көмекте дейді, ал үшіншілері «Әкенің баласына деген ниеті, жасаған жақсылығы- олардың анасын сүюі» деген ойда. Қалай болса да әкенің рөлі ананың рөлінен кем болмауы керек. Ол тек әр адамның жауапкершілік сезіміне байланысты болады. Әр жас ерекшеліктегі баланың дамуына байланысты әрекет жасауға, жан-жақты тәрбиелеуге ата-ананың міндеті болып табылады. Бала ата-анадан бір нәрсе сұраса «Өзің жаса!», «Білмеймін», «Уақытым жоқ» деп жауап беріп құтылудың амалын ойлап отырғаннан аулақ болу қажет. Отбасында ата-ана балаға әрқашан жылы лебіздері мен махаббаттарын сездіріп, сенім ұялатып, көңіл бөлуі қажет. Сонда баланың ата-анасына деген табандылық күшейеді. Жағымды мінез-құлық пен тәрбиенің ықпалы бойына дарйды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы, 2006
2. Бегалиев Т.Б. «Педагогика» Лекциялар курсы, Тараз, 2002
3. Латышина Д.И. «История педагогики» М, 2003
4. Жарыңбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.
5. Қожахметова К.Ж. Сынып жетекшісі. –Алматы: Әлем,2000.

ӘОЖ 370

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІ

Мұратбаева Б., Жунусова А.А.
№15 орта мектеп, Талдықорған қ.

Мақалада зерттеу жүргізудің интерактивті формалары мен әдістері, оларды қолдану ерекшеліктері, интерактивті білім берудің жалпы нәтижелері мен әсерлері талқыланады.

Кілттік сөздер: *интерактивті оқыту әдістері, интерактивті оқыту интерактивтілігі, интерактивті технологиялар.*

В статье рассматриваются интерактивные формы и методы проведения занятий, особенности их применения, общие результаты и эффекты интерактивного обучения.

Ключевые слова: *интерактивные методы обучения, интерактивная интерактивность обучения, интерактивные технологии.*

The article considers interactive forms and methods of conducting classes, features of their application, general results and effects of interactive learning.

Key words: *interactive teaching methods, interactive teaching interactivity, interactive technolo- gies.*

Жоғары білім жүйесіндегі өзгерістерге байланысты инновациялық тұлғаны дамыту - білім парадигмасын дамыту, адамның интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін өмірдің барлық салаларында шығармашылық қызметке пайдалану қажеттілігі. Жоғары білім беру саласын күрделі трансформациялаудың маңызды элементтерінің бірі құзыреттілік тәсіл мен кредиттік жүйені міндетті түрде жүзеге асыру арқылы екі деңгейлі білім беру жүйесіне көшу болып табылады. Федералдық мемлекеттік білім беру стандарттары мен нормативтік құжаттардың талдауы білім беру жүйесінің мұндай өзгеруі білім беру процесіне қойылатын талаптардың өзгеруіне әкеп соқтырды. Осы өзгерістердің бірі студенттерді оқыту үдерісінде оқытудың интерактивті әдістерін қолдану талабы деп санауға болады.

Интерактивті оқыту әдістемесі - жоғары білім берудегі студенттерді кәсіби даярлауды жетілдірудің маңызды құралдарының бірі. Мұғалім енді өз пәні бойынша құзыретті болу үшін, сыныпта теориялық білімдерді беру жеткіліксіз. Қазіргі заманғы оқу үрдісіне сәл өзгеше келу керек.

Интерактивті әдістер (ағылшын тілінен өзара әрекеттесу - өзара әрекеттесу, бір-біріне әсер ету) оқушылардың өзара қарым-қатынасына негізделген оқу әдісі болып табылады.

Интерактивті оқыту - танымдық белсенділікті ұйымдастырудың ерекше түрі, танымдық әдіс, студенттердің бірлескен белсенділігі түрінде жүзеге асырылады. Барлық қатысушылар бір-бірімен өзара әрекеттеседі, ақпарат алмасады, проблемаларды бірлесіп шешеді, жағдайды имитациялайды, басқалардың әрекеттерін бағалайды өз мінез-құлқын, проблеманы шешу үшін іскерлік ынтымақтастықтың шынайы жағдайына сіңірді. Мақсаттардың бірі - оқу процесін өнімділікті арттыратын оқушы табысты сезінетін, интеллектуалды болып табылатын ыңғайлы оқу орталарын құру.

Оқу үдерісі іс жүзінде барлық студенттер таным процесіне қатысады, олар білетін және ойланатын нәрселерді түсінуге және ойлануға мүмкіндік береді. Интерактивті әдістердің ерекшелігі өзара әрекеттесу субъектілерінің, эмоционалды және рухани бірлестіктердің өзара әрекеттесуінің жоғары деңгейі болып табылады. Сыныптағы интерактивті іс-әрекеттер бес негізгі элементке: оң өзара тәуелділікті, жеке жауапкершілікті, өзара іс-қимылды жеңілдету, командалық жұмыстың дағдыларын және командалық жұмысты қамтиды.

Бизнес жүргізудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытушы мен тыңдаушы арасындағы өзара әрекеттесудің өзгеруі: мұғалімнің қызметі тыңдаушылардың жұмысына жол ашады, мұғалімнің тапсырмасы олардың бастамасы үшін жағдай жасау болып табылады.

Интерактивті - өзара әрекеттесу немесе қайтадан жұмыс істеу қабілеті. Әңгіме, бір нәрсемен диалог (мысалы, компьютер) немесе біреу (адаммен). Сондықтан интерактивті оқыту, ең алдымен, өзара әрекеттесу жүзеге асырылатын интерактивті оқыту болып табылады.

Интерактивті оқыту барысында студенттер сыни тұрғыда ойлауға, жағдайды және тиісті ақпаратты талдау, балама пікірлерді өлшеп, ойланатын шешімдер қабылдау, пікірталасқа қатысуға және басқа адамдармен араласуға негізделген күрделі мәселелерді шешуге үйретеді. Мұны орындау үшін топтар мен топтық жұмыс сыныпта, ғылыми жобаларда, рольдік ойындарда пайдаланылады, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасалады, шығармашылық жұмыс қолданылады.

Оқушы оқу процесінде толық қатысушы болып, оның тәжірибесі білім берудің негізгі білім көзі болып табылады. Мұғалім дайын білім бермейді, бірақ қатысушыларды өзін-өзі іздестіруге шақырады және жұмысқа көмекші қызметін атқарады.

Ең алдымен сабақ өткізудің интерактивті формалары:

- студенттердің қызығушылығын ояту;
- оқу процесіне барлығының белсенді қатысуын ынталандыру;
- әрбір студенттің сезімін көрсете білу;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге үлес қосу;
- студенттерге көп қырлы әсер ету;
- кері байланыс (аудиторияға жауап беру);
- оқушылар арасында пікірлер мен көзқарас қалыптастыру;
- өмірлік дағдыларды қалыптастыру;
- мінез-құлқының өзгеруіне ықпал етеді [1].

Интерактивті білім беру технологияларын қолданумен оқыту, оқыту үрдісінің әдеттегі логикасынан ерекшеленеді: теориядан тәжірибеге емес, жаңа тәжірибені қалыптастырудан бастап оны қолдану арқылы теориялық түсінуге дейін.

Т.С. Панина және Л.Н. Вавилова [2] келесі жалпы нәтижелерді ажыратады және интерактивті оқытудың әсері:

1. Интерактивтік оқыту әдістері процесті күшейтуге мүмкіндік береді, практикалық тұрғыдан шешуде білімін түсіну, меңгеру және шығармашылық қолдану тапсырмалар.Тиімділік студенттерді білім алуды ғана емес, сонымен қатар тікелей («мұнда және қазір») пайдалану процесіне белсенді тарту арқылы қамтамасыз етіледі. Егер интерактивті оқыту нысандары мен әдістері жүйелі түрде пайдаланылса, студенттер ақпарат алудың тиімді тәсілдерін дамытады, қауіп-қатер дұрыс емес болжам жасау үшін жоғалады (өйткені қате теріс бағалауға әкелмейді) және мұғаліммен сенімді қарым-қатынас орнатады.

2. Интерактивті жаттығулар талқыланған мәселелерді шешуге қатысушылардың ынталандырылуын және тартылуын арттырады, бұл кейінгі кезеңде эмоционалды ынталандырады, қатысушылардың іздестіру әрекеті, оларды нақты іс-қимылға, процеске ынталандырады, оқыту мағыналы болады.

3. Интерактивті оқыту бірегей ойлау қабілетін қалыптастырады проблемалы жағдайды, оның шығуын көру; өз ұстанымдарын ақтайды, олардың өмірлік құндылықтары; басқа тыңдай білу қабілеті сияқты қасиеттерді дамытады, көзқарас, серіктестік қарым-қатынас, серіктестік қарым-қатынас жасау, бұл толеранттылық және олардың қарсыластарына қатысты ізгі ниет.

4. Интерактивті оқыту әдісі әдістерді беруді қамтамасыз етеді. Іс-шараларды ұйымдастыру, қызметтің жаңа тәжірибесін, оның ұйымдастырылуын, қарым-қатынасын, тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Интерактивтік іс-шаралар тек қана өсімді қамтамасыз етпейді білімі, дағдылары, әрекеттесу және қарым-қатынас әдістері, сондай-ақ ақпаратты

ашу, оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктер - бұл болудың міндетті шарты және қатысушыларды қосу арқылы құзыреттілікті арттыру жеке және ұжымдық тәжірибе жинақтау, құндылықтарды іске асыру және қабылдау.

5. Интерактивтік оқыту технологияларын қолдану білімді меңгеруді бақылауға мүмкіндік береді және алынған білім, дағдыларды әртүрлі жағдайларда икемді және адамгершілікке қолдану мүмкіндігін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кукушкин В. С. Теория и методика обучения. – Ростов н // Д.: Феникс, 2005, – 474 с.
2. Панина Т. С., Вавилова Л. Н. Современные способы активизации обучения. — М.: Академия, 2008. – 176 с.

ӘОЖ 591.3.044

БИОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫН ДАЯРЛАУДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Оксикбаев Б.К., Елтаева А.А., Тұрсыбаева Т.М.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
alua_eltaeva@mail.ru

Бұл мақалада биология мамандығын даярлауда оқытудың жаңа технологияларын қолданудың тиімді тұстары талданған және тиімді әдістерді қолдану мысалы көрсетілген.

Кілттік сөздер: *жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлау, оқуды бағалау, білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.*

В данной статье анализируется применение эффективных методов и новых технологий обучения в подготовке специальности биология.

Ключевые слова: *новые подходы, критическое мышление, оценивание обучения, использование информационно-коммуникационных технологий, обучение талантливых и одаренных детей.*

This article analyzes the application of effective methods and new technologies in the preparation of specialty biology.

Key words: *new approaches, critical thinking, evaluation of training, use of information and communication technologies, teaching talented and gifted children.*

Еліміздің білім сапасын арттыру және жетілдіру мақсатында республика деңгейінде түрлі стратегиялық жоспарлар құрылып, жүзеге асыру жолға қойылған. Осындай әрекеттердің бірегейі «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік Орталығымен танымдық бағдарламалар бойынша құрастырылған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыратын курстар.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру сауатты, жан-жақты маман даярлауға жол ашпақ. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының кәсіби деңгейін жоғарылата отырып, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [1-3].

Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім жағдайлары орын алады.

Тиімді оқыту бойынша курс мазмұны жан жақты тақырыптарды қамтыған. Біліктілікті арттыратын курстарының тиімді тұстары көп.

Біріншіден, оқытудың жаңартылған мазмұнын талқылап, озық технологияларды пайдалану ерекшеліктері қарастырылған.

Екіншіден, бағалаудың критериалды технологиялары жайлы мәліметтер жан-жақты қамтылған..

Үшіншіден жаңа оқыту тәсілдерін (топтық жұмыс, диалогтық оқыту т.б.) игеруге аса мән берілген.

Жаңаша форматтағы сабақтар өткізу арқылы студенттердің сабаққа деген қызығушылықтарын дамыта түсуге болады. Оқытудың жаңаша технологияларын қолданудың негізгі мақсаты: үйрете отырып, үйренуге дағдылану; бағыт-бағдар беруде түрлі амал-тәсілдерді қолдана білетін деңгейге жету; оқытушы мен студент, студент пен студент арасындағы шығармашылыққа бағытталған, ынтымақтастық қарым-қатынас Оқытудың жаңа тәсілдерін қолданып сабақ өткізуге дағдылану дәстүрлі түрде білім алып, білім беріп үйреніп қалған оқытушылар үшін де, студенттер үшін де қиын болары сөзсіз. Себебі мұнда оқытушы аз сөйлейді, есесіне студент көп сөйлейді, өз білімін жетілдіреді, өз ойын еркін айтады. Бағдарлама бойынша оқытушы бағыттаушы ғана, ал студент бағытталушы. Бұл бағдарлама 7 модульден тұрады.

Жаңа бағдарлама оқытушыларға қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1.Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.

4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.

7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Қолданылған әдіс тәсілдер. Дауыстап ойлану Сұраққа жетіп ал Сергіту сәті «Ит па мысық па» ойыны қолданылады. Шахмат әдісі, «Ыстық орындық» [4-6].

Адам және жануарлар физиологиясы пәнінен оқытудың жаңа технологияларын пайдалану, соның ішінде жоғарыда талған жеті модулді қамти білім беру білім сапасын арттыруы сөзсіз.

Осы орайда аталмыш пәннен қысқа мерзімді жоспар құрып дәріс сабағын өттік (1-кесте).

Кесте 1. Қысқа мерзімді жоспар

Сабақ тақырыбы	**Қан жүйесі. Қан топтары**
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Қан жүйесі, қан топтары, резус фактор жайлы мағлұматармен танысып, талдайды.
Сабақтың түрі	Дәріс
Сабақ мақсаттары	Барлығы: Студетттер қанның формалық элементтерінің қызметін үйренеді Көпшілігі: Студеттер қан топтарын ажыратады. Кейбіреуі: Студеттер плазманың организмдегі рөлін, резус фактор жайлы мағлұматы талдайды.
Бағалау критерийлері	- Қанның формалық элементтерінің қызметін сипаттайды. - Аглютиноген және аглютининдерді ажыратып қан топтарын анықтайды. - Плазманың организмдегі рөлі, резус факторларды анықтап, механизмін түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар	**Пәнге қатысты лексика мен терминология** Гомеостаз, плазма, эритроциттер, гемоглобин, гемолиз, лейкоциттер, тромбоциттер, қан топтары, резус фактор түсініктерін игереді. **Жазылымға арналған тіркестер:** Өткен тақырып бойынша түсініктер мен терминдерді қатесіз, орынды жаза алуға үйренеді.

Құндылықтарды дарыту	Осы тақырыпты оқыта отыра студенттерді қан тазалығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру, жеке бастың гигиенасын сақтауға тәрбиелеу	
Пәнаралық байланыстар	Химия, физика, экология.	
АКТ қолдану дағдылары	Сабақ кезінде студенттерге тақырыпқа байланысты бейнеролик , презентация көрсету.	
Бастапқы білім	Цитология және гистология, тарау дәнекер ұлпалар	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
1	**2**	**3**
Сабақтың басы **3-мин** **3 мин**	**I. Студенттермен сәлемдесу** **«Қысқаша ролик көрсету»** (Қан құюшы донор) Осы ролик арқылы студенттер сабақ тақырыбын анықтайды. Студенттердің ойларын тыңдағаннан кейін сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттары айтылады. **II. Студенттерді топқа біріктіру**. Студенттерге «эритроцит», «тромбоцит», «лейкоцит», «гемоглобин», «плазма» деген сөздер жазылған карточкалар таратылады. Студент таңдауы бойынша сәйкес топқа отырады.	Ролик https://www.youtube.com/watch?v=js1CdjuoA8I
Сабақтың ортасы **10 мин** **5 мин** **5 мин** **5 мин** **6 мин**	**III.Топтарға тапсырмалар беріледі**. **Мәтінмен жұмыс жасайды** **(Дауыстап ойлану)** **1-топ. Эритроцит» :** Эритроциттердің қызметі **2-топ. Тромбоцит:** Қан плазмасы, қызметі тромбоцит **3-топ.** Лейкоцит: Лейкоцитердің түрлері қызметі **4-топ.** Гемоглобин,қызметі. **5-топ.** Тромбоциттер, қанның ұюы. **IV. «Сұраққа жетіп ал»** әдісімен топ мүшелеріне сұрақ, жауап алады. (1- сұрақ. Қан топтарын қалай ажыратуға болады? 2-сұрақ. Резус факторды анықтаудың маңызы неде? 3-сұрақ. Қан жоғалтқан адам келді, сіз дәрігер болсаңыз қан тобын қалай анықтайсыз? 4-сұрақ. Қанның физикалық-химиялық қасиеттерін сипаттаңыз 5-сұрақ. Қанның ұюы қалай жүзеге асады, мысал келтіріңіз 6-сұрақ. Кім қанның ұю процесінің механизмін толықтырады?) Әр топ бірін-бірі бағалайды. **(Бас бармақ)** **V. Сергіту сәті** «Ит па мысық па» ойыны қолданылады. Студенттерге: Қанның формалық элементі эритроцит па деп бір тарапқа, тромбоцит па деп екінші тарапқа сұрақ қойылады. Сұрақ екі тарапқа кезекпен тарап оқытушыға қайтып келуі керек. **VI. Бейнефильм** (Қан топтары, химиялық, физикалық қасиеттері, қанның ұюы, резус факторлар жайлы) Студенттер бейнероликті көріп болғаннан кейін жұптық жұмыс жасайды. **VII. Жұптық жұмыс:** **Бейнефильмді талқылау (Шахмат әдісі)** **Тапсырма:**	5 слайд **Бейнефильм** https://www.youtube.com/watch?v=B_5nWpdJ8RQ

Сабақтың соңы Қорытындылау кезеңі **5-мин** **3 мин**	Топ мүшелері алынған сұрақ төңірегінде жеке қайталанбайтын түсініктерді шахмат тақтасының ақ торшаларына жазып, толтырулары қажет және бір біріне түсініктеме берулері керек . **VIII. «Ыстық орындық»** Сабақты жақсы түсінген студент ортаға отырады, студенттерге өздерің түсінбеген сұрақты қойыңдар дейміз. Студенттің жауабын толықтыруға болады, **IX. Кері байланыс: «Сұрақ қорытынды» стратегиясы** 1Бүгінгі сабақтағы басты ұққаныңыз? 2Не қызықты болды? 3Бүгінгі сабақтан не үйрендіңіздер, қандай жаңалық алдыңыздар? (1-сұраққа бірнеше студент жауап бере алады)	
Саралау – студенттерге қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары студенттерге қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – студенттердің материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Тілдік қабілеті жоғары студенттер тілдік қабілеті төмен студенттермен араластырылып отырғызылады. Қабілеті жоғары студенттер ой қорытынды жасайды, тапсырмалар бойынша 3-тен артық дәлелдер келтіре алады	Сабақтың әр кезеңінде студенттердің материалды меңгеруі қандай деңгейде екенін анықтау үшін бағалау критерийіне сәйкес топтар өзара бір-бірін бағалайды, оқытушы студенттерді өзі бағалайды, студенттер өзін-өзі бағалайды.	Компьютерді, ноутбуктерді тек тапсырма кезінде аз уақыт жұмыс жасап өшіру, интерактивті тақтаны қажет емес уақытта сөндіріп қою.

1-кестенің жалғасы

1	2
Сабақ бойынша рефлексия *Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?* *Студенттердің барлығы ОМ қол жеткізді ме?* *Жеткізбесе, неліктен?* *Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?* *Сабақтың уақыттық*	*Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.* Оқу мақсаттары дұрыс құрылған. Барлық студенттер бүгінгі сабақта белсене араласып өз мақсаттарына жетті. Сабақ уақыттар берілген минут кестелеріне байланысты нақты сақталды. Сабақ кезінде сабақ жоспарынан еш ауытқулар болмады.

кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	

Жеті модулді қамтыған бағдарлама бойынша өткізілген сабақтар барысында төмендегідей жетістіктер байқалды: — Студенттер өз беттерінше шығармашылықпен ізденуге үйренеді; — Қойылған мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады; — Бір- біріне нақты, жүйелі сұрақтар қоюға машықтанды; — Сабақ барысында студенттерде ерекше белсенділік, талпыныс пайда болады. — Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық істеу дағдылары дамиды. Алдағы уақытта жаңаша оқытудың тиімді әдіс -тәсілдерін қолдану арқылы жоғары жетістіктерге жетіп, нәтижелі жұмыстар көрсетуге болатынды. Дәстүрлі және дайын мәліметті беру арқылы оқытуға қалыптасқан студенттер, өз бетінше ізденіп, қосымша мәліметтер жинақтап, өз жұбын оқытуға, топта талқылауға, өз пікірлерін тиімді фактілер арқылы қорғай білуге, топтық жұмыс барысында өзін еркін ұстауға үйренеді.

Кері байланыс кезінде төмендегі сұрақтар қойылды:

1. Бүгінгі сабақтағы басты ұққаныңыз?
2. Не қызықты болды?
3. Бүгінгі сабақтан не үйрендіңіздер, қандай жаңалық алдыңыздар?

Студенттерге білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер қатты ұнағандығы, оларда үлкен қызығушылық пайда болғандығы кері байланыстан белгілі болды.

Рефлексия негізінде оқытушы өз сабағына сараптама жүргізіп, кемшіліктерін толықтырып, сапалы білім беру үшін шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік болады.

Қорыта айтқанда, білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізу үшін білімгерлердің алған білімін оқу және тәжірибелік қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыратын оқытудың тиімді технологияларын енгізу заман талабы.

Дамыған елдердің білім саласындағы сарапталып алынған инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек оқытушының шеберлігін шыңдай түсуімен артпақ. Олай болса, әр оқытушы оқытудың жаңа технологияларын игеріп, іскерлік дағдыларын жетілдірулері қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Есмаханова У. А., Абиева Г. У. Болашақ мамандарға заманауи білім кеңістігін қалыптастырудағы деңгейлік бағдарламаның маңыздылығы // Молодой ученый. — 2016. — №12.1. — С. 28-30.

2. Фостер К. Вводные вопросы для активизации критического мышления. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, том 5, №4, октябрь, 2004. - С. 38-43.

3. Йоренсен Л., Хансен С. Оценка рефлексии с помощью портфолио. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2004, том 5, № 4.- С. 5-11.

4. Қазақстан республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Студентке арналған нұсқаулық, бірінші басылым. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері», 2015. – 183 б.

5. Краевский В. В., Хуторской А. В. Основы обучения: Дидактика и методика. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «Академия», 2007. — 352 с.

6. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. — М.: ИНТОР, 1996. — 544 с.

ӘОЖ: 374.3

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Оналбекова Б.Н., Майлыбаева Г.С.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
balzhan_0414@mail.ru, gulmirasabyr@mail.ru

Бұл мақалада білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі қарастырылған.

Кілттік сөздер: *білім беру саласы, халықаралық тәжірибе, инклюзивті білім, сапалы білім.*

В этой статье рассматривается равенство всех прав на качественное образование для основных принципов государственной политики в области образования.

Ключевые слова: *образование, международный опыт, инклюзивное образование, качественное образование.*

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған өзекті мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Халықаралық тәжірбиеде арнайы және инклюзивті білім беру әртүрлі білім беру қажеттілігіне ие тұлғаларға тең дәрежеде білім алу мүмкіндігін қамтамасыздандыру үшін ұйымдастырылады және дамиды. Қазақстандағы білім беру жүйесі ортақ білім беру кеңістігі шеңберінде білім алу қажеттіліктері айрықша балалардың әртүрлі категориясымен мақсатты түрде жұмыс жасауды қарастырады. Бұл жүйенің барлық элементтері білім алушылардың сапалы білім алуында тепе-теңдікті қамтамасыздандырып, үздіксіз қағидаларының есебінен өзара әрекет етуі тиіс.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады. Республикадағы арнайы білім беру жүйесінің бастапқы буыны, баланы оқыту мен тәрбиелеу, әлеуметтендіру, түзете-дамытудың бағыт- бағдарын айқындау психологиялық-медициналық-педагогтік консультация міндеті болып табылады [1].

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвециясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Неміс педагог-дефектологы П. Шуман: Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек деген екен. Яғни, инклюзивті білім беруде мұғалімдерге үлкен талап қойылады. Ерекше қажеттілігі бар балаларды, қалыпты балалар қатарына қосу ұстаздар қауымының түзете-дамыту жұмысының нәтижелігі деп білеміз [2].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы «Инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін бекіту туралы» № 534 бұйрығымен бекітілген 2015-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенінің жүзеге асыру барысында, облыста инклюзивті білім беру жүйесін еңгізу бағытында ауқымды шаралар атқарылуда [3]. Бүгінгі күнде, ПМПК статистикалық көрсеткіші бойынша, жылдан-жылға ерекше қажеттілігі бар балалардың саны артып келеді. Инклюзивті білім беру бойынша, дамуы қалыпты санаттағы балалармен бірге білім алуды және тең қолжетімділікті көздейтін ерекше қажеттіліктерге ие балалар Алматы облыс бойынша, ПМПК-ның статистикалық есебі бойынша туылғаннан 18 жасқа дейінгі 10 527 ерекше қажеттіліктерге ие балалар анықталып отыр. Бүгінгі күнде, мектепке дейінгі жастағы балаларға, мектепке дейінгі мекемелерден арнайы топтар ашылып, атап айтсақ, Талдықорған қаласындағы №11 «Құлыншақ» құрама үлгідегі ясли-балабақшасында нашар көретін балаларға арналған 60 орынды құрайтын 4 топ, № 2 балабақша құрама үлгідегі ясли-балабақшасында тілінде кемістігі бар балаларға арналған 50 орынды құрайтын 4 топ, Панфилов ауданының «Таңшолпан» мемлекеттік, «Марат» жекеменшік және Талғар ауданында «Еркем-ай» жекеменшік балабақшасында 6 топта 58 бала қамтылған. Қарасай ауданындағы «Инклюзивный детский сад Mega Vector» балабақшасында психикалық дамуы тежелген балаларға арналған 1 топта 6 бала тәрбиеленуде. Биылғы оқу жылында, облыстың жалпы білім беретін мектептерде 198 дефектолог, 146 логопед мамандары мен қамтылып, түзету жұмыстарын жүргізуде. Инклюзивті білім беру барысында оқыту, тәрбиелеу және оңалту жұмыстары қатар жүретіндіктен басты мәселе- тиісті кадрлармен қамту және сол мамандардың өз білімі мен тәжірибелерін ортаға салып, инклюзивті білім беруді жүзеге асыруына мүмкіндік жасау болып отыр.Ол үшін әрбір мектеп инклюзивті білім беру мәселесімен жіті араласу керек. Инклюзивті білім беру беруде көбіне жалпы білім беретін мекемелерде психикалық дамуы тежелген балалар кездеседі. Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына кемтар балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн [4]. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Тәжірибе көрсеткеніндей, қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді;

адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді.

Қазіргі таңда, инклюзивті оқыту бойынша кедергісіз аймақ құрылғанымен, көптеген шешімін таппай тұрған мәселелер де бар. Атап айтсақ, қоршаған ортаның инклюзивті білім беруге қарсы көз-қарасы, ана-аналардың қалыпты балалар мен ерекше қажеттілігі бар балалармен бірігіп оқуына қарсылығы, ерекше қажеттілігі бар балалардың бағдарламасының басқа болуына байланысты мұғалім ол балаға көңіл аударғанда басқа балалардың көңіл аударуы, инклюзивті білім беруге ұстаздардың педагогикалық тұрғыда дайын еместігі орын алып отыр. Ең алдымен инклюзивті білім беру қарқынды дамуы үшін, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; ерекше қажеттілігі бар балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; ерекше қажеттілігі бар балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы бір жүйелілікке келтіру жөн.

Ойымды қорытындылай келе: қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің өмірін лайықты қамтамасыз ету үшін ең бірінші біздің мейіріміміз, қамқорымыз, көмегіміз қажет. Сондықтан бізге өте жауапты миссия жүктеліп отыр – ерекше қажеттілігі бар балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету. Білім адамның табысқа жетуінің әлеуметтік сатысы. Ендеше түзете білім беру - даму мүмкіндігі шектеулі балалардың еркіндікті сезініп таза ауамен тыныс алуына мүмкіндік беретін саты.

Бұл мәселелер тағдыр тәлкегіне түскен мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсету заңының іске асуына ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ.Жұмасова Психология Астана -2006ж
2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
3. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020ж жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.Астана, 2010ж
4. Республикалық педагогикалық –әдістемелік журнал. Әлеуметтік педагог №4, 2010 ж.

ӘОЖ 612.825.8

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫРЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БЕЙІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Оразбаев М.М.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақала жоғары сынып оқушыларының жүрек-қантамырлар қызметіндегі бейімділік көрсеткіштерін зерттеудің нәтижесі туралы.

Кілттік сөздер: *жаттығулар, организм, гомеостаз, пульс, артериялық қысым, максимал, минимал қысым, қалпына келу, демалыс динамикасы, С.П.Летунов сынамасы.*

Статья посвящена результатам исследования адаптационных изменений сердечно-сосудистой системы старшеклассников.

Ключевые слова: *упражнения, организм, гомеостаз, пульс, артериальное давление, максимальное, минимальное давление, реставрация, динамика отдыха, выборка С. П. Петунова.*

The article is sanctified to the results of research of adaptation changes of the cardiovascular system of senior pupils.

Key words: *exercises, organism, homeostasis, pulse, arterial pressure, maximum, minimum pressure, restoration, recreation dynamics, SP Petunov's sampling.*

Дене тәрбиесімен шұғылданғанда жасөспірімдердің жүрек-қантамырлар жүйесі бұлшық еттер жұмысына бейімделетіні белгілі. Бейімделу процесі жағымды морфологиялық-функциялық өзгерістермен білінеді. Жүктемелер жасөспірім мүмкіндігінен артық болатын болса, жаттығу сабақтары жүрек-қантамырлар жүйесіне жағымсыз морфологиялық-функциялық өзгерістер беруі мүмкін [1].

Дәрігерлік-педагогикалық бақылауда жүрек соғысы жиілігін немесе пульсті санау және бағалау өте маңызды болып келеді. Пульс деп артерия қабырғаларының жүрек соғысы жиілігіне орай ырғақты тербелістерін айтады. Жүректің сол қарыншасынан лақтырылған қан қолқа тамырдың қабырғасын созады, созылған жерінің серпімді толқыны артерия қабырғасымен шетке қарай тарайды да, саусақпен басқан кезде толқын болып сезіледі [2].

Пульсті шыбық артериясын басып санайды. Егерде шыбық артериясынан пульсті зерттеу қиындық туғызса, күре тамырдан тексеруге болады. Пульсті 10, 15, 20, 30 сек ішінде саналады және бір минутқа келтіріледі.

Бапкер пульстің жиілігін міндетті түрде білу қажет. Дені сау ересек адам пульсінің жиілігі минутына 60-80 рет. Пульс жиілігіне адам денесінің қалпы, жасы мен жынысы әсер етеді, жатқан кезде адамның пульсі 10 ретке сирек болады.

Қан қысымының максимал, минимал дәрежесін айырады. Максимал қысым жүректің сол қарыншасының систоласы кезінде жасалады. Оның деңгейі систола күшіне тәуелді. Минимал қысым жүректің сол қарыншасының диастоласы кезінде жасалады [3].

Пульстік қысым, максимал қысым мен минимал қысым айырмасы болып келеді. Пульстік қысым қанша көп болса, жүректің соқпалы көлемі сонша көп болады. Дені сау адамдардың қалыпты максимал қысымы 100-140 мм, минимал қысымы 60-80 мм.

Жүрек-қантамырлар жүйесі қызметін ең алдымен адамның тыныштық күйінде зерттейді. Ал жүрек жұмысын артериялық қысым арқылы бағалау үшін әртүрлі жүктемелер беру қолданылады және онан кейін олардың қайта қалыпқа келу жылдамдығын анықтайды. Осы сияқты зерттеулер функционалдық сынамалар болып табылады. Функционалдық сынамалар жүрек-қантамырлар функциясы туралы мағлумат береді, солардың ішінде С.П.Летунов сынамасы кеңінен қолданылады [4]. Сынама былай жүргізіледі: алдымен пульс пен артериялық қысым тыныштық күйде өлшенеді. Осыдан соң зерттелушіге 20 рет отырып-тұру жаттығуы беріледі. Қайта қалыпқа келу реакциясын әрбір минут сайын тіркейді және 3 минут бақылайды. Екінші жүктеме бір орында тұрып 15 сек бойы шапшаң жүгіру болып келеді. Қайта қалыпқа келуін 4 мин бақылайды. Үшінші жүктемеге бір орында 3 мин бойы жиілігі минутына 180 адым болатын жүгіріс жатады. Қайта қалыпқа келу уақыты 5 мин. Белгіленген уақыттың әрбір минутында жүрек соғысы жиілігі мен артериялық қан қысымы өлшенеді, хаттамаға тіркеледі. Сынама барысында зерттелушінің арыз-шағымдары анықталып отырады.

Дене жұмысын атқарған кезде пульс пен артериялық қысым бір бағытта өзгереді: пульс жиілейді, қысым көтеріледі. Дене жұмысына ең алдымен максимал қысымның көтерілгені оң реакция саналады, себебі жүрек күші артады. Осы реакцияға сәйкес шеткі артериялар өзектері кеңейеді, нәтижеде қан жүрісіне кедергі азайып, минимал қысым төмендейді. Максимал қысымның көтерілуі, минимал қысымның төмендеуі, шеткі қантамырлар кедергісінің азаюы, ұлпалар қанайналымын жақсартады. Пульстық қысымның көтерілгені жүректің соқпалы көлемінің көбейгенін көрсетеді.

Нормалы жағдайда барлық функционалдық өзгерістер бастапқы қалпына 3-5 мин арасында қайтып келгені дұрыс және бұл процес қанша шапшаң болса, жүрек-қантамырлар

жүйесінің қызметі сонша жақсы деп саналады, ал реакциясы нормотониялық деп аталады. Жұмыс қарқынына орай пульс пен артериялық қысым өзгерістері сонша айқын болады.

Пульс пен артериялық қысымның көтерілген шамасы қалпына қанша шапшаң келсе, жүрек-қантамырлар жүйесінің функционалдық күйі сонша жоғары деп бағаланады және дене жұмысына жақсы бейімділгенін көрсетеді [5]. Пульстің және артериялық қысымның бастапқы қалпына келу уақыты зерттелушінің жаттыққандық қасиетіне де байланысты.

Біздің жұмысымызда жасөспірімдердің артериялық қан қысымы тыныштық күйде 102/57 мм болып, 20 рет отырып-тұрған жұмыстан кейін көтеріліп, 3 мин демалыста қайта қалпына келді. Екінші жаттығудан соң қан қысымы алғашқы минутта 117/57 мм дейін көтерілді (P<0,01), ал демалыс кезеңінің 4 минутында 102/60 мм дейін төмендеп, тыныштық күйдегі шамасына дәл келді (P>0,01). Үш минуттық жүгіріс жаттығуынан соң артериялық қан қысымы өте жоғары деңгейге жетті - 124/54 мм, ал демалыс кезеңінің бесінші минутында 101/62 мм дейін төмендеді, демек, қайта қалыпқа келді. Табылған деректер жасөспірімдер жүрек- қантамырлар жүйесінің бірден-бір объективті көрсеткіші болып келетінін және дене жүктемелеріне жақсы бейімделгенін көрсетеді (1 кесте).

1-кесте. Жасөспірімдер артериялық қысымының дене жүктемелеріне бейімделу сипаттамасы (С.П.Летунов сынамасы негізінде)

Ортақ дәрежесі және статистикалық ауытқулары	**Қалыпты күйдегі қан қысымы (с.б.)**		**1-ші жүктемеден кейін 20 рет отырып-тұру**					
			Бақылау уақыты					
			1 мин		**2 мин**		**3 мин**	
	max	**min**	**max**	**min**	**max**	**min**	**max**	**min**
	1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*	*8*
M ±	102,5	57,5	117,5	55,0	112,0	54,5	106,5	54,0
m	0,79	1,06	1,00	0,94	0,78	1,18	0,91	1,22
	$P_{1-3}<0,01$ $P_{1-5}<0,01$ $P_{1-7}<0,05$ $P_{2-4}>0,05$ $P_{2-6}>0,05$ $P_{2-8}>0,05$							

1кест. 1 жалғасы

Ортақ дәрежесі және статистикалық ауытқулары	**2-ші жүктемеден кейін 15 секунд жүгіріс**							
	Бақылау уақыты							
	1 мин		**2 мин**		**3 мин**		**4 мин**	
	max	**min**	**max**	**min**	**max**	**min**	**max**	**min**
	9	*10*	*11*	*12*	*13*	*14*	*15*	*16*
M ±	117,0	57,0	110,0	54,5	104,5	56,5	102,0	60,5
m	1,58	1,27	1,13	0,89	0,89	0,93	0,78	0,96
	$P_{1-9}<0,05$ $P_{1-11}<0,01$ $P_{1-13}>0,05$ $P_{1-15}>0,05$ $P_{2-10}<0,05$ $P_{2-12}>0,05$ $P_{2-14}>0,05$ $P_{2-16}>0,05$							

1 кест. 2 жалғасы

Ортақ дәрежесі және статистикалық ауытқулары	3-ші жүктемеден кейін 3 минут бойы жүгіріс									
	Бақылау уақыты									
	1 мин		2 мин		3 мин		4 мин		5 мин	
	max	min	max	min	max	min	max	min	max	min
	17	*18*	*19*	*20*	*21*	*22*	*23*	*24*	*25*	*26*
M ±	124,5	54,0	116,0	56,0	108,5	59,0	104,5	61,5	101,5	62,0
m	1,23	1,48	1,41	1,28	1,39	1,04	0,89	8,85	0,79	1,13
	$P_{1-17}<0,01$ $P_{1-19}<0,01$ $P_{1-21}<0,01$ $P_{1-23}>0,05$ $P_{1-25}>0,05$ $P_{2-18}>0,05$ $P_{2-20}>0,05$ $P_{2-22}>0,05$ $P_{2-24}>0,05$ $P_{2-26}<0,05$									

Біздің зерттеулерімізде жасөспірімдер пульсі тыныштық күйде 85,2±3,4 болды. Жиырма рет отырып-тұрған жүктемеден кейін жүрек соғысының жиілігі 117,0±1,1 дейін көтеріліп, жұмыстан кейінгі үшінші минутта 89,4±1,8 келді (2 кесте). 15 секунд жүгірістен соң 112,8±1,5 болды, ал 4 минут демалыстан соң қалпына келді – 84,2±0,8. Үш минут жүгіріс жүктемесінен кейін жүрек соғысының жиілігі 133,2±4,1 жетті. Бұл 3 минут жүгірістің жүрек-қантамырлар жүйесіне едәуір екенін көрсетеді. Қайта қалыпқа келу кезеңінің ұзақтығы 5 минут болды, соның аяғында жүрек соғысының жиілігі тыныштық күйдегі дәрежесіне қайта жетті – 85,2±0,8. Қарқындылығы үш түрлі жаттығулар жасөспірімдер жүрек соғысы жиілігін абсолютті түрде көтереді және ол статистикалық заңдылықпен дәлелденеді ($P<0,001$). Демалыс динамикасында жүрек жұмысы қайта қалпына нормалы уақытта келгені көрінді: бірінші жүктемеден соң ол 3 минутта, екінші жүктемеден соң ол 4 минутта, үшінші жүктемеден соң ол 5 минутта.

2-кесте. Жасөспірімдер жүрек соғысы жиілігінің дене жұмыстарына бейімделу динамикасы (С.П.Летунов сынамасы негізінде)

Ортақ дәрежесі және статистикалық ауытқулары	Қалыпты Жүрек соғысының жиілігі (рет/мин)	1-ші жүктемеден кейін 20 рет отырып-тұру			2-ші жүктемеден кейін 15 секунд жүгіріс				3-ші жүктемеден кейін 3 минут бойы жүгіріс				
		Бақылау уақыты											
		1 мин	2 мн	3 мин	1 мин	2 мин	3 мин	4 мин	1 мин	2 мин	3 мин	4 мин	5 мин
	1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*	*8*	*9*	*10*	*11*	*12*	*13*

M ±	85,2	117,0	94,8	89,4	112,8	91,2	90,6	84,2	133,2	97,2	90,6	85,8	85,2
m	3,44	1,10	1,64	1,87	1,59	1,15	0,86	0,83	4,17	1,33	1,11	0,75	0,89
	P_{1-2}<0,01			P_{1-5}<0,01				P_{1-8}>0,05			P_{1-11}>0,05		
	P_{1-3}<0,05			P_{1-6}>0,05				P_{1-9}<0,01			P_{1-12}>0,05		
	P_{1-4}>0,05			P_{1-7}>0,05				P_{1-10}<0,05			P_{1-13}>0,05		

Қорыта айтқанда, организм дене жүктемелеріне белсенді түрде бейімделеді. Ол қысқа және ұзақ мерзімді болып келеді. Организмнің дене жұмысына бейімделуі қызметтік қабілеттілігін жоғарылатады, тіршілік ауқымын кеңейтеді, гомеостазын қамтамасыз етеді, қанайналым, тыныс, тірек-қимыл аппараттын жетілдіреді. Жоғары сынып оқушыларының пульсі мен артериялық қысымы тыныштық күйде нормаға сәйкес екені байқалды.

Қарқындылығы әртүрлі жүктемелерде жүрек-қантамырлар көрсеткіштері өзгерді. Әрбір жаттығудан кейін жүрек соғысы жиіледі, қан қысымы көтерілді. Демалыс динамикасында көрсеткіштер қалпына келді: бірінші жаттығудан соң 3 минутта, екінші жаттығудан соң 4 минутта, үшінші жаттығудан соң 5 минутта.

Табылған деректер жасөспірімдер жүрек-қантамырлар жүйесінің үш компонентті стандартты дене жүктемелеріне реакциясы жақсы дәрежеде екенін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қыдырмолдина А.Ш. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері. - Алматы, 2014

2. Смаил Н.Н., Галиева Г.Б. Дене тәрбиесі және спортпен шұғылданушыларды дәрігерлік бақылау. – Талдықорған, 2015

3. Смаил Н.Н. Жүйке-бұлшық ет жүйесінің спорттық әрекеттердегі физиологиялық механизмдері. – Талдықорган, 2016

4. Сидоров С.П., Перхуров А.М., Штефан О.С. Значение корректного выполнения методики функциональной пробы с 20 приседаниями при оценке состояния сердечно-сосудистой системы юных спортсменов// Физкультура в профилактике, лечении и реабилитации. – 2009. – № 2 (29). – С. 39-44.

5. Алиакбарова З.М. Мектеп жасындағы балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасының негіздері.-Алматы: РБК, 1993.- 156 б.

ӘОЖ 370

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Райс М.
Мойнақ ауылындағы шағын орталығы бар №23 орта мектеп» КММ

Мақалада оқушының ойлау қабілетін арттыру, сыни тұрғыдан талдауға бейімдеу, іскерлік дағдысын қалыптастыру қарастырылған.

Кілттік сөздер: *оқушы, ойлау, жоба, сыныптас, ауызекі сөзлеу, шығармашылық*

В статье представлены мысли учащихся, критическое мышление и деловые навыки.

Ключевые слова: *ученик, мышление, проект, класс, лексика, творчество*

The article provides for a student's thinking, critical thinking, and business skills.

Key words: *student, thinking, project, classroom, vocabulary, creativity*

Мақсаты: Оқушының ойлау қабілетін арттыру, сыни тұрғыдан талдауға бейімдеу, іскерлік дағдысын қалыптастыру.

Оқушыларды шығармашылыққа баулу,оқуға қызығушылығын арттыру,шешім қабылдай білуге бейімдеу

Сын тұрғысынан ойлау- оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей отырып, тұжырым жасайды.

Сын тұрғысынан ойлау- оқушы өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау, ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген білген білімін талдау арқылы оқушылардың ойлау қабілеті арттады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Темпл. Жобаның негізгі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады [24].

«Сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;

2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;

3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;

4) үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;

5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айна-лдырмау;

6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Ал оқушылардан осыған байланысты:

– сенімділікпен жұмыс жасау;

– бар ынтасымен оқуға берілу;

– пікірлерді тыңдау, құрметтеу;

– өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Тек сонда ғана олар:

– мен осы мәселе туралы не ойлаймын?

– осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?

– осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?

– маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясынан алатын пайдамыз:

1. Оқушы ақпараттарды сынай талдап, бағалай, топтай отырып қабылдайды;

2. Оларға қорытынды жасатып, ойлау қабілетін активтендіреді;

3. Топпен, жұппен жұмыс жасай алу кезінде оқушыға тиімді ойлануға мүмкіншілік береді;

4. Оқу процесінде оқушының белсенділігін арттыруда септілін тигізеді;

5. Оқушының шығармашылық дағыларын дамытып жетілдіреді;

6. Оқушының жалпы пәнге, сабақтарға, оқу процесіне қызығушылығы артады;

7. Түрлі жанрлы мәтіндерді құрастыруға және жазуға оқушының дағдылары қалыптасады;

8. Мол ақпараттармен жұмыс жасауды үйреніп, комуникатикативтік дағдылар қалыптасады;

9. Оқушының өз бетінше аналитикалық іс әрекетке деген және ақпараттық сауаттылыққа деген қабілеттілігін дамытады;

10. Оқушы мағыналық пен жаңалық дәрежесіне қарай ақпараттарды електеп, негізгіні таңдап, қажетсізін бөлектеп тастайды;

11. Қандайда болсын идеялар, фактілер, ұсыныстар қабылданып, оқушы өзінің пікірін «күлкі боламын» демей айта алады;

12. Оқушылар өз – өздерін тексеріп, бағайды, жолдастарының пікірлерін құрметпен тыңдай білуге үйренеді;

13. Ауызекі сөйлеу стильмен өз идеяларын айтып, әдеби тілдегі сөздерді игереді;

14. Мұғалім өзінің ыңғайына қарай әдістерді нұсқаландырып отырады;

15. Басқа технологиялармен үйлестілуге өте ыңғайлы: интернет – технологияларымен, бинарлы сабақтармен, дифференциалды сабақтармен, интеграцияланған сабақтармен;

16. Оқушылар өз идеялары, ұсыныстары, тәжіриберері негізінде өз пікірлерін өндіреді;

17. Мұғалім мен оқушы мұндай сабақтардан қанағаттанушылық алады, түсінушілік пен қызметтестік орнайды;

18. Сабақта психологиялық жылы орта орын алады;

19. Технологияның қолдану аясы кең: тәрбие сағаттары, ата – аналар жиналысы, педкеңестер, семинарлар, сабақтан тыс іс – шаралар;

20. Сабақта оқушы мен мұғалім әріптес немес серіктес болып, ұраншы болудан қалып, араларындағы кедергілер жойылады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының аталған әдістерін пайдалана отырып, біз күрделі мәселелерді шешуге жол ашамыз: оқытушы қызықты етеміз, әлеуметтік табыстарға қол жеткіземіз, кез келген мәселені шешуде сынай ойланатын тұлғаны тәрбиелейміз.

Ойлауды үйрене бастаған балалардың тілі де дами бастады. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да, жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданылған оқыту әдістерінде мұғалім басты орын алып оқушы тек тыңдаушы ғана болса, қазіргі сын тұрғысынан шыңдалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау - өте күрделі маңызды құбылыс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000. – 5-44 бет.

2. Аймағамбетова К.А. Бастауыш сыныптарда ана тілін оқытудың теориялық негіздері. – Алматы: Балауса, 2003. – 111-118 бет.

3. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: РБК, 1999. – 30-39 бет.

4. Мұқанов М.М. Бақылау және ойлау. Алматы, 1959 – 120 б.

ӘОЖ 373.1.02:37.035.6:78(=512/122)

СТУДЕНТТЕРДІ САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЯРЛАУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Рысбекова Р.М., Тұрлыбеков Б.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Ryszhan_rysbekova@mail.ru

Мақалада бүгінгі таңда студенттердің денсаулығы өзекті мәселе болып қарастырылады, сондықтан студенттерді сауықтыру жұмыстарына даярлау үлкен рөл атқарады.

Кілттік сөздер: *студенттердің денсаулығы, сауықтыру жұмыстары, салауатты өмір салты, гипокинезия, қажеттілік, қозғалыс әрекетіне қажеттілік.*

В статье рассматривается актуальность здоровье студентов на сегодняшний день, поэтому большую роль играет подготовка студентов к оздоровительной работе.

Ключевые слова: *здоровье студентов, работа в области здравоохранения, здоровый образ жизни, гипокинезия, потребность, потребность в движении.*

The article discusses the relevance of the student's health, so preparation of students for health work plays a great role.

Key words: *students' health, health work, healthy lifestyle, hypokinesia, need, need for movement.*

Дені сау да, тұлға бітімі жақсы дамыған студент жастарды тәрбиелеудегі қоғамымыздың қажеттілігі өзінің маңыздылығы жағынан жыл сайын кең арналы сипатқа ие болып келеді. Өйткені, студенттердің денсаулық жағдайы мен тұлға – бітімінің дамуы төмендей түсуде, мұның өзі дәрігерлердің, ұстаздардың, дене тәрбиесі мамандарының алаңдаушылығы мен абдыраушылығын туындатуда.

Біз негізге алып отырған студенттерге дене тәрбиесін беру жүйесінің әдістемесі мен Президенттік тест кешенінің нормативтерін орындау – салауатты тұрмыс жағдайындағы дене тәрбиесімен өздігінше айналысуға деген тәрбиелік мәнді талаптар сияқты ең басты міндетті шеше алмай отыр.

Сондықтан да «Дене тәрбиесін дамыту концепциясының бірінші бөлімінің «Адамдарымыздың дене тәрбиесін жетілдірудегі қажеттілігін қалыптастыру» деп аталуы, ал студент жастар үшін «Халыққа дене тәрбиесін беру бағдарламасы» бөлімінде «Дене тәрбиесін өз бетінше жетілдіру мен салауатты өмір салтын орнату талабын қалыптастыру» [1] міндетінің қойылып отыруы кездейсоқ жағдай емес. И.В.Муравов пен оның қосарлы авторлары дене тәрбиесін берудің академиялық сабақтары қозғалыс жүйелері белсенді жұмыс істейтін студенттердің небәрі 20-25-%-ын қамтитындығын айта келіп, олардың бос уақыттарында дене тәрбиесінің сауықтырғыш мүмкіндігін барынша белсенді пайдалану қажеттілігіне назар аударады [2].

Дене тәрбиесі әдістерінің сауықтырғыш мүмкіндіктері мен қоғамдық мәнін аша келіп, И.В.Муравов : « Адамзат тарихында дене тәрбиесі дәл қазіргі жаппай гипокинезияның халықтың денсаулығын нашарлатып тұрған кезеңдегідей күндері қозғалыс әрекетіне деген қажеттілікті арттырған емес… » деп атап көрсетеді [2].

«Қажеттілік» ұғымы философиялық энциклопедиялық сөздікте «Адам ағзасының тіршілік қызметін, адамның жеке басын, әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның саулығын қолдап отыру үшін белгілі бір қажеттіліктің тапшылығы мен жетіспеушілігі» деп түсінік беріледі және оның қозғалыс, биологиялық, рекреациялық, эстетикалық және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыруымен айқындалатын дене тәрбиесіне тікелей функционалдық қатысы бар.

В.М.Выдрин болса, дене тәрбиесін қоғамның қозғалыс әрекетіне қажеттілігіне ерекше реакциясы және осы қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілі ретінде қарау мүмкіндігін атап көрсетеді [3].

Дене тәрбиесін қажеттілік теориясы тұрғысынан қарай келіп, ғалым оған өз кітабында: «дене тәрбиесі жаттығуларына қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді және оларды қанағаттандыру …дамыту процесін» ашып көрсететін «Дене тәрбиесі – қоғам қажеттілігі» тарауын арнаған [4].

Дене тәрбиесінің жалпы адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі ретіндегі әлеуметтік қызмет туралы толғай келіп, С.Э.Александров оның «Жеке адамның әлеуметтік және мәдени ұғымдағы қажеттілігі ретінде тұлғаны жетілдіруге деген жеке бастың мүддесін толықтырып, қалыптастыруды қамтамасыз ететін-жеке қызмет ерекшелігі» екендігін бөліп айта келіп: «дене тәрбиесіне жалпы адамзаттық қажеттіліктің артуы» заңдылығының өсу мүмкіндігі туралы пікірін білдіреді [4].

Адам дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысқаннан кейінгі дене тәрбиесі-спорттық қызметі мен бұлшық еттер сезімталдығын талдауға деген қажеттілігін қалыптастыруға И.И. Пономарев пен В.М.Райзендер де,1989 ж., өз зерттеулерін арнады, онда олар дене тәрбиесі – спорттық қызметтегі қажеттілік реакциясына, 3 оның; қанағаттанушылық, тартымдылық, міндеттілік өлшемі, жауапкершілік өлшемі, сондай-ақ «бұлшық еттер қуанышының» ләззаты мен сезіміне бөлену сияқты негізгі сапалық қасиеттеріне назар аудара келіп, нақты теориялық талдау жасайды [4].

Адами қажеттіліктің мәнін осылай түсіну философия мен психология мамандықтарының өкілдерінде де кездеседі. Мысалы: Ласло Гараи «негізгі адами қажеттіліктерді онтогенетикалық жағынан арттыру және оны қанағаттандыру үшін кез келген адами қызмет жарамды…» деп есептейді. Одан әрі: «Секіру, тоскауылдан өту үшін қажет әрекет, ол негізінен ешқандай сезім тудырмайды; сол секіру жабысқақ жүйке ауруының әсері, ол жапа шектіреді, ал спорттық жаттығу ретінде ол қызмет бабындағы ризашылық сезімі болуы мүмкін» -деп жазады [5].

Тұлғалық рекреацияға дене тәрбиесінің түрі ретінде жалпы сипаттама бере келіп, В.М. Выдрин, 1989 ж., тағыда қажеттілік теориясын сөз қылады, онда ол қозғалыс әрекетінің мынадай жақтарын атап өтеді: 1 – қозғалыс белсенділігінің биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру; 2 – қанағат, ләззат алу қажеттілігі; 3 – қызмет түрінің бірінен екіншісіне ауыстырып отыру; 4 – қозғалыс арқылы ағза қызметін жандыру; 5 – адамдар ағзасын қолайсыз әсерден сақтандыру; 6 – адам ағзасының төмендеп кеткен, немесе уақытша жоғалтқан қызметін қалпына келтіру. Мысалы, В.М. Выдрин, 1980., дене тәрбиесі процесінің нәтижесі «жан-жақты жетілу адамдардың қоғамдық объективтік қажеттіліктерін қанағаттандырады...» деп атап көрсетеді [3].

Студенттердің оқу құралы және қоғамдық құрылыс ретіндегі дене тәрбиесіне дене мәдениетінің /сауықтырғыш, тәрбиелік, қолданбалы, эстетикалық, рекреациялық, интернационалды/ қызметтері тән болып келеді, ол дене тәрбиесінің өзінің қызметіндегі оның басым маңыздылығын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Дене тәрбиесі қашанда қоғамдық қажеттілік болып келді және солай болып қала береді, алайда, қазіргі кезде дене тәрбиесінің әртүрлі саласына қажеттілік процесін дамыту, бүгінгі күрделі қаржылық және басқа проблемаларға байланысты тежеліп қалу мүмкіндігін есте сақтаған жөн. Осыған байланысты жастарға дене тәрбиесін беруде көбіне халық шаруашылығы мен білім беру жүйесінің болашақ мамандарына дене тәрбиесі мен оған деген қатынасты дұрыс түсіне білу міндетті екеніне баса назар аудару керек.

Жоғарғы оқу орындарында дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысудың негізгі себептері мыналар: дене тәрбиесі сабағынан сынақ тапсыру кезекті спорттық атақ алу үшін жоғарғы спорттық нәтижеге жету, сондай-ақ, шеберлік таныту жарыстары /спорттық оқу бөлімі/, денсаулық ақаулығын жою, оны орнықты дәрежеде сақтау қажеттілігі. Студенттерде дене тәрбиесінің қажеттілігін барынша тиімді де тұрақты түрде қалыптастыру спортпен айналысу барысында жүзеге асырылады, мысалы, ондай студенттер Қазақстанның жоғары

оқу орындарында 10-12 %. Студенттердің дене тәрбиесін жетілдіру мен салауатты өмір тіршілігіне деген ынта-жігері бұдан аз мөлшерде. Жоғарғы оқу орындарындағы дене тәрбиесі мамандықтарының көптеген ғылыми-зерттеулері осы тақырыпқа арналған [6].

Новосібір ауылшаруашылық институты студенттерінің дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу себептерін зерттей келіп, /сұрақ қойылған 652 студенттің 52 %-інің спортпен айналысқылары келмейді/, И.А.Носов пен Р.Р. Аманбаевтар, 1986., оны жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі- спорттық қажеттілікті қалыптастыру жұмысының нашар жүргізуінен көреді. Олар студенттерде дене тәрбиесі-спорттық қажеттілік қалыптастыру бағдарламасын жасап, онда дене тәрбиесінің әр түрін /лекциялар, әңгімелер, спортшылардың көрнекті өнер көрсетуі, спорттық кинофильмдер көрсетуі, болашақ еңбек қызметінің ерекшелігіне қарай қолданбалы спорт түрлерін игеру және басқаларын негізге алады және оларды жоғарғы оқу орнын аяқтағанша жүргізіле беруге тиіс. Асылы, проблеманы шешудің осы аталған жолын нақты да тиімді деп есептеуге болады [6].

Дене тәрбиесіне деген қажеттілік әлеуметтік мәселе / Ф.И. Минюшев, А.В. Педаш, 1981ж./ болып табылады да тұлғаны жетілдіру қажеттілігі қолдан жасап алған және тәрбиенің нәтижесі деп есептелінеді /В.А.Парик,1988ж./ және ол студенттерге дене тәрбиесін беру тәсілдерінің біріне сай келеді. Дене тәрбиесін болашақ салауатты өмірдің негізі ретінде болжамдай отырып, автор бүгінгі адамды тұлғалық басты себеп – бұрынғысынша денеге салмақ түсірудің аса жетімсіздігі болып қала беретіндігін атап көрсетеді [6].

Халыққа білім беру жөніндегі КСРО мемлекеттік комитетінің 1990 жылдың 1-қыркүйегінде қабылдаған жоғарғы оқу орындарындағы дене тәрбиесі жөніндегі негізгі бағдарламасында: «түрлі аурудың алдын алу, денсаулықты сақтау мен нығайту үшін дене тәрбиесі тәсілдерін толығынан пайдалану ...» басты міндеттердің бірі ретінде аталады, студенттерге дене тәрбиесін беру процесінің теориялық бөлігінде «Салауатты өмірдің негіздері» тақырыбы енгізілген [6].

Студенттердің салауатты өмірдің мәнін білу мен оны дене тәрбиесі процесі барысында қалыптастырудың әдістемелік негіздері көп салалы. Осы көп салалық сол бұрын қолданылып келгендегісінен гөрі, жеке адамның дене тәрбиесі тәсілдеріне мүдделілігі мен қажеттілігін ескере отырып, оларды толығынан пайдалануға мүмкіндік туғызатындығымен ерекшеленетін жаңа оқу бағдарламасында да атап көрсетілген.

Ең алдымен дене шынықтыру әдісі жоғары оқу орындарында, қосымша мынадай дене тәрбиесінің табиғи-ғылыми негіздерін игеруге бағытталған дене тәрбиесі білімін беру қажетті деңгейге келтірілуі тиіс:

- адам ағзасы өзін-өзі басқарып және өзін-өзі дамытып отыратын күрделі биологиялық жүйе;

- тұлғалық рекреация мен қозғалыс әрекетінің белсенділігі адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының және оның ауруға қарсылығының тұлғалық және ой қызметінің тұрақтылығын арттырудың қозғаушы күші;

- дене тәрбиесі және спортпен жүйелі шұғылдану кезінде адам ағзасында болатын функционалдық өзгерістердің ерекшеліктері;

- студенттердің салауатты өмірін айқындайтын себептері.

Бұл білім беру процесі, әсіресе, оқу жоспарларында педагогика және жаратылыс-ғылыми пәндерінде (анатомия, биология, физиология, психология) жоқ, ал таңдаған мамандықтарын игеру, адамның психофизиологиялық жағдайы мен қозғалыс әрекеті мүмкіндіктері ескерілмей, болашақ өндіріс пен бүгінгі техниканы басқарудың технологиясын білуге негізделген инженерлік-техникалық жоғары оқу орындары үшін ерекше маңызды.

Еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыруда дене тәрбиесі тәсілдерін пайдаланып дағдыланбағандығы мен білместік көрсетуі байқалатын халық шаруашылығы түрлі саласы өкілдерінің кәсіби дертке ұшырауы себептерінің бірі осында жатқан жоқ па екен деген ой келеді.

Ал педагогикалық жоғары оқу орындарында ең маңыздысы білім беру жүйесі болашақ мамандарының жекелей салауатты өмірін қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге оның мүмкіндіктерін тәрбие жұмысында, әсіресе, жалпы білім беретін мектептерде пайдалана білу болып табылады.

Студенттердің салауатты өмірін қалыптастыру міндеттерін шешу-тек дене тәрбиесін жолға қою ғана емес, сондай-ақ, тұлғалық мүмкіндігі мен нағыз денсаулық жағдайын дамытып отыруға да байланысты. Осындағы соңғы мәселені дене тәрбиесі жөніндегі оқу сабақтары, әрине, жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарының сабақтан тыс қосымша түрлерін енгізбейінше толық жүзеге асыра алмайды. Дене тәрбиесі жөніндегі практикалық оқу сабақтарында оқытушылар назарын салауатты өмір сүріп жүрген студенттердің, олардың жоғары оқу орындарында өткізіліп тұратын дене тәрбиесі – сауықтыру шараларына белсенді түрде қатысуының дәлелді негіздерін қалауға аудару керек. Салауатты өмірдің негіздерін игеру мен дене тәрбиесі мүмкіндіктерін дамыту сияқты бірлескен екі мәселені шешу, біздіңше, дене тәрбиесі жаттығулары тұлғаны жетілдіру және салауатты өмірді қалыптастыру арасына кедергі жасайды.

Арнаулы оқу бөлімі студенттеріне арналған оқу бағдарламасында қолайлы бақылау тестері арқылы (кермеде тартылу, 100 м жүгіру, бір орында тұрып секіру, баскетбол добын торға лақтыру және т.б.) дене тәрбиесіне деген қатынасты бағалау көзделген, ал бұл да сауықтырғыш дене тәрбиесі мен салауатты өмірді дамытуға жәрдемдесетіндігін атап өтуіміз керек.

Қазіргі кезде студенттердің қарастырылып отырған адами белсенді қызметі түрлерінде дене тәрбиесінің көптеген салалары мен тәсілдерін пайдаланудағы ойластырылған теориясы мен әдістемесінің қажеттілігі өзінен-өзі түсінікті. В.М.Демин, мысалы, «адамдар қызметін күшейте түсу мәселелерін шешудегі маңызды сәт, ол-оның ішінде қажеттілік басты орын алатын, адамның еркі мен мінез-құлқының өзара байланыстылық себептерін ашу проблемалары болып табылады»-деп көрсетеді [7].

Бүгінгі ғылыми-педагогикалық әдебиеттердің талдауы мен жүргізілген зерттеулердің нәтижесі қоғамның дене мәдениеті дәрежесін арттыруда, денсаулықты нығайтуда, салауатты өмірді қамтамасыз етуде жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі барлық жастағы және әлеуметтік-демографиялық топтағы тұрғындардың жалпы дене тәрбиесі жүйесіндегі байланыстырушы буын деп пайымдауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, жоғары оқу орындарын бітірушілер – олар болашақ мемлекет пен халық шаруашылығының әртүрлі саласын басқарушылар, ендеше дене тәрбиесі мен тұтас дене тәрбиесі қозғалысын дамыту соларға байланысты болады.

Екіншіден, жоғары оқу орындарын бітірушілер – олар халыққа білім берудің мектепке дейінгі жүйесінің тәрбиешілері, олар мектеп мұғалімдері, олар жоғары оқу орындарының оқытушылары. Олардың дене тәрбиесін балалар, жасөспірімдер және жастар тұрмысына енгізуі, оның мәні мен маңызын қалай түсінуіне байланысты.

Қазіргі кездегі мектептер мен жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процестерінде жалпы педагогиканың, жоғары білім педагогикасының және дене тәрбиесінің дәрменін жаңа сапалық деңгейде біріктіру қажет екендігі айқын.

Педагогиканың, дидактиканың және тәрбие теориясының жалпы негіздерін жасау барысында белгілі ғалымдар дене тәрбиесіне аса көп орын берген. Осы жерде қазақстандық педагогиканың өкілі, профессор Г.А.Умановтың дене тәрбиесіне деген белсенді қатынасын атап өткен орынды. Оның жетекшілігімен осы қарастырылып отырған мәселе бойынша бірқатар диссертациялар дайындалды. Алайда, педагогика мен халыққа білім беру жүйесінде қалыптасқан дене тәрбиесі концепциясы соңғы жылдары еліміздегі экономикалық, саяси және басқа проблемалардың күрт өзгеруіне байланысты, ол өзінің мазмұны мен әсерлілігін жойды, сондықтан да бүгінгі жастар тәрбиесіне принципті жаңа көзқарас керек. Осыған байланысты дене тәрбиесі мен спортта мол мүмкіндіктер бар, тек оны тиімді жүзеге асырып және оған қажетті педагогикалық бағыт беру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. КСРО-да халыққа дене тәрбиесін берудің бағдарламасы. /Дене тәрбиесінің теориясы мен практикасы,1990ж.№3, 7-12 бет.
2. Муравов И.В. Дене тәрбиесі мен қоғамдық қажеттіліктің сауықтырғыш мүмкіндіктері мен жолдары. Дене тәрбиесінің теориясы мен практикасы,1990ж.№6, 8-бет.
3. Выдрин В.М. Дене мәдениетінің теориясы /мәдениет тану көзқарасы/. Л., 1988. 11-бет.
4. Ғылым және оқу құралы ретіндегі дене тәрбиесінің теориясы. /Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері,А.А.Гужаловскийдің редакциясымен - М.Ф.және С. 1986ж. 5-16 бет.
5. Ласло Гараи. Ерекше адами қызметтілік проблемаларына тарихи-материалистік көзқарас. / Психология мәселелері.-1966ж.,№3.64,67 бет.
6. Қарақов А. Дене шынықтыру-сауықтыру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты. А.Қарақов. – Түркістан, 2008. – 44 б.
7. Демин В.М. Қажеттілік-жеке адамды детерминациялаудың ұйтқысы. /Москва универ. хабаршысы, 7-сер.Философия, 1984. №6, 3-бет.

ӘОЖ 649

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

Сайлауханов А.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Ауылшаруашылығын мемлекетік реттеу мәселесі бүгінгі таңда өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Аграрлық сала мемлекеттік экономикасында маңызды орынды иеленеді. Ұсынылып отырған мақалада аграрлық қатынастарды мемлекеттік реттеудің кейбір өзекті мәселелері қарастырылған.

Кілттік сөздер: *Экологиялық құқық, аграрлық құқық, мемлекеттік реттеу, аграрлық қатынастар, экономикалық реттеу.*

Государственное регулирование сельского хозяйства является одним из актуальных тем сегоднящнего дня. Аграрная сфера имеет место важную роль в экономике страны. В предлагаемой статье рассматривается некоторые актуальные вопросы государственного регулирования аграрных правоотношений

Ключевые слова: *Экологиялық право, аграрное право, государственное регулирование, аграрное правоотношение, экономическое регулирование*

State regulation of agriculture is one of the topical issues of today's day. The agrarian sphere has an important role in the country's economy. The proposed article deals with some topical issues of state regulation of agrarian legal relations

Key words: *Ecology, law, agrarian law, state regulation, agrarian legal relationship, economic regulation*

Аграрлық өндірісті мемлекеттік реттеу – бұл ауыл шаруашылық өнімдерін, шикізаттарын және азық-түлік өндіруге, өңдеуге және оларды өткізуге, сондай-ақ тауар өндірушілердің өндірістік-техникалық камтамасыз етілуіне мемлекеттің экономикалық әсері болып табылады [1.89].

Батыс экономикасы нарық жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеудің үлкен тәжірибесін жинақтады, сондықтанда оларға көңіл аудару және оны үйрену бізге пайдалы болмақ. Әрине өтпелі кезеңде мемлекеттік экономиканы реттеуден бүтіндей алшақтады деп

тұжырымдауға болмайды. Десе де экономистер арасында нарық өзінен өзі қалыптасуы қажет деген белгілі пастулатқа әбден сенгенін теріске шығара алмаймыз.

Нарықтық аграрлық қатынастарды реттеу ерекшеліктері:

әртүрлі табиғи-климаттық факторлар, яғни ауылшаруашылық тауар өндірушілерді табиғиғ апат жағдайларынан болуы мүмкін тәуекелден қорғауға бағытталған құқықтық шаралар жүйесін қалыптастыру - ауылшаруашылық өндірісті сақтандыру;

табиғи факторлар, ауылшаруашылық нарықтың экономикалық жағдайына тәуелді болатын ауылшаруашылық өнімдерінің бағасының тұрақсыздығы;

өндірістік циклдің ұзақтығына байланысты ауылшаруашылық өндірісіне инвестиция салу тартымдылығының әлсіздігі [2.62].

Аграрлық қатынастарды мемлекеттік реттеуінің әдістері жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыру үрдісінде аграрлық құқықтық қатынастарға қатысушыларға мемлекеттік басқару органдарының әсер ету әдістерінің жиынтығы болып табылады.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің әкімшілік және экономикалық әдістерін бөліп көрсетуге болады. Әкімшілік әдістерді қолдану ауылшаруашылық тауар өндірушілердің қолданыстағы заң нормаларын орындауларына, ауылшаруашылық мақсатындағы жер учаскесін және басқа да табиғи ресуртарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, ауылшаруашылық өнімнің сарасын, тұтыну нарығының қорғалуына бақылауды жүзеге асырумен байланысты. Әкімшілік әдістер аграрлық құқықтық қатынастардың қатысушыларына қатысты мемлекеттің ұйғарымдар, тыйым салу, нұсқаулар арқылы көрініс табады және мемлекеттік билік күшіне негізделеді [3.56].

Сонымен қатар, аграрлық қатынастарды мемлекеттік реттеуде экономикалық әдістердің басым қолданылуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Экономикалық әдістер қаржыландыру, салық салу, несие беру, баға белгілеу және сақтандыру арқылы аграрлық құқықтық қатынастардың қатысушыларын экономикалық жағынан қызығушылықтарын арттырып ынталандырады. Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу шаралары бекітілген. Олар:1) агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында кредит беруді дамыту;2) агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау; 3) сатып алу операциялары мен баға интервенцияларын жүргізу;

4) мамандандырылған ұйымдар құру; 5) агроөнеркәсіптік кешен тауарларының экспорты мен импортын реттеу;

6) агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру;

7) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету;

8) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету және ол үшін кадрлар даярлау;

9) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының дамуын инвестициялауды жүзеге асыру;

10) ауылды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру;

11) ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

12) салықтық, бюджеттік, кедендік-тарифтік, техникалық реттеу шаралары [4].

Аграрлық қатынастарды мемлекеттік реттеуде аграрлық құқықтық қатынастардың қатысушыларының ерікті түрде тиісті әрекеттерді таңдау арқылы жүзеге асырылатын ұсыну әдісі. Мемлекеттік реттеудің ауыл шаруашылығының және оның жекелен саларының дамуын болжау, агроөнеркәсіптік кешенді мақсатты бағдарламалар қабылдау арқылы реттеу сияқты әдістерін де назардан тыс қалдырмау қажет [5.69]. Ауыл шаруашылығындағы қатынастардың дамуы және осы саладағы қайта құрулар заң шығарушы мен атқарушы билік тарапынан аграрлық қатынастарды реттеу әдістерін қайта қарау қажеттілігін туындатады. Яғни, аграрлық қатынастардың болжау, жоспарлау, агроөнеркәсіптік кешенді мақсатты бағдарламалар қабылдау арқылы реттеу әдістеріне көбірек көңіл бөлу қажет. Жаңа реттеу

әдістері тек ауылшаруашылық қызметінің ерікті болуы арқылы ғана тиімді болады. Бұл жағдай өндірістік қызметті ұйымдастыру нысаны мен түрлері, өндірістің тиісті меншік нысаны мен ұйымдастыру нысанын, шарт қатынастарының серіктестерін таңдау еріктілігі арқылы жүзеге асады. Яғни, аталған реттеу әдісі ауылшаруашылық қызметінің жеке өз бетінше дамуы, меншікті өз еркімен пайдалану және билік ету еркін енгізіп бекітеді, ауылшаруашылық ұйымдарының ауылшаруашылық тауарлы өндірісінің дамуын қамтамасыз етеді [6.32].

Демек, агроөнеркәсіптік кешеніндегі қатынастарды мемлекеттік құқықтық реттеу әдістерін зерттеу барысында бірнеше жағдайларға көңіл бөлу қажет, соның ішінде аграрлық қатынастарды реттеу әдістерін таңдау, аграрлық өндірістің қай саласында мемлекеттік реттеуді күшейту қажет, қаржылық және материалдық мүмкіндіктерді де назардан тыс қалдырмау қыжет. Нарықтық қатынастардың дамуына байланысты агроөнеркәсіп саласындағы өзгерістер тиісті құқықтық негіздерді қалыптастыру және мемлекеттік реттеу әдістерін жетілдіруді қажет етеді.

Өркениетті елдердің барлығында да экономикаға мемлекеттік басқару жасалып, ол реттеліп отырады. Сондықтанда халық шаруашылығын реттеу үлкен экономикалық тиімді нәтиже береді. Сол себепті экономикаға мемлекеттік реттеу керек пе, жоқ па деген талас жоқ, мәселе сол реттеуді қалай және қандай әдіспен жүргізуде, мемлекеттік орындардың әкімшілік араласуы мен кәсіпорындардың дербестігі арасындағы шекараны қалай анықтауда болып отыр. Мемлекеттің, агробизнес жүйесіне араласуының қажеттілігі мемлекеттік бақыллау мен реттеуге жататын негізгі параметрлері тіпті дамыған рынок жағдайында да бірқатар объектиптік факторлармен анықталады. Ең алдымен, мемлекеттік реттеу шаралары эконмикалық саясатпен тығыз байланыста болғандықтан , өздерінің әлеуметтік және экономикалық маңызы бойынша олар әртекті болып келеді және қоғамдық пікірмен әртүрлі қабылданады. Экономикалық дамудың әртүрлі кезеңдерінде бұл шаралар ауысып отытуы мүмкін. Бірақ олардың мәні тұрақты болып қалады. Сондай-ақ олар көп жылғы тәжірибеде сыналып, көпшілігі дамыған елдердің күнделікті қызметіне кірісіп кеткен және қазіргі жағдайда рыноктық экономикалық теорияның тиісті тарауларының, негізін құрайды. Сонымен қатар , кейбір шаралар қалыптасқан саяси және әлеуметтік конъюнктураның әсеріне ұшырады [7.96].

Қорытындылай келе, Қазақстандағы аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің мүмкіндіктеріне тоқталайық. Ол бағалық, қаржылық, несиелік және салықтық құралдарды пайдалану арқылы экономикалық әдіспен шешіліді . Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеуді ұйымдастырудың ішкі құрылымын келесі 3-сурет бойынша беруге болады. Соңғы кездегі баға саясатының негізгі бағыты , бағаны еркін тағайындауға көшуден көрінеді. Рыноктың қалыптасуы барлық тауар өндірушілердің меншік формаларына және шаруашылық жүргізу әдістеріне қарамастан баға белгілеу мен өнімді өткізу арналарын таңдауға толық түрде өз бетінше шешім қабылдауын қарастырады. Қажет болған жағдайда ауыл шаруашылығы өнімдерңіне деген белгілі бір мемлекеттік қажеттілікті өтеу үшін мемлекет өндірушілермен ерікті өзара тиімді келісім шартқа отырады. Еркін баға, өнеркәсіп кешенінің I және III сфераларындағы қәсіпорындарды демонополизацияланған жағдайда ғана тиімділік беруі мүмкін, ал басқаша жағдайда өндірістік құлдырауы мен бағаның өсуінен қашып құтылу мүмкін емес.Селолық өндірушілер табысын қолдау мақсатында өнімді өткізу мен жеңілдік несиелерге жол ашуды қамтамасыз етуге кепілдік беретін ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлеріне сауда және сатып алу операциялары қарастырылған. Мемлекеттік реттеусіз, монополиялы жағдайда өнекәсіп және ауыл шаруашылығының арасындағы бағаның паритетін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан да өндіріс құралдарын шығаратын, ауыл шаруашылығы икәсіпорындарына қызмет көрсететін немесе олардың өнімін өңдейтін барлық монополист кәсіпорындар үшін келісімді бағаның жоғарғы шегін белгілеуі қажет.

Қаржылық саясат саласында, мемлекет көпукладты экономиканы құрудың бастапқы кезеңде бәсекелестікті тудыруға және дамытуға жағдай жасауы керек. Сондықтан да,

қаржылық көмек ең алдымен тауар өндірушілерді қолдау үшін мемлекеттік бағаны қамтамасыз етуге, аграрлық сфераны жеңілдікпен қаржыландыруға көмектесетін коммерциялық белгілердің шығындарын жабуға, сондай-ақ жекелеген салалар жәнеаудандар экономикалық аймақтар жөніндегі бағдарламаны жүзеге асруға, шаруашылықтың айналымынан шығып қалған ауылшаруашылығы жерлерін қайта қалпына келтіруге бағытталуға тиіс. Мемлекеттік қаржылық өолдау шаруа қожалықтарын ұйымдастыруға, табиғат апаттарының шығындарын өтеуге , су шаруашылығы және топырақты суландыру жұмыстарын жүргізуге, ауыл шаруашылығы жаңа немесе ерекше қиын өндірістерді ұйымдастыруға бағытталады. Ауыл шаруашылығына деген мемлекеттік салық саясатына келсек, салықтың түрлерімен мөлшерін анықтаған кезде тікелей салық салу жолымен, жеңілдетілген салық салу есебінен жүзеге асырылатын олардың ынталандырушы функцияларына ерекше назар аудару керек.

Дамыған рыноктық экономикалық елдер тәжірибесі, мемлекеттік реттеу бағыты ең бірінші баврлық тауар өндірушілердің қызметтеріне бірдей жағдай жасауға, баға сәйкессіздігін және монополиялық баға үстемдігін жоюға бағытталғандығын көрсетеді. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны реттеуде, тауар өндірушілердің және тұтынушылардың мүдделерін қорғау шаралары қамтылған. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттің араласуының негізгі құралы ретінде болжау, жоспарлау мен бағдарламаларды талқылау қарастырылады екен.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жетписбаев Б. Аграрное право Республики Казахстан. - Алматы: Данекер, 2000. - 272 с.

2. Еркинбаева Л.К. Аграрные правоотношения в Республике Казахстан: дисс. д-ра юрид. наук. – Алматы. – 354 с.

3. Кайгородцев А. Государственное регулирование АПК как фактор обеспечения продовольственной безопасности //Транзитная экономика 31.- 2006. - С. 34-38

4. ҚР Заңы Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы 07.2005 ж. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 12, 52-құжат;

5. Аграрная политика: учебники и учеб. пособия для студентов высш. учеб. заведений / Под ред. А. П. Зинченко. - М.: КолосС, 2004. - 304 с.

6. Попов Н.А. Экономика сельского хозяйства. – М.: ЭКМОС, 1999. - 352 с.

ӘОК 822. 511. 112

АБАЙ МҰРАСЫН ЖАҢАША КӨЗҚАРАСПЕН ЖАҢАША ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Санияқызы М.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., makos-0991@mail.ru

Бұл мақалада бәсекеге қабілетті мемлекет, ұлттық білім беру жүйесі, жаңғырту, дәстүрлі жүйе, бағалау жүйесі қарастырылған.

В этой статье рассматривается конкурентное государство, национальная система образования, модернизация, традиционная система и система оценки.

Кілттік сөздер: *ақын поэзиясы, бәсекеге қабілетті мемлекет, ұлттық білім беру жүйесі, жаңғырту, дәстүрлі жүйе, бағалау жүйесі.*

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері,

ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні» сияқты «ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», деп айқын көрсеткен болатын.

Абай поэзиясы-өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті мәселелерін толғаған поэзия. Оның өлеңдерінде, қарасөздерінде қазақ өмірінің көркемдеп бейнеленген телегей шындығы бар, бәсекеге қабілетті мемлекет, ұлттық білім беру жүйесі, жаңғырту, дәстүрлі жүйе, бағалау жүйесі..

Ақын поэзиясын идеялық, көркемдік-эстетикалық, жанрлық, құрылымдық, тілдік-бейнелілік, стильдік тұрғыдан талдап, қазақ өлеңіне енгізген жаңалығын, реформаторлығын, ұлттық әдебиетті дамытудағы ролін, аударма саласындағы талғамын, ұстанымдарын, жетістіктерін, еркіндігін, талантын, поэма жазудағы мақсатын, нәзиралық дәстүрді жаңаша жаңғыртуын таныту, талдап түсіндіру, қара сөздеріндегі сыни пікірлерін, тәлімдік өсиеттерін, діни танымдық уағыздарының сырына қанықтыра түсу ақын мұрасын бүгінгі күн талабы тұрғысынан оқытудың басты мақсаты да.

Ақын поэзиясындағы ұлттық көркемдік ойлау өзгешелігін өмір құбылыстарын сөзбен мүсіндеу шеберлігінің жарқырап көрінуін, шығарма құрылымы-ның жүйесін, көркемдік, тілдік, эстетикалық ерекшелігін, текстологиялық зерттелуін Білім беру бағдарламасы талабы деңгейінде теориялық тұрғыда талдай білуге үйрету, зерттей оқу дағдысын, құзіреттілігін қалыптастыру-оқытудың бірден-бір алғышарты болуы тиіс.

Абайтану оқытуда ақынның өмірі мен туысы, ата тегі, ақындық мектебі - ақындық нәр алған арналары мен ақын шәкірттері, әдеби мұрасының жиналуы, жарияланымы, алғашқы зерттеушілердің қосқан үлестері, М.Әуезовтың абайтану ілімін қалыптастырудағы зор еңбегі, абайтану тарихы, абайтану ғылымының бағыт-бағдары жайында да толыққанды мағлұмат берілуге тиіс.

Ақынның әлеуметтік, саяси лирикасы, басты тақырыптарының идеялық нысанасы, өмірді суреттеушілік тәсілі, сыншылдық бағыты, қазақ әдебиетінде реалистік көркемдік әдісті қалыптастыруы, аудармалары, орыс классиктерімен үндестік сарындары, Лермонтов шығармаларына аса ден қоюының себеп-салдары, шығармаларының танымдық, көркемдік, эстетикалық мәні, тақырыптық негізгі арналары, адамгершілік сарын әуендері, өлеңдерінің тіл бейнелілігі, өмірді бейнелеудің жаңа көркемдік әдісі – сыншыл реалистік әдісті қалыптастыруы, әдеби тілдің образдық - бейнелеу мүмкіншіліктерін биік сапаға көтеруін, өлең поэтикасына енгізген жаңалығын игеру барысында абайтанушы ғалымдардың зерттеу еңбектері мен монографиялары арқылы түсінік, пайымдарымын тереңдете түсу қажет. Абай ұлылығының сырын ұғыну, абайтану ғылымының тарихын, жетістіктерін, бүгінгі бағытын аңдатып, Абай мұрасының көркемдік-эстетикалық, поэтикалық мәнін, әлеуметтік, идеялық-моральдық, тәлімдік–тағылымдық маңызын оқып тану арқылы ақынның әдеби мұрасын өсиетұлағат тұтуға тәрбиелеу де ақын мұрасына және абайтану ғылымына жастардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық тұрғыдан зерттеу дағдыларын қалыптастыру да маңызды міндет.

Қазіргі кезде республиканың жалпы білім беретін ұйымдарында Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрлігінің міндетті оқуға ұсынған таңдауы бойынша курстары оқытылады, олар: – «Абайтану» – 9-11 сыныптар; – «Дінтану негіздері» – 9-сынып; – «Өлкетану» – 7-сынып. 9-11-сыныптарға арналған «Абайтану» курсы таңдау пәнінің бағдарламасы 2012 жылы 27 сәуірде бекітілген «Қазақстанның ішкі саясатындағы идеологиялық менеджментті қайта жаңғырту жөніндегі 2012-2013 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының» 41 және 42- тармақтарына сәйкес әзірленді. «Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген және 2013- 2014 оқу жылында мектептердің оқу үдерісіне енгізілді. Жалпы білім беретін мектептердің 9-11-сыныптарына арналған «Абайтану» курсы таңдау пәнінің жылдық оқу бағдарламасына 34 сағат бөлінген. Оның 31 сағаты бағдарламадағы материалдарды оқуға, 2 сағаты шығармашылық жұмыстарды

орындауға, 1 сағаты оқушылардың пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қорытындылауға беріледі.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызары анық. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасау, ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз болмақ. Келер ұрпақты елін, жерін сүйетін елжанды, отансүйгіш етіп тәрбиелеу міндеті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Абайтануды оқытудың негізгі мақсаты – Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын, ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігін, ойшыл, кемеңгерлігін танытуға бағытталған.

- оқытудың міндеттері–қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану;

абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға концепциясына қатысты өзекті мәселелерді айқындау;

Абайдың шығыс пен батыс әдебиетін терең меңгеруінің мәні мен маңызын жан-жақты ашу;

ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету;

ақын шығармаларындағы ғылым, білім, ақындық өнер, елдік мәселелердің маңыздылығын түсіндіру;

Абай шығармаларын оқып-білудің өзектілігін,

Абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру;

қазіргі Абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттауын;

Абай шығармашылығындағы толық адам тұжырымын айқындау;

Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан таныту;

Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау;

ақын қарасөздерінің, өленderінің, поэмаларының, аудармаларының, ән мен күйлерінің мазмұны адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты, әділеттілікті, татулықты, бірлікті жырлайтындығын келер ұрпаққа үлгі-өнеге ету.

ақын поэзиясына тереңдеп үңілу үшін алдымен мәтінді оқыту, талдау, қарасөздеріндегі заман, әлеумет, дін жайын толғаған философиялық ойларының сырын ұғынуға, жұмбақ қыр-сырын түсінуге талап қылу, қалауы бойынша өлең, қарасөз жаттау.

«Абайтану» курсы ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, Абайтану мәселелері, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өленderі, поэмалары және поэзияға қойған биік мақсаттары топтастырылып берілді. Абайдың шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуы, оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғанын шәкірттердің санасына жеткізу. Абайдың әдеби мұрасы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін жас буын ұрпаққа үлгі- өнеге ету. Мектеп оқушыларына Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын жан-жақты саралай отырып терең ғылыми негізде ұғындыру. Абайтанудың тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең танып, білуге баулу. 9-сыныпта жас ерекшеліктеріне қарай берілген Абай шығармаларының мазмұны 10-11-сыныптың «Абайтану» курсының оқу бағдарламасында кеңейтіліп, спираль тәріздес дамытылып берілген. 9-сыныпта Абайдың өмірі, Абай ақындығының бастаулары, Абай шығармаларындағы шығыстық сарындар, Абай және орыс, батыс әдебиеті, Абай мұрасының орыс және өзге тілдерде танылуы, Абайтану мәселелері, Абай шығармаларындағы ғылым,

білім тақырыбы, Абай танымындағы ән мен күй, поэмалары берілген. 10-11-сыныпта Абай мұрасының XX ғасырдың отызыншы-алпысыншы жылдарындағы зерттелу жайы, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер, өнер, білім, қоғамдық құрылыс, тарих, ел, махаббат, азаматтық көңіл-күй, сыншыл, сатиралық мазмұндағы шығармалары, ақын шығармаларындағы исламдық дүниетаным және Алланы тану туралы философиялық ойлары, қарасөздері, өлеңдері және аудармалары, поэмалары топтастырылып берілді. Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына да көңіл бөлінді. Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық- көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды. Жалпы орта білім беретін мектепте қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы Абайтануды оқытудың маңызды екені белгілі. Абай өлеңдері мен қарасөздерінің тәрбиелік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары. Абай көтерген мәселелер бүгінгі күні де маңызды, өзектілігін еш жойған жоқ. Абай – адамзат ақыл-ойы мен ақындығының ірі тұлғасы. Абай ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, хакім. Әдебиеттану саласы бойынша көптеген ғалымдар Абайды тануға айтарлықтай үлестерін қосты. Қазақ әдебиеттану ғылымының тәуелсіздік кезеңінде Абай мұрасына белгілі Абайтанушы ғалымдар сүбелі еңбектер арнады. Абай шығармаларын оқыту әдістемесіне де арналған біршама еңбектерде жарық көрді. Қ. Бітібаеваның «Мектепте Абай шығармаларын оқыту», Ұ.Әбілдаұлының «Абайды оқу әліппесі», Н.Омашевтің «Абайтануды оқытудың тиімділігі», З.Қазмағамбетованың «Ақын шығармаларын оқыту»,М.Жүсіповтің «Орта мектептегі Абайтану және оның негізгі бағыттары», Т. Рахметованың «Бастауыш кластарда Абай шығармаларын оқыту» т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Жалпы білім беретін мектептің 9-11-сыныптарында Абайтану курсын оқытудағы мақсат не?–деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, қазақ әдебиеті пәнінде Абайдан басқа да тұлғалар, әдебиеттің кезеңдері оқытылады. Екіншіден, оқу бағдарламасындағы оқуға берілген сағат саны ақын әлеміне терең бойлауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ұлттың идеологы, хакім Абайдың мұрасын оқып, «толық адам» болуға ұмтылу үшін «Абайтану» таңдау курсын оқытудың маңызы ерекше. Бүгінгі жеткіншек ұрпақ арасында батысқа еліктеп, халықтық салт-дәстүріміз бен ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбиеден алыстап бара жатқандардың жиі кездесіп қалатыны жасырын емес. Осындай жағымсыз құбылыстан құтылудың рухани жолы ұрпақты Абайдың әдеби мұрасы арқылы тәрбиелеу болып табылатыны сөзсіз. Бұл айтылғандарға абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлының: «Қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік мінез-құлқын, адами қалпын қалыптастыруда Абайтану ілімі іргетасқа айналып отыр. Осы себепті, ең алдымен, Абай мұрасын меңгеру, терең танып білу – бүгінгі күннің аса қажетті мәселесі», – деген ойлары дәлел [1]. Қолданыстағы негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11- сыныптары үшін «Абайтану» курсының типтік оқу бағдарламасында Абай мұрасының XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылған және ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім- тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі Абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілген. Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударыла отырып, Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына көңіл бөлінген. Абайдың дүниетанымының қалыптасуында шығыс мәдениетінің ықпалы зор болған. Кеңес заманында бұл тақырып жабық болды. Сондықтан бағдарламаның 11-сыныбында «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ» деген тақырыпта арнаулы қамтылған ақын шығармаларындағы исламдық дүниетаным және Алланы тану туралы философиялық ойлары, Абайдың діни танымы, «Толық адам» философиясы, Абай іліміндегі «Хауас» мәселесіне тоқталу, "Алланың өзі де рас", "Өлсе өлер", "Лай суға май бітпес", "Адамның кейбір кездері", "Көк тұман", "Алла деген сөз жеңіл" т.б. өлеңдеріне жеке талдаулар жасап, дүниетанымымен қатар қарастыру тың да қызғылықты нәтижелер бермек. «... Абайға шығыстан келген бұйымдардың басы-ислам дінінде», «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» [2] екендігін М.Әуезов тегін ескертпесе керек.

Ақынның ғылым, дін туралы діни-дидактикалық, гуманистік ойларының түйіні –төмендегі шумақта тұжырымдалған:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй, ол алланы жаннан тәтті,
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,
Және сүй, хақ жолы деп ғәдәләтті. [3]

Бүкіл адамзаттық рухани биіктікке шыққан ойшыл ақын ұлтындағы, дініндегі, тіліндегі айырмашылықтарға қарамай «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» айтқан өсиетін әлем халқын бірлікке шақырған үндеуі деп қабылдау керек. Халықты бір шаңырақтың баласындай өмір сүруге шақырған Абай ұлағаты мәңгілікке берік тұғыр сүйенішіміз болары анық.

Әлемдік жаһандану үдерісінің тасқынды арнасымен ақпараттық–коммуникациялық, мобильдік, электрондық, сандық технологиялардың қарқынды дамуы ЖОО-ның, колледждердің, мектептердің білім беру бағдарламасына жаңашыл технологияларды, интербелсенді әдістерді батыл енгізуді талап етуде. Аса шапшаң қарқынмен дамыған жоғары технологиялық медиа құралдармен «бес қаруы сай» қаруланған жастар қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін түбегейлі өзгерту-уақыт сұранысы.

Бүгінгі таңда адамға қажет білімнің көлемі күрт өсуіне байланысты білімді тек қана мәліметтер жиынтығы деп түсіну мүмкін емес. Сондықтан, абайтану ілімінің басты салаларын айқындай отырып, бірлікте оқыту қажеттілігі айқын. Абайтану ілімінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін: ақын өлеңдері мен қарасөздерінің жарияланымдары мен басылымдарын, алғашқы зерттеулер бағытын; абайтану ілімінің Абайтану ғылымының негізін қалаудағы М.О.Әуезовтің сіңірген еңбегін; абайтану іліміне, ақының ата тегіне, ақындық мектебіне, ақын шәкірттеріне жасалған саяси шабуылдарды; М.О.Әуезовтің ғылыми концепцияларын жоққа шығаруға бағытталған сыңаржақ сындарды; бүгінгі абайтанушы ғалымдар ізденістерін бірлікте қарастыру. Ақындық мектебі, ақын шәкірттері туралы деректер мен жаңаша көзқарастарды сабақтастыра оқыту. Әдеби мұрасын: поэзиясының қоғамдық өмірдің ең күрделі, ең көкейтесті, ең маңызды мәселелерін қозғаған, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өресі аса биік , өрісі кең, мүлде жаңа пікір толғаған поэзия екендігін; поэтикалық өрнегін, эстетикалық нәрін, философиялық-танымдық тереңдігін; адамдық қасиет қағидаларын, ғылым, өнер,еңбек қажеттіліктерін насихаттаған, табиғат, болмыс дін танымдарын уағыздаған ағартушылық-дидактикалық мұрасының тақырыптық-идеялық арналарын; мазмұн мен түр бірлігі, көркемдік, композициялық, жанрлық ізденістері мен стилдік даралығын, текстологиялық мәселелерін; ақын мұрасының поэтикалық-танымдық қырларын, философиялық-тағылымдық мәнін айқындауға, талдап айтуға тірек боларлық біртұтас концепциялық көзқарас қалыптастыруда әр шығармаға тереңдеп үңіліп, өзіндік сипатын ұғып түсіне білу қажеттілігін пайымдау қажет. Абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы «Абайды баяғы ескі кеңестік стеротиптік сарынмен оқытуға болмайды. Оған бұдан былайғы жерде жол берілмеу керек. Біз осы күнге дейінгі пайдаланып келген оқулықтарда Абайды атеист, материалист етіп көрсеткенбіз. Кеңестік саясатқа байланысты барлық буын Абайды осылай таныды. Бүгінгі уақыт басқа, дүниетаным өзге, олар тәуелсіз санаға қарай бейімделу үстінде. Біз мақаламызда көтерілген мәселені абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлының «Абайды жаңаша қырынан танып, тәуелсіздік рухы тұрғысынан бағалайтын сәт туды деп ойлаймын» [4] – деген пікірімен түйіндейміз..

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырзахметов М. Абай және шығыс. А., 1994-208.б.
2. Әуезов М. Абайтану дәрістері. А., 1995ж.
3. А.Құнанбаев II ТШЖ. Алматы, 1986,1995., 2002 ж
4. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары.- Алматы.

ӘОЖ 330.342

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Сейдахметова А.А., Сейдахметов А.А.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада елдің экономикасының негізі – шағын және орта кәсіпкерлік екені қарастырылған. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы салалық және өңірлік монополизмді жоюға, рынокта тауарлар мен қызметтерді көбейтуге, жаңа жұмыс орындар ашуға, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалануға, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар екенің талқыладым.

Кілттік сөздер: *шағын және орта бизнес, монополизм, сала, өңір, экономика, технология, ғылыми-техникалық прогрес.*

В статье рассматривается, что основой экономики страны являются малый и средний бизнес. Благодаря развитию малого и среднего бизнеса, что существует большой потенциал для устранения отраслевой и региональной монополии, увеличения товаров и услуг на рынке, создания новых рабочих мест, использования научно-технического прогресса, создания среднего класса, который является ключом к стабильности в обществе.

Ключевые слова: *малый и средний бизнес, монополия, промышленность, регион, экономика, технология, научно-технический прогресс.*

The article considers that the basis of the country's economy is small and medium-sized businesses. Through the development of small and medium-sized businesses, I have discussed that there is great potential for eliminating branch and regional monopoly, increasing the goods and services in the market, creating new jobs, utilizing scientific and technological progress, building a middle class, which is the key to stability in society.

Key words: *small and medium business, monopoly, industry, region, economy, technology, scientific and technical progress.*

Кез келген елдің экономикасының негізі – шағын және орта кәсіпкерлік. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамыту елдің экономикасын көтеруде маңызды орынға ие. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы салалық және өңірлік монополизмді жоюға, рынокта тауарлар мен қызметтерді көбейтуге, жаңа жұмыс орындар ашуға, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалануға, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар. Бұл туралы Президентіміз Н.Назарбаев «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы жолдауында: «Экономиканың жоғары технологиялық жаңа салаларын құру ғылымды қаржыландыруды ішкі жалпы өнімнің 3 пайызынан кем емес деңгейге дейін арттыруды талап етеді. Ішкі жалпы өнімнің энергия тұтыну ауқымын 2 есе азайту маңызды. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20 пайызы орнына кемінде 50 пайызын өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге – қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек. Әлеуметтік саланы дамытудың 2050 жылға дейін басты бағдарлары нақты индикативті цифрларда көрсетілген. Біз ішкі жалпы өнім көлемін жан басына шаққанда 4,5 есе – 13 мың доллардан 60 мың долларға дейін арттыруымыз керек. Қазақстан халық құрылымында орта тап үлесі басым елге айналады. Урбанизацияның жаһандық үрдісіне орай қалалық тұрғындар үлесі барлық халықтың қазіргі 55 пайызынан 70 пайыздай деңгейге дейін өседі. Қазақстанның қалалары мен елді мекендерін сапалы жолдар мен көліктің барлық түрінің жүрдек бағыттары байланыстырады» – дейді. Алдымен экономика, сосын саясат формуласын ұстанатын президентіміздің шағын және орта кәсіпкерлікке деген ынта-ықыласын бүкіл халық қолдауда.

Президентіміз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды жүзеге асыру арқылы мемлекеттің одан әрі экономикалық және саяси дамуын айқындайтынын жақсы түсінеді және біледі. Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсан айындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында да атап өтілгендей, шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің жүйелі іс-қимылдары баяндала отырып, кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайтуға айрықша көңіл бөлінген. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни несиемен қамтамасыз ету болып табылса, оларды несиелейтін екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің жағдайына да тоқталып өтеді.

Мемлекет бүгінде кәсіпкерлік қызмет субьектілерінің нарық экономикасының толыққанды қатысушысы ретінде өз қызметтерін жүзеге асырылуына қажетті жағдайды қамтамасыз етіп отыр. Міне, аз жылда республикамыз бойынша шағын және орта кәсіпорындармен жұмыс істеуді көздейтін жалпыұлттық институттар құрылып үлгерді. Сонымен қатар, «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры» құрылып, табысты да талапты жұмыс жүргізуде. Кәсіпкерлікті қолдау үшін бір емес, бес бірдей бағдарлама жасалып, кәсіпкерлерімізге мемлекет тарапынан үлкен басымдықтар берілген. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруды көздейтін айтарлықтай салықтық жеңілдіктер заңдық деңгейде қарастырылды. Оның сыртында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және салық салуды жақсарту жөнінен үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Мәселен, осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, шағын және орта бизнесті жеделдете дамыту шаралары жөнінде бағдарламалар әзірленіп, салық заңына түзетулер енгізілуде. Дәл осы процеспен кете берсек, аз жылда-ақ Қазақстан әлемдегі кәсіпкерлік жасауға ең қолайлы мемлекеттердің қатарынан табылады. Әрине, бұл жұмыстардың басында тек бір ғана адам тұр: ол – президентіміз Н.Назарбаев.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды одан әрі ынталандыру үшін мемлекетіміз алдағы уақытта да көптеген жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырмақшы. Жоспарланған түрде, шағын және орта кәсіпкерліктің ІЖӨ құрылымындағы үлесінің айтарлықтай артуына қол жеткізіп, сол арқылы мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығының берік іргетасы – орта тапты нығайту қажеттілігі күн санап артуда және бұл жолда президентіміз көптеген мәселелерді шешуде. Жалпы, алдағы уақытта Еуразиялық интеграцияда, сонымен қатар ДСҰ-да Қазақстан шағын және орта бизнес арқылы бәсекеге төтеп беріп, ел экономикасын шарықтата алуы тиіс. Бұл біздің президентіміздің, мемлекетіміздің негізгі мақсаты болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың пайдасы, мемлекетімізге алып келер үлесі орасан зор. Дәл осы кәсіпкерліктің түрлерін дамытпай еліміздің экономикасын жандандыру, халқымыздың әлеуметтік хал-ахуалын көтеру мүмкін емес. Жұмыссыздықты жоюда, жалақы мен зейнетақыны уақытылы төлеуде, рынокты халыққа қажетті тауарлармен толтыруда, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде, депрессияны бастан кешіріп отырған жекелеген аудандарды қалпына келтіруде осы шағын және орта бизнес шешуші фактор. Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытуға байланысты шаралар Елбасы Н.Назарбаевтың 1997 жылы 6 наурызда қабылдаған «Шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді жеделдету шаралары» деген қаулысынан басталды. Одан кейін «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңдар қабылданды. Шағын және орта кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасау үшін, қаржылай және ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында Елбасы «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың басымдықтары мен аймақтық бағдарламалары туралы» жарлық шығарды. Міне, жыл сайынғы жолдауында елбасымыз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жаңа тәсілдерін ұсынып келеді. Биылғы «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында да шағын және орта кәсіпкерлікке ерекше назар аударылған.

Шын мәнінде, шағын және орта кәсіпкерлік – ел экономикасының ұтқыр әрі нәтижелі секторының бірі. Ішкі жалпы өнімнің елеулі бөлігін өндіру солардың үлесінде. Бұл жағдай тек

дамыған елдерге ғана қатысты емес, өтпелі экономикасы бар елдерге де қатысты. Бірнеше жыл бұрын президентіміз Н.Назарбаев: «Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта бизнес олардың барлық кәсіпорындары санының 90%-дан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50%-дан астамын береді. Сондықтан да біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет. Бұл кәсіпкерлік ортаның бастамашылығын іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек» – деген болатын. Көріп отырғанымыздай, бүгінде президентіміз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жағдай туғызу үшін Еуразиялық экономикалық одақ жобасын жүзеге асыруда. Сонымен қатар, ДСҰ-ға кірудің алғышарттары да түзіліп қойылған. Алдағы уақытта еліміздің экономикасы дәл осы шағын және орта кәсіпкерлік арқылы аспанға шарықтайды.

Қазақстан Республикасының бүгінгі таңда қойып отырған міндеттерінің бірі- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Шағын және орта бизнесті дамыту экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы. Әсіресе, жеке меншіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың тиімді әрі нәтижелі секторы. Шағын және орта кәсіпкерлік жұмыссыздықты жоюда, нарыққа қажетті тауарларды жеткізуде, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде және экономиканы тұрақтандыруда шешуші фактор болып табылады.

Бірақ, шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдаулар және әкімшілік реттеу жүргізіліп жатқанмен, шағын кәсіпкерлік қызметтің нәтижелері әлі де жоғары деңгейде емес. Шаруашылық салаларын алатын болсақ, саудадан басқа жерде шағын және орта кәсіпкерліктің жетекші ықпалы байқалмайды.

Кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға байланысты міндеттерден басқа, мемлекет, кәсіпкерлікті қаржылық, ақпараттық-сараптамалық және материалды-техникалық қолдауды қамтамасыз ету бойынша қызметтер атқарады. Қолдаудың бұл нысандарының барлығын мемлекеттік атқарушы органдары арқылы жергілікті және аумақтық деңгейде қабылданатын әр түрлі бағдармалардың көмегімен де, әр ұйым капиталының қатысуымен осы үшін арнайы жасалған стратегиялар көмегімен де жүзеге асырады.

ҚР Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Жолдауында: «Мемлекет жұмысының негізгі бөлігі Қазақстан бизнесін, әсіресе шағын және орта бизнесті дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау болмақ. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20% орнына кемінде 50% өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге- кәзіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек» деп шағын және орта кәсіпкерліктің маңызын атап көрсетті.

Осы орайда елімізде көптеген шаралар жүзеге асуда. Олардың қатарында:

- шағын және орта кәсіпкерлік еліміздегі жұмыссыздықты азайтудың негізгі нысаны. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарлама жүзеге асқалы бері, елді- мекен тұрғындарының табысы 6% артты. Кедейшілік деңгейі 5,9% дан 3,8%- ға қысқарды.

- Мемлекет тарапынан қаржы-несиелік және инвестициялық климат жасалып, шағын және орта кәсіпкерлікке қаржы-несиелік және инвестициялық тұрғыдан қолдау жүргізілуде.

- Шағын және орта кәсіпкерлікті жетілдіру жолында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры қызмет атқарып жатыр.

- Ауылдық жерлерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға көңіл бөлінуде. Бұл шараларды «Ауыл шаруашылықты қаржылық қолдау қоры» АҚ, «Казагрофинанс» АҚ, «Продкорпорация» АҚ жүзеге асыруда.

- Мемлекеттік органның даярлау, қайта даярлау, біліктілігін жоғарылату шаралары жүргізілуде.

- Технопарктер құрылды.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолы болып кәсіпкерліктің әртүрлі қырларын кеңінен қарастыру ғана емес, инновациялық тәсілдерді, дәстүрлі емес және озық технологияларды қолдану, ең жаңа өнімдер мен қызметтерді пайдалану да табылады. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта ЖІӨ-де алатын үлесі- 20%. Біріккен Ұлттар Ұйымының

Даму бағдарламасының мәліметтеріне сүйенсек, әлемдік экономикада тек шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санының 95%-нан асады, олардың ЖІӨ-дегі үлесі 50%-ға дейін жетеді. Дамыған мемлекеттердегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі, мысалы, Жапонияда 55%, Ұлыбританияда-52%, Германияда-57%, Италияда-70%. Салыстырмалы сараптама Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық көрсеткіште үлесінің өте аз екенін көрсетеді. Оны 50%-ға жеткізу 2050 жылдарында болжанып отырғаны белгілі.

Статистика көрсетіп отырғандай, Оңтүстік Қазақстан облысында тіркелеген шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілер санының өсіңкілігі байқалады (кесте 1.2.3.4).

Шағын және орта кәсіпкерліктегі қомақты әлеуметтік рөлді атқарумен бірге бюджетке елеулі салықтық түсімдерді қамтамасыз етеді. Осы күнгі күрделі жағдайларда шағын және орта кәсіпкерлік тұрақтандыру ретінде көрініс береді. Бизнес жеке азаматтардың өз бетінше, өзінің мүліктік жауапкершілігіне және өз тәуекелімен пайда табу немесе басқада формада экономикалық пайдаға ұмтылу әрекеттері.

Шағын және орта кәсіпкерлік нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Оған жылдамдық, икемділік және жоғарғы тиімділік сипаттары сәйкес келеді. Осы және басқада артықшылықтарды ұлттық экономиканы дамытудың қозғаушысы ретінде саналады. Қазіргі уақытта шағын және орта кәсіпкерлік сферасында миллионнан астам адамдар жұмыс істеуде, дегенмен шағын және орта кәсіпкерліктің құрылуы мен өсуі жөніндегі мәселелерді одан әрі оқып білуді талап етеді: даму перспективаларын болжау және басқару, талдау, бағалаудың икемді және тиімді әдістерін дайындау.

Шағын және орта кәсіпкерлік елімізде мұнайдан кейінгі екінші ірі экономикалық сала саналып келген еді. Енді ол ұғым өзгерген сыңайлы. Кейбір сарапшы-экономистер кәсіпкерлікті экономиканың ең сенімді, тұрақты және ұзақ мерзімді саласы санай бастады. Оған себеп – әлемдік нарықта мұнай бағасы құлдырағанда шикізатқа тәуелді экономиканың құны бір тұтам екені өткен жылғы жағдайлар анық көрсетті.

Кәсіпкерлерден жиналған салық түсімдері Астана мен Алматы және басқа ірі қалалар бюджетінің 70 пайыздан астамын құрап келеді. Бұл – бірнеше жылдан бері қалыптасып келе жатқан жағдай. Үшіншіден, шағын және орта кәсіпкерлік саласы жылына бірнеше жүз мың адамды жұмыспен қамтиды. Жыл сайын жаңа жұмыс орындары ашылып жатады. Салыстырмалы түрде алсақ, мұнай саласында жұмыспен қамтылғандардан, шағын және орта бизнесте тұрақты табыс тауып, көп жыл еңбек етіп келе жатқандар әлденеше есе көп. Еліміздің экономикалық даму көрсеткішінде де шағын және орта бизнес алдыңғы орынға шыға бастады. Осы деректерді ескеріп, бүгінде бізді асырап отырған мұнай емес, кәсіпкерлік саласы деп батыл тұжырым жасауға әбден болатындай.

Астана қаласы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мәліметіне қарағанда, елордада өткен жылдың соңғы айларының өзінде шағын және орта бизнес саласында 7 мыңнан астам жұмыс орны ашылған екен. Қазіргі уақытта жұмыс істеп жатқан шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 100 мыңнан асады. Осы субъектілер өндірген өнім көлемі 2 516,4 млрд теңгеге жеткен. Бұл саланы одан әрі жіктеп қарайтын болсақ, тіркелгендердің 70 мыңнан астамы жеке кәсіпкер, 10 шаруа қожалығы, 27 мың заңды тұлға екенін көреміз. Сонда шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы өнім көлемі, салық түсімі, жұмыспен қамту және басқа көрсеткіштердің басым бөлігі жеке кәсіпкерлерге тиесілі екенін көреміз. Бұған енді осы салада жұмыспен қамтылып отырған тағы бірнеше жүз мың адамды қосыңыз. Мұндай жағдай еліміздегі барлық қалаларға ортақ екенін ескерсек, ел экономикасын алға жылжытып отырған ірі кәсіпорындар, алпауыт компаниялар емес, жүздеген мың жеке кәсіпкер екенін аңғару қиынға түспейді. Шағын және орта бизнес саласы тұрғындарды жұмыспен қамтуда үлкен үлес қосып отырғанын, экономикалық өсім көрсеткіші де соларға тиесілі екенін Елбасымыз да талай мәрте айтқан болатын. Сондықтан бұл саланың дамуына қолдау көрсету, мемлекеттік деңгейде қолайлы жағдайлар жасау – үнемі басты назарда.

Астанада да кәсіпкерлікті қолдау және дамытуға жоғары деңгейде көңіл бөлінеді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Астана қалалық филиалында кәсіпкерлікпен

айналысқысы келетіндерге, жаңа кәсіпті қолға алуға ниет еткендерге нақты қолдаулар көрсетіледі. Бизнес-жоспар жасаудан бастап, қысқа мерзімдік курстар, кеңестер беру сияқты қолдаулардың барлық түрі қамтылған. Қолдау түрлері тек осымен шектеліп қалмаған. Мәселен, Астанада өткен жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша 500 жуық жоба мақұлданған болатын. Осы бағдарлама аясында бес-алты жыл көлемінде жалпы құны 84,5 млрд теңге болатын 480 жобаға қолдау көрсетілген. Соның ішінде, өткен жылы 11,9 млрд теңгенің 67 жобасы қолдауға ие болған.

– Ал несиелерге жартылай кепілдік беру бойынша жалпы кепіл сомасы 3,6 млрд теңгені құрайтын 89 жоба, оның 1,1 млрд теңгені құрайтын 35 жобасы 2015 мақұлданған болатын. Бес жыл көлемінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жетіспейтін инфрақұрылымды тарту үшін кепіл сомасы 2,7 млрд теңге болатын 35 жоба мақұлданған еді. Өткен жылы көлемі 81,8 млн теңгені құрайтын үш жоба қолдауға ие болды. Енді гранттық қаржыландыруларға келсек, күні-бүгінге дейін қаржылық көлемі 59 млн теңге шамасында 20 жоба қабылданды. Соның бесеуі, яғни, 15 млн теңгесі өткен жылғы көрсеткіштің үлесінде, – дейді Астана қалалық Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің бастығы Нұргүл Назарова.

Астанада өткен жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша 500 жуық жоба мақұлданған болатын. Осы бағдарлама аясында бес-алты жыл көлемінде жалпы құны 84,5 млрд теңге болатын 480 жобаға қолдау көрсетілген. Соның ішінде, өткен жылы 11,9 млрд теңгенің 67 жобасы қолдауға ие болған.

Қызмет көрсету бағытында жұмыс істейтін кәсіпкерлер немесе осы сала бойынша кәсібін ашқысы келетіндер жеңілдетілген несиеге ие болмақ. Өйткені, айтулы көрмеге әлемнің түкпір-түкпірінен келетін адамдардың саны өте көп. Сондықтан, біздегі қызмет көрсету саласындағы нысандар да (мейрамхана, дәмхана, қонақ үй және тағы басқалары) көп және сапалы болуы тиіс. Сауда мен қызмет көрсету саласын қолдау бағытында қабылданған бағдарлама бойынша 500 миллион теңге бөлінген екен. Осы бағдарлама аясында қызмет көрсету саласындағы жобалары бар кәсіпкерлер жеңілдетілген несие алу мүмкіндігіне ие болады.

– Бұл енді, негізінен, Астана қаласының кәсіпкерлері үшін қарастырылып отырған жеңілдік. Дүкен және мейрамхана ашқысы келетіндерге 7,6 пайыздық жеңілдетілген несие ұсынылады. Аталмыш бағдарламада экономиканың жалпы саласы бойынша да несиелер алуға болады. Оның тәртібі де кәсіпкерлер үшін тиімді. Бұдан бөлек, Астана қаласы әкімдігі мен «Даму» қоры елордадағы жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған «Астана Жастар» деп аталатын бағдарламаны жүзеге асыруды бастады, – дейді жаңа жеңілдіктер жөнінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» астаналық филиалының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңесшісі Ақбота Аюпова.

Оның айтуынша, бұл бағдарлама негізінде18-29 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер 20 млн теңгеге дейін несие ала алады. Сондай-ақ, «Даму» қорынан 85 пайызға дейін кепілдік алу мүмкіндігіне ие болады екен. Несиелер экономиканың кез келген саласына берілмек. Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында «Болашақ» қауымдастығы мен «Даму» қоры арасында жаңа келісімге қол қойылған. Соның негізінде «Startup Bolashak» деп аталатын гранттық конкурс жарияланған. Конкурс талаптарына сай жастардың 3-7 млн теңге көлемінде грант ұтып алуға мүмкіндігі бар. Ол үшін өзіңнің бизнес-идеяң болса жетіп жатыр. Сол идеяны негізге ала отырып, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына келіп өтініш жазады. Оның одан арғы тағдырын конкурстық комиссияның ұйғарымы шешеді.

Саладағы тағы бір ауқымды жаңалық – кәсіпкерлердің өз тауарларын шетелге экспорттауға кең жол ашу үшін кооперативтерге біріктіру жолдары қарастырылуда. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін арнайы заң да қабылданған. Кооперативке біріктірілген кәсіпкерлер компания ретінде өз тауарларын бір маркамен экспортқа шығаруға мүмкіндік алады. Бұл, әсіресе, Астананың азық-түлік белдеуінде жұмыс жасап жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлерге қолайлы болатын түрі бар. Осы белдеуде табиғи жолмен өндірілген ет, астық, бидай, сүт өнімдері, жұмыртқа сияқты тауарлар экспортқа жол тартса,

шетелдіктердің үлкен сұранысына ие болары сөзсіз. Қазірдің өзінде экономиканың негізгі тірегіне айналған шағын және орта бизнес экспорттық әлеуетке ие болса, еліміздің ең бірінші жетекші саласы мәртебесіне қол жеткізеріне сеніміміз кәміл.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сабден О. Основные направления повышения конкурентоспособности экономики Казахстана // Экономика: стратегия и практика. -2007. - №1-2. - С. 5-14

2. Дауранов И. Инновационное развитие предпринимательства: институционально-правовая основа// Вестник предпринимателя. - 2013.- №7- 32-33б.

3. Абыкаев Н. Инвестиционный потенциал и экономическии рост (методологическии аспект) // Экономист. – 2000.- № 6.-С.58-66.

4. Казыбаев А.К. Управление малым инновационным бизнесом//Проблемы агрорынка. – 2004. – №3. – С. 42-46

5. Хусаинов Б.М., Жумагазиева А.Г. Основные приоритеты аграрной политики Республики Казахстан//Проблемы агрорынка. – 2015. –№2. –С.12-18

6. ҚР Статистика Агенттігі. 2015 жылғы ҚР кәсіпорындарының инновациялық қызметі туралы. http://www.stat.kz

7. Ресми сайт. ҚР Ұлттық инновациялық қоры. http://nif.kz/press_center_developments/

УДК 93/94:004.9

ОБ ОБУЧЕНИИ ТАЛАНТЛИВЫХ И ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ (ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ)

Сыдыкова Ш.Р.
НИШ ФМН г.Талдыкорган, alen29@mail.ru

В данной статье рассматривается опыт работы с одаренными детьми по новым интегрированным образовательным программам НИШ на примере уроков по Всемирной истории. Показана система планирования уроков, методов и приемов, используемых в процессе ежедневной деятельности.

Ключевые слова: *талантливые, одаренные, ученики, всемирная история, методы обучения, критическое мышление.*

Бұл мақалада дүниежүзілік тарих сабағының мысалын қолдана отырып, дарынды балалармен жұмыс істеу тәжірибесі қарастырылған. Сабақты жоспарлау жүйесі, күнделікті қызметте қолданылатын әдістер мен әдістер көрсетілген.

Кілттік сөздер: *талантты, дарынды, оқытушылар, әлемдік тарих, оқыту әдістері, сыни ойлау..*

This article discusses the experience of working with gifted children on the new integrated NIS educational programs, using the example of lessons from the World History. The system of planning lessons, methods and techniques used in the daily activities is shown.

Key words: *talented, gifted, school pupils, world history, teaching methods, critical thinking.*

Творческое мышление – это особый тип мышления, который можно развивать, если он есть, и которому нельзя научить, если его нет.
И. Шевелев

В системе нашего НИШ работа «по созданию благоприятной среды для достижения максимального успеха» и обучения учеников является одной из основных задач. Разработана общешкольная политика для достижения наибольшего эффекта в удовлетворенности

потребности детей, на уровне всех звеньев, с дальнейшим усложнением школьных стандартов обучения для всех учеников.

Если определить содержательный компонент категорий «талантливый и одаренный», то он может быть различным. Наиболее распространенное понятие одаренности является определение немецкого психолога В. Штерна:

«Одаренность – это общая способность индивида сознательно ориентировать свое мышление на новые требования; это общая способность психики приспосабливаться к новым задачам и условиям жизни».

«Талант – высокий уровень способностей человека к определенной деятельности. Это сочетание способностей, которые дают человеку возможность успешно, самостоятельно и оригинально выполнить определенную сложную трудовую деятельность».

Данные компоненты выявляются родителями, учителями или самими учениками. Как правило, ученики нуждаются в том, чтобы у них были условия для проявления своих способностей, умений и раскрытия потенциала.

В своей практике потребности учащихся мною были выявлены следующими методами:

Во-первых, на основе, исследований психологической службы школы, которая провела обширное диагностирование на определение склонностей учащихся, типа темперамента, типа интеллекта, уровня эмоциональности учащихся.

Во-вторых, на основе, интегрированной образовательной программы по Всемирной истории, где планирование уроков, включают задания, позволяющие выявить уровень способностей, используя работу с источниками, иллюстрации карты и атласы, ролевые игры, устные ответы, презентации.

В-третьих, на основе вовлечения родителей в этот процесс, им был объяснен процесс выявления одаренных и талантливых учеников, через какие способы, определяются личные интересы, особые таланты и способности учащихся (анкетирование, беседы, встречи).

При планировании работы с талантливыми и одаренными учащимися были использованы методы и стратегии к**ритического** мышления**, так как** это дает «возможность анализировать информацию, ставить новые вопросы, разработать разнообразные аргументы, принимать независимые продуманные решения». Структура данного модуля стройна и логична. Уроки всемирной истории по данному модулю включают следующие этапы: вызов, осмысление, рефлексия. Методы, применяемые на этих этапах эффективны в сочетании с различными видами работы: самостоятельной, индивидуальной и групповой работы.

Немаловажным является то, что процесс обучения одаренных детей на уроках истории должен предусматривать наличие и свободное использование разнообразных источников и способов получения информации, в том числе использование ИКТ и других технологий. В зависимости, какова у учащегося потребность в быстром получении больших объемов информации и обратной связи о своих действиях, необходимо применение средств, обеспечивающие богатый зрительный ряд (видео, музыка, голосовое сопровождение).

Работая по интегрированной программе по Всемирной истории, в 8-м классе, планирование уроков проводится мною с учетом опыта и интересов учащихся по развитию навыков критического мышления. Объектами для наблюдения были выбраны трое учащихся с разными типами интеллекта. Все учащиеся являются способными и одаренными учащимися. Данные представлены психологической службой школы, по итогам диагностирования учащихся 8С класса на определение типа интеллекта. Цель: Определить тип интеллекта у учащихся. Используемая методика: Г. Гарднер

Ученик 1 (интеллект – логико-математический), Ученик 2 (интеллект –межличностный), Ученик 3 (интеллект – пространственный).

Для создания базы по выбранным ученикам была разработана шкала поведенческих характеристик объекта наблюдения, данные фиксировались в таблицу, проведен анализ результатов наблюдения. Методами исследования стали анализ результатов наблюдения, тесты, беседы с родителями учеников и учителями – предметниками по истории Казахстана, географии и русского языка.

Индивидуальные психологические особенности:

	Особенности темперамента	Эмоциональная устойчивость	Черты характера
Ученик 1	Флегматик	Высокий	Спокойный
Ученик 2	Холерик	Выше среднего	Общительный
Ученик 3	Сангвиник	Средний	Стеснительный

Исходя из индивидуальных особенностей, можно определить какие навыки у них доминируют. Наблюдения проводились при организации группового взаимодействия, где они по-разному реализуют свои знания, навыки и способности: Ученик 1. Спокоен и нетороплив. В его деятельности на уроках проявляется основательность и продуманность, что немаловажно для такого навыка критического мышления как классификация. Он доводит начатое задание до конца, но медлительность мешает ему в учебной деятельности, поэтому, я стараюсь направлять его к исследовательской деятельности, так как этот навык у него преобладает. На уроке по теме: «Как британцы XIX века и современные индусы рассказывают о событиях 1857-1859 гг. в Индии?», проверку домашнего задания, я провела через работу в группе. Так как, данное задание носило исследовательский характер, он изучил критерии успеха, по которым было необходимо классифицировать последствия восстания сипаев на экономические, политические и социальные. При проверке его тетради, им были систематизированы последствия, а также он включил и культурные последствия. И это было эффективным вкладом для группы при составлении их кластера.

При проведении совместной рефлексии работы группы, была отмечена деятельность каждого участника группы и при этом я отдельно подчеркнула вклад ученика 1, как он классифицировал последствия восстания сипаев, а также изучил и включил дополнительные факты, вне критериев успеха.

Ученик 2 - любознательный, подвижный, он может легко устанавливать контакты, общителен, доброжелательный. Отличается высокоразвитым чувством коллективизма, отзывчивостью, активностью в учебе, труде и общественной жизни. При проведении этого же урока на этапе закрепления мною применена деловая игра «Ваше мнение», критерием успеха которой было составить сообщение в прессу о том, как восприняли восстание сипаев, в Италии, Франции, марксисты, индийцы и англичане, показать через развитие такого навыка как синтез материала. Задание выполнялось в паре, этот ученик мог работать с любым типом ученика. С другим более уравновешенным учеником был изучен документ «Международный резонанс», затем они совместно написали сообщение в 5-6 предложений. Это задание учеником 2 было проанализировано, приведены аргументы, и дана оценка действий англичан, как агрессивной и захватнической политики. Им удалось сделать классификацию события и обобщение, изложить перед аудиторией официально и без лишних эмоций. Наблюдая за ним, я еще раз убедилась, что его навыки критического мышления достаточно развиты, в любых формах работы на уроке и при самостоятельной подготовке.

Ученик 3 отличается быстротой движений и действий, порывистостью, возбудимостью, он с увлечением берётся за дело, проявляет инициативу, работает с подъёмом. На уроке по этой же теме, при выполнении задания на этапе деловой игры, ему необходимо было отработать такой навык критического мышления как обобщение. Его деятельность в паре была очень активной, подавляла порой своего напарника. Мне приходилось акцентировать на ученике 3 внимание, делая упор на то, что это совместная деятельность, так как работа требовала усидчивости, и он мог остыть и потерять интерес к деятельности. Чтобы избежать этого я для них подобрала роль индийских журналистов, это было очень удачным выбором, для этой пары. Результатом их работы было обобщение их позиции как потерпевшей стороны. Выступление на аудиторию класса было очень эмоциональным, артистичным (ученик 3 вошел в образ индийского сипая), полным возмущения несправедливости и жестокости к индийскому народу, ученик 3 воодушевленно выступил перед классом, чем вызвал бурные овации у своих

одноклассников. Мне пришлось, напомнить ему об втором участнике, после чего, он предоставил возможность выступить своему напарнику.

Следует отметить, что без взаимодействия с учителями-предметниками по истории Казахстана, математики и русского языка, психологами, куратором класса, а также с родителями учеников было бы сложно проводить конструктивное наблюдение. Мои коллеги отметили, что подходы, используемые мною в работе с данными учениками, совпадают с их наблюдениями и применяемыми их методами. Беседа с родителями подтвердила характеристики типов их поведения и правильно составленную мною стратегию по эффективному распределению их деятельности на моих уроках. Отобранные методики критического мышления, которые позволяют формировать такие навыки как анализ, синтез, классификация и обобщение также эффективно применяются на уроках учителей – предметников.

Итоги анкетирования учащихся на «Познавательные потребности», проведенный психологической службой школы, показали, что 37% учащихся 7-9 классов выбирают Всемирную историю, как предмет для углубленного изучения.

Таким образом, результаты наблюдения по обучению талантливых и одаренных учащихся привели к выводу о том, что талантливые и одаренные ученики в разных ситуациях при наличии условий для проявления своих качеств могут успешно существовать в группах разного уровня. Они могут работать над выполнениями заданий различного уровня сложностей, у них сформированы навыки критического мышления, творческий подход, исследовательские навыки.

Эти наблюдения за совместной работой учащихся позволили мне планировать свои уроки несколько иначе, с применением группового метода обучения, индивидуальной работы, работы в парах, исследовательской деятельности, с использованием дифференцированных заданий.

Исходя из проведенных мною наблюдений и исследования, в дальнейшей своей работе с талантливыми и одаренными учащимися планирую:

1. Включать на своих уроках изучение таких вопросов и проблем, которые позволяет учитывать интерес талантливых и одаренных учащихся к универсальному и общему, их повышенное стремление к обобщению, теоретическую ориентацию и интерес к будущему;

2. Использовать метапредметный подход на основе интеграции тем и разделов, относящихся к различным областям знания. Это будет стимулировать стремление талантливых и одаренных учащихся к расширению и углублению своих знаний, а также развивать их способности к сравнению разных явлений и поиску решений.

3. Организовать работу кружка по Всемирной истории, тем самым поддерживать и развивать исследовательскую деятельность в обучении;

4. Обучать и оценивать результаты своей работы с помощью четко составленных критериев успеха, формировать у них навыки публичного обсуждения и отстаивания своих идей и результатов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Руководство для учителя. Третий (базовый уровень). НИШ, 2012 г.
2. Интегрированная образовательная программа НИШ – Учебная программа по Всемирной истории. Основная школа. Июнь 2014.
3. Интернет ресурсы:
4. http://bibliofond.ru
5. http://www.eduhelp.info/page/odarennye-deti-osobennoe-zveno
6. http://psyznaiyka.net/view-sposobnosti.html?id=odarennost-talant
7. http://psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=2546&Itemid=235&lang=kaz

ӘОЖ 541.124

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Таубалдиева Ж.Ш., Жағпар Х., Ұлықбек М., Ахмет М.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
z.taubaldieva @ mail.ru

Мақалада авторлар музыкалық білім берудегі шетел ғалымдарының негізгі қағидаларын ашып көрсеркен.. Соның ішінде музыка сабағын беретін ұстаздың жалпы педагогикалық, жалпы мәдени, өнерлік маңызды аспектілері айқындалған

Кілттік сөздер: *музыкалық білім беру, білім беру мақсаты, музыкалық мәдениет, музыкалық-эстетикалық талғам, музыкалық-шығармашылық.*

В научной статье авторы раскрыли основные принципы иностранных ученых в музыкальном образовании и определяются уровни сформированности общепедагогической и художественной культуры современного педагога

Ключевые слова: *музыкальное образование, образовательная цель, музыкальная культура, музыкально-эклектическая музыка, музыкальное искусство.*

Қазіргі кезең педагогикасында жалпы музыкалық білім берудің мақсаты деп оқушылардың музыкалық мәдениетін жалпы рухани мәдениетінің бөлігі ретінде қалыптастыру және дамыту қарастырылады.

3. Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана от 10 января 2018 г. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции
4. ww.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvarya-2018-g
5. Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020» http://egov.kz/cms/ru/articles/gp_inf_kaz_2020
6. Государственная программа "Цифровой Казахстан" https://zerde.gov.kz/activity/management-programs/digital-kazakhstan/#hcq=zo9HFIqhttps://zerde.gov.kz/activity/management-programs/digital-kazakhstan/#hcq=yEVoFIq
7. Погирейчик О. И. Мобильные приложения в образовании. Белорусский университет http://elib.bsu.by/bitstream/123456789/115225/1/%D0%A1.%20184%20-%20185.%20%D0%9C%D0%9E%D0%91%D0%98%D0%9B%D0%AC%D0%9D%D0%AB%D0%95%20%D0%9F%D0%A0%D0%98%D0%9B%D0%9E%D0%96%D0%95%D0%9D%D0%98%D0%AF%20%D0%92%20%D0%9E%D0%91%D0%A0%D0%90%D0%97%D0%9E%D0%92%D0%90%D0%9D%D0%98%D0%98.pdf
8. Бауэр Е.К. Разработка мобильных приложений для сферы образования
9. http://www.softreactor.ru/razrabotka-mobilnyh-prilozheniy-dlya-sfery-obrazovaniya
10. Что такое образовательный квест? http://project.457spb.ru/DswMedia/kvesttexnologiya.pdf

УДК 377.111.3

ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ

Тулеужанова К.А., Туменбаева А.К., Онғарбаева С.С.
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
Nur_gosha@mail.ru, asel.tumen@mail.ru, sabitovna2018@mail.ru

В статье дана сущностная характеристика феномена «духовно-нравственном воспитание». В связи с проблемой исследования раскрыты две объемные дефиниции, такие как «духовность» и «нравственность». Научно-теоретический анализ исследуемой проблемы позволил уточнить сущность понятия «духовно-нравственное воспитание», под которой мы понимаем двуединый процесс, ориентированный на непреходящие человеческие ценности, направленные на формирование нравственного сознания, нравственных чувств, нравственного поведения.

Ключевые слова: *духовность, нравственность, духовно-нравственное воспитание.*

Мақаласында дана сипаттамасының мәні феноменін "рухани-адамгершілік тәрбие". Проблемасына байланысты зерттеу ашылған екі көлемді дефиниции сияқты "руханилық" және "адамгершілік". Ғылыми-теориялық талдау зерттеліп отырған мәселенің мүмкіндік берді нақтылау мәні ұғымдар "рухани-адамгершілік тәрбие", оның астында біз түсінеміз двуединый бағдарланған процесс уақытсыз адами құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған адамгершілік сана, адамгершілік сезім, адамгершілік мінез-құлық.

Кілттік сөздер: *руханилық, адамгершілік, рухани және адамгершілік тәрбие.*

The article gives an essential description of the phenomenon of "spiritual and moral upbringing". In connection with the research problem, two voluminous definitions are revealed, such as "spirituality" and "morality." The scientific and theoretical analysis of the problem under study made it possible to clarify the essence of the concept of "spiritual and moral upbringing," by which we mean a two-way process oriented toward enduring human values aimed at the formation of moral consciousness, moral feelings, moral behavior.

Key words: *spirituality, morality, spiritual and moral upbringing.*

В условиях построения нового общества в республике Казахстан, где ценятся честь, достоинство и репутация каждого, где присутствует высокая мораль, этические стандарты и духовные ценности возрастает значимость проблем духовно-нравственного воспитания и обучения студенческой молодежи, которая является одной из наиболее активных слоев общества, призванной выполнить сложные задачи трансформации современного общества. В связи, с этим неслучайно, в Законе Республики Казахстан «Об образовании» поставлена задача формирования у молодежи высоких нравственных качеств: чувства национальной гордости, патриотизма, гуманного отношения к людям, уважения к своей культуре, самобытности народа, нравственного поведения [1].

Поэтому проблема духовно-нравственного развития студенческой молодежи, практически, не утрачивает своей актуальности и постоянно является объектом изучения научных дисциплин: философии, социологии, психологии, педагогики. Следовательно, воспитание должно стать важнейшей составной частью реформы школы, которая пока ограничивается, главным образом, образовательным процессом – содержанием, новыми программами, учебниками и технологиями преподавания.

Для решения поставленных задач использовался следующий комплекс **методов исследования**: теоретический анализ, моделирование, беседы, анкетирование, наблюдение с использованием специально разработанных программ, педагогический эксперимент, экспертная оценка, педагогический мониторинг, систематизация и обобщение полученных данных, статистические методы.

На деле воспитательные процессы обретения нравственной культуры личности, становления ее ценностных ориентаций, ее гражданской позиции и эстетической культуры стали не просто «вторичными», а нередко выпадали из реального образовательного процесса. Динамическое развитие нашей страны требует, во-первых, формирования в человеке не столько типичного, сколько ярко индивидуального, позволяющего молодежи стать и оставаться самой собой в быстро меняющемся социуме. Во-вторых, психологи отмечают, что нынешней студенческой молодежи свойственны прагматичность мыслей и действий, раскрепощенность в следствие этого возникла необходимость применения новых подходов и методов воспитания. В-третьих, современная высшая школа остро нуждается в гуманизации отношений между студентами и преподавателями, демократизации ее жизнедеятельности, что требует коренных преобразований в методике воспитательного воздействия на молодежь. Что делать, чтобы спасти не только нынешнее поколение но, пожалуй, и будущее от бездуховности, безнравственности, невежества, реализовать в полной мере социальную функцию воспитания и образования студенческой молодежи? Этот вопрос был и остается одним из самых актуальных и сложных вопросов человечества.

Прогрессивными философами, психологами, педагогами, выдающимися представителями науки, культуры выдвинуто немало идей, связанных с проблемой духовности и нравственности. Критическое осмысление их идей способствует выявлению исходных теоретических ориентиров в разработке проблемы духовно-нравственного формирования личности в современных условиях.

Большой вклад в проблему формирования духовно-нравственных качеств личности молодежи внесли казахстанские ученые-мыслители.

Ч. Валиханов выдающийся казахский ученый, просветитель и демократ, явился провозвестником новой эпохи, эпохи пробуждения национального самосознания народа, чему способствовала вся его общественно-политическая и просветительская деятельность. Чокан Валиханов справедливо утверждал: «только знания и образование придают человеку силы и являются великим орудием в борьбе за просвещение и благосостояние народа, только просвещение может вывести казахский народ на путь свободы и нравственного совершенства» [2].

Вся многогранная деятельность Ибрая Алтынсарина пронизана размышлениями о сущности нравственности, смысле человеческого существования и счастья, нравственных мотивах поведения и отношений, воспитания высоконравственной личности. Важным источником нравственных воззрений просветителя-демократа, мыслителя и общественного деятеля замечательного педагог-новатора, являлось устное народное творчество, отражающее жизнь и быт, горе и счастье, патриотизм, традиции и обычаи народа. Об этом свидетельствует «Киргизская хрестоматия», в которой представлены сказки, пословицы, нравоучительные статьи с конкретным нравственно-этическим, воспитательным содержанием [3].

Таким образом, можно с полным правом утверждать, что провозглашаемые в прошлом столетии Чоканом Валихановым, Ибраем Алтынсариным моральные нормы, возвышающие любовь к труду, самоотверженную борьбу за интересы народа, честность, справедливость, ответственность, упорство в изучении науки и их высшие этические идеалы не только не утратили своего значения в наше время, а приобрели новую силу звучания и требуют самого пристального изучения и овладения.

Ж.Аймаутов - просветитель, общественный деятель, поэт, писатель, романист, драматург, переводчик, один из основоположников казахской педагогики в своих многочисленных психолого-педагогических трудах поднимает кардинальные проблемы нравственного воспитания школьников, делая совершенно неоспоримые выводы о научных основах процесса воспитания в целом [4].

Ж. Аймаутов акцентирует внимание на таких закономерностях процесса воспитания школьников, как: единство обучения и воспитания; единство воспитания и самовоспитания; связь нравственного воспитания с другими видами воспитания, зависимость воспитательного воздействия от авторитета и мастерства воспитателя на принципах

гуманизма, патриотизма, интернационализма, воспитания в труде, учета возрастных и индивидуальных особенностей учащихся. Среди методов воспитания, важным, ученый считает метод примера среди средств: – родной язык, родную литературу, национальное искусство. Основные категории нравственного воспитания школьников рассматривал с позиций культурно-исторического подхода [4].

Выдающийся поэт, прозаик, переводчик и педагог М.Жумабаев проблемам обучения и воспитания посвятил, как известно, ряд учебников и методических пособий. Среди них особое место принадлежит его «Педагогике», где раскрыты истоки нравственного воспитания, его содержание, принципы, цель и задачи, пути, формы, методы и средства формирования морального облика личности [4].

М. Ауезов, понимавший, что культурное наследие имеет и научное и практическое значение, в своих трудах высоко оценивал памятники национальной культуры и истории. Потому что только богатое наследие прошлого, раскрывающее страницы истории своей национальной культуры и формирующее смысл и значение ушедших времен и столетий, может всесторонне раскрыть характер и сущность сегодняшнего духовного наследия, рост национального самосознания.

М. Ауезов в своих трудах раскрывает содержание нравственного воспитания человека, считая одним из важных его составных: гуманизм, патриотизм, интернационализм, творческое отношение к труду [4]. По убеждению ученого-педагога главными средствами формирования морального облика учащихся являются родной язык, литература, устное народное творчество, обычаи и традиции.

Итак, внимательный анализ и обобщение этих идей мыслителей и педагогов прошлого является важным этапом в создании современной теории духовно-нравственного формирования студенческой молодежи в педагогическом процессе.

Научная разработка проблемы исследования связана с раскрытием двух объемных дефиниций, таких как «духовность» и «нравственность». Являясь одним из наиболее популярных в рассуждениях о вечной философской проблеме, термин «духовность» тесно связан с целым рядом родовых понятий («дух», «душа», «духовность»).

В научной литературе и исследованиях, посвященных проблеме духовности, накоплен достаточный теоретический и эмпирический материал, необходимый для уяснения сущности и содержания феномена духовности студента.

В «Педагогическом энциклопедическом словаре» нравственность понимается: а) нравы, как практикуемые формы поведения, б) мораль, закрепленная традицией и вековой привычкой, в) мораль на уровне ее общественных проявлений - в отличие от морали как феномена культуры, формы мотивации индивидуального поведения, личностной установки, совокупности объективных и безусловных норм [5].

Раскрытие генезиса научных представлений о духовности человека выявило, что проблема духовности как сложного, целостного, личностного образования является междисциплинарной проблемой. Обращение к другим наукам вызвано и тем, что категория «духовность» приобрела статус междисциплинарной, фиксирующей в каждой науке области ее значений. Это требует, чтобы анализ нашей проблемы осуществлялся от философско-этического, психологического уровня к педагогическому.

На философско-этическом уровне духовность есть синтез эмоционального, нравственного и интеллектуального потенциалов личности. Духовность выражается в потребности общения с искусством, в стремлении к активному, осознанному, творчески созидательному самовыражению, стимулирующему духовное совершенствование.

На психологическом уровне раскрываются предпосылки и основания духовности, обосновываются механизмы ее воспитания.

Педагогический уровень исследования дает возможность конкретизировать научное представление о понятии «духовность студента», раскрыть содержание и способы воспитания духовности студента.

Постановка и возможное решение этой проблемы удовлетворяет не только теоретический интерес педагогической науки, но и запросы педагогической практики. Научно-теоретический анализ исследуемой проблемы позволил нам уточнить сущность понятия «духовно-нравственное воспитание», под которой мы понимаем двуединый процесс, ориентированный на непреходящие человеческие ценности, направленный на формирование нравственного сознания, нравственных чувств, нравственного поведения обеспечивающий высший уровень устремления личности к совершенству, развитию и саморегуляции, положительного отношения к самому себе и окружающей действительности, ориентированный на непреходящие человеческие ценности.

Сохранение целостности казахстанского общества является в сегодняшних условиях главной ценностью по пути формирования социального диалога между жителями молодого государства. Это позволяет наводить мосты и находить точки соприкосновения друг с другом в транзитном обществе. В Государственной программе развития образования до 2020 года определено, что цель казахстанского образования в эпоху глобализации - не только и не столько как передача знаний, а воспитание человека, способного самостоятельно работать, стремящегося к саморазвитию [6]. Школа призвана обеспечить трансляцию национальной культуры и формирование национального самосознания, развитие студента от родной культуры к общеказахстанской.

Использование казахского этнопедагогического наследия, как фактора духовно-нравственного воспитания студентов, осуществляется в целостном учебно-воспитательном процессе в единстве и взаимосвязи воспитания и обучения. Как всякая система педагогический процесс направленный на духовно-нравственное воспитание, состоит из взаимосвязанных компонентов: цели, задачи, содержания, средств, методов, формы.

Цель духовно-нравственного воспитания студентов мы определяем как формирование личности, способной к совершенству, развитию, саморегуляции, обладающей высокой культурой отношения к себе как к гражданину Республики Казахстан, к обществу, к людям.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III/ «Казахстанская правда» от 15 августа 2007 года № 127.

2. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: т 4. – Алма-Ата, 1968. -592 с.

3. Алтынсарин Ы. Собр. соч.: Т-11. – Алма-Ата: Наука, 1976.-423 с.

4. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост.К.Б. Жарикбаев, С.К. Калиев.- Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.

5. Педагогический энциклопедический словарь /Гл.ред.Б.М.Бим-бад; Редкол.: М.М. Безруких, В.А.Волотов, Л.С.Глебова и др.-М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. - 528 с.

6. Послание народу Казахстана - Лидера нации Нурсултана Назарбаева «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства.http://www.zakon.kz (дата обращения 24.04.2013).

ӘОЖ 370

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒДАРЛАНҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМГЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Тулешова Г.Б., Корабаева Н.Б.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
tuleshova_04@mail.ru, nazgul_22_07_80@mail.ru

Ел экономикасын модернизациялаудың негізі адами капитал болғандықтан мақалада жеке тұлғаға бағдарланған білім беру жағдайында білімгердің шығармашылық әлеуетін қалыптастыру жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, нақты пән мысалында қолданылатын инновациялық әдістер аталып көрсетілген. Бүгінгі заман талаптарына бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделгені қажет екені айқындалған.

Кілттік сөздер: *адами капитал, инновациялық экономика, интелект, білім, табысты шығармашылық: гуманистік тәсіл, тұлғалық тәсіл, іс-әрекеттік тәсіл; шығармашылық белсенділік.*

Основой модернизации экономики страны является человеческий капитал, в связи с этим в статье рассматриваются пути формирования творческого потенциала студента в условиях образования ориентированного на индивидуальную личность. Вместе с этим, показаны фактические инновационные методы, применяемые на примере конкретной дисциплины. Определена необходимость направления системы образования на современные требования, основанные на всестороннее развитие личности в соответствии с образовательным стандартом.

Ключевые слова: *человеческий капитал, инновационная экономика, интелект, образование, успешное творчество: гуманистический подход, личностный подход, деятельностный подход, творческая активность.*

The basis of modernization of the economy is human capital, in this regard, the article considers the ways of formation of the creative potential of the student in the context of the formation based on individual personality. However, the actual innovative methods used in a particular discipline. The necessity of direction of the educational system to modern requirements, based on comprehensive development of personality in accordance with the educational standard.

Key words: *human capital, innovative economy, intellect, education, success in work: a humanistic approach, personality approach, activity approach, creative activity.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауларында біліктілігі жоғары кадрларды дайындау мен қазіргі білім беру жүйесінің дамуына үлкен мән беріледі. Биылғы 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету қажеттігін айқындайды.

Жолдаудағы жетінші міндет - адами капитал – ел экономикасын модернизациялаудың негізі деп біледі. Сондықтан, ел басының алға қойған міндеті - білімгерлердің игі өзгерістерге үнемі бейім болуы мен жаңа білімді меңгеру қабілетін, яғни адами капиталды дамыту қажеттілігін дамыту [1].

Адам капиталы – инновациялық экономика мен білім экономикасын қалыптастыратын және дамытатын негізгі фактор. Инновациялық экономика – жоғары сапалы өмір, интеллект, білім, ғылым және жоғары сапалы адам капиталы. Адам капиталының деңгейі мемлекеттің даму деңгейін көрсетеді. Сондықтан, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты да еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман дайындау. Осыған орай, қазіргі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өз бетінше таңдау жасауға қабілетті, берілген стандартты талаптардың шегінен шығатын мақсаттарды қоятын және іске асыра алатын, өз қызметін саналы түрде бағалай

алатын, әріптестерімен өзара оң қарым-қатынасқа және ынтымақтастыққа дайын жеке тұлғаның белсенді шығармашылығын қалыптастыру проблемасы, өзекті мәселе.

Танымдық қабілет студенттің белсенділігі арқылы, әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып алға ұмтылысымен сипатталады. Сонымен қатар, білім беру процесі студенттердің қабілеттері мен мүмкіндіктерін ғана сүйенбей, тұлғаның шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға, оның барынша дамуына, яғни танымдық қызығушылықтарын, іскерлігін қалыптастыру мен бағалауда өзіндік дербес әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасауы тиіс.

Тұлғаның шығармашылық дамуының «механизмі» ұғымында білімгерлердің қажетті-ынталандырушы ортасының ролі де аз емес. Осыған байланысты шығармашылық дамытуды педагогикалық ынталандыру үшін білімгердің алғашқы себептері (тілектері, қызығушылығы, құндылықтары, көзқарасы) үлкен мәнге ие.

Табысты шығармашылық - тұлғаның өзіндік дамуында келесі жалпыға белгілі әдістемелік тәсілдер ықпал етеді:

гуманистік – кәсіби білім беру процесінде өзара сыйластықты, еркіндікті, шығармашылық қатынастарын қалыптастыру және дамыту;

тұлғалық – студенттердің жеке позицияларының жүзеге асуы;

іс-әрекеттік – студенттерді белсенді әрекетке қосу [2].

Білімгердің шығармашылық белсенділігін дамытуға әсер ететін әртүрлі заманауи білім беру технологиялар тізімінің арасында, әсіресе кәсіби білім беруде қолданылатын тұлғалық-бағытталған оқыту технологиясы маңызды және мәні жоғары болып табылады. Тұлғаның дамуы үшін ұжымдық іс-әрекет маңызды роль атқарады. Ұжымдық іс-әрекетте тұлғаның келесі басты қасиеттері қалыптасады: пікір тәуелсіздігі, бөтен пікірге сыни көзқарас, әрекет дербестігі, көмек көрсетуге дайын болу және т.с.с.

Экономикалық пәндерді жүргізуде ұжымдық ойды оятатын, өндірістік жағдайларға бейімдейтін, зейін мен қызығушылықты ынталандыратын оқытудың формалары, әдістері мен тәсілдері әр білімгердің белсенді шығармашылық тұлға ретінде дамуына ықпал етеді. Себебі, жастарға шығармашылық қабілетті дамыту нақты ұйымдасқан және басқарылатын ойлау процесі арқылы шығармашылық технологиясымен мақсатты түрде қаруландырмай жеткілікті деңгейде нәтижесі болмайды.

Білім беру жобасының негізіне студенттердің дербес бағытталған зерттеу жұмыстары алынады. Зерттеудің білім беру сипатына қарамастан, оны ұйымдастырғанда ғылымда жалпы белгілі танымдық әдістер қолданылады. Мысалы, талдау және жинақтау, индукция және дедукция, аналогия, бақылау және тәжірибе, абстракция, нақтылау. Бұл әдістерді зерттеулерде қолданған кезде оқу жоспарының тақырыптық шеңберінен шықпай білім мазмұнын ашуға болады [3]. Шығармашылық процессті жүзеге асыру үшін оқытудың дәстүрлі, сондай-ақ белсенді әдістері ықпал етеді: экскурсия, дәріс, конференция, іскерлік ойын, сөзжұмбақ, презентация және т.б.

«Кәсіпкерлік» пәні бойынша конференция өткізу оқу процесінде пайдалы, әдебиеттермен жұмыс кезінде дербестікке үйретеді, пәнді меңгеру барысында қызығушылықты арттырады, оқу процессін ынталандырады, студенттердің пән бойынша дайындығын арттырады.

Экономика бойынша конференция – оқу процессін ынталандыратын формалардың бірі, ол пәнге қызығушылықты оятып қана қоймай, білімгердің шығармашылық бастамаларын да қолдайды. Конференцияға реферат немесе баяндама тақырыптары дербес таңдалады. Конференцияға дайындық барысында студент қосымша әдебиетті меңгеру қажет, баяндама жазу, презентация даярлау, яғни конференцияның тиімді болуы үшін керектінің бәрін жасайды.

Білімгерлер конференция барысында байқаулар өткізу арқылы пән бойынша білімдерін көтеруіне болады. Конференцияда ойын элементін қолдану, оны академиялық біржақтылығынан арылтады. Сонымен қатар, білімгердің ұжымдық жұмысын ұйымдастыруда ең тиімдісі микротоптарды құру және жобалар әдісін қолдану болып табылады.

Ұжымдарды қалыптастыру өзара тартымдылық және психологиялық ұқсастық негізінде жүреді. Микроұжымда білім мен қабілеттегі айырмашылық оқу аудиториясында кедергі келтірмейді. Біреу үшін толық орындалмайтын нәрсе, ұжымдық жұмыс көмегімен жүзеге асуы мүмкін. Білімгерлер туындаған сұрақтарды бірлесіп шешеді және ақылдасады. Әрбір топ мүшесі әрі білімгер, әрі оқытушыға айналады.

Микротоптарды қалыптастырудың маңызды сатысы қабілетті білімгерлер арасынан топ лидерін таңдау, ол өз тобы ішінде оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырушысы болып табылады. Ол оқу тапсырмалары және тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша жалпы жетекшілік жасайды, оқытушыдан тапсырма алады және оны білімгерлердің қабілетіне қарай өз тобы ішінде бөліп береді.

Білімгерлердің шағын топтарда жұмыс істеуі, еңбек ортасында жолдастарымен іскерлік қатынас, коммуникативтік біліктерді бірден көтереді, командада жұмыс істеу және проблема шешу қабілетін дамытады. Еңбек нарығындағы бәсеке үшін кәсіби даярлық деңгейін көтеру қажеттілігі туындайды. Білімгер әрқашан өз нәтижелеріне үнемі сыни тұрғыдан бағалауға бейімделеді, бұл өз кезегінде оны өзіндік дамудың ішкі механизмдері мен резервтерін іздеуге итермелейді, әрі ойлау дербестігі мен шығармашылық белсенділіктерін дамытуға мүмкіндік береді.

«Кәсіпкерлік» пәні бойынша әдіс-сабақтарда жобалық әдістерді пайдалану ақпараттық кеңістікте бейімделуге, ақпараттарды өңдеу алу дағдыларын үйренуге, зерттеу жүргізу дағдыларын, ұжымдық жұмысты ұйымдастыру, алға қойылған мақсатқа қол жеткізе білу қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жобалық әдістің негізінде білімгерлердің танымдық, шығармашылық дағдыларын дамыту, ақпараттық ортаға бейімделу және сыни ойлау қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері жатыр. Жобалық дәріс жалпы көп уақытты қажет ететін жобадан айырмашылығы ретінде, ізденіс кезінде нысанның құрылымын анықтау, нысандардың бір-бірімен байланысын айқындау, теоремалар мен формулалардың дәлелдемелерін келтіру немесе әр түрлі тапсырмалардың шешімдерін анықтау сияқты жұмыстардан орын алуы мүмкін. Жобалар әдісімен жүргізілген сабақтар, жаң материалды меңгеру, сондай-ақ оқу тапсырмаларын бекіту және дағдыларды шыңдауға көмектеседі. Жобалық сабақтар барысында кез-келген зерттеу жобасына тән кезеңдер бар:

- мәселе қойылады, жұмыстың мақсаты мен міндеттері анықталады;
- ми шабуылы арқылы зерттеу гипотезасы қойылады;
- зерттеу әдісі таңдалады;
- әр топ өздерінің ізденіс барысында алған нәтижелерін конспект, жоспар, алгоритм және т.б түрінде әзірлейді;
- әрбір топ өз нәтижелерін ауызша түрінде ұсынады;
- жұмыстар қорытындылап, әрбір топқа өз бағасы беріледі [4].

Жұмыстың орындалуына қарастырылып отырған сұраққа байланысты, сабақтың 15 минутынан 2 академиялық сағатқа дейін беріледі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жеке тұлғаға бағдарланған білім беру жағдайында рефлексияға қабілетті, зерттеушілік, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну оқытушының құзыреттілігіне байланысты болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2018 жылғы 10 қаңтар-//http://www.akorda.kz.

2. Байденко, В.И. Компетентностный подход к проектированию ГОСВПО (методологические и методические вопросы) : метод. пособие /- М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2005. - 114 с.

3. Колетвинова Н.Д., Бичурина С.У. Речеведческая парадигма профессиональной подготовки студентов в новых условиях практико-ориентированного обучения // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – № 3.

4. Тахохов Б.А., Отиева Р.Г. Индивидуализация обучения в современной высшей школе //Вестник Северо-Осетинского государственного университета имени Коста Левановича Хетагурова. 2012. № 2. С. 156-162.

ӘОЖ 370

ҚАЗАҚ КИНО ТУЫНДЫЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ӘСКЕРИ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ДАЯРЛАУ

Тумарбаева А.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
tumarbaeva_1994@mail.ru

Идеология - таптың немесе қоғамдық топтастықтың ойын білдіруші, идеялық мүддесін қорғаушы деген түсінік. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) - арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Кинематография–кинофильмдерді шығару және оны көпшілікке көрсету ісімен шұғылданатын мәдениет пен экономиканың бір саласы, өнердің ең бұқаралық түрі.

Кілттік сөздер: *патриотизм, отан, сүйіспеншілік, қауіпсіздік, мемлекет*

Цель военно-патриотического воспитания молодежи - создать чувство патриотизма и гордости за свою страну. Важно обучать молодежь посредством казахского кинемотографий военно-патриотических мер по воспитанию Родины, уважению к Вооруженным силам и готовности к военной службе. Поэтому необходимо проводить военно-патриотические действия среди школьников. Поэтому акцент был сделан на развитии социально-экономических явлений в стране, развитии самообеспеченности и внедрении потомственного наследия. Продвижение наследия предков способствует развитию национального наследия, способность применять к прошлому нашей нации основана на принципах современного образования и обучения.

Ключевые слова: *патриотизм, родина, любовь, безопасность, государство*

The purpose of the military-Patriotic education of youth is to create a sense of patriotism and pride for their country. It is important to teach the youth by Kazakh cinematography of military-Patriotic measures for the education of the Motherland, respect to the Armed forces and readiness for military service. Therefore, the focus was on the development of socio-economic phenomena in the country, the development of self-reliance and the introduction of hereditary heritage. Promotion of ancestral heritage contributes to the development of the national heritage, the ability to apply to the past of our nation based on the principles of modern education and training.

Key words: *patriotism, patriotism, love, security, state*

«Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық–мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз-жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді».Осыған байланысты сабақ берудің ең негізгі

мақсаттарына төмендегілер кіреді.Бірінші –танымдық, екінші - тәрбиелік, үшінші - дамытушылық. Елін сүю, Отанын қорғау қашаннан әр азаматтың парызы болған. «Отаншыл сезім жас ұрпақ бойына қайдан беріледі?», «Отан от басынан басталады» - дейтін халықтың ұрпағы бұл сенімнен шыға алып жүр ме?

«Жастарымыздың бойындағы әскери- патриоттық тәрбиелеуде отаншыл рух, патриоттық сезім қай деңгейде?» деген сауалдардың бізді ойландыруы заңдылық. Оқушылардың әлеуметтенудегі негізгі бағыттың бірі жеке адамның патриоттық сезімі болып табылады.

Оқушылардың тәрбиелеудегі тежемелі факторлардың қатарында патриотизм қалыптастыру үшін жаңа қазіргі заманға сай технологияларды пайдалану қажет. Жастарға әскери – патриоттық тәрбие берудің мақсаты – оқушылардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Менің ойымша, Қазақ халқы – намысты қолдан жібермеген ержүрек, батыр халық. Батыр халықтың ұрпағы екенімізге мақтана отырып, ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық дәстүрімізді жалғастыру– біздің басты мақсатымыз.

Елбасы бір сөзінде: «Кино дегеніміз –барлығы. Кино, бұл – идеология, кино, бұл – сауық, кино, бұл – БАҚ, кино, бұл – патриотизм. Біз – жас мемлекетпіз, әсіресе, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуіміз керек», – деген екен. Бағамдап қарасақ, иә, киноның берері орасан зор. Кино арқылы сол ел туралы барлық ақпаратты алуға болады. Елбасы сөзін дөп айтқан. Ертеңгі еліміздің болашақ жас өрендері, бүгінде көгілдір экран алдындағы жас көрермендер. Олар тілін ұғынып, түсінбесе де бейне арқылы барлығын ой түйсігімен қабылдап отырады. Сондықтан елдің, жердің тыныс-тіршілігі, сол елдің тарихы жайлы, рухани тәрбие беретін патриоттық көркемфильмдердің атқарар рөлі үлкен. Баланы жасынан тәрбиелейтін қазіргі заман тілінде осы көгілдір экран. Енді осы уақытта дейін сол экран арқылы көрерменге жол тартып, оның ішінде кішкентай көрермендердің көңілінен шыға білген фильмдерге аздап тоқтала кетейік.

Қазақ кино туындылары арқылы жоғары сынып оқушыларына әскери - патриоттық тәрбие жұмысы – тәрбие жұмысының үлкен бір маңызды бағыты. Жоғары сынып оқушыларына Отанға деген сүйіспеншілігін, Қарулы Күштерді құрметтеуді қалыптастыру айрықша назарда. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет сезімін тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Мысалы: Анаға жол, Жаужүрек мың бала, Көк тарландары, Жас ұлан, Бауыржан Момышұлы, Аңыздан туған батыр қыз. Қазақстан ұлттық телеарнасының тапсырмасымен түсірілген «Көк тарландары» телехикаясы. Телехикаяның негізгі мақсаты – жастарды патриотизм, отанға, еліне, туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілікке тәрбиелеу, оларды әскер қатарына шақыру. Фильм желісінде Қазақстан Республикасының әскер қатарындағы әуе десанттарының тұрмыс-тіршілігі мен ерліктері, олардың алғаш әскерге келген күннен бастап, әскердегі соңғы күндеріне дейінгі өткен қызықты оқиғалар сипатталады. Телехикаяда қаруды қалай қолданудан бастап, елімізге қауып төне қалған жағдайда сыртқы жаудан қалай қорғаудың, басымызға қара бұлт үйіріле қалған жағдайда қалай қорғанудың әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Бір айта кетерлік жайт, осы фильмнің көрсетілімінен кейін әуеұтқыр десенттарының әскер қатарына барам деушілер көбейген.

Екінші бір телетуынды тағы да жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеуге шақыра білген «Жасұлан» телехикаясы. Әскери-патриоттық телехикаяда «еліне, жеріне қорған болсам, тірек болсам» деген үш достың басынан кешкендері баян етіледі. Мақсаты – жастарға даңқ мен абыройдың, ерлік пен елдіктің, жігер мен қайраттың, сый мен құрметтің не екенін ұғындыру. Жалпы әскер қатарына алынған сарбаздың, оның ішінде жас ұландықтардың міндеті, мақсаты біреу. Ол өз елін, жерін басын тігіп жаудан қорғау, еліне адал қызмет істеу. Осының барлығы көркем туындыда көрсетіледі. Бұл фильмдегі басты рөлдерді аталмыш мектептің оқушылары сомдайды. Сондай-ақ, фильмнің түсірілу барысында Президенттің жеке гвардиясының да қызметкерлері тартылған. Сол сияқты, қазақ кино тарихына серпіліс әкелген, жастың да, кәрінің де, кішкентай көрерменнің де көңілінен

орын тапқан, нағыз патриоттық рухтың кебін көрсететін 2012 жылғы қазақ кинематограф саласындағы ең ірі көркем туынды ол – «Жау жүрек мың бала». Бұл фильм қазақ тарихын аздап болса да паш ете білген төл туынды. Көркем туындының ұранын өзі «Туған ел, сүйген жар, намыс үшін от кешкендер» деп әрбір азаматты туған жеріне деген сөзбен айтып жеткізе алмас, патриоттық сезімге шақырады. Бауыржан Момышұлы атты фильмде Батырлық құндылықты ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз, қасиетті міндетіміз.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы халыққа Жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады». Міне, бүгінде жастарды, осындай патриоттық тәрбие берер туындылар болашақта көбірек түсірілсе деген тілегіміз бар. Жастар өзі оқыған қандай да болмасын тарихи және басқа да шығармаларды кино түрінде көргенді қарайды. Себебі қазіргі техниканың дамыған уақытында бұл өте қызықты. Кино көргенде Отанға деген сүйіспеншілігіңді оятатындай, қазақ боп туғаныңа бақыттымын деп мақтанатындай, отан үшін қызмет етуге, жан беруге даяр болатындай сезім қалдыратын болса шіркін. Жас өспірімдерді Отанды сүюге, Қарулы Күштерді құрметтеуге және әскери борышты өтеуге дайын болуға тәрбиелеуде әскери – патриоттық шаралар арқылы жеткізудің маңызы зор. Сондықтан жоғары сынып оқушыларының арасында міндетті түрде әскери- патриоттық шаралардың байқауларын өткізу керек. Жалпы, байқау әскери – патриоттық сезімдерін арттыру, әскери қызметке қызықтыру, мемлекеттің нышандарын құрметтеуге бағытталған.

Әскери-патриоттық байқауларды және әскери –спорттық жарыстарды соңғы жылдары Тәуелсіздіктің 27 жылдығына, Ұлы жеңістің 73 жылдығына арнап өткізілуде.

Әскери патриоттық тәрбиелеудің бір маңыздылығы Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен, қалалық ардагерлер кеңесінің және қалалық Қорғаныс істері жөніндегі басқарманың өкілдерімен кездесу өткізу. Сонымен қатар жоғары сынып оқушыларына іс-тәжіребие кино арқылы патриоттық тәрбие беру. БАҚ, Кино арқылы жоғары сынып оқушыларына әскери - патриоттық тәрбие арқылы Отан қорғаушысы туралы түсінігін қалыптасу ұғымының жан-жақты талдау жасалуы негізінде қазіргі таңда оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеудің ерекшеліктері қарастырылды. Бұл: оқушыларды Отан қорғаушысы ретінде тәрбиелеуде білім беру мекемелерінің тарапынан өз деңгейінде көңіл бөлінбеуінің теріс салдары, яғни оқу үдерісіне тәрбиенің кірігіп кетуі; шындықты бейнелейтін тәрбие процесінің анық болмауы; тәрбие міндеттерін шешуде жанұя, мектепке дейінгі мекеме, мектеп, жоғары оқу орны, әскери қарулы күш, бұқаралық ақпарат құралдарының арасында байланыстың болмауы; интернет, бұқаралық ақпарат құралдарындағы сапасыз ақпараттардың кері әсерінің күшеюі; әлеуметтік катаклизмнің жанұяға кері әсер беруінен балаларды тәрбиелеуде және олардың әлеуметтенуінде жанұя рөлінің төмендеп кетуі; Отанды қорғау және әскери қарулы күштері мәселесіне халықтың бұрыс қатынасымен сипатталады.

Қазіргі қоғамда БАҚ, кино арқылы жоғары сынып оқушыларына әскери - патриоттық тәрбие мәселесінде алға жылжу бар: азаматтық және ұлттық сананың жаңаруы; Отан қорғаушысы ретінде тәрбие берумен айналысатын қоғамдық ұйымдардың қайта өрлеуімен айқындалады.

Педагогикалық ғылымның бүкіл даму тарихында елжандылық тәрбие мәселесі өзектілігін жоймаған. Соңғы кездегі тәжірибелер көрсеткендей экономикалық, әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін шешуде әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруіне, региондардың өзін-өзі басқаруының өсуіне байланысты ата-баба мұралары негізінде оқытуға көңіл бөлінді. Ата-баба мұрасын дәріптеу жастардың ұлттық санасын қалыптастыруда оң баға береді, халқымыздың өткен тарихына талдау жасау қазіргі білім мен тәрбиедегі жетістіктерді бағалауға мүмкіндік туғызды.

Кино, бұқаралық ақпараттық құралдары арқылы жоғары сынып оқушыларына әскери - патриоттық тәрбие беріп болашақ сарбазды Отан қорғаушысы ретінде бағытталған тұлғаны қалыптастыру бағытталған тәсіл; оқытудың инновациялық формаларын қолдану (мысалы:

әскер және әскери спорт ойындар, диспут сабақ, экскурсия, мультимедиялық сабақтар); елжандылық және басқа да тәрбие бағыттарының бірлігі (мысалы: адамгершілік, эстетикалық, еңбек және т.б.); әрбір оқу-тәрбие іс-шарасының елжандылық тәрбиелік мәні; елжандылық тәрбиесіне этнопедагогика элементтерін кіргізгенде, региондардың ұлттық ерекшеліктерін ескергенде; оқушыларды өз бетінше шығармашылық іс-әрекетіне баулығанда; жұмыстың сабақ және сабақтан тыс формаларын үйлестіруде қолайлы жағдайлар туындаған кезде ғана тиімді болатыны анықталды.

Жоғары сынып оқушыларына әскери - патриоттық тәрбие беру болашақ сарбаздың әскери принциптерін бұзбастан материалының мазмұнын ұтымды түрде қолдану арқылы жүзеге асады. Бұл: қажет жағдайда оқулықтың мазмұны толықтырылып, түрлендіріліп немесе елжандылық мазмұнмен алмастырылып оқушылардың практикалық дағдылары қалыптасады; коммуникативтік елжандылық материалдарын меңгерумен байланыстыра отырып жүргізіледі; оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуды инновациялық формаларды қолдана жүргізу негізінде болатыны айқындалды.

Мектепте сабақтан тыс болашақ сарбаздың елжандылық бағыттағы ұйымдастырылған іс-шаралар оқушылардың ерік-жігерін шыңдап, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік қасиеті дамыған, Отанды қорғауға даяр тұруға қажетті қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Елжандылық тәрбие беру мақсатымен сабақтан тыс атқарылатын жұмыс түрлері оқушылардың өз бетінше ізденіп, келешекте де елжандылыққа бағытталған мағлұматтарды өздігінен оқып үйрену дағдыларын әдетке айналдыруына ықпал етті.

Оқушыларға тәрбие беру бағытындағы мектептен тыс ұйымдастырылған жұмыс түрлері олардың алған елжандылық білімі мен тәрбиесін нақты іс-әрекеттерде қолданып, өмірмен тығыз байланыстыруына, сол арқылы білімі мен тәрбиесін одан әрі жетілдіруіне жол ашты.

Кино арқылы жоғары сынып оқушыларына әскери - патриоттық тәрбие беру сарбазды елжандылыққа бағытталған материалдарды оқып үйренуіне, олардың келешекте өз мамандығына сәйкес қажетті мағлұматтарды, қиындықсыз қабылдай алуына мүмкіндіктер туғызады.

Оқушыларға әскери - патриоттық тәрбиелеу әскери дайындығың оқытудың мазмұнына бағдарламада жоспарланған мәтіндермен ұштастырыла отырып ендірілген әскери материалдарымен жұмыс істеу барысында елжандылық тәрбиенің нәтижелі болуына ықпал ететін конференция, пікірсайыс, рөлдік ойындар, XXI ғасырдың көшбасшысы, токшоу сияқты оқытудың әдіс-тәсілдері және эксперименттік жұмыстар ұйымдастырылды. Кино арқылы жоғары сынып оқушыларына әскери - патриоттық тәрбие туралы түсінігін қалыптастырып сабақтан тыс ұйымдастырылған “жас-патриот” жұмысында оқушылар сабақта алған елжандылыққа бағытталған материалдарын пысықтап, нақты практикалық іс-әрекеттерге тартылды. Эксперимент нәтижесінде алынған болашақ сарбаздың елжандылық тәрбиелілік деңгейінің сандық және сапалық көрсеткіштері салыстырылып біз ұсынған жүйенің тиімділігіне көз жеткіздік.

Өзіне тән ерекшелігі бар бастапқы әскери дайындығы пәні оқыту мен болашақ сарбазды тәрбиелеуде үлкен мүмкіндіктерге ие болғандықтан, елжандылыққа бағытталған мол мағлұматтармен ұштастыру көп педагогикалық-ұйымдастырушылық нәтиже береді. Ұлттық сезімдерді бастапқы әскери дайындығы пәні арқылы танып-білуге болады, басқа мәдениетті сақтаушы ретінде және мәдениетіне баға жетпес көмек көрсете алады, себебі адамның алдында басқа әлем туралы түсінік ашылады да адамды екі қайтара адам екенін сездіреді, (человека делает дважды человеком) тәрбиенің құралы ретінде басқа халықтарға құрмет көрсетуді тиімді тәрбиелеуге мүмкікіндік туғызатыны анықталды.

Қазақ кино туындысы арқылы жеткіншектердің Отан қорғаушысы туралы түсінігін қалыптастыруға бағытталған тұлғаны тәрбиелеудің ұсынылған моделі зерттеу барысында мақұлданды. Осы модель негізінде айқындалған тәрбие бағдарламасы бойынша атқарылған

педагогикалық іс-шаралар оқушылардың елжандылық тәрбиелілік деңгейінің 15-18% көтерілгенін көрсетті.

Біздің зерттеуіміз, ғылыми педагогикалық әдебиеттерді, мектептердегі тәжірибе жұмыстарын талдауымыз негізінде бастапқы әскери дайындығың оқыту үдерісінде болашақ сарбазды елжандылыққа тәрбиелеу жұмысын жетілдіру мүмкіндік туғызды. Қазақ кино туындылылары арқылы жеткіншектердің Отан қорғаушысы туралы түсінігін қалыптастыруға бағытталған тұлғаны тәрбиелеуге қатысты барлық мәселелер қарастырылды деп айтуға болмайды. Отан қорғаушысы тәрбиенің өзектілігі әлі де болса жан-жақты ізденістерді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Республикалық Ұлан ата-бабалар аңызы//Отан сақшысы. №28. 5 шілде 2002.
2. Момышұлы.Б Жастарды жауынгерлік отансүйгіштікке тәрбиелеу – Алматы н/Д.: Март. 2002.
3. Әбдіраман К.Қазақ хандығының құрылуы және Әскери өнердің дамуы. //Қазақ тарихы-№2. –2005.
4. Иманбаева С.Т. Ерлік тағылымы. Оқу құралы. - Алматы: РБК, 1998.
5. Ж.Алтаев.Жастарға отаншылдық тәрбие берудің кейбір өзекті мәселелері. // Ясауи.Қ.А атындағы ХҚТУ хабаршысы. – Түркістан, 2006.
6. Мұғалімдердің кәсіптік қызметінде коммуникативтілікті қалыптастырудың кейбір жолдары. // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2007.

ӘОЖ 378.046.4

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ БИЛІКТІЛІГІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Усенова А.К., Тынысханова А.Т.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
aiym_t.t@mail.ru

Жоғары кәсіби білімнің қазіргі заманғы жүйесі соңғы жылдары орын алған елеулі өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Модернизациялау сатысынан, яғни: мазмұны жаңартылып, жаңа білім беру технологиялары енгізіледі. Нарықтық экономика жоғары оқу орындарының түлектеріне көбірек талап қояды. Заманауи жұмыс берушіге тек жас маман ғана емес, кәсіби қызметтегі арнайы білімі бар маман қажет. Өкінішке орай, қазіргі таңда кәсіптік білім беру бағыты мен университеттің түлегінің болашақ қызметінің мазмұны арасында айтарлықтай сәйкессіздік бар.

Тиісінше, жоғары оқу орындарының қызметінің маңызды бағыттарының бірі оқу процесін ұйымдастыру үшін инновациялық тәсілдерді іске асыру болып отыр.

«Инновациялар», «инновациялық білім беру», «инновациялық технологиялар», «инновациялық қызмет» педагогикалық ғылымда белсенді талқылау тақырыбы болып табылады. Ғылыми әдебиеттерді талдау жаңа немесе жетілдірілген өнім түрінде оқу процесіне айналдыруы - инновацияның соңғы нәтижесі. Инновация ұғымы жаңашылдандыру немесе жаңалық енгізу ұғымында ғана емес, ойлау жолында өзгерістер, маңызы бар өзгерістер мен жаңалықтарды жасау, тарату емес түсінеді [1]. Педагогикалық инновация - педагогикалық қызметті жаңаландыру, мазмұндық өзгеріс және олардың тиімділігін арттыру мақсатындағы технологиялық оқыту және тәрбиелеу.

Инновациялық білімге арналған қазіргі заманғы әдебиетте бұл құбылыстың күрделілігі мен көп өлшемділігі байқалады. Инновациялық білім берудің көрсеткіштері: студенттің зияткерлік, жеке және рухани дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

ойлаудың ғылыми стилі дағдыларын игеру үшін жағдай жасау; әлеуметтік-экономикалық және кәсіби салалардағы инновациялар әдіснамасын оқыту.

Инновациялық білім берудің ерекшелігі - кәсіпқойлық [2]. Кәсіпқойлық тұжырымдамасы болашақ музыка мұғалімінің ажырамас сапасына айналады және кәсібилікке байланысты: кәсіби мәселелерді шешуде белгілі бір деңгейде шеберлікті; өз кәсібінің шегінде сенімді, проблемасыз әрекетке қабілеттілігі; стандартты емес жағдайларда шығармашылық, тиімді шешім іздеу; жоғары зияткерлік және жеке даму деңгейі; негізгі біліктілік пен құзыреттіліктің болуы.

Педагогтың инновациялық қызметі жоғары нәтижелерге жету, жаңа білім алу және сапалы әртүрлі педагогикалық практиканы алу мақсатында оқу үрдісін салыстыру және зерттеу, өзгерту және дамыту арқылы өз тәжірибелік педагогикалық тәжірибесінің көрсетілуіне (рефлексия) негізделген мақсатты педагогикалық қызмет ретінде түсініледі.

Инновациялық білім беру технологиясы - білім берудің инновациялық әдістерін қолдануға негізделген білім беру технологиясы. Педагогикалық ғылымда инновациялық технологиялардың 3 негізгі түрі сипатталады. Олар: радикалды, яғни оқыту процесінің немесе оның бір бөлігін қайта оқыту; аралас, педагогикалық әдістердің белгілі элементтерін, әдістерін немесе әдістемесінің бірқатарын жинақтау, сондай-ақ елеулі өзгерістер жоқ классикалық әдістерін жақсартуға бағытталған өзгерту әдісі [3]. Ғылымды оқытуда шартты білім инновациялық технологияларды үш түрін бөлінгенін атап өттік. Біз оларды мазмұны жағына талдасақ, осы технологиялардың негізі қызметі студенттердің шығармашылық қалыптастыру, белсенділігін дамытуға, олардың тәуелсіз ойлау, белгілі бір жағдайларда жақсы шешім қабылдауға қабілетін дамыту деп айтуға болады.

Қазіргі заманғы жоғары білім теориясы мен практикасының басты мақсаты – дәрісті мультимедиа, электронды оқу құралдары, арнайы бағдарламалар, компьютерлік тестілеу, интернет-ресурстарды пайдалану, бизнес-ролдік ойындар, проблемалық, зерттеу әдістері, кейстер, тренингтер және жеке тренингтер сияқты жаңашылдықты оқу үдерісін ұйымдастыруда модульдік-рейтингтік технология және жобалау әдісі ретінде қолдану.

Жаңа технологиялардың арқасында өнімді пайдаланылатын проблемалық оқыту, дизайн әдістері, оқыту диалогтары, зерттеу әдістері мен эсселердің оқушылары, симуляциялық ойындар, ақпараттық іздеу және басқа тәсілдер.

Студенттерінің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда инновациялық технологияларды қолдану мүмкіндігін қарастырайық.

Университеттегі білім беру ортасы білім беру қызметінің субъектілерінің ішкі ресурстарын, олардың шығармашылық әлеуетін жеткілікті түрде белсенді етпейді.

Өзіндік жұмыс - білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің - студенттің, педагогтың өз-өзін құруы және тәуелсіз ізденуі. Өзіндік жұмыс студентке бағытталуы керек, өзінің білім беру траекториясын дамытуға ықпал етуі керек. Осыған байланысты білім берудің жоғары білім жүйесінің жағдайында оның асинхронды ұйымдастыру проблемасы туындайды.

Жеке жұмыс режимінде және заманауи ғылыми әдебиеттегі қарқынмен өзіндік жұмыс атқару асинхронды дербес жұмыс деп аталды [4]. Студенттің асинхронды тәуелсіз жұмысының мазмұны келесі ерекшеліктермен сипатталады:

- оқытудың тұрақты ішкі мотивациясы;
- жеке өзін-өзі оқыту бағытының құзыреттілікке бағытталған сипаты;
- оқу таңдауының субъективтік позициясын жандандыру;
- студенттің өнімді іздеуі және танымдық қызметі;
- шешім қабылдаудың тәуелсіздігі;
- ғарышта және университеттік білім беру уақытында өзін-өзі ұйымдастыру;
- білім беру өзара әрекеттесудің полисубектік сипаты;
- студенттік-орталықтылық.

Осыған байланысты студенттердің өз бетінше жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жағдайларды төмендегідей жиынтыққа бөлуге болады:

1. Оқу тапсырмасын ынталандыру (не үшін, не көмектеседі).
2. Когнитивтік тапсырмаларды анық тұжырымдау.
3. Алгоритм, жұмыстарды орындау әдісі, студенттердің оны орындау жолдарын білу.
4. Оқытушының есеп беру формаларының анық анықтамасы, жұмыс көлемі, оны беру мерзімі.
5. Кеңес беру түрлерін анықтау (кеңес беру - тақырыптық, проблемалық).
6. Бағалау, есеп беру және т.б. критерийлері.
7. Басқару түрлері мен формалары (семинар, тесттер, тесттер, семинар және т.б.).

Міндеттер мен тапсырмалар күрделілігі мынадай деңгейдегі өзіндік жұмысын ұйымдастыруда студенттердің құзыреттілігін даму деңгейіне мақсатында қарастырылуы тиіс:

- репродуктивті (басты орындауға арналған тапсырмалар) нығайту және нақты пән шеңберінде зерттелген негізгі ұғымдар, фактілер, операциялар, алгоритмдер, практикалық қолдану бағытталған;
- эвристика (жалпылама, ресми жұмыс) элементтері бар реконструктивті лауазымдық талдау, оның ыдырау, қажетті білім, дағды, алгоритмдер, бірнеше тақырыптар бойынша оқыған және жаңа жағдайға олардың жүйелі пайдалану өзекті бағытталған;
- шығармашылық жаңа идеялар іздеуге бағытталған (пәнаралық жобалар), кәсіби-бағытталған техниканың тәуелсіз дамуы, әдістемелік білімді өзектендіру, оның тәуелсіз қызметінің жобалау, стратегиялық шешім қабылдау үшін дайындайды.

Тәжірибеші маманның субъективтік позициясы өзіндік жұмыстың маңызды сипаттамасы болып табылады.

Осыған сәйкес студенттердің өз бетінше атқаратын жұмысының мазмұны мен міндеттеріне келесі талаптар қойылады:

- міндеттер құзыретті қалыптастыруға және проблемалық сипатқа ие болады;
- дифференциалды және ауыспалы сипаттағы тапсырмалар;
- студенттердің таңдауы бойынша тапсырмалар;
- жеке компетенттілік компоненттерін тәжірибеге ендіру және кең ауқымды және пәндік құзыреттілікті қалыптастыру үшін қажетті интегративтік негізде (интрубациялық және интервубикалық мазмұн) тапсырмалар [1].

Жоғары білімнің заманауи теориясында және практикасында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған технологияларды іздестіру жүргізіледі. Осындай технологиялардың бірі ретінде студенттерді оқытудың рейтингтік жүйесі қарастырылады.

Тәжірибе кейстерді қолдану арқылы студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін қамтиды. Бұл технологиялардың атауы ағылшын тіліндегі «іс» сөзінен шыққан - қалта, чемодан, портфель және «іс» де «іс, жағдай» деп аударылуы мүмкін. Іс жүзіндегі оқиғаны пайдаланатын оқу үдерісі - жалпы алғанда шындықты, шағын материалды және уақыттық шығындарды, оқудағы өзгермелілікті біріктіретін нақты оқиғаны модельдеу.

Іс жүргізу технологиясының мәні: оқу материалы студенттерге кәсіби проблемалар (істер) түрінде ұсынылады және білім белсенді, шығармашылық жұмыс нәтижесінде алынған: мақсатты белгілеуді дербес жүзеге асыру, қажетті ақпаратты жинау, түрлі көзқарастардан, гипотезадан, қорытындыдан талдау. білімді алу үдерісінің өзіндік бақылауы және оның нәтижелері.

Студенттердің кәсіптік-шығармашылық және өзін-өзі дамытуындағы ерекше орын жобаларды дайындау технологиясы бойынша жүзеге асырылады [2]. Осы технологияны жүзеге асыру барысында студенттер мұғаліммен бірлесе отырып зерттелген пәннің немесе болашақ қызметтің мазмұнына байланысты кез-келген кәсіптік делдалдық проблемалық-семантикалық жағдайды жасайды, содан кейін оған тән қайшылықтарды дербес шешеді. Бұл технологияның маңызды артықшылығы - студенттің бағалы ойлау ой-пікірін қалыптастыруға, адамның моральдық, этикалық, эстетикалық сипаттағы маңызды кәсіби және семантикалық сұрақтарына жауап табу қабілетін дамыту.

Жобалардың барлық түрлері (білім беру, оқыту, зерттеу, зерттеу) студенттер арасында жеке қасиеттерді дамытуға, шығармашылық қызметтің тәжірибесін қалыптастыруға, түрлі профессорлық-педагогикалық, дүниетанымдық, моральдық-этикалық және басқа да маңызды мәселелерді түсінуге бағытталған. Жоба бойынша оқытудың ерекшелігі - білім беру процесі студенттің жеке мағынасы бар қызмет логикасында ұйымдастырылған. Жоба бойынша оқыту технологиясы даму мақсатын көздейді, ол білім мазмұнын болашақ кәсіби қызметке изоморфтік деп қарастырады, қатысушылардың оқу үрдісіне субъект-пәндік өзара әрекеттесуіне негізделеді, когнитивтік және практикалық тапсырмалар жүйесіндегі оқу материалын ұсынады, субъективті тәжірибеге негізделген кәсіби-педагогикалық дайындықты ынталандырады, болашақ музыка мұғалімін қалыптастырады

Осылайша, жоғары кәсіби білім беруді реформалау тұрғысында болашақ музыка мұғалімін дайындау процесі бірқатар қағидалар негізінде жүзеге асырылатын, стратегия ретінде интеграциялануы керек: педагогикалық білімнің фундамализациясы; ашықтық, ауыспалылық, мазмұндағы өзгерістер динамикасы, болашақ педагогты дайындаудың формалары мен әдістері; шығармашылық қызметке бағдар беру; студенттің және оқытушының бірлескен қызметінде ынтымақтастық және бірлескен жұмыс жасау. Бұл стратегияның негізі: дәстүрлі технологиялармен бірге инновациялық технологияларды кеңінен қолдану.

Қорыта айтқанда, болашақ музыка мұғалімін тәжірибелік, кәсіби жұмысқа дайындауда ерекше орынды әр түрлі инновациялық әдістерді қолдана отырып, олардың өзіндік жұмысын қалыптастыру ең маңызды орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шумакова Н. В. Инновационные технологии в системе профессиональной подготовки студентов // Молодой ученый. — 2013. — №5. — С. 787-789.

2. Жуков, Г. Н. Основы общей профессиональной педагогики: Учебное пособие. / Г. Н. Жуков, П. Г. Матросов, С. Л. Каплан / Под общей ред. проф. Г. П. Скамницкой. — М.: Гардарики, 2005. — 382 с.

3. Чупрова Л. В. К вопросу об инновационных методах обучения в вузе // Сборники конференций НИЦ Социосфера. 2012. № 23.- С.32–35

4. Журбенко Е.Ю. Инновационные технологии профессиональной подготовки будущего педагога искусства в рамках реализации ФГОС СПО третьего поколения // Инновационные тенденции развития системы образования : материалы междунар. науч.–практ. конф. (Чебоксары, 14 окт. 2013 г.) – Чебоксары: Центр научного сотрудничества «Интерактив плюс», 2013. – С. 85-88. – ISBN 978-5-906626-03-5.

ӘОЖ 001.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Утегенов Е.К.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
nurdauletovich@mail.ru

Бұл мақалада білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту қарастырылған. Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді.

Кілттік сөздер: *білім беру бағдарламалары, білімді меңгеру, дене тәрбиесі, жаңа технология, спорт секциялары.*

В данной статье основным приоритетом образовательных программ является развитие постоянной тенденции к изменению и изучению новых знаний. Надлежащее физическое развитие учащихся, укрепление их здоровья, повышение работоспособности помогут противостоять неблагоприятным условиям окружающей среды.

Ключевые слова: *образовательные программы, приобретение знаний, физическое воспитание, новые технологии, спортивные секции.*

2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауындағы Білім берудің жаңа сапасы. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс.

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық -адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардық денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады.

Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, үйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру

жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген [1]. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене-қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу

орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ильин Е.П. Психология спорта. – СПб.: Питер, 2008.

2. Попов А.А. Психология: Учебное пособие для ИФК – М., 2002.
3. Егшатян Д. В. Специальная психологическая подготовка юных борцов вольного стиля на этапе непосредственной соревновательной деятельности // Современные наукоемкие технологии. – 2009. – № 7 – С. 100-103.
4. Гогунов Е.Н. Психология физического воспитания и спорта: учебное пособие / Е.Н. Гогунов, Б.И. Мартьянов. - М.: Академия, 2000. - С. 63 - 78.
5. Сопов В.Ф. Теория и методика психологической подготовки в современном спорте / В.Ф. Сопов. - М.: Трикста, 2010. - 116 с. 6.

ӘОЖ 001

ІЛИЯСТЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ҚЫЗМЕТІ

Ұлжан Хасен
Мәншүк Мәметова атындағы орта мектеп, Ескелді а-ны, Шымыр а-лы,

Ілияс Жансүгіровтің публицистикалық еңбектері мен оның поэтикасы сараланады. Сонымен қатар, қазақ журналистикасына қосқан үлесі мен жанрлық ерекшелігі зерттеледі.
Кілттік сөздер: *Публицистика, Ілияс, поэтика*
В данной статье отражены публицистика И. Жансугурова его труды и поэтика в данном жанре. Также исследовано его вклад в казахскую журналистику.
Ключевые слова: *Публицистика, Ілияс, поэтика*
This article reflects journalism after I. Zhansugurov his work and poetics in this genre. The author also explores his contribution to the Kazakh journalism.
Key words: *Journalism, Iliyas, poetics*

1925 жылға дейін публицистикалық мақалалармен қоса көркем шығармалар жазып талпынып көреді. Онысы нәтижесіз емес еді. Бұл жылдары жап-жақсы өлеңдер жазып танылып қалса да, І.Жансүгіров өзіне-өзі көңілі толмай, табиғат берген дарынмен ғана ұзап кете алмайтынын түсініп, білімін көтеру үшін 1925 жылдың күзінде Мәскеудегі журналистер институтына түсіп, оны 1928 жылдың жазында бітіреді. Оқуын бітіріп келген соң 1928 жылы газет жұмысына кірісіп, әдебиетке белсене араласады.

«Ілияс Жансүгіровтің очерк жазу қызметі ертерек жиырмасыншы жылдардың аяғында басталды», - деп жазады белгілі журналист ғалым Төлеубай Ыдырысов өзінің «Шеберлік бастауы» деген зерттеу еңбегінде. 1927 жылы Түркістан ─Сібір темір жолының құрылысы қолға алынған кезде Ілияс Түркісиб тақырыбына бірнеше очерктер арнайды. 1929 жылы жарыққа шыққан «Жол аузында», «Шоқпардың шоқтығында», «Төрт жолдың торабы» деген очерктерінде І. Жансүгіров бүкіл халықтық құрылыстың барысын, жапан түзге желі тартқан болат жолдың қиыншылықтарын, Түрксиб құрылысының ерлерін суреттейді.

Әйтсе де, Ілиястың очеркпен көбірек қалам сілтеген дәуірі-отызыншы жылдар. Осы тұста сөз зергері газет, журнал тапсырмасымен өнеркәсіп орындарынан, колхоз, совхоздардан бірталай очерк берді. 1931-1934 жылдары оның қаламынан «Октябрьдің «Октябрі»», «Сталин колхозы», «Жарыс», «Төменнен толқын», «Бейсетай бригадасы», «Соқашылар», «Бір күн ішінде», «Қоян-құс» деген очерктер туды. Бұлардың бәрінің түп қазығы─колхоздастыру кезеңіндегі қауырт істер, жаңа совхоз өркендері, ауыл тұрмысына енген жаңалықтар, социалистік жарыс.

Мәселен, «Октябрьдің «Октябрі» очеркі─Ертіс өңіріндегі жаңадан қоныс тепкен бір совхоздың қарбалас күндерінен елес. Жазушының суреттеуінде дала ─бейне бір еңбек майданы. Қаптаған техника─тракторлар мен комбайндар. Қырдың қыртысы қопарылып, айнала егін теңізі болып кеткен. Кешегі құла тұз─бүгін көшесінде автомобилі жүйткіген,

телеграф бағаналары тізілген. Бұл─дүлей табиғатты бағындырған совет адамдарының қаһармандық қимылының жемісі, социализмнің құдіретті күші. Міне, осы көріністерді Ілияс публицистика тілімен сөйлетеді.

Жазушының «Жарыс», «Төменнен толқын» деген очерктері Екібастұз көмір кені Риддер шахталарындағы социалистік жарысты, жұмысшылардың олқылықты жою жолындағы күресін, шаруашылыққа жанашырлық сезімін өзек еткен әкелі-балалы екі шахтердің (Жауатар мен оның баласы Рахымжан) өзара социалистік жарысын көрсету арқылы Ілияс шахта өмірінің сырын шертеді.

Ал «Бейсетай бригадасы», «Соқашылар», «Бір күн ішінде» деген очерктерінде Ілияс шығарма желісін бір күннің оқиғаларына құрып, адам мінездерін аша түседі. Бұларда кейіпкерлердің бейнесі өзіндік кескін-келбетімен, мінезімен оқшау. Алғашқы екі очерк Қаскелең ауданының «Еңбекші талап» колхозынан жазылған. Бұл – ертерек ұйымдасқан, шаруашылығы өрге басқан колхоз еді. Міне, осы колхоздың бірде озат бригадасын, бірде екпінді соқашыларын, олардың ізгі мақсат – мүдделерін жан сүйінер жақсы істерін үлгілі комсомолецтердің, Бәтіш, Мәскуре сияқты еңбек екпінділерінің бейнесін жасайды.

Ілиястың «Бір күн ішінде» очеркі де тәуір. Ең алдымен оның тілі көркем, композициясы ширақ, сондықтан оны оқу жеңіл. Мұнда отызыншы жылдардың басындағы ауыл өмірінің суреті табиғи. Адамдардың портретін де, пейзажды да автор жақсы береді. Очерктегі басты тұлға – Маров. Ол – МТС – тің саяси бөлімінің бастығы. Очеркті оқып шыққанда Маровтың байсалды мінезі, іскерлігі жадында қалады.

Жазушы Маров образы арқылы тәжірибелі білгір басшының тұлғасын мүсіндейді. Маров қарауындағы колхоздарды аралауға шыққанда істің байыбына барып, орын алған кемшіліктерді тез жою шараларын қарастырады. Ол ауыл азаматтарының көбін таниды, олармен сырласып, шешіле сөйлеседі. Мысалы, қырман күзетшісі шалмен, ұсталармен әңгімесіндегі қарапайымдылық, қамқоршылық қасиеті Маровтың мәртебесін көтеріп тұр.

«Әдебиет майданы» өзінің 1937 жылғы бірінші санында І.Жансүгіровтің «Қазақстан астанасы - Алматы» деген публицистикалық очеркін басады. Онда ғылыми - танымдық, тарихи деректер мол. «Алматының жері жақсы», «Алматының тарихынан», «Алматы 1916 жылы», «Бүлік», «Қала сонда қандай еді?», «Ескі басшылықтың Алматысы», «Қала қалай өсіп келді?», «Қаламыз – мәдениет ордасы», «Алматы жолдары», «Үлкен Алматы», «Бақша мен курорт», «Одақтас республиканың астанасы» деген тараулар оқушыны астанамыздың тарихын, күрес жолын, өсу белестерін, соңғы жетістіктерін білуге бірден қызықтырады. Ілияс, әсіресе, Алматының әсем табиғатын суреттеуге ұста. Жазушы Алматының келешегіне көз жіберіп, алдағы уақытта оның мәдениетті үлкен қала болатын айтады. Сол көрегендік сөздері бүгінгі өмірде нақты орындалғанын айтпасқа болмайды. Алматы кешегі Ілияс көргендей емес, бірақ публицистің «Қаламыз – мәдениет ордасы» деген бір ауыз сөзі бүгін 68 жыл астана болған қалаға лайықты теңеу екені талассыз. «Ілияс Жансугіровтің бір топ очерктері бүгінгі күннің еңбек адамдары жайында»-дейді, белгілі Ілияс мұрасын зерттеуші ғалым Мырзабек Дүйсенов. «Хабар ретінде жазылған жалаң очеркке ден қоймай, көркем очерк жазуға талаптанған. Бұл талабы жеміссіз болмаған. Әңгіме – очерктерінің сәтті шыққандарының композициялық тұтастығы берік, сюжеттік желісі тұтас, суреттеу, бейнелеу жағынан да кәдімгі көркем шығармаларға қойылатын талптарға жауап бере алады» - дей келе, Ілиястің әңгіме – очерк жазудағы аз-кем олқылықтарына да ден қояды. «...Композициялық тұтастығын сақтай алмай, көрген – білгендерін жинақтап, қорытындылай алмай, соның салдарынан әңгіме – очерктерінің етек – жеңі жиналмай шұбалаң шығып, нақты адам бейнесі ашылмай қалған кездері де жиі ұшырасады. Мысалы «Нұрша», «Баулыған балапан» және т.б.әңгімелері көркем шығармадан гөрі, жай баяндама тіліне ұқсас» – дейді, М.Дүйсенов.

Мұндай кемшіліктер атаулылар - әр творчество адамына тән құбылыс. Қазақ баспасөзінің алғашқы баспалдақтарында жаңа туындаған жанрлардың қанат жайып, бұғанасы қатпаған тұста, оның қалыптасуы мен даму процестерінде ондай кем-кетіктің кетуі − заңды нәрсе. Мәдениет пен өнер саласы − Ілияс Жансүгіровтың газетке сүйіп жазатын

тақырыптарының бірі. Ілияс еліміздің әдебиетін, музыкасын, әні мен күйін жинау мен, оларды өзінің творчествосына ұқыпты пайдаланумен ғана шектелмей, газет журналдарға жазған мақала, очерктерінде, жасаған баяндамаларында халқымыздың ауыз-әдебиетін, әні мен күйін жинау, үйрену қажеттігін ақындарға, жазушыларға жалпы зиялы қауымға үнемі ескертіп, баспасөз беттерінде үн көтеріп отырады.

Жазушының 1920 жылдар басындағы әйелдер тақырыбына жазған тағы да бірқатар әңгіме, повестері бар. Бұл жөнінде М.Дүйсеновтің «Ілияс Жансүгіров 1920 жылдардың бас кезінде қысқа-қысқа әңгімелер, очерктер, фельетондар жазып газет, журнал беттеріне бастырады. Алғашқы әңгімелерінің дені кедейліктің тауқыметін тартқан жалшылар, патриархалдық қоғамның қазақ әйелдерінің басына салған күндік ноқтасы, надандық, қазақ ауылында ескіліктік етек алған түрлі көріністерін бейнелеу, сынау, әшкерелеу тенденциясы ақынның соңғы жылдары жазған шағын көлемді прозасының да арқауы болып отырады» деген пікіріне негіз болып отырған – «Нұрша», «Жедел жәрдем», «Қуыршақ» атты шығармалары.

Совет өкіметі орнасымен қазақ ауылында әйелдер айналасындағы толғақты мәселелердің бірі – олардың біртіндеп сауат ашуы, сана-сезімдерінің оянуы, әлеуметтік істерге араласулары жөніне жан-жақты айтылып, қажеті заң, қаулылар шығып жатқан еді. Бұған қазақтың ақын -жазушылары да өз тарапынан кеңінен ат салысқан. Сол тұста бұл жөнінде өлең-поэмалар, қысқа әңгіме мен науқанды тақырыптан шет қалмай жоғарыда сөз болған «Нұрша» әңгімесін жарыққа шығарды.

«Нұрша» әңгімесі Сәбит Мұқановтың «Ақбөпе сыры», Елжас Бекеновтың «Жәмила қалай сауатты болды» Бейімбет Майлиннің «Раушан - коммунист» повестерімен бір мезгілде шыққан. Бұл туындылар жөнінде Әмен Әзиев: «көркемдік дәрежелері түрліше келген шығармалар да әйел образдарын жасау проблемасы жаңаша қойылады»-деп атап өтті. «Бәрінің де көтерген мәселелері, идеялық нысанасы бар арнаға саяды»-деуіне қарағанда шығармада көп ұқсастықтар бар.

Ақбөпенің, Жәмиләнің, Раушанның, Нұршаның сырт қарағанда мазмұндары ұқсас. Бәрі де оқуға, өнер білімге, болып жатқан түрлі жаңалықтарға ұмтылады, қоғам жұмысына араласады. Балаларын құшақтап жазу дәптеріне, оқу кітаптарына үңіледі. Ерлермен қатар атқа мініп, ел билеген әйелдер қай ауылдан болсын жиі кездеседі. Мұның барлығы да мазмұндық ұқсастықтар өмірдің нақты тарихи жағдайын, дамуына әкеліп шығады.

«Нұрша» әңгімесіндегі басты кейіпкер ретінде қазақ ауылындағы бетінен ешкім қақпай бұлаң өскен қыздың өжет, өткір болып бойжетіп келе жатқандығы туралы айтылады. Нұрша Алпысбайдың жалғыз қызы болғандықтан әйелі Күлжан екеуі оның айтқанын бұлжытпай орындайтын. Ауылда алғаш мектеп ашылғанда ең бірінші болып оқуға жазылған Нұршаға әке-шешесі қарсы шықпайды. «Барсын, оқысын деп – ақ тілеулерін береді. «Арты қалай болар екен?» деген дүдәмалдары болғанымен, көп ұзамай қызығын көре бастайды. Өйткені, ол кезде совет өкіметі енді құрыла бастаған кез болатын, газет- журналдар елге үлестіріп бергенімен, оның суретін көріп мәз болып, ал не жазылағаны туралы көпшілік жұрт оқи алмайтын. Ал, Нұрша болса, бірден-бір газет-журналдарды қалдырмай, әке-шешесіне дауыстап оқып беретін. Алпысбай мен Күлжан соған мәз. Қыздарын оқуға бергендеріне дән риза.

Бір күні «Жетісу әйелі» журналын оқып отырып мынандай қызық әңгімеге кез болады. Бейімбет Майлин «Раушан-коммунист» деген әңгіме жазыпты. Онда ауылдың қарапайым әйелі болыс болып сайланыпты. Ел басқарып, кейін коммунист болып, көзі ашық, көкірегі ояу адам болып, үлкен лауазым-шенге көтеріліпті деген жайды оқығанда әке- шешесі, өзі таң-тамаша болады. Ол аздай қазақ жерінде жүздеген әйелдің оқу оқып, үлкен қалаларға қызмет істеп, қоғамға үлкен пайда келтіріп жүргендігі туралы жолдарды оқығанда Нұршаның дегбірі кетіп, оны талай ойға салады.

Енді өзінің күнделікті күйбің тірлігін тастап, тағы да «оқысам» деген ниет пайда болады. Арман қуалап алыстарға көз тастайды.

Айталық, С.Мұқановтың Ақбөпесін жетімдіктің зардабы, Байқұттыдан көрген зорлығы ширықтырса, Е.Бекеновтың Жәмиласы отбасындағылармен арпалысады, өзінің олқылығын сезініп, оқуға талпынып, жер бөлімінің меңгерушілігіне дейін көтерілді. Ал Б.Майлиннің Раушаны өзінің күйеуі Бәкеннің қараңғылығына ауылдағы бай-болыстың зіліне төтеп беріп, көрші-қолаңның өсегіне мән бермей, аулынайлығын абыроймен атқарылғандығы суреттеледі.

Ілияс халықтың поэтикалық творчествосы болсын немесе сол тұстағы жазушылардың творчествосы болсын, әйтеуір өзіне дейінгі әдебиетте кездесетін әдеби категориялардың түр-сипатын, өзгешелігін жақсы түсіне сезіне біліп, одан мүмкін өзіндік үлгі, азық, жаңаша түр-түс әкелгенін қазіргі әдебиеттану ғылымы жоққа шығармайды.

Ілияс Жансүгіров әр әңгіме, повесін жазардан бұрын оған тыңғылықты дайындықпен келетіндігін шығармалардан айқын аңғаруға болады. Ол үшін қай жерде болмасын қолы қалт еткенде, қасындағы серіктеріне әңгіме айтқызып өзі де соған қызу қатыса отырады. Қай жазушы болмасын шығармасының айшықты, көркем, сонымен қатар шындыққа жанасатындай реалды түрде шығуы үшін оған негіз боларлықтай түйін, идея, сюжет іздейтіні белгілі. Онсыз әңгімесінің не повесінің көркемдік аясы, мазмұны композициялық желісі жұтаң тартары, әлсірейтіні заңды. Бұл жайсыздықтың болмауы үшін қай елдің жазушысы болмасын әр түрлі тәсілді пайдаланып, өз дегендей етіп шығарманы жарыққа шығарады.

Мәселен, А.П.Чехов қайбір қолайсыздықтарды жеңе отырып, қай орта болмасын соның ішінде болып, соны өз көзімен көріп, сезіп, ой-елегінен өткізіп шығармаға беттейді. Ілияспен тұстас, замандас, оның тағдырына тағдыры ұқсас М.Кольцов әңгімесін жазардан бұрын оны кеңінен пысықтап әр адамммен ерінбей –жалықпай әңгімелесіп, ақиқатына жетіп жазатыны, тіпті, таксист өмірін танып-білу үшін оншақты күн таксист болғандығын өз замандастары растайды.

Оның әр әңгіме, повесін жазардан бұрын оған тыңғылықты дайындықпен келетіндігін шығармаларынан айқын аңғаруға болады. Жай айта салу емес, оған үлкен мән беріп, майын тамыза көріктендіре айтқанды жөн көреді, ал өзімен әңгімелескен адамдардан естігендерінің ішінен қызықтысын, шұрайлысын әр деталіне дейін анықтап сұрап, өзінің жазар әңгімесінен де повесіне арқау етеді. Бұл жөнінде елге атақты артист Қ.Байсейітов Ілиястың шығармашылық машығын айтқан уақытта әр адамның бал арасындай шырын жинайтынына дәлел етіп былай деп әңгімелейді: «Әркім өзі білетін қызықты әңгімесін айтсын, ал әңгіме, білмейтіндер өзінен басынан өткен ең қызықты оқиғасын айтып берсін...» деген ұсынысын еске алады да, өзі айтып берген бір қады оқиға «Ілиясты да қатты түршіктіріпті. Кейін сол менің айтқандарымның негізінде «Қожабек нәшәндік»деген әңгіме жазды, ол басылып шықты да, бірақ соңғы томдық шығармалар жинағына кірген жоқ. Ол кісінің жазуына қарағанда менің айтқандарымның біразы өмір шындығына ұқсастау да шыққан–ау деп ойлап қалам», -деп шығарма арқауына айналған әшейінгі әңгіме–дүкенді еске алады. Академик М.Қаратаев - Ілиястың өмірі мен творчествосын көп зерттеген адамдардың бірі. Өзінің бір естелігінде Ілиястың әңгімешілдігі туралы: «Сырт көзге Ілиястың тұйық адам көрінуі әншейін білместік. Ол барлық асылын, әдемісін ішке жинайтын, тереңге сақтайтын ардагер екеніне сол жолда анық көзім жетті. Шынында ақынның сырттай «тұйықтығы» оның ішкі бай рухани дүниесінің қақпағы ғана беріктік пен бекемдік екен.Бір сенген, бір шешілген адамның алдында Ілекең ғажап, сыршыл, әңгімешіл, сөз тапқыш, әзілдегіш адам екен»,- деп жоғарыда айтылған қасиеттерді растай түседі. Ілияс-тек шебер айтушы ғана емес сонымен бірге көрген – білгенін, естігенін шебер жазып жеткіз білетін талантты прозаик жазушы.

Алғашқы әңгімелері – «Күң өлімі», «Шешілмеген жұмбақ», «Саудагердің тамашасы», «Мерген бөкен», «Ташкендікке тарт»-1920 жыл мен 1928 жылдардың ортасында жазылды. Бұл еңбектерің ішінде соғыс коммунизмі кезі, сол дәуірдегі қазақ елінің басынан кешкен жағдайларының өзгешелігі бейнеленгендігі бар. Солардың бір сыпырасы өзі көрген – білген белгілі дәрежеде өзі сүйетін, өзі ардақтайтын мазмұндар. Сонда да болса болашақ жазушы бірден жазушылық жолға түспейді. Әлі де байқап көрейінші дегендей өмірден де кітаптан да көп қазынаны ойға түйе береді.

«Білім мөлшерім, өмір соқпағым, шет жұрттың әдеби қазынасымен танысуға әлі мүмкіндік бермей келеді» деуіне қарағанда, әлі де болса өзіне қанағаттанбағандығын байқаймыз. Дегенмен, Ілиястың сол тұста өзінің хал- қадірінше әлемдік әдебиеттен хабардар болған төмендегі деректер жоққа шығармайды.

Ол кітаптар XIX ғасырда жарық көрген озық ойлы авторлары Л.Н.Толстойдың «Семья», «Бақыт неде?», Салтыков–Щедринның он екі томдық жинағы, сол сияқты И.А. Гончаровтың, А.П. Чеховтың, И.С. Тургеневтің, К.С. Григоровичтың, М.А. Лесковтың, В.А. Жуковскийдің, А.К. Шиллер-Михайловтың, Ф.М. Достоевскийдің, В.Г.Белинскийдің т.б. ақын –жазушылардың шығармаларының толық жинақтары болған. Сонымен қатар XIX ғасырдың аяғына дейін және XX ғасырдың алғашқы он жылы ішінде орыс тіліне аударылып үлгерген әлемдік әдебиет өкілдерінің де шығармалары көп кездескен. Мысалы, Г. Гейненың алты томдық жинағы, сол сияқты Вальтер Скоттың он төрт томдық жинағы, М.Сервантестың «Дон-Кихоты», Фердоусидың «Сохрабтың тарихы», А.Доденнің повестері мен әңгімелері, бір ғана Ж.Верннның шығармаларынан жиырма төрт кітап болған .

Сөйтіп мұсылман дінін уағыздауға арналған Қайнар құмындағы мешіт әлемдік әдебиеттің асыл қоймасы болып шыққан. Мұны судан сүзіп ішкен тума талант Ілияс әлемдік әдебиеттің түрлі әсем үлгілерін өз қолына ұстап, өнегесінен үйренген, еркінше оқып, еміне сусындаған.

Қысқасы, Ілиястың көсемсөзші ретінде тұңғыш шыққан жыр жинағының жайы солай болса, бұл оқиға оқу бітіріп келген жастың кейінгі қалам сілтесіне ешбір нұқсан келтірген жоқ. Керісінше, қайта өршеленіп, поэзия өлкесіне батыл қадам жасауына ықпал етеді. Сағат санап өскен жаңа өмірдің әр қадам қарқынынан қалмай, қарымды, жақсы жыршысы болу үшін өлең топтамаларын үдете жаза түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А.,1965.
2. Әбдірахманова Т. Ақын арманы. А., Жазушы. 1965.
3. Әдеби мұра және оны зерттеу.- А.,1961.
4. Әуезов М.Әдебиет тарихы.- А.,1991.
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А.,1959.
6. Иманғазинов М. Жан қайығын жарға ұрдым. А.,1994.
7. Иманғазинов М.Ілияс прозасындағы дәуір дидары. Т.,2000ж.
8. Иманғазинов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А., ҚазҰУ.2004.

УДК 340

ОСОБЕННОСТИ КОНСТИТУЦИОННОГО СТРОИТЕЛЬСТВА СУВЕРЕННОГО КАЗАХСТАНА

Чукмаитов Д.С., Джакаева Д.
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
zhgu.edu.kz

Бұл мақалада тәуелсіз Қазақстанда құқықтық мемлекет және азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ,алғашқы тәуелсіздігін алған кездегі Қазақстанның тарихи даму аспектілері зерттелген.

Кілттік сөздер: *Қазақстан, тәуелсіздік, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, Конституция.*

В данной статье рассмотрены особенности становления суверенного государства и особенности развития правового государства и гражданского общества. А также

исторические аспекты развития Казахстана в первые годы после приобретения независимости.

Ключевые слова: *Казахстан, независимость, суверенитет, правовое государство, гражданское общество, Конституция.*

In this article, considered specifics formation of a sovereign state and the features of the development of the rule of law and civil society are examined. And also historical aspects of the development of Kazakhstan in the first years after independence.

Key words: *Kazakhstan, independence, sovereignty, rule of law, civil society, Constitution.*

В истории современного Казахстана есть одна дата, которая не сравнима ни с чем. Это день суверенитета, появления нового независимого государства Республики Казахстан, гражданами которой мы являемся. 25 октября 1990 года – день суверенитета, который стал переломным в Казахстанской истории. Первым основополагающим законодательным актом страны стала Декларация государственного суверенитета. Это правовой, политический и идеологический документ, отражающий основные принципы общественности, прав и свобод человека, собственности, политического плюрализма и разделения власти. Эти фундаментальные положения легли в основу Конституции. Спустя год, 16 декабря 1991 года, в Казахстане был принят Конституционный Закон «О независимости в Республике Казахстан», в преамбуле которого написано: «Верховный Совет Республики Казахстан, выражая волю народа Казахстана, признавая приоритет прав и свобод личности, закреплённых во Всеобщей декларации прав человека, подтверждая право казахской нации на самоопределение, исходя из решимости создания гражданского общества и правового государства, торжественно провозглашает о государственной независимости Республики Казахстан» [1]. Развивая ключевые идеи Декларации о государственном суверенитете, Конституционный Закон однозначно закрепил, что Республика Казахстан отныне строит свои взаимоотношения со всеми государствами на принципах международного права, как и подобает независимому государству. Впервые было установлено единое казахстанское гражданство. Узаконивалось провозглашенное Декларацией многообразие форм собственности, принцип разделения государственной власти на законодательную, исполнительную и судебную, закреплялся курс государства на самостоятельную экономическую систему со своей финансово-кредитной, налоговой и таможенной политикой. Для защиты независимости и территориальной целостности Республики Казахстан Конституционный Закон также впервые предусматривал создание собственных Вооруженных сил. Новым, по сравнению с нормами Декларации явилось то, что высшим органом судебной защиты Конституции признавался Конституционный Суд Республики Казахстан. По существу этот Закон стал Временной Конституцией независимого Казахстана на законодательном этапе становления его суверенитета де-юре, т.к. нормы Конституции Казахской ССР 1978 г. и иных законодательных актов признавались действующими на территории Республики, поскольку они не противоречили Конституционному Закону от 16 декабря 1991 г. Само же его содержание было непосредственно положено в основу Конституции Республики Казахстан 1993 г. Принятие Конституции РК 28 января 1993 года стало определенным этапом в становлении демократической государственности Казахстана. Однако данный документ не предусматривал действенного механизма по разрешению конфликтных ситуации, между ветвями власти, что непосредственно отразилось на последующем политико-конституционном развитии Республики Казахстан. В декабре 1993 года Верховный Совет Казахской ССР XII созыва был самораспущен, не доработав до окончания своего срока полномочий. Процесс самороспуска был ускорен противоречием реализации на местах принципа разделения властей. 7 марта 1994 года состоялись выборы в Верховный Совет XIII созыва, которые проходили в соответствии с новым Кодексом о выборах в Республике Казахстан. Правовая основа выборов, сам избирательный процесс получили неоднозначную оценку. 6 апреля 1995 года Конституционный Суд Республики Казахстан принял постановление «О не легитимности Верховного Совета Республики Казахстан, избранного 7 марта 1994 года». Согласно этому

постановлению Верховный Совет XIII созыва, деятельность которого была основана на Конституции 1993 года, сложил свои полномочия [2, 28]. В сложившейся ситуации возник вопрос о правомерности создания двухпалатного Парламента и роли Президента в этом процессе. В августе 1995 года на республиканском референдуме народ Республики Казахстан проголосовал за новый Основной Закон страны, обладающего высшей юридической силой, сделав исторический выбор в пользу сильного правового, демократического государства. Конституция 1995 года по новому, с учетом требований времени определила вопросы организации управления государством, приоритет прав и свобод личности, курс на построение гражданского общества, развитие и укрепление казахстанской государственности, многообразие форм собственности, свобода экономической деятельности, рыночная экономика. Конституция значительно повысила статус Президента и закрепила конституционное положение об учреждении президентской формы правления в Республике Казахстан. В результате сформированы и обеспечены правовой основой все институты государственного управления, предусмотренные Основным Законом. Эффективно действует профессиональный двухпалатный Парламент, по новым принципам работают органы исполнительной власти во главе с Правительством, состоялась независимая судебная система, способная надежно защитить права человека. Гарантом незыблемости Конституции и согласованного взаимодействия ветвей единой государственной власти, ядром всей государственно-властной системы выступает Глава государства – Президент Республики. Следует отметить, что именно с введением президентской формы правления в Казахстане и деятельностью Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева связаны демократические преобразования в общественно-политической сфере, экономические рыночные реформы, общественное согласие и стабильность. За прошедшие годы, на основе новой Конституции, в Казахстане были проведены фундаментальные реформы во всех сферах жизни. При этом основополагающими принципами государства являются общественное согласие и политическая стабильность, экономическое развитие на благо всего народа, казахстанский патриотизм, решение наиболее важных вопросов государственной жизни демократическими методами. Благодаря новой Конституции, в Казахстане сегодня реально существуют взаимоуважительные отношения между различными общественно-политическими силами общества, политическая и экономическая стабильность, национальное единство. В Основном Законе отражаются и перемены, происходящие в обществе. В Казахстане прошли три конституционные реформы. Каждый раз это были поправки, необходимые на тот момент государству. 30 сентября 1998 г. Президент использовал свое право инициативы внесения изменений и дополнений в Конституцию республики, выступив по этому вопросу на совместном заседании палат Парламента. Концепция преобразования всех институтов государственной власти, расширения полномочий Парламента и повышения его роли в политической жизни государства, повышения статуса депутатов, усиления ответственности членов правительства и реформирования судебной системы была изложена им в ежегодном послании «О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики: демократизация общества, экономическая и политическая реформа в новом столетии». Конкретные предложения по поправкам были сформулированы в проекте Закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», внесенном Президентом в Парламент в тот же день. 21 мая 2007 года Казахстан вступил в новый этап своего общественно-политического развития. Президент страны подписал принятый парламентом закон о внесении изменений и дополнений в Конституцию. Особенность данной реформы заключалась, прежде всего в том, что республика сделала ощутимый шаг от президентской к президентско-парламентской форме правления, что является логическим результатом политики по развитию демократии и гражданского общества в Казахстане. Последняя конституционная реформа была проведена в 2011 году. Парламент Казахстана принял закон «О внесении дополнения в Конституцию Республики Казахстан», наделяющий действующего главу государства правом объявлять досрочные президентские выборы.

10 марта 2017 года Глава государства Нурсултан Назарбаев подписал закон «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», в соответствии с которой были внесены перераспределяющие полномочия между ветвями власти. Законом внесены 26 поправок в 19 статей Основного закона Казахстана.

В связи с этим была проделана работа по мониторингу и внесению соответствующих поправок в действующее законодательство.

Таким образом, регулирование порядка порядка о назначении или избрании акимов на уровне Закона подразумевает делегирование данных полномочий Парламенту, тем самым повышая его функциональность и ответственность. Это, в свою очередь, преобразует данную процедуру в более демократичную.

Кроме того, были изменения касательно актов Правительства Республики, а именно исключили полномочия Президента по отмене Постановлений Правительства и распоряжений Премьер-Министра Республики, указанные акты могут быть отменены лишь Правительством и Премьер-Министром соответственно. То есть, тем самым упразднено право Президента Республики отменять либо приостанавливать действие актов Правительства и Премьер-Министра, что повышает самостоятельность и в то же время ответственность Правительства. Ветвь исполнительной власти становится более самостоятельной, а форма государственного устройства демократичней.

В целом, Законом осуществлена демократическая модернизация президентской формы правления посредством усиления роли, самостоятельности и ответственности Парламента и Правительства, перераспределения отдельных полномочий Президента между Парламентом и Правительством.

Данные реформы можно отнести как к демократизации существующих институтов власти – расширение полномочий парламента, выборность некоторых категорий руководителей, в том числе региональных, так и к деятельности политических партий и движений, более активному включению в жизнь страны общественных объединений граждан. Как видим, Конституция претерпела незначительные по объему, но существенные по содержанию изменения. Работа проделана большая, а сделать предстоит еще больше. Конституционная реформа потребует не только изменений в законах и во множестве подзаконных нормативных правовых актов, но и повышения политической и правовой культуры населения. Сознавая необходимость формирования нового правового пространства в рамках создаваемого государства, Президент Казахстана Назарбаев Н.А. выступил инициатором разработки и утвердил Программу развития Республики Казахстан «Стратегия – 2050». В ней определены направления последующего реформирования государства и права Казахстана, как «… евразийской страны, имеющей свою собственную историю и свое собственное будущее, впитавшей в себя достижения разных цивилизаций, и в ходе строительства суверенного, независимого государства готовой перенять все лучшие достижения всех цивилизаций, доказавших на деле свою эффективность» [3].

Таким образом, определились основные параметры будущей евразийской модели правовой системы Казахстана. Такого рода выводы диктуют понимание, восприятие и развитие правовой системы Казахстана как типа, который можно отнести к самостоятельной, совершенно новой в историческом плане Евразийской модели правовой системы. Сегодня, спустя два десятка лет, с момента нашей независимости можно с уверенностью заявить, что Казахстан состоялся как суверенное, независимое государство, суверенитет которого признан большинством государств мира и с мнением которого считаются на международной политической арене. Становление суверенного государства отразилось на каждом его гражданине. Рассуждая о независимости, нельзя забывать о том, что наша страна является многонациональной.

Представители более 120 национальностей различного вероисповедания являются гражданами нашего государства, живут и работают бок о бок. Умелая государственная национальная политика позволила Казахстану избежать межэтнических конфликтов и межконфессиональных противостояний. Основная задача как и в начале 90-х, так и сейчас –

это сохранение мира и стабильности на территории нашего государства. Глава государства сформировал главную цель – укрепление благосостояния народа. Для этого необходимо решить три конкретные задачи: во-первых, осуществить ускоренную экономическую модернизацию; во-вторых, на основе индустриализации и технологического развития экономики осуществить социальную модернизацию для улучшения качества жизни всех граждан страны; в-третьих, сохранить мир и согласие в нашем многоязычном и многоконфессиональном общем доме. За 28 лет мы приобрели и сохранили бесценное богатство – свободу и независимость. И мы должны и дальше оберегать и приумножать это богатство. В этой связи вспоминаются слова Первого Президента независимого Казахстана Нурсултана Назарбаева: «Мы возвестили миру о появлении нового государства – Республики Казахстан. Формула Независимости Казахстана – это слагаемое двух равнозначных понятий: свободы и ответственности. Только благодаря ответственности мы смогли выбрать правильный стратегический путь развития, построили государство, сохранили мир и согласие» [4].

Важной особенностью Конституции является и то, что она выступает основным законом, с одной стороны Государства, а с другой – общества. Это связано со статусом народа, как источника государственной власти и как социальной базы (носителя) общества. Конституция учреждает Государство со всеми его атрибутами. Она закрепляет его суверенитет со всеми его элементами: территорией, верховной властью, гражданством, самостоятельным законодательством и т.д. Конституция закладывает основы взаимоотношений государства, государственных органов; обществом, общественными институтами. Она определяет основы общественного строя: экономические, организационные, духовные, личностные. Поэтому не только государство, его институты черпают правовые положения, идеи у Конституции. Наряду с этим общество, его составляющие (объединения, организации) должны основывать свою деятельность на Конституции. Отдельные законы могут иметь отношения к тем или иным общественным институтам: к политическим партиям, религиозным, культурным объединениям и т.д. Нормативные положения Конституции, запрещающие создание и деятельность общественных объединений, цели действия которых направлены на насильственное изменение конституционного строя, нарушение целостности Республики, действуют прямо и непосредственно. Поэтому правоохранительные органы непосредственно руководствуются Конституцией, когда принимают меры против нарушений её норм.

Главная задача современного Казахстана по пути дальнейшей демократизации общества заключается в совершенствовании современной Конституции, которая должна отвечать требованиям новой исторической эпохи и способствовать дальнейшему продвижению демократических реформ, успешному политическому, социально-экономическому и культурному развитию страны [5].

Конституция – это закон, который должен отвечать реалиям дня, а если созрела необходимость во введении изменений и дополнений, то их надо закреплять и осуществлять. Это необходимо для того, чтобы действующая Конституция закрепляла не декларативные постулаты, а существующие демократические достижения государства. Обращаясь к истокам независимости страны, очевидно, что «Казахстану нужен был такой Основной закон, который бы шел «нога в ногу» с новыми реалиями и перспективами и сосредотачивал на своих страницах опыт предыдущих поколений и уверенность на лучшее будущее. Конституция независимого Казахстана должна была закрепить основные принципы, по которым народ собирался строить открытое и демократическое общество» [6, 50].

Поправки в Конституцию страны коренным образом усовершенствовали политическую систему нашей страны. Реализация конституционных преобразований и инициативы Первого Президента Казахстана взаимосвязаны. И поправки к Конституции нужно оценивать в логике всех других предложений. Это единый комплекс мер по укреплению демократии, усилению государства, созданию дополнительных политических условий для долгосрочного стабильного развития Казахстана.

Таким образом, признание народа творцом Конституции Республики Казахстан выражает ее сущностную черту. Поэтому Конституция Республики Казахстан 1995 года начинается

словами: «Мы, народ Казахстана… принимаем настоящую Конституцию». Народ Казахстана в результате референдума принял Конституцию. Изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан могут быть внесены и республиканским референдумом. Иначе говоря, народ не только принимает Конституцию, он решает и вопрос о внесении изменений и дополнений в Конституцию.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Конституционный Закон «О независимости в Республике Казахстан» от 16.12.1991 г.// Информационная система «Параграф».

2. Туякбаева Н.С. Особенности конституционного строительства суверенного Казахстана [Текст] // Юридические науки: проблемы и перспективы: материалы Междунар. науч. конф. (г. Пермь, март 2012 г.). — Пермь: Меркурий, 2012. — С. 28.

3. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». http://www.akorda.kz/

4. Новый этап демократизации Казахстана - ускоренное развитие свободного демократического общества. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на совместном заседании Палат Парламента Республики Казахстан. Официальный сайт Президента Республики Казахстан www.akorda.kz

5. Поправки в Конституцию в Республики Казахстан обсудили Президент и Парламент. https://forbes.kz/

6. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Развитие конституционного законодательства Республики Казахстан / Под. ред. З.Ж. Кенжалиева. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – С. 77

ӘОЖ 159.9

КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Шакирова А.Д., Кылышбаева М.И.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, №4 орта мектебі, Талдықорған қ.
arayly.shakirova85@mail.ru, kylyshbaeva64@mail.ru

Мақалада танымдық процестердің дамуы қарастырылады - бұл ойлау, есте сақтау, көңіл бөлу сияқты ойлау процестерін дамыту. Когнетивтік процестерсіз баланы мектепте сәтті оқыту мүмкін емес. Сондай-ақ, ақыл-ой дамуының және адамның жеке басының қалыптасуының проблемалары. Көптеген жылдар бойы танымдық үдерістердің дамуы көптеген теориялық және тәжірибелік зерттеушілердің назарын аудартуда.

Кілттік сөздер: *қабылдау, есте сақтау, ес, зейін, танымдық процесстер.*

В статье рассмотрены развитие познавательных процессов - это развитие таких психических процессов, как восприятие, память, внимание, без которых невозможно успешное обучение ребенка в школе. А также, проблемы психического развития и становления человеческой личности. На протяжении многих десятилетий развитие познавательных процессов привлекает внимание широкого круга исследователей и теоретического, и практического направлений.

Ключевые слова: *восприятие,память, внимание, познавательные процессы*

The article deals with the development of cognitive processes - the development of such mental processes as perception, memory, attention, without which it is impossible to successfully teach a child in school. And also, the problems of mental development and the formation of the human personality. For many decades, the development of cognitive processes has attracted the attention of a wide range of

researchers, both theoretical and practical.

Key words: *perception, memory, attention, cognitive processes.*

Когнитивтік үдерістерді дамыту - бұл ойды қабылдау, есте сақтау, көңіл бөлу сияқты ойлау процестерін дамыту. Онсыз баланы мектепте сәтті оқыту мүмкін емес. Сондықтан сіз балалардың танымдық қабілетін қалыптастыру дәрежесін бағалауға, ойын, сабақ, жаттығулар көмегімен дамуы мүмкін деген ойларды, көңіл бөлуді, есте сақтау туралы ақпаратты білуіңіз керек. Көптеген жылдар бойы психикалық дамуы мен адамның жеке басын қалыптастыру мәселесі көптеген теориялық және практикалық зерттеушілердің назарын аудартты. Зерттеушілер адамның жеке басының қалыптасуы мен дамуына назар аударады. Олар көптеген сұрақтарды және жеке тұлғаның когнитивтік үрдісімен бірге жүретін психикалық үрдістің әр түрлі бағыттарын, олардың пішінін, ерекшеліктерін, функцияларын, негізгі өзгерістерін зерттейді.

Біздің сезім мүшелеріміз қабылдаудың негізгі қызметін атқарады. Қабылдау - бұл шындыққа сезімтал әрекеттің басты когнитивтік процесі, оның объектілері мен құбылыстары, олар тікелей сезімге әрекет етеді.

Бұл ересек адам мен баланың негізгі ойлау және практикалық қызметі, адамның айналасындағы әлемдегі, қоғамдағы негізгі бағыты. Адами қабылдау негізінде адам арасындағы қарым-қатынас орнатылады. Қабылдау құрылымында негізгі инфрақұрылымдар: белсенділік түрлері және қабылдау қасиеттеріне бөлінеді. Қабылдау түрлері: қарапайым, күрделі және арнайы. Арнайы қабылдауға қоршаған ортаны, уақытты, қозғалыстарды қабылдау жатады. Қарапайым қабылдау түрлеріне шаманы қабылдау, заттардың формаларын және олардың түстерін қабылдау жатады.

Қабылдаудың қасиеттері: көлем, тұтастық, үлгісі, мағыналылығы.

Қабылдауды интеллектуалды үрдіс ретінде қабылдау керек. Оның негізі болып заттың келбетін қалыптастырудың белсенді беліглерін іздеу жатады.

Бұл үдерістің реті келесідей:

1. көптеген информациялардың ішінен белгілі бір сигнал тобын айқындап алу және сол сигнал белгілі бір затқа байланыстылығын айқындау;
2. жадыда сақталған ерекшелікті іздеп, содан кейін қабылданған тақырыппен оны салыстыру;
3. келесі ретте сол затқа қосымша ерекшеліктер іздеп, қабылданған нәтиженің дұрыстығын немесе бұрыстығын дәлелдеу.

Кіші мектеп жасындағы балалардың қабылдау ерекшеліктері. Кіші мектеп жасындағы балалардың қабылдауы әдетте затты тану және атын білумен ғана шектеліп қалады. Оқу үрдісінің басында оушылар заттың бөлшектерін мұқият қарай алмайды. 1-2 сынып оқушыларының саралап қабылдауы әлсіз. Бірінші сынып оқушылары бір біріне ұқсас заттарды көп шатастырады. Мысалы, 6 және 9 санын, З және Э әріптерін және т.б. Суреттердің, әріптердің және пішіндерді аударып қарағандағыдай қателіктер болып жатады. Бұндай қателіктердің орын алмауы үшін балаларды ең басында ұқсас заттарды бір бірімен салыстырып, айырмашылықтарын табуға үйрету қажет. Өсе келе бала заттардың әр түрлі бөлшектерін, әр түрлі ерекшеліктерін ажырата білу керек және тыңдау, көру мен қабылдау техникасын игере білуі керек. Орта буын оқушыларының қабылдауы мақсатты бағытталған, басқарылған, саналы болады. Ерікті қабылдауды дамытатын сөз. 1 сынып оқушыларының қабылдауы тек қана сөз. Заттың атауын айтқаннан кейін олар оны бөлшектеп қарастрмайды. 2-3 сынып оқушылары заттың атын айтып, оны сөзбен суреттеп береді. Егер 1-2 сынып оқуышлары затты көріп қалбыдаса, ендігі кезде 3-4 сынып оқушылары үшін ол қиындық тудырмайды. Кіші сынып оқушыларына геометриялық фигуралардың атын және айырмашылығын анықтау дәлдігі артады. Бірақ олар одан көлемі үлкенірек пішіннің атын атауда қиындық туады. Формаларды және қоршаған ортаны қабылдауда дүниетану, еңбек және дене шынықтыру сияқты сабақтардың алатын орны ерекше.

Кіші жастағы оқушыларда сюжетті картинкаларды қабылдау жақсатрылады. Балалар бұл кезде енді картиналардағы кеңістіктерді бір бірімен байланыстыра алады. Неміс психологі В.Штерн балалардың қабылдауының 3 кезеңін атап көрсетті:

✓санау (2-5 жас)

✓сипаттау (6-10 жас)

✓түсіндіру (9-10 жастан кейін)

Бұл кезеідер негізінен баланың даму және қабылдау ерекшеліктеріне байланысты.

суретті қарау кезінде үлкендердің балаға қалай қарағаны өте маңызды.

Егер "Картинада не берілген ?" деген сұрқ қойылса, бала сол суреттегі заттарды атай бастайды. Егер "Картинада қандай оқиғалар бейнеленген ? "- деген сұрақ қойылса, одан да күрделірек түсініктеме, қабылдаулар керек болады. Оқушылар бастауыш мектеп жасында оқыту "қабылдау үрдісі ойлау" болып табылады(Эльконин Д.Б.).

Қабылдау:

1. талдауы жоғарырақ;
2. әртүрлі;
3. ұйымдасқан сипат алады;
4. заттар мен құбылыстардың сөздік қабылдау рөлі өзгереді.

Даму және қабылдау өздігінен жүрмейд. Құбылыстардың, заттардың құрамын, ерекшеліктерін анықтауды үйретуде, мұғалімдердің, ата-аналардың рөлі ерекше. Психологтардың зерттеулерінің нәтижесі бойынша қабылдауды реттеудің және байқағыштыққа тәрбиелеудің басты әдісі ол салыстыру. Қабылдау тереңдей түседі және қателіктер азаяды[1].

Бастауыш сынып оқушылары уақытты дұрыс қабылдай алады. Минутты қабылдау сыныптан сыныпқа көшу барысында дұрыстала бастайды. Психолог Н.С.Шабалинның анықтамасы бойынша көптеген оқушылар минуттың нақты ұзақтығын төмендетеді, бірақ мұндай 10-15 минут аралығындағы ұзақтықты көп көреді. Бұндай уақыт аралықтарын оқушыларға ай, апта, тәулік, сағат сияқты қабылдауды үйрету керек.

Ойнау және оқу барысындағы қабылдау нәтижесі өздігінен тәуелсіз қызметке көшеді. Бастауыш сынып жасындағы баланың бақылауы схемалық, тұтас сипатта болады. Жасөспірім шағында заттарды бақылау ішкі қарым-қатынастың негізінде жүзеге асады, бала қабылдағанын түсіндіруге үйренеді.

Жады – таным процесінде ең негізгі рөлді ойнайды. Тақырып маңызды, себебі адамның санасы тек тікелей көрініс формалары бойынша ғана шектелмейді. Нақты әлемнің көрсетілетін әсері оқушылардың есте сақтауының негізі болып табылатын өзіндік бейнесін қалдырады, оған жаңа ақпарат алуға, кәсіби дағдыларды үйренуге және меңгеруге мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауы мектепке дейінгі оқушылардың есте сақтауына қарағанда саналы, ұйымдасқан, бірақ кейбір кемшіліктері бар.

Кіші мектеп оқшыларының есте сақтауы мағыналық жағынан емес, көрнекі-бейне түрінде дамыған. Жағдайды, түсті, фактты, бейнені, затты өте жақсы есте сақтайды. Бұл бірінші сигналды системаны игеруіне байланысты. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауын, байқағыштығын дамтыу үшін нақты материалдар беріледі. Бірақ бастауыш сыныпта балаларды орта білім деңгейіне дайындау үшін олардың логикалық есте сақтауын дамыту керек. Оқушыларға анықтауды, дәлелдеуді және түсіндіруді есте сақтау керек. Балаларды логикалық есте сақтауға үйрету барысында оқытушы олардың ойлау қабілеттерін де дамытады. Кіші сынып оқушыларының есте сақтау қабілеттерінің кемшіліктеріне дұрыс ұйымдастырылмаған есте сақтау, материалдарды жеке топтарға дұрыс жіктей алмауы, логикалық схемаларды дұрыс пайдалана алмауы жатады. Кіші сынып оқушылары сөйлеу қабілеттерінің жетіспеушілігінен тура мағынада ғана есте сақтайды. Мұғалімдер мен ата-аналар мағынасыз есте сақтаумен күресу қажет және олардың мағынасын кеңейтуі керек. Балалардың есте сақтау қабілетінің сыни еместігі және материалдарды атау барысында сенімсіздікті атап өтуге болады. Осы себептен бастауыш сынып оқушылары әңгімелеу кезінде сөздерді тура жаттап алады.

Сыныптан сыныпқа көшу барысында есте сақтау қабілеті жақсара бастайды. Білім көбірек болған сайын көптеген жаңа байланыстарды үйрету мүмкіндігі болады және есте сақтау

қабілеті де арта түседі. Бастауыш сынып мұғалімдері мен ата-аналары оқушылардың есте сақтау қабілетін оқу материалдармен ынталандыра дамытуға көптеп жұмыс жасау қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу барысында "есте сақтау қабілеті ойлауға негізделеді" [2]

- ауызша-логикалық семантикалық есте сақтаудың рөлі мен салмағы артады(везуалды түрмен салыстырғанда);
- бала өзінің көріністерін реттеу үшін жадысын саналы түрде басқаруға мүмкіндік алады (есте сақтау, көбейту, еске алу).

Ал бастауыш сынып оқушыларында механикалық жады жақсы дамыған. Өйткені, кіші сынып оқушысы есте сақтау міндеттерін бөліп бере алмайды (бұл сөзбе-сөз есте сақтау керек және бұл жалпы мағынада). Осыған үйрету керек.

Оқушылар орта бөлімге өткен кезде есте сақтауға, мағынасын түсінуге, дәлелдеуге, дәлелге, логикалық құрылымға, талқылауға мүмкіндігі қалыптасу керек. Оқушылардың есте сақтау қабілетін дұрыс үйретуге өте маңызды. Белсенді есте сақтау дәл осы ынталандыруға байланысты. Егерде оқушы материалды түсініп есінде сақтаса, жақын арада осы материал керек болады, сол кезде ол тез, ұзаққа есінде сақтайды және мағынасын дәл түсінеді.

Есте сақтау түрлерін айта кетсек мынаны ескеру керек, есте сақтау процесінің ерекшелігі кімнің және ненің есте сақтауға жарамды екеніне байланысты (оның жылдамдылығы, төзімділігі және т.б). Осы субъектінің үстемдігі есте сақтау мінезі мен ұмтылу жолында: көптен ерекшеленіп мазмұнның мағынасын және сөзді құрастыра алуымен көрінеді.

Бастауыш сынып оқушылары алғашқы уақытта өздерін жеткілікті бақылай алмайды. Бірінші сыныптағылар өздерін сырт көз-қараспен тексереді (оқытушы неше рет айтты, олар материалды қанша рет қайталады), сабақ кезінде материалды айта алатынын ойланбайды.

Есте сақтау қабылдаулары ерікті көрсеткіштеріне қызмет етеді. Бастысы бұл материалды көп рет оқып одан кейін кезектестіріп оқып айтып беруінде. Материалды есте сақтау үшін, ең маңыздысы көз алдына суретін елестету керек (артықшылығы, орналасулары, суреттері).

Оқушылардың алдында жаңа білім беру тапсырмаларының қайталаулары әртүрлі болу керек. Ереже, заңдарды, анықтау ұғымдарын сөзбе-сөз жаттап, «есте сақтау» мүмкін емес. Бастауыш сынып оқушысы материалды есте сақтау алдында, не үшін керектігін түсіну керек.

Егер балалардың қандайда бір ойынына немесе еңбек қызметіне қатысты болған жағдайда олар сөздерді айтарлықтай жақсы қабылдайтыны анықталды.

Достық жарыстарда, жақсы баға, дәптерлеріне жұлдызша қойғанда, оқытушының мақтауларын естуге талпынатын жағдайларда жақсы есте сақталады.

Зейін қойып есте сақталған материалдың мағынасын жақсы түсінесін. Берілген материалдың мағына жолдары әртүрлі. Мысалы, қандайда бір мәтінді, тарихты, ертегіні есте ұстау үшін, жасалған жоспардың мағынасы көп.

Ең кішкентайларға суреттерді ретімен кезектестіріп қою арқылы жоспар құрастыру қол жетімді және пайдалы. Егер де иллюстрация жоқ болса, онда әңгіменің басында қай суретті, қайсысын одан кейін салу керектігін айтуға болады. Содан кейін суреттерді негізгі мағынасының тізбесіне қарай ауыстыру: (Әңгіменің басында не туралы айтылды? Барлық әңгімені қандай бөлім бөлуге болады? Бірінші бөлімді қалай атауға болады? Не маңызды? және т.б.) Мәтіннің бөлім атауларының жазбасы оған баяндауға тірек болып табылады. Балалар оқиғалар мен жеке фактыларды есте сақтап ғана үйренбей, сондай-ақ олардың арасындағы байланысты үйренеді.

Оқушылар арасында оқытушының түсіндіргенің зейін қойып тыңдап немесе материалды есте сақтау үшін оқулықтың бір бөлігін бір рет оқып айтып беретін балалар жиі кездеспейді. Бұл балалар тез есте сақтап қана қоймай сонымен қатар оқығанды ұзақ есінде сақтайды, оңай айтып береді.

Оқулық материалдарын қалай тез есте сақтаса, солай жаттағанын тез ұмытып қалатын балалар бар. Екінші-үшінші күндері білген материалдарын айта алмайды. Ең алдымен осындай балалардың ұзаққа есте сақтау қабілетін қалыптастырып,өз бақылауында ұстау керек.

Ең қиын жағдайы – оқулық материалын жай есте сақтау мен тез ұмыту. Бұл балаларды ұтымды есте сақтау қабілетіне шыдаммен уйрету керек. Кей-кезде есте сақтау қабілетінің төмендігі артық жұмыс жасағанмен байланысты, сондықтан оқу сабақтарының ақылға қонымды дозасының арнайы уақыты қажет. Нашар есте сақтау нәтижесінің көбінесе есте сақтау деңгейінің төмендігіне байланысты емес ол көңіл бөліп тыңдамағандықтан. [2]

Бастауыш сынып оқушысының назары басым. Бұл жаста барлық жаңа ашық, өзгеше заттарға әліде қатты реакция береді. Бала жеткілікті түрде өзінің назарын бағыттай алмайды. Ойша жұмыс жасауы мінезінің везуалды түрде басым екенімен түсіндіріледі. Оқушылардың барлық көңілі көзге түсетін заттарға бағытталады.

Баланың мектепте оқыту кезінде көңілі ерікті түрде дамиды. Бастауыш сынып оқушысы өзіне қызықты заттарға тез әрекет етеді, сондықтан оқушының танымдық қызығушылығымен және қажеттілігін тәрбиелеу өте маңызды[3].

Бастауыш сыныпта оқушының назары ерікті түрде дамиды. Балаларда даму назарының үлгерімі 1-4 сыныптар аралығында дамиды. Орташа және жақсы оқитын үлгерімдегі оқушылар орташа дамиды, өте жақсыларда – жақсы, ал үлгерімі төмен оқушыларда даму назары төмен. Үлгерімі жақсы оқушылардың назарыны сыныптан-сыныпқа өткен кезде ерікті түрде өздігінен дамиды, 1-2 сыныптарда даму назары бірдей, тек 3 сыныпта кішкентай өзгерістер байқалады. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қатынасы жауаптылығының дамуы, назардың ерікті түрде дамытады. Жауаптылықты сезбеген оқушы қызықты материалдарға зейін қоя жұмыс жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларының жасында ілімнің дамуымен бірге ерікті назар дамиды. Осы жаста назарды ерікті бақылау мүмкіндігі шектеулі. Бастауыш сынып оқушысы ынталандыру бар болғанда, нақты жұмыс жасай алады (“5” алу болжамымен, оқытушының мақтағанына лайық). Бастауыш сынып оқушыларының ерікті даму тәрбиесі жасерекшелігіне сәйкес, бір-бірімен жақын немесе алыс мақсаттарда.Мысалы, ең алыс мотивация (қоғам алдында пайдалы адам болу үшін) жақынырақ мотивпен байланысты болуы керек - келесі сыныпқа сәтті көшу үшін. Ал соңғы мотив, өз кезегінде, жақын мотивпен байланыстырылуы тиіс - мұғалімнің жоғары бағасын алу үшін.

Жасөспірім оқушыларының назары ересектердің санына қарағанда аз, назар аударуы - әлсіз.Орта мектеп оқушысы әр түрлі жұмыс түрлеріне назар аудара алмайды, мысалы, өздерінің оқуымен және бір-бірін тыңдауға қатысты.

1-ші сынып оқушылары назарын шамалы ұстанады, жасына байланысты тежелу процесі әлсіздігімен көрінеді. Бірінші сынып оқушыларына назар аудару 30-35 минутқа созылуы мүмкін. Бірақ үшінші сынып оқушылары барлық сабақтар бойы жалғастыра алады. Бірақ жұмыстың түрін мезгіл-мезгілімен өзгерту қажет, артық жұмыс шықпас үшін[4].

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары назарын бір нысаннан екіншісіне тез ауысуға болатындығын білмейді. Бірақ бастауыш сыныптың аяғына қарай бұған көңіл бөліне бастайды.

Жасөспірім оқушылар жеке тұлғалық ерекшеліктері мінезінің назарына әсер етеді.Осылайша, қанағаттанарлықсыз көрінген балаларға қарағанда, шамадан тыс белсенділікте көрінбейтіндерге көрінеді. Сангвиник жылдам, көп нәрсеге қызығады және көңіл күйі жиі өзгергіш келеді, бірақ оның сабақтардағы жауаптары оның сыныппен жұмыс істейтінін көрсетеді. Флегматик және меланхолик пассивті, жалқау көрінеді. Бірақ шын мәнінде олар зерттелетін тақырыпқа назар аударады, мұғалімнің сұрақтарына өз жауаптарымен дәлелдейді.[5]

Кейбір балалар ұқыпсыз. Мұның себептері әртүрлі: кейбіреулерінде жалқаушылық бар, басқалары оқуға деген байыпты көзқарасқа ие емес, ал үшіншілерінде - орталық жүйке жүйесінің қозу қабілеттілігін арттырады және т.б.

Бастауыш сынып оқушыларының өмірінде маңызды сәті - мектептің орта деңгейіне көшуі. Бұл өтпелі кезеңге аса қатты назар аудару керек. Бұл жағдайдың түбегейлі өзгеруіне байланысты. Жаңа жағдайлар балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау және назарын дамыту, олардың жеке дамуы үшін, сондай-ақ оқушылардың оқу білімін, білім беру қызметін және өздігінен даму деңгейін арттыруға деген жоғары талаптарды белгілейді.

Дегенмен, бұл оқушылардың едәуір санының даму деңгейі қажетті шегіне жетеді, ал оқушылар жеткілікті үлкен тобы үшін даму деңгейі орташаға көшу үшін жеткіліксіз.

Бастапқы байланыс мұғалімі мен ата-ананың міндеті балалармен түзету жұмыстарын жүргізу, ойындар, жаттығулар тапсырмаларын орындау болып табылады.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Вахрушева Л.Н. Проблема интеллектуальной готовности детей к познавательной деятельности в начальной школе // Начальная школа. 2006. - № 4. - с.63-68.

2. Возрастная и педагогическая психология: Хрестоматия / Под общ.ред. И.В. Дубровиной. - М.: Академия, 1999. - 320с.

3. Возрастная психология: Хрестоматия // Под общ.ред. В.С. Мухина. - М.: Просвещение, 1999. - гл.2. - с.258-270, 302-305, 274-284.

4. Жукова З.П. Развитие интеллектуальных способностей младших школьников в ходе игры // Начальная школа. 2006. - № 5. - с.30-31.

5. Люблинская А.А. Учителю о психологии младшего школьника: Учебное пособие для учителя. - М.: Просвещение, 1997. - 224с.

ӘОЖ: 372.1.31

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА ҮЙЛЕСІМДІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ыбыраимжанов Қ.Т.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
tarmpi_school@mail.ru

Мақалада жаңартылған білім мазмұнына үйлесімді бастауыш сыныптардағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру бағыттары мен нәтижелеріне талдау жасалынды. Жүргізілген эксперимент нәтижесі жүйеленді.

Кілттік сөздер: *білім, педагог, бастауыш, қоғам, идеология, саяси, әлеуметтік*

В статье анализируются тенденции и результаты организации педагогического процесса в элементарных классах, которые совместимы с содержанием обновленного образования. Систематизирован результат проведенных экспериментов.

Ключевые слова: *образование, учитель, элементарное, общество, идеология, политическая, социальная*

The article analyzes the trends and outcomes of the organization of the pedagogical process in elementary grades that are compatible with the content of the updated education. The result of the conducted experiments are systematized.

Key words: *education, teacher, elementary, society, ideology, political, social*

Бүгінгі қоғамдық құрылыста бастауыш білім беру жүйесі мазмұнының жаңа бағытта қайта құрылуы - ондағы білім мен тәрбие берудің мазмұнына ерекше мән беріп зерттелуі - философиялық әдіснаманың жетекші идеясы негізінде заман талабына сай білім беруде тұтастық тұғырнамасының бірлігі мен жүйелік сипатына бағытталған маңызға ие болуы. Қай кезеңде болмасын, қоғамдық-экономикалық формацияларға тән қоғамның бастау бұлағы болып табылатын құбылыстың бірі – бастауыш білім беру негіздері. Бастауыш білім беру

мазмұны адамзаттың тарихи дамуындағы қоғам құрылысының сипатына, бағыты мен идеологиялық, саяси-әлеуметтік және басқа да қатынастардың бірлігіне байланысты. Қоғамдық даму заңдылықтарына орай білім берудің мазмұны, міндеттері және оны ұйымдастыру жолындағы формалары мен әдістері талапқа сай, өмір сұранысын қанағаттандыру бағытына икемделіп отырады. Әр қоғамның даму бағытының жүйесі мен ондағы адам тәрбиесі жөніндегі идеялар жаңа тарихи кезеңдер мен жағдайларға сәйкес негізделіп, бастауыш білім беру мазмұнының сипаты да шығармашылықпен дами отырып, тарихи міндеттері жаңа тұрғыдан айқындалады. Себебі, қоғамдағы саяси-экономикалық және әлеуметтік саладағы өзгерістер білім беру жүйесінің қайта құру барысымен айқындалып, ескірген құбылыстар қоғам сұранысын қанағаттандыра алмайтыны анықталып, жаңаша құру идеясы басшылыққа алынып, тәжірибелердің жаңаруы мен ішкі үйлесімділік тұрғысында сабақтасып, өмірді ғылыми тұрғыдан танып білуге бағытталған ауқымды білім мазмұнына бет бұру анағұрлым айқын байқалды. Мектептердегі жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен берілетін білім, әсіресе, бастауыштағы оқу-тәрбие барысы барлық уақытта да қоғам ықпалына байланысты. Бұл жеке даму ерекшелік тұрғысындағы заңға сүйене отырып, қоғам мен нақты объективтік, субъективтік қарым-қатынастарды анықтаудағы қоғамдық қатынастар бірлігінің мазмұны мен сипатын береді.

Мемлекеттік жүйенің өсіп, өркендеп жетілуіне ықпал етуші алғы шарттардың бірі оқу-ағарту мен білім беру саласы. Бірақ, білім беру жүйесі де өз дамуында мемлекеттік құрылымның өтпелілік даму кезеңдеріне және оның ішкі заңдылықтарымен тығыз байланысты болмақ. Философиялық диалектиканың заңдылығына сәйкес білім беру де түрленіп, дамып, сатыланып, жетілдіріліп отырылуы дәлелдеуді қажет етпейтін табиғи құбылыс. Білім беру жүйесінде сатылану бастауыш білім беруді өз алдына дербес қарауға, оның құзырлығын анықтауға алып келді. Бастауыш білім берудің тарихын сөз етіп, оқу-жазу мәселесіне бойлау үшін өмір сүрген мемлекеттік билік жүйесінің даму тарихымен тығыз байланысты екенін ескергеніміз ақиқатқа жақын келеді. Өзгермелі дүниенің даму кезеңдерінде бір мемлекеттік құрылымның пайда болып, өсіп-өркендеуі, керісінше, табиғи өмір заңдылығына сәйкес, енді бірде оның ыдырап, күйреп жойылуына орай орнына екінші бір мемлекеттік билік құрылымның пайда болуы мүмкін. Дегенмен, алғашқы білім беру, сауат ашу, жазуға үйретіп, әріп таныту мен оқуға баулу мәселесі, жалпы айтқанда бастауыш білім берудің жоғалып кетпей, түрлі құбылыстарға икемделіп қоғамдық әлеуметтік үлкен мәселе болғанын анық дәлелдейді. Біздің жағдайымызда Қазақстандағы бастауыш білім берудің теориясы мен тәжірибесінің даму жолындағы педагогикалық үдерістерге ғылыми талдау болғандықтан, бастауыш білім беру жүесінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, талдау жасау заңдылық деп есептейміз. Қазіргі қоғамның ғылыми және тәжірибелік талабына сай теориялық, әдіснамалық жүйе негізі болатындай бастауыш білім беру сатысына дәрежелік деңгейі анықталған. Бастауыш сатысының міндеттері туралы және оның қоғамдағы қызметі жөнінде ғылыми түсінігін нықтау үшін, бастауыш сынып мұғалімі мамандарын педагогтік қызметке даярлаудағы алда тұрған тәжірибелік мақсатқа аса көңіл бөлінуі керек. Мақсат - қоғамдық даму мен бастауыш беру саласындағы әр түрлі үдерістерді зерттеп, талдауды қажет етеді. Олардың жағымды әрі тиімді және қолайсыз кері беттерін екшелеп, сұрыптап, анықтау мен даму тенденциялары арқылы білімдерді игеру бастауыш білім беру сатысының теориясы мен тәжірибесінің даму мақсатында ұлттық дәрежеде оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің негізі болмақ. Бастауыш білім беру жүйесінің өзіндік ерекшелігін жете ұғыну және оның даму жолын қайта қарау қажет. Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда анатомия-физиологиялық, дүниетанымдық, жас және дербес ерекшеліктерін басшылыққа алудағы педагогика - психология ғылымдарының заңдылықтарына сүйене отырып, білім мен тәрбие беру мәселесін әр түрлі нысанда анықтауға, танымдық дамудағы түсіндірілетін өзара ішкі байланыспен қосылуға сай талаптары мен болжамдық мақсат, міндеттерінің бірлігінде болады және бұны жеке пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесіне сүйен отырып іске асырылатына да мән беру қажет.

Білім беру жүйесін дамыту, мазмұнын жаңарту - оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгерту емес, оқушы тұлғасын дамыту, өмірдегі кездесетін көкейкесті мәселелерді өздігінен тиімді шешуге, жеке тұлға ретінде қалыптасу барысында өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне, қоғамда және түрлі ортада өзіндік орнын табуға мүмкіндік беретін білім, тәжірибе және түрлі қабілеттерді меңгертуге бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесінің басым бағыттары нәтижеге бағытталған, білім беру қызметінде базалық, әлеуметтік және білімдік құзіреттілігін қалыптастыру жағдайы мен дамыту бағыттарының жаңа логикасын анықтау. Бұл өз кезегінде білім беру саласының белгілі бағыттары – ізгіліктік көзқарас, тұлғалық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұрғыдан білім беру. Яғни, оқушының жеке тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасау. Мектепте әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Сондықтан бастауыш білім беру кезеңінің міндеттері – баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына көмек беру болып табылады. Бүгінгі көзқараста - білім мазмұны тұлғаның жеке өмірінің, өзіндік білім мен тәрбиесінің субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталып, құзыреттілік, дамытушылық, іс-әрекеттік, тұлғалық бағдарлы тұрғыдан қарастырылуы өзекті мәселе болып танылады. Аталған идеяларды жүзеге асыру білім берудің жаңа мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан жобалау арқылы мүмкін болатындығын дәлелдеп отыр.

Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында: бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, бастауыш білім беру баланың жеке тұлға ретінде адамгершілік қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық-құндылық қатынасының, оқу үдерісіне оң мотивациясының қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын қамтамасыз етеді. Бастауыш білім мазмұнын жеті білім саласы құрайды: "Тіл және әдебиет", "Математика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Өнер", "Технология", "Дене шынықтыру" - деп негізделген [1].

Осы тұрғыдан келгенде педагогика ғылымы жаңа парадигмаға сәйкес білім беруді жаңарту барлық білім беру деңгейлерінде бірыңғай әдіснамалық тұғырдың болуын талап етеді. Білім беруді реформалау үрдісі білім мазмұнын зияткерлік, моральдық және рухани жетілуді жеке тұлғалық ізденуді жүзеге асырушы адам типін жобалайтын жаңа нобай болып табылатын ықпалдасуға негізделеді.

Бастауыш білім беру алты-он жас арасындағы жас ұрпақтың қамтылуымен жүзеге асатыны белгіленді. Бастауыш білім беру сатысына қабылдау мезгілінің өзгертілуінің негізінде жатқан теориялық мәселелерге терең үңілсек біріншіден, бастауыш білім беру ауқымының ықпалы мектепке дейінгі тәрбиеге қарай ығысты. Осыған байланысты бастауыш білім берудің әдіснамалық, ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздері күрделі өзгеріске ұшырауына әкеп соғады. Себебі, алты жастағы және жеті жастағы балалардың анатомиялық және физиологиялық даму ерекшеліктерінде үлкен айырмашылық бар екені анық. Екіншіден, мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасы мен бастауыш білім беру бағдарламаларының ықпалдасу деңгейлері жоғарылай түседі. Үшіншіден, бала дамуындағы санитарлық-гигиеналық ережелердің орындалуындағы талаптарға өзгерістер енеді, өмір сүру ырғағы бағытқа бейімделеді. Төртіншіден, бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары бұрынғы бастауыш мектеп бағдарламаларына қарағанда нақты өзгерістер енгізуді талап етеді. Бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларының жүктемелері жеңілдетілу бағытында жүреді. Бесіншіден, оқу бағдарламаларының мақсаты өзгертілуі тиіс. Даму бағдарламасында белгіленгендей, бастауышта білім берудің мақсаты оқу, жазу, есептеудің нақты дағдыларын қалыптастыру мен дүниетанымдық болып отыр. Алтыншыдан, бастауыш білім беру мазмұнына: қарапайым тілдік қарым-қатынас - үш тілділікке бейімдеу және информатикалық

сауаттану мәселесі еніп отыр. Осының нәтижесінде оқушы шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуі, мінез-құлық мәдениеті рухани-адамгершілікті тұлға ретінде қалыптасуы көзделіп отыр. Жетіншіден, жоғарыда баяндалып, ғылыми негіздемелер жасалаған ой тұжырымдардың барлығының өзегі ұлттық болмыстың аясында жүзеге асырылуы керек. Сондықтан оқу бағдарламалары және педагогикалық үдерістегі қарым-қатынастар ұлттық тәрбие жүйесіне бағындырылып, оны өзек етіп алуы тиіс.

Бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен қабілеттерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелілікпен және қарқынды дамуына ықпал ету, мұғалінің кәсіби іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуы мен талаптық деңгейінің сапалылығына тәуелді болмақ. Бастауыш сыныптарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың мазмұны - оқушылардың оқу-танымдық іс-әректіндегі қол жетерлігі мен шығармашылықпен ойлау алу мүкіндіктеріне ие болуы, мұғалімнің ұтымды педагогикалық әрекет жасауы мен олардың арасында ынтымақтастық қарым-қатынастар орын алғанда ғана оң нәтиже береді.

Бастауыштағы оқыту мен оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың төмендегідей жалпы дидактикалық ұстанымдарына ие болады:

- ✓ оқушы тұлғасының жас және психофизиологиялық даму ерекшелігінің ескерілуі;
- ✓ күтілген нәтижеге жетуге бағдарлығы;
- ✓ ашықтығы, достық қарым-қатынас (ынтымақтастық педагогика);
- ✓ белсенді іс-әрекете болуы.

1-сыныпта педагогикалық үдерістегі оқыту мен тәрбиелеу - тікелей мұғалімнің басшылығымен;

2-сыныптың педагогикалық үдерісінде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындау біліктілігін игеру (оқушының өздігінен білім алу) мұғалімнің жетектеуімен;

3-сыныптың педагогикалық үдеріснде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындай алу біліктілігін толық деңгейде меңгеруі (оқушының өздігінен білім алу) – мұғалімнің қадағалауымен;

4- сыныптың педагогикалық үдеріснде оқыту мен тәрбиелеу және оқу іс-әрекетіне баулу, тапсырмаларды жеке орындай алу біліктілігін жоғары деңгейде меңгеруі (оқушының өздігінен білім алу) – мұғалімнің бағыттаушылық нұсқаумен. Міне, осы бағыттағы мұғалінің қызметтік іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы бастауыштағы педагогикалық үдерісті жүзеге асыруы – бұл қазіргі заман талаптарын орын алу барысы деп түсіне аламыз. Өйткені, қазіргі жаңартылған білім мазмұнының бағытыда оқушының өздігінен білім алуғы ұмтылысын қалыптастырып, дамытуға негізделген. Бұны білім беру жүйесінің бастауыш сыныптарында педагогикалық үдерісті жүргізудегі оқытудан - оқу іс-әрекетіне көшу деңгейлерін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік қағидасы ретінде қабылдауымыз қажет және мұғалім өзінің педагогикалық қызметін осы қағида аясында жүргізуге бағыт-бағдарын алуы тиіс. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетін анықтаудың негіздері оның мақсат қоюшылығы мен мақсатқа қол жеткізудегі жүйелі жұмысының бағыттылығы болап табылады. Мұғалім мақсатты орындауда бірнеше әрекеттерді біртұтастыққа топтастырып оны педагогикалық үдерістің заңдылықтарына бағындырып және бағыттаушылығындағы жүйелілікті естен шығармауы керек. Бұндай ғылыми негіздемені педагогика ғылымының әдіснамалық тұрғысынан қарасақ – мұғалім педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудағы мақсаттың қорытындысы мен түпкі нәтижесін алдын ала болжай білуі және оның белгілі құралдар көмегімен жүзеге асатындығын көре біліп, елестете алуын сипаттайды. Бастауыш сынып мұғалімінің оқушыларғы білім беру мен оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырудағы тәрбиелілік, оқу танымдық, мотивациялық іс-әрекетін қарастырсақ.

Бастауыш білім берудің басым бағыты – оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру болып отырғандықтан төмендегі мәселелер ескерілуі қажет:

- оқушының жеке мүмкіндігін ашу, қоршаған орта жөнінде ғылыми білімді игерту, оқу-танымдық іс-әректін ұйымдастырып, дағдыларын меңгерту, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру;
- оқытудағы және оқу әрекетіндегі талабын ашып, білігін қалыптыстыру яғни, оқыту немесе оқу және тәрбиенің біртұтас әрекет екендігін қалыптастыру;
- білім берудің кезеңдік сатыларындағы педагогикалық үдеріске оқушының ынталық, танымдық қызығушылықтарын арттыруға ықпал жасау.

Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі. Бұл оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу үдерісі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипаттайды. Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Әрбір оқушыны жасына да, мүмкіндігіне да қарамастан тұлға ретінде қабылдауға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болады, міне, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында. Бұған қол жеткізуде әрбір мұғалім өзінен бастайды, ол жаңарту үдерісінің әлеуметтік аспектілерін көрсетеді [2].

Жаңартылған оқу бағдарламасыда оқушылардың танымдық, білімдік, тәрбиелік деңгейлерінің өсуі мен дамуында қарым-қатынастық оның ішінде тілдік мәселенің басты орынға ие болуы - педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы оқыту, оқу іс-әрекетін жүргізудегі білім, мен тәрбие беру жұмыстарында оқушылар мен мұғалім арасында жұмыстың нәтижелі болуының нгегізі ретінде қарастыру қажеттілігі алынған. Олар: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым [3].

Қорытындылай келе, педагогикалық ой мен ғылыми тұжырымдардың іске асуы және оның тәжірибеде оң нәтиже беру үшін бірқатар қарама-қайшылықтарда жоюға тура келеді. Солардың негізгі бірнешеуін атасақ:

- теория мен тәжірибенің байланысы, озық ой-пікірлерді жүзеге асыру, педагогтарды жаңа ғылыми тұжырымдамаларға, жаңа педагогикалық ойларға бағдарлай отырып, бүгінгі күннің сұранысын қанағаттандыры алмайтын өзінің күшін жойа бастаған педагогикалық үдерістердің тозығын тастап, озығын алып, алға ұмтылу қажеттілігін түсіу.
- педагогикадағы негізгі әдіснамалық басқа ғылымдармен пәнаралық байланысты пайдалану. Қазіргі кезде ең көп таралған қолданыста жүрген ұғымдарды білу олардың мағынасын түсіну.
- педагогикадағы ғылыми зерттеу үдерісі мен құрылымын философия, әлеуметтану, психология және т.б. ғылымдар арқылы жетілдіру. Педагогикалық көкейтесті мәселелердің көзі үнемі педагогикалық тәжірибе аймағы арқылы кеңейтіп, негіздеу.
- педагогика ғылым логикасы мен мұғалімдердің тәжірибелік әрекетінің логикасы көбіне сәйкес келе бермейді, сондықтан педагогика теориясымен айналысушылар және практиктер арасындағы пайда болған түсініспеушіліктерді жою, және т.б.

Мұғалімнің білім беру мен оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырудағы оқу танымдық іс-әректіндегі атқаратын қызметі:

- ✓ білім беру кезеңінің пәндік және түйінді максаттарын ескере отырып, оқу үдерісінің накты мақсаттарын жобалау;
- ✓ педагогикалық үдерісте оқу материалдарын игеруді ұйымдастыру бойынша міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес құрастыру;
- ✓ оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру;

✓ педагогикалық үдерісті жобалауға және іс жүзіне асыруда акпараттық ортаның мүмкіндіктерін пайдалану;

✓ оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу;

✓ оқушының озық дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау (дамудың жакын зонасына жетуі);

✓ құзыреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелеріне жағымды көңіл-күй (эмоция) туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру;

✓ оқушының өзінің алған білімін қолдана білудегі жеке тәжірибесі мен өзін-өзі бақалауын (өз іс-әрекетіне есеп беруін), өзіндік білімін көтеруге дайындығы бойынша білім алу кеңістігін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру;

✓ ағымдағы нәтижелерді бағалау, қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған оқытуды уакытында түзету.

